

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Баймукашева Ж.З.

**КӘСІПОРЫННЫҢ
ШАРУАШЫЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ**

Алматы, 2019

ӘОЖ 658(075)
КБЖ 65.290я73
Б 20

*С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің
Ғылыми Кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды
(№ 8 хаттама, 29 наурыз 2018 ж.)*

Сын пікір берушілер:

- Жумағалиева Б.З.** — э.ғ.к., Қазақ-орыс халықаралық институты, «Экономика, менеджмент және сервис» кафедрасының меңгерушісі
- Болатова Б.Ж.** — э.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, «Экономика және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі
- Мусиров Г.** — э.ғ.к., С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, «Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы

ISBN 978-601-7275-88-4

Баймукашева Ж.З.

- Б 20 Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау:** оқу құралы /
Ж.З.Баймукашева. — Алматы: «Бастау», 2019. — 232 бет.

ISBN 978-601-7275-88-4

Оқу құралы кәсіпорынның бизнесті жоспарлау, қаржылық және кадрлық тұрғыдан кәсіпкерлікті қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Оқу құралында «Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» курсының негізгі теориялық тұжырымдары берілген. Сондай-ақ білім алушыларға арналған бақылау сұрақтары, өзіндік жұмыс тақырыптары мен деңгейлік тапсырмалар, тест сұрақтары келтірілген.

Оқу құралы экономикалық бағыттағы және басқа да мамандықтардың магистранттарына, оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 658(075)
КБЖ 65.290я73

ISBN 978-601-7275-88-4

© Баймукашева Ж.З., 2019
© «Бастау», 2019

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Шаруашылық қызметті талдаудың теориялық негіздері	8
1.1 Экономикалық талдау және шаруашылық қызметті талдау түсінігі және мәні	8
1.2 Шаруашылық қызметті талдау түрлері	9
1.3 Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық база	11
1.4 Басқарушылық талдаудың түрлері	13
2 Кәсіпорын қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау	17
2.1 Әртүрлі белгілері бойынша аналитикалық көрсеткіштердің жіктелуі	17
2.2 Негізгі техникалық экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері	20
2.3 Өнеркәсіптің материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуінің талдауы	23
2.4 Материалдардың шығындардың нормасына талдау	25
3 Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын талдау	29
3.1 Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрамын және құрылымын талдау	29
3.2 Капитал айналымдылығын талдау	30
3.3 Шаруашылықаралық салыстырмалы талдау	35
3.4 Қаржылық талдаудың мәні, ролі және маңызы	42
3.5 Қаржылық және басқарудағы талдаудың өзара байланысы	43
4 Кәсіпорынның техника-ұйымдық деңгейін талдау	49
4.1 Өндірістің ғылыми-техникалық деңгейін талдау	49
4.2 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық деңгейін талдау	52
4.3 Кәсіпорынның өндірістік қуатын талдау	56
5 Кәсіпорынның айналым активтерін қолдану тиімділігін талдау	60
5.1 Айналым құралдарының құрамын және құрылымын талдау	60
5.2 Айналым құралдарын қолданудың тиімділігін талдау	61

5.3 Айналым құралдарының элементтерін талдау	61
5.4 Активтердің құрамын талдау және орналастыру	63
5.5 Активтердің айналымдылығы және айналымдылыққа әсер ететін факторлар	66
6 Кәсіпорынның еңбек ресурстарын талдау	74
6.1 Персоналын, қозғалысын, құрамын және құрылымын талдау	74
6.2 Жұмыс уақыты қорын пайдалану тиімділігін талдау	75
6.3 Еңбек өнімділігін талдау	76
6.4 Қаржылық нәтижелердің құрылымын және динамикасын талдау	77
6.5 Маржиналды табыстың құрамындағы пайданы талдау	79
6.6 Кәсіпорын табыстылығының көрсеткіштер жүйесі	82
7 Маркетингтік талдау негіздері	85
7.1 Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау	85
7.2 Нарық және нарық конъюктурасын талдау	86
7.3 Кәсіпорынның баға саясатын талдау	86
8 Қызметтерді өткізу көлемін талдау	88
8.1 Қызметтерді өткізу динамикасын талдау	88
8.2 Қызметтер құрылымын және кәсіпорынның ассортименттік саясатын талдау	89
8.3 Өнім өндірісінің және өткізу көлемін талдау	89
8.4 Кәсіпорынның басқару құрылымын талдау	90
9 Қызмет және қызмет көрсету сапасын талдау	96
9.1 Қызмет сапасын талдау	96
9.2 Қызметтің орындалу сапасын талдау	97
10 Өзіндік құнды талдау	100
10.1 Өнімнің өзіндік құнын талдау міндеттері мен маңызы	100
10.2 Өзіндік құнның көрсеткіштерін талдау	100
10.3 Өнімнің өзіндік құнын төмендету	101
10.4 Өнімді өндіру шығынарының жалпы сомасына талдау	103
11 Қаржылық талдау негізі	107
11.1 Қаржы жағдайын талдаудың мазмұны	107
11.2 Қаржылық есептілікті талдау	110
11.3 Есеп беру түсінігі, нысандар мен түрлері	112

11.4 Нарықтық қатынастар жағдайындағы қаржылық жағдайды талдаудың ролі	112
11.5 Баланстың қаржылық құрылымын талдау	115
12 Міндеттемелер мен меншікті капиталды талдау	120
12.1 Нарықтық экономикада жағдайындағы капиталдың мәні және ролі	120
12.2 Капиталдың қалыптасу көздерінің құралы мен динамикасын талдау	123
12.3 Капитал айналымдылығын талдау	126
12.4 Меншікті капиталдың табыстылығын талдау	129
13 Баланс өтімділігін талдау	131
13.1 Өтімділік түсінігі және баланстың өтімділігі	131
13.2 Активтер өтімділігін талдау	133
13.3 Баланс өтімділігін кешенді түрде бағалау	135
13.4 Өтімділік көрсеткіштерін талдау әдістемесі	139
14 Қаржы тұрақтылығын талдау	142
14.1 Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының абсолютті көрсеткіштері	142
14.2 Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау	146
15 Операциялық тәуекелділікті басқарушылық талдау	150
15.1 Тәуекелділік ұғымы мен түрлері, субъект қызметіндегі тәуекелділікті төмендету тәсілдері	150
15.2 Операциялық тәуекелділікті талдау ерекшеліктері	151
16 Маржиналдық табысты талдау	153
16.1 Маржиналдық табысты талдаудың мәні және міндеттері	153
16.2 Өнім өндірісінің көлемі мен шығындары арасындағы байланысын талдау	155
16.3 Тұрақты шығындардың барынша жоғары деңгейінің жиынтығы мен өнімді өткеру бағасының ең жоғары деңгейі	162
17 Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау	164
17.1 Нарықтық экономика жағдайындағы рентабельділік көрсеткіштерінің мәні және ролі	164
17.2 Өнім рентабельділігін талдау	165
17.3 Инновациялық жобалардың тиімділігін талдау	166

Семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулары	169
Семинар сабақтарының тақырыптары.....	170
Тестілеу тапсырмалары	206
Өзіндік даярлығы үшін сұрақтар тізбесі.....	221
Глоссарий	223
Пайдаланылған әдебиеттер	228

КІРІСПЕ

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін басқару процесі көптеген қызметтерге байланысты.

Қазіргі заман талабына сай оқу процесіне білім берудің жаңа технологияларын енгізу, жалпы білім беру әдістемелерін өзгерту арқылы жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау – арнайы көрсеткіштердің орындалуын бағалау, ішкі шаруашылық сақтық қорларды анықтау және өндірістің тиімділігін арттыру үшін кәсіпорынның жай-күйін зерттейді. Кез келген талдау жалпы экономика талдау және техника-экономиканы талдау түрінде болып келеді. Біріншісі шаруашылық қызметтің қорытындылаушы құндық көрсеткіштерін зерделеуге бағытталған; екіншісі кәсіпорынның техника деңгейін және оның экономикалық көрсеткіштерге әсерін зерделеп, бағалауға бағытталған.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметін басқару процесі терең экономикалық білімді, тіпті көптеген сұрақтарды ғылыми тұрғыда жүйелеуді талап етеді. Сонымен бірге, басқару есебінің негізгі ережелерін ашу, оның негізгі мәселелерін оқыту және талдау, айналымға енгізілген тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қағидаларын шешуді қарастырады.

«Кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдау» оқу құралы кәсіпорынның қаржылық қызметі мен экономикалық көрсеткіштерін салыстырмалы талдау мен оны практика жүзінде қолдануды үйрету көзделген.

Мұнда негізінен дәріс тезистері, жоспары және әр дәріс бойынша бақылау сұрақтары, білім алушылардың оқу процесіне қажетті практикалық материалдар мен өзіндік жұмыстарына арналған материалдар, өлшемдік-бақылау сұрақтары қарастырылған. Сондай-ақ, қолданылатын әдебиеттер тізімі берілген.

Аралық бақылау, өз бетінше оқу тапсырмалары және алдын-ала емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар тізімі де енгізілген. Сондай-ақ, қорытынды емтиханда пайдаланылатын тест тапсырмалары да бар. Тест тапсырмалары күрделілік деңгейлерін ескере отырып қамтылған.

Пән бойынша білімдерін өз бетінше толықтыру мақсатында әдебиеттер тізімі көрсетілген.

Міне осындай бағыттарды ескере отырып, аталған пәннен әзірленген оқу құралды оқу процесінде қолдануға болады. Бұл оқу құралы магистантарға, жас мамандарға білімдерін тереңдетуге көмекші құрал бола алады.

1 ТАҚЫРЫП. ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ТАЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Дәріс жоспары

- 1.1. Экономикалық талдау және шаруашылық қызметті талдау түсінігі және мәні*
- 1.2. Шаруашылық қызметті талдау түрлері*
- 1.3. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық база*
- 1.4. Басқарушылық талдаудың түрлері.*

1.1 Экономикалық талдау және шаруашылық қызметті талдау түсінігі және мәні

Экономикалық талдау басқару шешімдерін қабылдайтын ғылыми база болып табылады. Оны негіздеу үшін потенциалды мәселелерді, қаржылық және өндірістік тәуекелділікті көрсету және болжау, шаруашылық субъектінің табыс пен тәуекелділік дәрежесіне қабылданатын шешімдердің әсерін анықтап, шаруашылық қызмет нәтижесіне талдау жүргізу қажет.

Шаруашылық субъектінің статусының жоғарылауы олардың адында өндірістік және қаржылық мәселелердің шешілуіне мүмкіндік ашып, басқарушылар алдына қаржыландыру көзін табу, инвестициялық саясатты оңтайландыру мәселелерін қояды. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау, төлем қабілеттілігін анықтау және объективті, ғылыми негізделген оңтайлы басқару шешімдерін қабылдау үшін қаржылық талдау қажет.

Табиғат құбылыстары мен қоғамдық өмірді зерттеуді талдаусыз жүргізу мүмкін емес. «Талдау» терминінің өзі гректің «*analyzis*» деген сөзінен шыққан, аудармасында «бөлшектерге бөлемін» дегенді білдіреді. Демек, талдау шағын мағынада құбылыстар мен заттарды зерттеу үшін оларды құраушы бөлшектерге бөлемін дегенді білдіреді. Мұндай бөлшектеу зерттелетін заттың, құбылыстың, процестің ішіне үңілуге, оның әр бөлшегінің мәнін анықтауға мүмкіндік береді.

Мысалы, өнімнің өзіндік құнының мәнін ұғу үшін оның тек қандай элементтерден құралатынын ғана емес, сондай-ақ әр шығын бабы мөлшерінің неге байланыстылығын білу керек. Өнімнің өзіндік құнының құрылымы мен оған әсер ететін факторлар дәлірек қарастырылған сайын, біз бұл экономикалық құбылыс жайында көбірек білетін боламыз және өнімнің өзіндік құнының қалыптасуын анағұрлым жақсы басқара аламыз.

Сонымен қатар, қоршаған ортаның көптеген құбылыстары мен процестері тек анализ көмегімен ғана таныла алады деп айта алмаймыз. Кей кездерде адамның ойлау қабілеттілігіне сай келетін басқа тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл мағынада талдауға зерттелетін заттың әртүрлі бөлшектері арасындағы байланысты табатын синтез жақын келеді. Қазіргі кездегі диалектика шындықты зерттеудің ғылыми әдістері ретінде талдау мен синтездің бірлігінен шығады. Тек талдау мен синтез ғана біріккен күйде құбылыстардың жан-жақты диалектикалық байланысының ғылыми зерттелуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, талдау ұғымыкең көлемде кішкентай бөлшектерге бөлінген және олардың байланыстарының әртүрлілігіне карамастан табиғат құбылыстары мен заттарын танудың тәсілі ретінде қарастырылады.

1.2 Шаруашылық қызметті талдау түрлері

Ғылым мен тәжірибеде талдаудың әртүрлі түрлері қолданылады: физикалық, химиялық, математикалық, статистикалық, экономикалық және т.б. Олар тәсіл, мақсат және объектілері бойынша ерекшеленеді. Физикалық, химиялық және басқа да талдауларға қарағанда экономикалық талдау экономикалық құбылыстардың абстракті-логикалық зерттеу тәсіліне жатады, мұнда микроскопты да, химиялық реактивтерді де қолдану мүмкін емес, тек абстракция күші ғана қолданыла алады.

Адамның талдау қабілеттілігі қоршаған ортадағы өз іс-әрекеттерін әрқашан бағалап отырудың объективті қажеттілігінен туындады және жетілуде. Бұл еңбек пен ресурстарды анағұрлым эффективті жұмсаудың тәсілін іздестіруге итермелейді.

Тұрғын халықтың санының өсуіне, өндіріс құралдарының жетілуіне, адамзаттың рухани және материалдық қажеттіліктерінің өсуіне байланысты талдау дамыған қоғамның ең алғашқы өмірлік қажеттілігіне айналды. Қазірде талдаусыз адамның саналы қызмет етуі мүмкін емес. Ф.Энгельс талдаудың пайда болуының тарихи шекарасына мінездеме бере отырып, былай деп жазған: «Жаңақты бөлудің өзі талдаудың бастамасы болады». Адамзаттың дамуына байланысты бөлінген жаңақтар саны да өсуде, әрі оларды бөлу тәсілдері де жетілуде. Талдау объектілерінің шеңбері ұлғаюда, сонымен қатар талдаудың өзі де жетілуде.

Саналы қызметі нәтижесінде адамдардың табиғи ортамен қарым-қатынастары бірте-бірте кеңейді, соның салдарынан адамдар әртүрлі объектілер мен құбылыстар жайлы өз түсініктерін тереңдетті. Бірте-бірте бұл объектілер мен құбылыстарды зерттеуге байланысты талдаудың

тереңдетілген түрі қажет болды. Осылайша, математика, химия, медицина және басқа да ғылымдардағы талдау пайда болды.

Бүгінде, экономикалық құбылыстар мен процестерді макродеңгейде зерттейтін жалпы теориялық экономикалық талдау мен бөлек кәсіпорындардың экономикасын зерттеу үшін қолданылатын шаруашылық қызмет талдауы – микродеңгейдегі нақты-экономикалық талдауын айыра білу керек. Егер, жалпы теориялық экономикалық талдаудың ғылыми тұрғыдағы дамуы алдыңғы ғасыр экономистерінің еңбектерінде көрініс тапса, ал шаруашылық қызмет талдауы ғылым ретінде салыстырмалы түрде жақын арада көрініс тапты.

Материалистік диалектика барлық құбылыстар мен процестерді тұрақты қозғалыста, өзгерісте, дамуда қарастыруды қажет деп санайды. Шаруашылық қызметті талдау әдісінің бір сипаттамалық белгісінің қайнар көзі осында – тұрақты салыстырулардың қажеттілігі. Салыстырулар Шаруашылық қызметті талдауда кеңінен қолданылады. Қызметтің нақты нәтижелері өткен жылдардың нәтижелерімен, баса кәсіпорындардың жетістіктерімен, жоспарлы көрсеткіштерімен және т.б. салыстырылады.

Материалистік диалектика әрбір процесс, әрбір құбылысты қарама-қайшылықтардың күресі және бірлік ретінде қарастыру керектігін үйретеді. Осы арадан ішкі қарама-қайшылықтарды, әрбір процестің, әрбір құбылыстың оң және теріс жақтарын зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл да шаруашылық қызметті талдаудың сипаттамалық белгісінің бірі. Мысалы, ГТП еңбек өнімділігінің артуына, рентабельділік деңгейінің өсуіне және т.б. оң әсерін тигізеді, бірақ қоршаған ортаның ластануы, гиподинамия дамуы және т.б. сияқты оның теріс жақтарын да ескеру қажет.

Талдауда диалектикалық әдісті қолдану кәсіпорынның шаруашылық қызметін зерттеу барлық өзара байланыстарды есепке ала отырып жүргізілуі керек екендігін білдіреді. Ешбір құбылыс дұрыс түсінікті болуы мүмкін емес, егер ол бөлек түрде, басқалармен байланыссыз қарастырылатын болса. Мысалы, өнімнің өзіндік құнының деңгейіне жаңа техниканы енгізу әсерін зерттей отырып, тікелей байланысты ғана емес, сонымен қатар жанама байланысты да ескеру қажет. Жаңа техниканы енгізу нәтижесінде өндіріс шығындары артатыны, сонымен бірге өнімнің өзіндік құны да артатыны белгілі. Бірақ мұнда өз қатарында еңбекақының үнемделуі мен өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне жағдай жасайтын еңбек өнімділігі өседі. Осыдан шығатын, егер еңбек өнімділігінің өсу деңгейлері жаңа техниканы ұстау мен іске қосуға кететін шығындарының өсу деңгейіне қарағанда жоғары болса, онда

өнімнің өзіндік құны төмендейді, және керісінше. Яғни, осы немесе басқа да экономикалық құбылысты түсініп, дұрыс бағалау үшін басқа құбылыстармен барлық байланыстарын және өзара тәуелділікті зерттеп алу қажет. Бұл шаруашылық қызметті талдау әдісінің әдіснамалық белгісінің бірі.

1.3 Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық база

Жүйелі көзқарас – зерттеу әдіснамасындағы бағыт. Ол көптеген ішкі және сыртқы байланыстары бар жеке элементтерден тұратын күрделі жүйелер сияқты объектілерді зерттеуге негізделеді. Жүйелі көзқарас объектіні терең зерттеуге, ол туралы неғұрлым көбірек түсінік алуға, осы объектінің жеке бөліктері арасында себепті-тергеулі байланысын көрсетуге мүмкіндік береді.

Жүйелі көзқарастың негізгі ерекшеліктері – қозғалмалылық, өзара қарым-қатынас, өзара тәуелділік және жүйе элементтерінің өзара байланысы, кешенділік, толықтылық, бағыныштылық, бастаушы буынның ерекшеленуі. Экономикалық талдауда жүйелі көзқарас неғұрлым мақсатқа сай басқарушылық шешімдерді таңдау үшін негіз болатын бөлігін нұсқалардан тиімдісін таңдауға, шаруашылық мәселелерді шешудің ғылыми негізделген нұсқаларын құрастыруға мүмкіндік береді. Жүйелі талдау процесінде бірнеше жүйелі кезеңдерді қарастыруға болады.

Зерттеудің бірінші кезеңінде талдау объектісі анықталған жүйе ретінде көрінеді. Бұл үшін ең басында жүйе элементтері ретінде қарастыруға болатын объектінің жеке бөліктерін бөліп көрсетеді. Нақты жағдайларда жүйе бірнеше деңгейге ие болуы мүмкін, яғни бірінші деңгейдің әрбір бөлек алынған элементін жеке жүйе (ішкі жүйе) түрінде қарастыруға болады. Бұдан басқа, талдаудың бірінші деңгейінде жүйенің даму мақсаты, оны шешетін мәселелер, басқа жүйелермен байланыс, жеке элементтер арасындағы өзара байланыстар, әрбір элементті және жүйені түгелдей іске асыру құрылуы тиіс.

Жүйелі талдаудың екінші кезеңнің негізгі мақсаты – жүйелері бар шарттарға, өзара байланыстарға (ішкі және сыртқы), элементтерге барлығына анағұрлым толық және сапалы баға беруге мүмкіндігі бар көрсеткіштердің іріктелуі.

Үшінші кезеңде зерттелетін жүйенің жалпы схемасы құрастырылады. Графикалық тұрғыда ол әдетте әрбір элементке арнайы блок сәйкес келетін блоктық сурет түрінде көрсетіледі. Бөлек блоктар жүйенің ішкі және сыртқы байланыстарының бары мен бағытын көрсететін бір-бірімен

стрелкалар арқылы байланысқан. Мұнда алдыңғы кезеңде таңдалған көрсеткіштер жүйе элементтері мен байланыстары бойынша үлестіріледі, олардың тізімі нақтыланады (бірін-бірі қайталайтын шығарылып тасталады, ақпараты жеткіліксіздері ауыстырылады және т.с.с.).

Талдаудың төртінші кезеңі жүйенің экономика-математикалық үлгісі жалпы түрде құрылуына арналады. Мұнда сапалы талдау негізінде жүйенің барлық теңдеулер мен теңсіздіктердің математикалық нысандары анықталады. Бұл кезеңде әртүрлі әдістер көмегімен барлық теңдеулер мен теңсіздіктердің коэффициенттері, шетеу параметрлері мен мақсат функциялары анықталуы тиіс.

Нәтижесінде істелген жұмыс қорытындысы бойынша таңдалған объектіні экономикалық талдау үшін пайдаланылуы мүмкін экономика-математикалық үлгі алынуы мүмкін.

Ең соңғы талдаудың бесінші кезеңі «үлгімен жұмыс» деп аталады. Оны диалог түрінде компьютерде жасаған дұрыс. Өндірістің сол не басқа факторларын сипаттайтын экономика-математикалық үлгісінің (коэффициенттер, шектеулер) бөлек параметрлерін ауыстыру жолымен функция мәнін анықтайды. Осы көрсеткіштерді нақты, жоспарлы және басқалармен салыстыру шаруашылық қорытындысын, нәтижелі көрсеткіштер шамасына факторлар әсерін бағалауға, ішкі шаруашылық резервтердің пайдаланылмаған көлемі мен көздерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Талдауға суреттелген көзқарас басқалармен салыстырғанда маңызды артықшылықтарға ие: ол зерттеудің кешенділігі мен мақсаттылығын; өндіріс тиімділігінің арту резервтерін табудың әдіснамалық негізделген схемасын; шаруашылық нәтижелерін объективті бағалауды; шапшаңдық, әрекеттілік, негізін, талдау мен оның қорытындыларының дәлділігін қамтамасыз етеді. Алынған экономика-математикалық үлгі талдауда қайта-қайта қолданылуы және басқарушылық шешімдерді негіздеудің жақсы құралы ретінде қызмет етуі мүмкін.

Талдау ұғымы кең көлемде кішкентай бөлшектерге бөлінген және олардың байланыстарының әртүрлілігіне қарамастан табиғат құбылыстары мен заттарын танудың тәсілі ретінде қарастырылады. экономикалық құбылыстар мен процестерді макродеңгейде зерттейтін жалпытеориялық экономикалық талдау мен бөлек кәсіпорындардың экономикасын зерттеу үшін қолданылатын шаруашылық қызмет талдауы – микродеңгейдегі нақты-экономикалық талдауын айыра білу керек. Егер, жалпытеориялық экономикалық талдаудың ғылыми тұрғыдағы дамуы алдыңғы ғасыр экономистерінің еңбектерінде көрініс тапса, ал шаруашылық қызмет талдауы ғылым ретінде салыстырмалы түрде жақын арада көрініс тапты.

1.4 Басқарушылық талдаудың түрлері

Нарықтық экономика кәсіпорындардан өндірістің тиімділігін арттыруды, өндірісті басқару мен шаруашылықтың тиімді формалары негізінде тауарлар мен қызметтердің бәсекелестігін, кәсіпкерлікті активтендіруді, ынталылықты және т.б. талап етеді. Бұл мәселені реализациялаудағы негізгі роль басқарушылық талдауға беріледі. Оның көмегімен кәсіпорындарды дамыту стратегиясы мен тактикасы құрылады, жоспарлар мен басқарушылық шешімдер негізделеді, жоғарылау резервтері айқындалады, кәсіпорын қызметінің қорытындылары бағаланады.

Басқару процесі келесідей кезеңдерді қамтиды:

- басқарылатын объект туралы ақпарат жинақтау;
- ақпаратты талдау;
- шешім қабылдау.

Басқарушылық талдау жиын, экономикалық ақпаратты өңдеу мен басқарушылық шешімдерді қабылдау арасындағы аралық орынды иемденеді. Ақпарат алу – бұл әлі орындалып жатқан шаруашылық процестердің мәнін түсінуді білдірмейді. Мәліметке ие болу ғана маңызды емес, сонымен қатар басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін оларды талдай білу қажет. Басқарушылық талдау басқару процесінің аралық кезеңі ретінде келесідей мақсат қояды:

- объект жағдайына дұрыс баға беру және оның талап етілетінінен қаншалықты ерекшеленетінін көрсету;
- объектіні фактілік жағдайдан талап етілігін жағдайға аудару жолдары мен мүмкіндіктерін табу;
- шаруашылықтанудың тиімділігінің арту резервтерінің көлемі мен сипатын анықтау;
- өндірісті басқару бойынша оңтайлы шешімдерді таңдау үшін материалдарды жинақтау.

Басқарушылық шешімдерді қабылдаудың 3 негізгі саласын бөліп көрсетуге болады:

Ресурстарды
инвестициялау

Осы ресурстарды
қолдану арқылы
бизнестің негізгі
өндірістік қызметі

Осы ресурстар үшін
қорлардың құрылуын
қамтамасыз ететін
қаржыландыру көздерінің
лайықты сәйкес келуі

Талдаудың қорытындылары негізінде басқарушылық шешімдер жетілдіріледі және дәлелденеді. Осыған байланысты талдау – бұл шешім

қабылдаудың ғылымилығын қамтамасыз ететін басқару функциясы. Ол өндірісті басқару жүйесінің негізгі элементі, шаруашылық ішіндегі резервтерді айқындайтын әсерлі тәсіл және басқарушылық шешімдер мен ғылыми дәлелді жоспарларды жетілдіретін негіз болып табылады.

Пән негізінде тек қана осы ғылым арқылы зерттелетін объективті қызметтің қандай да бір бөлігі немесе бір жағы түсіндіріледі.

Басқарушылық талдаудың пәні болып объективті (сыртқы) және субъективті (ішкі) факторлардың әсері нәтижесінде туындайтын шаруашылық процесстер табылады. Сыртқы факторлар экономикалық заңдардың іс-әрекетін көрсетеді. Субъективті факторлар тұтастай және толығымен адамнан тәуелді болатын оның нақты қызметімен байланысты. Табысты шаруашылық ету өндірістік ұжыммен шебер жетекшілік етумен, қаржыларды, экономиканы, өндірісті дұрыс ұйымдастырумен анықталады.

Басқарушылық талдаудың кешенді сипаты бар, өйткені шаруашылық қызметін талдау процесінде нақты пайда болған өзара байланыс пен өзара тәуелділік және белгілі бір өндірістік және қаржылық факторлардың ықпалынан кәсіпорын қызметінің ақырғы қорытындылары зерттеледі. Осыдан басқарушылық талдаудың мақсатын бөліп көрсетуге болады – жеткен нәтиженің бағасы және кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру резервтерін айқындау.

Талдауға ғана қатысты объектінің бөлігін атап көрсету үшін шаруашылық қызмет процесінің мән маңызын нәтижелеу қажет.

Процесс – бұл себепті шартталған жағдайдың ағымы, құбылыстың ауысымы, көзделген мақсат немесе нәтиженің объект жағдайымен сәйкестігі. Дегенмен, басқарушылық талдаудың пәні болып нәтиже емес, шаруашылық қызмет нәтижесінің қалыптасуы мен өзгерісінің себептері табылады. Қызметтің әр түрлі жақтарының себеп-салдарлық байланыстарын ашқаннан кейін ғана шаруашылық қызметтің негізгі нәтижесінің қандай да бір фактор арқылы қалай өзгертетінін көруге және кез-келген басқарушылық нәтижені дәлелдеуге болады.

Сонымен, басқарушылық талдаудың пәні болып кәсіпорын, экономикалық сектор, т.б. ішіндегі экономикалық құбылыстар мен процесстердің себеп-салдарлық байланысы табылады.

Басқарушылық талдаудағы «басқарушылық талдау объектісі» және «басқарушылық талдау субъектісі» ұғымдарын атап кетейік.

Басқарушылық талдау объектісі болып шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижесі табылады. Мәселен, өнеркәсіп кәсіпорнындағы талдау объектілеріне келесілер жатады:

- өндіріс және өнімді өткізу;

- өнімнің өзіндік құны;
- материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарды қолдану;
- өндірістің қаржылық нәтижесі;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайы.

Аналитикалық тексеру, оның нәтижесі мен оларды қолдану келесідей принциптерге негізделеді:

- экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, халықаралық саясатқа және заңдылықтарға сәкес келу;
- ғылыми сипат, яғни диалектикалық таным теориясының жағдайлары бойынша негізделу;
- кешенділік, яғни субъект қызметінің барлық жақтары мен звеноларын қамту, субъект экономикасындағы себепті тәуелділіктерді жан-жақты зерттеу;
- жүйелі көзқарас, яғни әрбір объект өзара ішкі және сыртқы байланыстары бар бірқатар элементтерден құралған жүйе ретінде қаралады;
- әрекеттілік, яғни өндіріс пен оның элементтеріне ықпал ету, қате есептеулер мен кемшіліктерін дер кезінде тауып, кәсіпорын менеджерлеріне хабарлау;
- талдау жүйелі түрде жүргізілуі қажет;
- шапшандық, яғни талдауды жылдам және нақты өткізу, басқарушылық шешімдерді қабылдау және оларды жүзеге асыру
- демократиялылық, яғни кең көлемдегі кәсіпорын жұмысшыларының қатысуы;
- тиімділік, яғни оны өткізуге кеткен шығындар жоғары әсер беруі қажет.

Басқарушылық талдаудың жіктелуі оның мазмұны мен міндетін түсіну үшін мәні өте маңызды.

Салалық (қоғамдық еңбекті бөлісуде негізделеді) – экономиканың бөлек секторларының өзгешелігін ескереді.

Салааралық – экономиканың барлық секторларында талдаудың теориялық және методологиялық негізі болып табылады.

Лекция материалдарын игеру үшін барлық көңілді негізгі ұғымдарды игеруге аудару қажет: экономикалық талдау, макроэкономикалық талдау, микроэкономикалық талдау, бағдарламалық талдау, қаржылық-экономикалық талдау, аудиторлық талдау, техникалық-экономикалық талдау, әлеуметтік-экономикалық талдау, экологиялық талдау, маркетингтік талдау, салыстырмалы талдау, факторлық талдау, диагностикалық экспресс талдау, маржиналдық талдау және т.б.



Сурет 1.1. Тақырып бойынша әдістемелік нұсқаулар

Бекіту сұрақтар:

1. Экономикалық талдаудың зерттеу міндеттері қандай?
2. Экономикалық талдаудың теориялық танымы?
3. Жалпытеориялық экономикалық талдау.
4. Шаруашылық қызметті талдауды жалпы зерттеу әдістемесі.
5. Экономикалық талдау категориясы.

Ұсынылған әдебиеттер:

1. Джаншанло Р.Е. Экономический анализ. Учебник. Алматы: Изд-во «Lem», 2015. – 684 с.
2. Джолдасбаева Г. К. Управление затратами на предприятии: учебное пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. – Караганда: АҚНҰР, 2017. – 167 с.
3. Еремеева Л. Э. Экономика предприятия. Учебник для студентов учреждений высшего образования. – Москва: Академия, 2017. – 270 с.

2 ТАҚЫРЫП. КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 2.1. *Әртүрлі белгілері бойынша аналитикалық көрсеткіштердің жіктелуі*
- 2.2. *Негізгі техникалық экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері*
- 2.3. *Өнеркәсіптің материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуінің талдауы.*
- 2.4. *Материалдардың шығындардың нормасына талдау*

2.1 Әртүрлі белгілері бойынша аналитикалық көрсеткіштердің жіктелуі

Экономикалық талдау пәнінің зертеу мәні болып экономикалық құбылыстардың және принциптердің себепті-салдарлы қатынастары табылады.

Экономикалық талдау объектілері ретінде шаруашылық қызметінің экономикалық нәтижелері есептеледі. Өнеркәсіп кәсіпорында талдау объектілерін өнім өндіру мен өткізу, оның өзіндік құны, еңбек, материалдық, қаржы ресурстарын пайдалану, өндірістің қаржылық нәтижелері, кәсіпорынның қаржылық жағдайы және т.б. жатады.

Кәсіпорын қызметін экономикалық талдау мазмұны мен міндеттері оның атқаратын функцияларымен айқындалады.

Біріншіден, бұл функциялардың бірі – экономикалық заңдардың іске асу сипатын зерттеу, кәсіпоорын жағдайында экономикалық процестермен құбылыстардың тенденцияларын орнату.

Екіншіден, талдау функциясы болып ағымдағы және болашақтағы жоспарларды ғылыми негіздеу есептеледі.

Үшіншіден, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде өндіріс тиімділігін арттыру резервтерін анықтау.

Төртіншіден, жоспарды орындау барысы бойынша кәсіпорын қызметінің нәтижелерін бағалау.

Бесіншіден, шаруашылық қызмет процесінде айқындалған резервтерді пайдалану бойынша шаралар белгілеу.

Шаруашылық қызметін талдау жүргізуде келесі принциптерді басшылыққа алған жөн.

- 1) Экономикалық құбылыстар мен процестерді, шаруашылық жүргізудің нәтижелерін бағалауда талдау мемлекеттік әдіске негізделуі керек. Яғни, экономикалық өмірдің белгілі жақтарын бағалай отырып, олардың мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, халықаралық саясатқа және заңдылыққа сәйкестігін есепке алып отыруымыз қажет.
- 2) Талдау ғылыми сипатта жүргізілуі қажет, яғни өндіріс дамуында экономикалық заңдар талаптары ескерілуі қажет, ғылым-техникалық прогресс жетістіктерін, экономикалық зерттеулердің жаңа әдістерін пайдалану керек.
- 3) Талдау кешенді болуы қажет. Зерттеудің кешенділігі кәсіпорын экономикасында қызметтің барлық тарауларын қамтуды талап етеді.
- 4) Талдау жасауда жүйелілікті қамтамасыз ету керек. Әрбір объектіні зерттеу оның ішкі және сыртқа қарым-қатынастарын ескере отырылып жүргізілуі қажет.
- 5) Шаруашылық қызметті талдау объективті, анық, дәл болуы керек. Ол тексерілген, нақты, объективті шындықты айқындайтын мәліметке негізделуі қажет, ал оның қорытындылары аналитикалық есептермен негізделуі тиіс.
- 6) Талдау кәсіпорын қызметіне, өндіріс нәтижелеріне өз әсерін тигізіп отыру қажет. Бұл жерде уақытылы жұмыстардың кемшіліктерін айқындалып, олармен кәсіпорын басшылығын таныстыру керек.
- 7) Талдау жоспар бойынша жүргізілуі тиіс. Талдау оперативті болуы қажет. Оперативтілік деп отырғанымыз – бұл тез және оның талдау жасау, басқару шешімдерін қабылдау және оларды іске асыру. Талдау нәтижелі болуы тиіс.

Шаруашылық қызметті талдаудың пайда болуы кез келген саланың пайда болуына қажет жалпыға бірдей объективті тәртіппен байланысты.

Біріншіден, бұл тәжірибелік қажеттілікті қанағаттандыру. Ол өндірістік күштердің дамуына, өндірістік күштердің жетілуіне, өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты пайда болды. Кішігірім кәсіпорындарда қолданылған интуитивті талдау, жобалық есептер үлкен өндірістік бірліктер шарттарында жеткіліксіз болып қалды. Жан-жақты жинақталған шаруашылық қызметті экономикалық талдаусыз күрделі экономикалық процестерді басқару мен оптималды шешімдер қабылдау мүмкін емес.

Екіншіден, бұл экономикалық ғылымның жалпы дамуымен байланысты. Кез келген ғылымның дамуымен оның салаларының дифференциациясы жүргізілетіні бәрімізге мәлім. Шаруашылық қызметтің экономикалық талдауы қоғамдық ғылымдардың дифференциациялануы нәтижесінде пайда болды. Бұрын экономикалық талдау қызметтері балансжүргізу,

бухгалтерлік есеп, қаржы, статистика және тағы да басқа ғылымдар шегінде қарастырылатын. Бұл ғылымдар шегінде талдауды зерттеудің алғашқы қарапайым тәсілдері пайда болды. Бірақ, кәсіпорынның экономикалық және әлеуметтік дамуының ағымдағы және бесжылдық жоспарын негіздеу үшін кәсіпорын қызметін жан-жақты жалпы зерттеу қажеттілігі туындады. Жоғарыда аталып өткен ғылымдар тәжірибенің барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмады. Шаруашылық қызметті талдауды ғылымның бөлек жеке саласы ретінде көрсету қажеттілігі туындады. Осыдан соң, экономикалық талдаудың маңызы шаруашылық қызмет барысындағы қателердің бағасына сай өсіп отырды. Оған деген қызығушылық өсуде. Өндірісті зерттеу жалпылама талдаушылық көрініс тапты. Талдау кәсіпорын экономикасын басқарудағы маңызды құралға айналды, резервтерді тану өндірістік эффективтіліктің жоғарылауына әкеледі.

Шаруашылық қызметті талдаудың ғылым ретінде даму тарихына көңіл аударатын екі жағдайды еске сақтау керек: біріншіден, ғылымның теориялық сұрақтарын жетілдіруге, екіншіден, олардың тәжірибедегі қолданылуы. ШҚТ туралы алғаш арнайы кітаптар XX ғасырда пайда болды. Олар баланс талдауына арналған еді және методикалық бағытта болды. 30-шы жылдары ШҚТ СССР-дың жоғарғы оқу орындарында оқылатын болды. ШҚТ туралы алғаш кітаптар мен әдістемелер шыға бастады. Олардың авторлары Н.Р.Вейцман, С.К.Татур, М.И.Баканов және т.б. 30-шы жылдары ШҚТ-ның ғылым ретінде қалыптасуы болды, әрі оны тәжірибеде кәсіпорын экономикасын жалпылама зерттеу жүйесі мен өндірістік резерті жоғарылатуды іздеуде қолдана бастады. Соғыс алдындағы жылдары экономикалық талдау сұрақтары бойынша үш жүзден аса кітаптар мен алты жүздей ғылыми мақалалар жасалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бухгалтерлік есептің қайта қаралуы, бақылау мен шаруашылық қызметті талдау басқа авторлардың да туындыларында көрініс тапты.

Соғыстан кейінгі жылдарды талдаудың теориялық сұрақтарына арналған деп айтуға болады. Осы кезде талдау кәсіпорынның да ұлттық экономиканың деңгейінде басқару тәжірибесінде қолданыла бастады. Экономикалық талдаудың дербес әдістемелік бағыттары жетіле бастады: салыстырмалылық, технико-экономикалық, оперативті, экономика-математикалық, функционалды-бағалық және т.б.

Талдаудың қазіргі жағдайын теориялық жағынан негізделген ғылым ретінде қарастыруға болады. Ғылым жұмыскерлерімен жасалған бірқатар әдістемелер өндірісті басқаруда әртүрлі дәрежеде болып келеді. Сонымен қатар, ғылым даму қалпында. Басқарушылық шешімдерді оптимиза-

циялайтын математикалық, ЭВМ әдістерді зерттеу кеңінен жүргізілуде. Шетел және отандық теориялық жетістіктердің тәжірибеде қолданылуы жүргізілуде.

2.2 Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері

Шаруашылық қызметті талдаудың теориялық бағыттары математика, статистика, бухгалтерлік есеп және т.б. ғылымдармен байланысты. Сондай ақ, талдауды дамыту тәжірибелік сұрақтармен байланысты. Басқарудың командалық-административті жүйесінде талдау тәжірибе жүзінде қажетінше дами алмады.

Ал қолданбалы жүйеге келгенде шаруашылық қызметті талдауды басқарудағы жетекші орынды алады. Оған біздің қоғамымыздағы барлық өзгерістер әсер етеді. Нарыққа көшудегі экономикалық механизмнің жетілуі кәсіпорынның бәсекелестігі мен осы ғылымға деген қызығушылықтың өсуіне

Экономикалық басқарудың негізгі функциялары:

- басқаруды ұйымдастыру;
- жоспарлау (экономикалық жүйені болашақта және ағымды жоспарлау, болжамдау);
- талдау (экономикалық қызмет барысын және нәтижелерін талдау, ғылыми негізделген критерийлер негізінде оның жетілдіру мүмкіндіктерін бағалау);
- басқарудың мәліметтік қамсыздандыру (экономикалық құбылыстар мен процестер туралы мәліметтерді жинақтау, өңдеу);
- бақылау (басқару шешімдері мен бизнес-жоспарлардың орындалу барысын бақылау).

Экономикалық талдау түрлері. Экономикалық талдау кәсіпорын қызметінің әртүрлі бағыттары, сала, халықаралық байланыстар бойынша жүргізіледі (сурет 2.1)

Талдау бойынша барлық жұмыстар функционалды болып саналады. Оларға келесі функциялар жатады:

- басқаруды ұйымдастыру функциялары;
- жоспарлау функциялары;
- бақылау функциялары.

Экономикалық талдау әртүрлі бағыттар мен белгілерге байланысты жіктеледі: салалық, уақытты, кеңістік, жүйедегі басқару функцияларына байланысты, қызмет аймағына байланысты, статистикалық мәліметтерді іріктеуге байланысты (кесте 2.1).



Сурет 2.1. Экономикалық талдау жүйесіндегі кәсіпорын қызметін талдау

Кесте 2.1

Кәсіпорынның экономикалық талдау бағыты

Талдау түрі	Тағайындау
1	2
Салалық	– салалық – экономиканың әр саласының өзіндік ерекшелігін есепке ала отырады; салааралық – ұлттық экономика салалары деңгейінде жүргізіледі.
Уақытты	– алдын-ала – шаруашылық операциялар болғанға дейін жүргізіледі. Жоспарлық жұмыс-тар мен басқару шешімдеін негіздеу, болашақта болжау үшін қажет; – кейінгі (ретроспективті) – шаруашылық актілер нәтижелері негізінде жүргізіледі. Кәсіпорын қызмет нәтижелерін объективті бағалау, пайдаланылмаған резервтерді айқындау, жоспардың орындалуын бақылау үшін пайдаланылады; – оперативті – шаруашылық операциялар болғаннан кейін жүргізіледі. Оның мақсаты шаруашылық процестерге әсер теу және кемшіліктерді анықтау; – қорытынды – есепті мерзімге жүргізіледі (ай, тоқсан, жыл). Оның құндылығы – кәсіпорын қызметі кешенді зерттеледі.

1	2
Кеңістік	– ішкі шаруашылық – зерттеліп отырған кәсіпорын мен оның құрылымдық бөлімдер қызметі қарастырылады; – шаруашылықаралық – екі немесе одан жоғары кәсіпорын қызметтері нәтижелері салыстырылады. Озат тәжірибе, резервтер, келешектерді анықтауға мүмкіндік береді және олардың негізінде кәсіпорын қызметінің тиімділігіне объективті баға беруге болады.
Жүйедегі басқару функциялары бойынша	экономика, техника, технология, өндірісті ұйымдастыру, еңбектің әлеуметтік жағдайлары, табиғатты қорғау және басқа да қызмет түрлері талданады.
Аймақ бойынша	– ішкі – кәсіпорында өндірістік, қаржылық және коммерциялық қызметін оперативті, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді басқару үшін жүргізіледі; – сыртқы – банктер, қаржылық органдар, акционерлер, инвесторлар қаржылық статистика және есеп негізінде жүргізеді; – кешенді – кәсіпорын қызметінің әртүрлі жақтарын қарастыратын талдау; – тақырыптық – кәсіпорын қызметінің жеке жақтарын қарастыратын талдау.
Статистикалық мәліметтерді іріктеу бойынша	– жаппай – барлық нақты мәліметтер зерттеледі; – іріктеу – қандай да бір ерекшеліктер бойынша іріктелген факторлар зерттеледі

Экономикалық талдау келесі түрлергі бөлінеді: қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-экономикалық, экономикалық-статистикалық, экономикалық-экологиялық, маркетингтік, салыстырмаплы факторлық, диагностикалық және маржиналдық.

Шаруашылық қызметтің экономикалық талдауы қоғамдық ғылымдардың дифференциациялануы нәтижесінде пайда болды. Экономикалық талдау кәсіпорын қызметінің әртүрлі бағыттары, сала, халықаралық байланыстар бойынша жүргізіледі. Экономикалық талдау әртүрлі бағыттар мен белгілерге байланысты жіктеледі: салалық, уақытты, кеңістік, жүйедегі басқару функцияларына байланысты, қызмет аймағына байланысты, статистикалық мәліметтерді іріктеуге байланысты. Экономикалық талдау келесі түрлергі бөлінеді: қаржылық-экономикалық, әлеуметтік-экономикалық, экономикалық-статистикалық, экономикалық-экологиялық, маркетингтік, салыстырмаплы факторлық, диагностикалық және маржиналдық.

2.3 Өнеркәсіптің материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуінің талдауы

Материалдық шығындар өнімдерді (тауарларды, қызмет көрсетулерді) өндіруге кететін барлық шығындардың ішіндегі үлесі көп шығын. Сондықтан да өнеркәсіпті өз уақытында, толығымен және де сапалы шикізаттар мен материалдармен қамтамасыз етіп отыру арқылы, өнімдерді өндіру жоспарының орындалып, оның өзіндік құнының төмендеуіне, пайданың өсуіне және табыстылықтың жоғарылауына қол жеткізуге болады.

Өнеркәсіптің материалдық ресурстарға деген сұранысын екі жолмен – экстенсивті және интенсивті жолдармен қанағаттандыруға болады.

Материалдық ресурстарды тиімді қолданудың құралы – талдау болып табылады. Талдаудың негізгі мақсаттары:

- өнеркәсіптің материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуінің сатысын анықтау;
- таптырмайтын (дефицит) және сверхнормативные материалдық ресурстарды анықтау;
- материалдық ресурстардың жеткізілу уақыты, көлемі, сапасы және сұрыптарының (сорт) деңгейін анықтау;
- материалды – техникалық қамтамасыз етілу жоспарына баға беру және олардың орындалуына талдау жасау;
- өндірісте материалдық ресурстардың тиімді қолданылу жоспарының көрсеткіштеріне және динамикасына баға беру;
- материалдық ресурстардың көрсеткіштеріне әсер ететін факторларға талдау;
- өндіріс ішіндегі материалдық шығындарды үнемдеу резервтеріне талдау.

Талдау жасауға қажетті ақпараттар көзі:

1. материалды-техникалық қамтамасыз етілу жоспары;
2. материалдар мен шикізаттарды жеткізуге байланысты келісім-шарттар мен арыздар;
3. материалдық ресурстарды қолдануды растайтын статистикалық құжаттар;
4. бухгалтерлік есептің көрсеткіштері;
5. оперативті көрсеткіштер.

Материалдық ресурстарға деген жалпы қажеттілік мына формуламен анықталады:

$$MP_n = \sum MP_i + MP_z, \text{ мұнда}$$

MP_n – материалдық ресурстардың жалпы сұранысы;

MP_i – негізгі өндіріске жұмсалатын ресурстың белгілі бір түріне деген жоспарлы сұраныс;

MP_3 – кезең соңындағы материалдық ресурстардың қоры;

Негізгі өндіріске жұмсалатын материалдық ресурстардың жоспарлы сұранысы былай анықталады:

$$MP_{\kappa} = HP \cdot TP, \text{ мұнда}$$

HP – берілген материалдың шығын нормасы;

TP – тауарлы өнімнің жоспарлы көлемі;

Кезең соңында қалыптасатын материалдық ресурстарға деген сұраныс былай анықталады:

- натуралды бірліктермен;
- бағам бірліктерімен;
- материалдық ресурстармен қамтамасыз етілу күндерімен.

Талдау барысында негізгі шикізат түрлері мен материалдардың нақты қорылары жоспармен салыстырылады. Шығындар мен табыстарды салыстыру жолымен артық немесе керегі жоқ материалдар мен шикізат қорларының жағдайына талдау жасалынады.

Ағымдағы қорларды тұрақтандыру үшін EOQ экономикалық моделі қолданылады.

Қорлар қозғалысына бақылау жасау мақсатында ABC – талдау және XYZ – талдау мен логика қолданылады.

Материалдық ресурстарға деген сұранысты қанағаттандыратын көздер:

1. ішкі (күтілетін қалдықтар, қолданылатын қалдықтар, қайта қолданылатын материалдар)
2. сыртқы (жабдықтаушылардан келісім шарт негізінде келіп түсетін материалдар).

Талдау барысында есептелінеді:

Жоспар бойынша қамтамасыз ету коэффициенті = *қамтамасыз етудің ішкі көздері + келісім шарт негізінде жеткізіп беру / ресурстарға деген жоспарлы сұраныс.*

Сұранысты қанағаттандыру сатысы = *жабдықтаушылардан келіп түскен нақты қорлар + қамтамасыз етудің ішкі көздері / ресурстарға деген жоспарлы сұраныс.*

Жабдықтаушылардан келіп түсетін тауарлардың сапасына, көлеміне, ассортиментіне, мерзіміне талдау жасалынады. Өндіріс көлемінің материалдардың жетіспеуіне байланысты қысқаруы мына формуламен анықталады:

$$\Delta K = \frac{3\phi - 3\pi l}{HP_{\pi l}},$$

Мұнда:

$(3\pi - 3\phi)$ жеткізілмеген нақты ресурстардың көлемі;

HP – бір түйір өнімді өндіруге кететін материалдар шығынының нормасы.

2.4 Материалдардық шығындардың нормасына талдау

Материалдық ресурстарды тиімді пайдалануды бейнелеуде 2 жүйе қолданылады: жалпылама және жеке көрсеткіштер.

Жалпылама көрсеткіштерге жататындар материалдарды жіберу, материалдық көлем, материалдық шығындар мен өндіріс көлемінің өсу темпін сәйкестендіру коэффициенті, өнімнің өзіндік құнының материалдық шығынның үлестіксалмағы, материалдарды жұмсау коэффициенті.

Талдау барысында материалдарды тиімді пайдалану көрсеткіштерінің нақты сатысын жоспармен салыстырады, олардың динамикасын, ауытқу себептерін сонымен қатар өнім өндірісінің көлеміне әсерін зерттейді.

Өнімнің материалдық көлеміне әсер ететін факторларды кезек – кезек жеткізіп беру (цепная поставка) әдісімен анықтауға болады. Материалдар көлемінің факторлық моделін былай көрсетуге болады:

$$ME = \frac{MЗ}{ВП}, \text{ мұнда}$$

$MЗ$ – материалдық шығындар құны;

$ВП$ – жалпы шығарылған өнімнің құны.

Материалдар көлемі материалдарды жіберу сияқты бірінші кезекте шығарылған тауарлар көлемі мен оларды өндіруге кеткен материалдық шығындар сомасына тәуелді болады. Жалпы өнімнің құндық дәрежедегі көлемі (ВП) – шығарылған өнім көлеміне (VВП), оның құрылымына, тауар бірлігіне кеткен материалдар шығынына (УР), материалдың құнына (ЦМ) байланысты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Жалпы айтқанда материалдар көлемі төмендегілерге тәуелді:

- өндірілген өнім көлеміне;
- өнімді өндіру құрылымына;
- өнім бірлігіне жұмсалатын материалдар шығынының нормасына;
- материалдық ресурстар бағасына;
- өнімдерді өткізу бағасына.

Факторлық модель келесідей көрсетіледі:

$$ME = \frac{MЗ}{ВП} = \frac{\sum (VBP_{\text{общ}} \cdot xUDxUPxЦМ)}{\sum VBP_{\text{общ}} \cdot xUDxЦП}$$

Кесте 2.2

Өнімнің материалдар көлеміне талдау жасау
үшін берілген ақпараттар

Көрсеткіштер	Есептеу алгоритмі	Сомасы, мың теңге
1. өнімді өндіруге кеткен материалдар:		
а) жоспар бойынша;	$\Sigma(VBP_{\text{жс}} \cdot UP_{\text{жс}} \cdot ЦМ_{\text{жс}})$	350000
б) жоспар бойынша жоспарлы құрылым бойынша нақтыға есептегенде;	$MЗ_{\text{жс}} \cdot BP_{\text{н}} / BP_{\text{жс}}$	33350
в) жоспар нормасы бойынша және жоспар бағасы бойынша нақты өнімді шығару;	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot UP_{\text{жс}} \cdot ЦМ_{\text{жс}})$	39050
г) жоспар бағасы бойынша нақты;	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot UP_{\text{н}} \cdot ЦМ_{\text{жс}})$	37600
д) нақты	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot UP_{\text{н}} \cdot ЦМ_{\text{н}})$	45600
2. жалпы өнімдерді шығару сомасы:		
а) жоспар бойынша;	$\Sigma(VBP_{\text{жс}} \cdot ЦП_{\text{жс}})$	80000
б) жоспарлы баға және жоспарлы құрылым бойынша нақты;	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot ЦП_{\text{жс}}) \pm \Delta BP_{\text{кұр}}$	76000
в) нақты құрылым және жоспарлы баға бойынша нақты;	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot ЦП_{\text{жс}})$	83600
г) нақты	$\Sigma(VBP_{\text{н}} \cdot ЦП_{\text{н}})$	100320

Материалдық шығындар және тауарлы өнім туралы келтірілген мәліметтер негізінде, оның деңгейі өзгерісіне факторлардың өзгерісін анықтау үшін, өнімнің материал сыйымдылығы көрсеткіштерін есептейміз.

Кестеден материал сыйымдылық 1,7 тиынға, соның ішінде төмендегі өзгерістер нәтижесінен өскенін көреміз:

- өнімді шығару көлемі 43,88-43,75 = +0.13
- өндіріс құрылымына 46,71-43,88 = +2.83
- шикізаттың үлестік шығынына 44,98-46,71 = -1.73
- материалдар мен шикізаттар бағасына 54,55-44,98 = +9.57
- өнімдерді өткізу бағасына 45,45-54,55 = -9.10
- Жалпы +1,70 тиын

Өнімнің материалдар көлеміне факторлық талдау

Көрсеткіштер	Есептеу шарттары					Материалдар көлемін зерттеу	Материалдар саты-сының көлемі, тн
	өндіріс көлемі	өнімнің құрылымы	материалдар шығыны	материалдар бағасы	өнімнің бағасы		
Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар	35000/80000	43,75
Шарт 1	Нақты	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар	33350/76000	43,88
Шарт 2	Нақты	Нақты	Жоспар	Жоспар	Жоспар	39050/83600	46,71
Шарт 3	Нақты	Нақты	Нақты	Жоспар	Жоспар	37600/83600	44,98
Шарт 4	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	Жоспар	45600/83600	54,55
Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	45600/100320	45,45

Осының негізінде, өнеркәсіпте есепті кезеңде өнімнің материалдар көлемінің үлес салмағының артқанын көреміз. Бекітілген нормамен салыстырғанда материалдарды үнемдеуге қол жеткізіп, материалдар көлемі 1,73 тиынға немесе 3,95% төмендеді. Шикізаттар мен материалдарға деген баға инфляция әсерінен неғұрлым көтерілген. Осы фактордың әсерінен өнімнің материалдық көлемі 9,57 тиынға немесе 21,8% көтерілді. Материалдық ресурстар бағасының өсу қарқыны өндіріс бағасының өсу қарқынынан жоғары болған.

Талдау қорытындысына қарап, өнеркәсіпте ресурстарды тиімді пайдалануға байланысты дұрыс тактикалық және стратегиялық шешім қабылдауына болады.

Тақырып бойынша әдістемелік нұсқаулар

Лекция материалдарын игеру үшін барлық көңілді негізгі ұғымдарды игеруге аудару қажет: талдау объектілері, талдау мазмұны мен міндеттері, функциялары, негізгі принциптерін ұғыну қажет. Сонымен қатар шаруашылық қызметті талдауды жалпы зерттеу әдістемелігінің дамуын қарастыру және экономикалық талдау түрлерін жетік білу қажет.

Бекіту сұрақтар:

1. Аналитикалық көрсеткіштерді әртүрлі белгілері негізінде қалай жіктеуге болады?

2. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері қандай?
3. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау жүйелерін атаңыз.
4. Экономикалық талдаудың зерттеу пәні мен объектілері қандай?
5. Экономикалық талдаудың мазмұны мен мақсаты?
6. Шаруашылық қызметті талдаудың түрлері.
7. Экономикалық басқарудың негізгі функциялары.
8. Экономикалық талдау әртүрлі бағыттар мен белгілерге байланысты жіктелуі.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Ильин А.И. Планирование на предприятии: Учебник – Мн.: Новое знание, 2011. – 2-е изд., перераб. – 635 с.
2. ИONOBA A. Ф., Cелезнева Н. Н. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с
3. Мамбетов У.Е., Мусиров Ф.М. Нарықтық экономика (хрестоматия). – Ақтөбе, 2016. – 137 б.
4. Өтепбергeн К.Е. Тәуекелді басқару. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2015. – 104 б.
5. Романов Б. А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.
6. Сарсембаева М.Ж. Баға және баға белгілеу. Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2017. – 250 с.
7. Утибаев Б.С. и др. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Альманах, 2015. – 424 с.
8. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

3 ТАҚЫРЫП. КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАРЫН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 3.1. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрамын және құрылымын талдау*
- 3.2. Капитал айналымдылығын талдау*
- 3.3. Шаруашылықаралық салыстырмалы талдау*
- 3.4. Қаржылық талдаудың мәні, ролі және маңызы*
- 3.5. Қаржылық және басқарудағы талдаудың өзара байланысы*

3.1 Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрамын және құрылымын талдау

Ғылым әдісі кең мағынада өз затын зерттеу тәсілі ретінде түсіндіріледі. Ғылымның әр түрлері үшін өз затын зерттеуге (оның ішінде, шаруашылық қызметті талдау) ерекше қарау әдістері танудың жалпыға бірдей диалектикалық әдісіне негізделеді.

Талдаудың маңызды методологиялық белгісі болып себепті-тергеулі байланыстарды орнатуға ғана емес, сонымен қатар оларға сандық сипаттама беруге қабілеттілігі табылады, яғни, қызмет нәтижелеріне факторлар ықпалын өлшеуді қамтамасыз етуге қабілеттілігі. Бұл талдауды нақты етіп, ал оның қорытындыларын негізделген етеді.

Талдауда себепті байланыстарды зерттеу мен өлшеуді индукция және дедукция әдістерімен жүзеге асыруға болады. Логикалық индукция көмегімен себепті байланыстарды зерттеу тәсілі бойынша зерттеу жекеден жалпыға, жеке фактілерді зерттеуден жалпыламаға, себептен нәтижеге жүзеге асырылады. Дедукция – бұл зерттеу жалпы фактілерден жекеге, нәтижелерден себептерге жүзеге асырылатын тәсіл болып табылады. Индукция әдісі талдауда дедукция әдісімен бірге және үйлесімді қолданылады.

Шаруашылық қызметті талдауда диалектикалық әдісті қолдану әрбір процесті, әрбір экономикалық құбылысты бір-бірімен өзара байланысты көптеген элементтердің жиынтығы түрінде, жүйе түрінде қарастыру керек. Осыдан келіп шығатыны талдаудың тағы бір сипаттамалық белгісі болып табылатын талдау объектісін зерттеуге жүйелі көзқарастың қажеттілігі.

Жүйелі көзқарас зерттелетін құбылыстар мен процестердің элементтерге максималды бөлшектеу, олардың жүйелілігі мен синтезін қарастырады. Сол не басқа құбылыстарды бөлшектеу (құрама бөліктерін ашып көрсету) зерттеліп отырған объектіде анағұрлым маңызды және негізгіні анықтау үшін тәжірибелік қажетті дәрежеде жүргізіледі. Ол талдаудың объектісі мен мақсатына байланысты болып келеді. Бұл экономикалық көрсеткіштердің маңызын, ондай-ақ олардың дамуын анықтайтын факторлар мен себептерді нақты білуді аналитиктерден талап ететін ШҚТ-дағы күрделі мәселе болып табылады.

Элементтерді жүйелендіру олардың өзара байланысын, қарым-қатынастарын, өзара тәуелділіктерін және өзара бағыныштылықтарын зерттеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл зерттеліп отырған объектінің (жүйенің) мүмкін моделін құруға, зерттеліп отырған көрсеткіштердің ішкі байланыстарына сәйкес келетін талдаудың логикалық-әдіснамалық жүйесін ашып көруге, жүйе элементтерінің бағыныштылығын, қызметтерін оның негізгі компоненттерін анықтауға жағдай жасайды.

Кәсіпорын экономикасының жеке жақтарын, олардың өзара байланысын, бағыныштылығы мен тәуелділігін зерттеп болған соң, барлық зерттеу материалдарын жалпыландыру қажет. Жалпыландыру (синтез) талдауда өте жауапты мезет болып табылады. Талдау нәтижелерін жалпыландыру кезінде қызмет нәтижелері негізінен тәуелді болатын барлық зерттеліп отырған факторлардың ішінен типтіктерді кездейсоқтардан бөлу, негізгі және шешуші факторларды ашып көрсету қажет.

3.2 Капитал айналымдылығын талдау

Алдыңғылардан тікелей шығатын шаруашылық қызметті талдау маңызды әдіснамалық белгісі болып кәсіпорынның шаруашылық қызметіндегі экономикалық құбылыстар мен процесстердің себепті-тергеулі байланыстарын жүйелі және кешенді зерттеу үшін қажетті болып саналатын көрсеткіштер жүйесін өңдеу мен қолдану табылады.

Осылайша, шаруашылық қызметті талдау әдісі өндіріс тиімділігін арттыру мақсатымен жоспар, есеп, есептілік және басқа да ақпарат көздерінен көрсеткіштер жүйесінің арнайы қабылдауларын өңдеу жолымен кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне факторларды әсерін өлшеу және жалпыландыру, жүйелі, кешенді зерттеуді көрсетеді.

Шаруашылық қызметті талдау әдісін қолдану аналитикалық зерттеудің нақты әдістемелерінің қатарыларынан кейін көрінеді. Ол шаруашылық қызметтің бөлек жақтарының зерттеу әдістемелері немесе кешенді талдау әдістемелері болуы мүмкін. Айта кететін, әрбір талдау

түріне өзінің әдістемесі сәйкес келеді. Жалпы әдістеме қандай да бір жұмыстың неғұрлым мақсатқа сай орындалу ережелерінің, тәсілдерінің жиынтығы дегенді білдіреді. Экономикалық талдауда әдістеме айқын бейнемен талдау мақсатына жетуге бағытталған, кәсіпорын экономикасын зерттеу ережелері мен аналитикалық тәсілдердің жиынтығын білдіреді. Жалпы әдістеме – ұлттық экономиканың түрлі салаларында экономикалық талдаудың түрлі объектілерін зерттеу кезінде бірыңғай қолданылатын зерттеу жүйесі деген түсінікті береді. Жеке әдістеме жалпыны экономиканың арнайы салаларына, өндірістің арнайы түріне немесе зерттеу объектісіне қатысты айқындайды.

Талдаудың кез келген әдістемесі аналитикалық зерттеуді орындау бойынша әдіснамалық нұсқаулар немесе талаптар көрсететін болады. Ол мысалы келесідей жағдайларды қамтиды:

- а) талдау мақсатының мәселелері мен құрылымы;
- б) талдау объектілері;
- в) әрбір талдау объектісі зерттеу үшін көмектесетін көрсеткіштер жүйесі;
- г) аналитикалық зерттеуді жүргізудің кезеңділігі мен үздіксіздігі бойынша кеңестер;
- д) оқытылатын объектілерді зерттеу тәсілдерінің сипаты;
- е) талдау жүргізу үшін негіз болатын алу көздері;
- ж) талдауды ұйымдастыру бойынша нұсқаулар (қандай тұлғалар, қызметтер зерттеудің бөлек бөліктерін жүзеге асырады);
- з) ақпаратты аналитикалық өңдеу үшін мақсатқа сай пайдаланылатын техникалық құралдар;
- к) талдау нәтижелерін рәсімдеуге қажет құжаттардың сипаты;
- л) талдау нәтижелерін тұтынушылар.

Шаруашылық қызметті талдау әдістемесінің екі элементіне тоқталып кетейік:

- аналитикалық жұмысты орындаудың кезеңділігі;
- оқытылатын объектілерді зерттеу тәсілдері.

Кешенді шаруашылық қызметті талдауды орындау барысында келесі кезеңдер анықталады:

Бірінші кезеңде талдау объектілері, мақсаты мен мәселесі нақтыланады, аналитикалық жұмыс жоспары құралады.

Екінші кезеңде талдау объектісі сипаттауға көмектесетін синтетикалық және аналитикалық көрсеткіштер жүйесі жасалады.

Үшінші кезеңде талдауға қажетті ақпарат жиналып дайындалады (оның нақтылығы тексеріледі, салыстырмалы түрге келтіріледі және т.с.с.).

Төртінші кезеңде шаруашылықтың нақты нәтижелерін есепті жылдың жоспарындағы көрсеткіштермен, өткен жылдардың нақты берілгендерімен, басқарушы ұйымдардың жетістіктерімен, саланы түгелдей салыстырады және т.с.с.

Бесінші кезеңде факторлық талдау жүргізіледі: факторлар алынады және олардың нәтижеге әсері анықталады.

Алтыншы кезеңде өндіріс тиімділігін арттырудың пайдаланылмаған және перспективалы резервтері анықталады.

Жетінші кезеңде анықталған қолданылмаған резервтердің және түрлі факторлар әрекеттерінің есебімен шаруашылық нәтижелерін бағалау жүзеге асырылады, оларды қолдану бойынша шаралар жасалады.

Аналитикалық зерттеуді орындаудың мұндай кезеңділігі шаруашылық қызметті талдау теориясы мен тәжірибесі жағынан анағұрлым мақсатқа сай болып табылады.

Шаруашылық қызметті талдау әдістемесінің маңызды элементі ретінде талдаудың техникалық қабылдаулары мен тәсілдері шығады. Бұл тәсілдерді қысқаша талдау құралдары деуге болады. Олар зерттеудің түрлі кезеңдерінде мыналар үшін қолданылады:

- жинақталған ақпараттарды алғашқы өңдеу үшін (тексеру, топтастыру, жүйелендіру);
- зерттелетін объектілердің жағдайы мен заңдылығын оқып білу;
- факторлардың кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне әсерін анықтау;
- өндіріс тиімділігін арттырудың перспективті және пайдаланылмаған резервтерін есептеу;
- кәсіпорынның қызметін кешенді бағалау және талдау нәтижелерін жалпылау;
- басқарушылық шешімдердің, әртүрлі шаралардың, экономикалық және әлеуметтік дамудың жоспарларын негіздеу.

Шаруашылық қызметті талдаудың көптеген әдістері қолданылады. Олардың ішінен дәстүрлі әдістерді анықтауға болады, олар басқа да салаларда ақпаратты зерттеу және баптау (салыстыру, графикалық, баланстық, орташа және қатысты сандар, талдамалық топтар) үшін кеңінен қолданылады.

Шаруашылық нәтижелерге және резервтерді есептеуге әсер ететін факторларды зерттеу үшін талдауда келесідей әдістер пайдаланылады: цептік, абсолютті және қатысты айырмашылық, интегралдық әдіс, корреляциялық, компоненттік, сызықты әдісі, бағдарламалау, массалық қызмет көрсету теориясы, ойын теориясы, операцияларды зерттеу сияқты әдістері, интуиция негізінде, өткен тәжірибесіне, мамандардың эксперттік бағалауы арқылы экономикалық мәселелерді эвристикалық шешімдер

әдісін қолданады. Әдістерді таңдау – талдаудың мақсаты мен тиімділігіне, зерттеу объектісіне, есептеудің техникалық мүмкіндіктеріне байланысты болады.

Ғылыми зерттеудің құралдардың жаңартылуы, талдау жұмысының тиімділігінің және жарқындылығының негізі болып табылады. Неғұрлым адам зерттейтін құбылыстың мәнін терең түсінсе, соғұрлым оған нақты зерттеу әдістері қажет болады. Бұл барлық ғылымдар, салалар үшін қажет. Барлық ғылымдар салаларында соңғы жылдар ішінде зерттеу әдістемелері нақтылана түсті. Экономикалық ғылымның аса маңызды құндылығы болып, экономикалық зерттеулерге математикалық әдістерді қолдану болып табылады. Ол талдауды одан ары терең әрі дәлді етеді.

Салыстыру – тәсілдердің бір түрі, оның көмегімен адам қоршаған ортаны тани білді. Қазіргі заманда біз бұл амалды атоматты түрде кейде байқамай күнделікті қолданамыз. Ерекше маңыздылығына көңіл аударсақ «Бәрін салыстырғанда түсінесін» деген мәтелге сілтеуге болады. Ол экономикалық құбылыстарды зерттеуде де кеңінен тарады. Бақылау мен болжауды бағалағанда қолданатын әр көрсеткіш пен әр санның салыстырмалы түрде ғана мәні болады.

Бұл әдістің мәні келесі түрде ашылуы мүмкін. Салыстыру – бұл танымның ғылыми әдісі, мұнда белгісіз құбылыстар, заттар бұрын зерттелген белгілі құбылыспен салыстырылады, бұл олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау мақсатымен жасалады. Салыстырудың көмегімен экономикалық құбылыстардың жалпы және спецификалық, зерттеліп жатқан объектілердің өзгерісі, даму тенденциялары мен заңдылықтары анықталады.

Экономикалық талдауда салыстыру барлық есептерді шешуде негізгі немесе көмекші әдіс ретінде қолданады. Салыстыруды қолдана отырып жетістікке жететін қарапайым жағдайлар мен мақсаттарды айта кетейік.

1. Жоспардың орындалу дәрежесін бағалау үшін жоспарлы және нақты көрсеткіштерді салыстыру.
2. Нақты көрсеткіштер мен нормативтік көрсеткіштерді салыстыру шығындарды бақылауға және ресурсты сақтаушы технологиясын енгізуге мүмкіндік береді.
3. Нақты көрсеткіштерді өткен жылдар көрсеткіштерімен салыстырып экономика процесстерінің даму тенденциясын анықтау.
4. Кәсіпорынның талдамалы көрсеткіштерін ғылыми жетістіктермен және басқа кәсіпорындар немесе бөлімшелер жұмысының алдыңғы қатарлы тәжірибесімен салыстыру қорларды іздеуге қажет.
5. Талдамалы шаруашылық көрсеткіштерді жеткен нәтижелерді бағалау және қолданылмаған қорды анықтау үшін аудан, аймақ, облыс бойынша орташа көрсеткіштерімен салыстыру.

6. Зерттеліп жатқан көрсеткіштердің өзара байланысын анықтау үшін параллельді және динамикалық қатарларды салыстыру. Мысалы, бір мезгілде жалпы өнімнің өндірістік көлемінің өзгеріс динамикасын, негізгі өндірістік қор және қайтарым қорын талдағанда бұл көрсеткіштердің өзара байланысын дәлелдеуге болады.
7. Басқарушылық шешімдердің әртүрлі нұсқаларын салыстыру мақсатымен ең қолайласын таңдау.
8. Қызмет нәтижесін кез келген фактордың өзгерісіне дейін және кейін салыстыру, факторлар әсерін есептеген кезінде және қорларды есептегенде қолданылады.

Салыстырудың әр түрін толығырақ қарастырайық.

Бұрынырақ белгілеп кеткендей, шаруашылық қызметін талдау міндеттерінің бірі, бақылау жүйесінің құрылымы және кәсіпорын қызметінің экономикалық және әлеуметтік дамуын жан жақты талдау. Нақты мәліметтерді жоспарлымен салыстыру міндетті шарт болып табылады. Бұндай салыстыру жоспарды орындау дәрежесінің ай, тоқсан немесе жыл бойынша анықталуына мүмкіндік береді. Жоспарлы көрсеткіштердің дәлілденгенін тексеру үшін де нақты мәліметтерді жоспарлымен салыстыруы мүмкін. Ол үшін нақты орташа үш-бес өткен жылдар мәліметтері ағымдағы жылдың жоспарлы мәліметтерімен салыстырылады. Көрсеткіштердің нақты деңгейін жоспарлымен салыстыру өндірістік резервтерді айқындау үшін керек. Осы мақсатпен келтірілген шаралардың көлемі туралы нақты мәліметтер жоспарлымен салыстырылады. Егер жоспар белгілі бір шаралармен орындалмаса, онда өнім өндірісінің ұлғаюын қолданылмаған резерв түрінде қарастыруға болады.

ШҚТ-да болашақ жоспардың мәліметтерімен осы немесе басқа көрсеткіштер бойынша жеткен деңгейді салыстыру маңыздылығы аз емес. Бұндай салыстыру болашақ жоспар мен алдыңғы кезең тапсырмалардың орындалу жолын көруге мүмкіндік береді. Аналитикалық жұмыстардың тәжірибесінде бекітілген нормаларды салыстыру да қолданылады (мысалы: шикізат, материал, энергия су және т.б. шығындар). Бұндай салыстыру өнім өндірісіне қорларды артық шығындау немесе үнемдеу үшін, оларды өндіріс процесінде тиімді қолдануын бағалау және өзіндік құнын төмендету мен өнім шығарылысы ұлғаюының жоғалған мүмкіндіктерін анықтау үшін қажет.

ШҚТ-да алынған нақты нәтижелерді өткен жылғымен салыстыру жиі қолданылады. Бүгінгі күнгі нәтижелерді кешегімен, ағымдағы ай, тоқсан, жылды бұрынғымен салыстырады. Бұл экономикалық процестердің даму заңдылықтары мен тенденцияларын анықтау және алынған көрсеткіштердің өзгеру қарқынын бағалау мүмкіндіктерін береді.

Келесі түрі – ең жақсы нәтижелермен салыстыру, яғни алдыңғы қатарлы тәжірибе, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктері және ең артық еңбек үлгісімен салыстыру. Бұндай салыстырулар зерттелетін кәсіпорын шегінде және одан тыс жерлерде жүргізілуі мүмкін. Кәсіпорын ішінде жалпы коллективпен алынған көрсеткіштердің орташа деңгейі алдыңғы қатарлы учаскелер, жұмысшылар мен бригадалар көрсеткіштерімен салыстырылады. Ол өндірістің жаңа мүмкіндігі мен алдыңғы тәжірибені көрсетуге мүмкіндік береді.

3.3 Шаруашылықаралық салыстырмалы талдау

Шаруашылықаралық салыстырмалы талдау – талдамалы кәсіпорынның көрсеткіштерін шаруашылықтың бірдей жағдайындағы ең жақсы нәтижелерге ие басқа кәсіпорын көрсеткіштерімен салыстыруда жоғары мәнге ие. Мұндай талдау алдыңғы тәжірибені үйрену мен өндірістің жаңа мүмкіндіктерін іздеуге және кәсіпорынның жұмыс тиімділігін арттыруының қорларын анықтауда маңызды тәсіл болып табылады.

Талдауда өте жиі зерттеліп отырған кәсіпорын көрсеткіштері орта саладағы мәліметтермен немесе министрлік, топтасу, концерн бойынша мәліметтермен салыстырылады. Мұндай салыстыру талдамалы кәсіпорынның қызметін толық әрі объективті бағалау үшін және оның шаруашылық қызметінің нәтижелерін анықтайтын жалпы және ерекше факторларды үйрену үшін қажет.

Сонымен қатар шаруашылық қызметті талдау – да өндіріс мүмкіндіктерін тиімдірек таңдаумен оны толығырақ пайдалануға мүмкіндік беретін экономикалық тапсырмаларды шешудің әртүрлі нұсқаларын салыстыру қолданылады. Әсіресе ол алдыңғы талдауда басқару шешімдері мен жоспарларды негіздеу кезінде кеңінен қолданылады.

Параллельді және динамикалық қатарларды талдау әртүрлі көрсеткіштер арасындағы байланыс бағыттары мен формаларын анықтау мен негіздеу үшін қолданады. Осы мақсатта көрсеткіштердің бірін сипаттайтын сандарды ұлғайтатын немесе кемімелі ретте орналастыру керек және осыған байланысты басқа зерттелетін көрсеткіштердің өзгеруін қарастырады: ұлғая ма, кемі ме және қандай деңгейде.

Экономикалық талдауды салыстырмалы талдаудың келесі түрлері ажыратылады: көлденең, тігінен, трендік, сонымен қатар бір шамалы және көп шамалы. Көлденең салыстырмалы талдау зерттелетін көрсеткіштердің нақты деңгейдегі абсолютті және қатысты ауытқуларды базалықтан (жоспарлы, өтке кезеңдегі, орташа шамалы, ғылыми жетістіктер және алдыңғы тәжірибелі) анықтау. Тігінен салыстырмалы тал-

дау көмегімен экономикалық процесстер мен құбылыстардың құрылымы жеке бөліктердің үлес салмағын, бір бүтіннің бөліктері арасындағы өзара қатынасын (Мысалы: меншікті және қарыздық капитал, негізгі және айналым капиталы) есептеу жолымен анықталады. Сонымен қатар сәйкес фактордың өзгерісіне дейінгі және кейінгі олардың шамаларын салыстыру жолымен нәтижелік көрсеткіштердің деңгейіне факторлар әсерін зерттейді.

Трендтік талдау динамикалық қатарларды зерттеу барысында, яғни базистік жыл деңгейіне қатысты бірқатар жылдарға қатысты өсім және өсу қарқынын зерттеуде қолданылады. Бірөлшемді салыстырмалы талдауда бір объектіні бір немесе бірнеше көрсеткіштері бойынша немесе бірнеше объектілерді бір көрсеткіш бойынша салыстыру орындалады. Көпөлшемді салыстырмалы талдау көмегімен көрсеткіштердің үлкен спектрі бойынша бірнеше кәсіпорындардың (бөлімшелердің) қызметінің нәтижелерін салыстыру жүргізіледі.

Өндірістік бөлімшелердің, кәсіпорындардың және т.б. шаруашылық нәтижелерін комплекстік бағалау үшін қолданылатын талдауға керекті көпөлшемді салыстырулар өзгеше назарды қажет етеді. Бұндай міндет бірнеше кәсіпорындардың шаруашылығына жинақтаушы салыстырмалы баға беру кезінде әрдайым тұрады. Бұны жасайтын жоғарғы басқару органдары, сонымен қатар қаржылық тәуекелділік дәрежесін бағалау үшін инвесторлар.

Шаруашылық қызметінің комплекстік бағасы, өндіріс нәтижелері туралы жалпылама мәліметтері бар және экономикалық процесстерін анықтайтын жиынтық көрсеткіштерді зерттеу нәтижесінде алынған, кәсіпорын қызметіннің мінездемесі болып табылады. Бәріне мәлім, комплекстік бағалау үшін неғұрлым көбірек көрсеткіштер пайдаланылса, соғұрлым талдау қорытындысы дұрыстырақ болады. Бірақ бұл мақсатқа байқам ұмтылу қажет, себебі көрсеткіштер санының өсуі комплекстік бағалаудағы есептеу жұмысын қиындатады және нәтижелігін түсіреді.

Қазіргі кезде комплекстік бағалау міндеті территориялық жоспарда екі бағытта шешіледі. Бірінші – бұл жалпылама (синтетикалық) немесе интегралды көрсеткішті өңдеу. Ол шаруашылық қызметтің салмақтырақ жақтарын іске асыратын еді. Бұл мақсатқа жету, нәтижесінде бірыңғай көрсеткішті алуды күтілетінімен қызықтырады. Бұл шаруашылық нәтижелерін бағалау міндетін автоматты түрде шешеді: бірінші орында ең артық немесе ең кем көлемді көрсеткіштері бар кәсіпорын, екінші орында екінші нәтижесі бар кәсіпорын, т.с.с. Бұндай интегралды көрсеткіш әлі табылмаған, ал көп сандық зерттеулер оны өңдеудің қиындығын көрсетеді.

Шаруашылық қызметтің қиындығы проблеманы басқа әдіспен де шешуге мүмкіндік бермейді – жалпылама нәтижелі көрсеткіштер ішінен қандай да бір көрсеткішті интегралды ретінде таңдап алу. Мысалы, кәсіпорын өнімді өндіру көлемінің кемуінде конъюктуралық факторлардың көмегімен алынған табыс сомасы бойынша жоғары нәтиже ала алады. Басқа жағдайды қарастырайық: кәсіпорын өнімді өндіру жоспарынан артық өндірді, бірақ өнімнің өзіндік құны ұлғайды да, пайда сомасы кеміді.

Бұл себептен кәсіпорын қызметі нәтижесінің жалпылама бағасы көрсеткіштердің толық комплексі бойынша жүргізіледі. Осымен байланысты әдетте міндет күрделене түседі, себебі кәсіпорындар арақатынасы әртүрлі көрсеткіштер бойынша әртүрлі болады. Мысалы, өндіріс көлемі бойынша кәсіпорын бірінші орында, өзіндік құны бойынша – үшінші, ал рентабельділік деңгейі бойынша – бесінші орында және т.с.с. болды.

Комплекстік бағалаудың басқа бағыты – шаруашылық қызметінің нәтижелерін бір мағыналы бағалауын комплексті көрсеткіштер негізінде қамтамасыз ететін есеп процедураларының алгоритмдерін өңдеу.

Бұл міндетті шешу үшін «суммы мест», геометриялық орта және т.б. әдістерге негізделген алгоритмдер кең қолдануда. Бірақ бұл әдістерде маңызды кешіліктері бар, себебі оларда кейбір көрсеткіштердің салмақтылығына көңіл қойылмаған. Ең перспективті әдісі, әр кәсіпорын көрсеткіштерінің абсолютті шамасын ғана емес, сонымен қатар кәсіпорын-эталон көрсеткіштеріне дейін олардың жақындық (алшақтық) дәрежесін де есепке алуға мүмкіндік беретін, аралық әдісіне негізделген, көп өлшемді салыстырмалы талдау әдісін қолдану әдісі болып табылады. Осымен байланысты салыстырылып отырған кәсіпорындар координаталарын бірлік ретінде алынған, кәсіпорын-эталонның сәкес координаталарының үлесінде көрсету қажет.

Талдау жасаған кезінде бір маңызды шартты орындау қажет – көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету қаеттілігін, себебі салыстыруға тек сапалы біртекті шамаларды болады. Сонымен қатар келесі талаптар орындалу керек:

- көлемді, құнды, сапалы, құрылымдық факторлардың біртұтастығы;
- салыстырылып отырған көрсеткіштердің есептелу мерзім кезеңдерінің немесе аралықтарының біртұтастығы;
- өндірістің берліген талаптарының салыстырмалылығы;
- көрсеткіштер мен олардың құрамын есептеу әдістемесінің біртұтастығы.

Талаптардың көбісі бәріне мәлім. Оларды орындау қиыншылықтарды туғызбайды. Бірақ салыстыруға болайтындар көзге бірден түсе қоймайды, ал оған жету нақты күш салуды қажет етеді.

Салыстыру үшін алынған көрсеткіштер әртүрлі уақыт аралығын алатын болса, онда бұл сәйкессіздікті түзету жолымен оңай жеңуге болады. Егер олар әртүрлі уақыт кезеңдеріне алынса, онда салыстыруды тек бір көрсеткішті ауыстыру жолымен ғана ала аламыз.

Көрсеткіштерді салыстыру келесі қатардағы жағдайларды, яғни абсолютті шаманың орнына орташа және қатысты шамаларды алғанда мүмкін болады. Әртүрлі шаруашылықтағы абсолютті көрсеткіштерді, мысалы өнім өндірісінің көлемі, негізгі құралдардың құны, кіріс сомасын олардың жер аумағының есебінсіз салыстыруға болмайды. Бірақ егер абсолютті көрсеткіштер орнына қатысты көрсеткіштерді алатын болсақ, мысалы, 100 га ауылшаруашылық аумаққа өнім өндірісі, онда оларды салыстыруға болады.

Кейбір жағдайларда көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін түзету коэффициенттері қолданылады. Әсіресе көрсеткіштердің әдістемелік сәйкессіздігіне қатысты көңіл аудару керек. Ол салыстыру нәтижелерін бұрмалап қана қоймай, тіпті оның мағынасын өзгертіп жіберуі мүмкін. Мысалы, қор қайтарылымы негізгі қордың барлық сомасымен, негізгі өндірістік қормен немесе олардың активті бөлігімен есептелінуі мүмкін. Сондықтан жоспардағы және ағымдағы жылдың есептілігіндегі көрсеткіштерді есептеу әдістерінің тепе-теңдігін тексермесек зерттелетін көрсеткіштердің өзгерісінің негізіне оларды есептеу тәсіліне өзгешеліктер енгізілетіндіктен өткен кезеңдер үшін динамиканың дұрыс емес бағасын беруі мүмкін. Дұрыс қорытындыны қамтамасыз ету үшін көрсеткіштердің есептеу әдістерінің тепе-теңдігіне қол жеткізк керек.

Сонымен қатар көрсеткіштерді салыстыру кезінде олардың табиғи-климаттық шарттары бойынша салыстырмалылығын қамтамасыз ету керек. Әсіресе ол ауылшаруашылығы үшін өзекті болып табылады. Кәсіпорындардың әртүрлі табиғи-экономикалық аймақтарда орналасуы өнімнің шығарылуына, тұрақты және ауыпалы шығындардың деңгейіне, өнімнің еңбек сыйымдылығына үлкен әсерін тигізеді. Осы фактор бойынша көрсеткіштердің салыстырмалылығын қамтамасыз ету үшін келісілген климаттық және территориялық ерекшеліктеріне кезекті әсер етуін жоюмен көрсеткіштердің өсу үлесін ерекшелейді.

Сонымен бірге салыстырмалы көрсеткіштер есептелінген объектілердің санын мен шығыстардың құрамы бойынша біртекті емес болуын жібермеу керек. Мысалы, зауыттардың көрсеткіштері мен цехтардың көрсеткіштерін, жалпы және өткізілген өнімнің өзіндік құнын, кәсіпорынның таза және баланстық кірістерін салыстыруға болмайды.

Осылай, көрсеткіштерді салыстырмалы түрге келтірудің негізгі әдісі болып құндық, көлемдік, сапалы және құрылымды факторлардың ықпал етуін оларды бір базиске келтіру жолымен бейтараптандыру және де орташа және қатысты шамаларды, түзету коэффициенттерін және қайта есептеуді қолданутабылады.

Ереже бойынша ШҚТ-да зерттелетін экономикалық құбылыстар орташа және қатысты шамаларда көрсетілетін сандық айқындылыққа ие болады.

Абсолютті шамалар құбылыстардың сандық өлшемін өлшем бірлігінде, салмағында, көлемінде, бойында, алаңында, құнында және басқа құбылыстардың өлшеміне қатыссыз көрсетеді.

Қатысты көрсеткіштер басқа уақыт немесе басқа объект бойынша алынған зерттелетін құбылыстардың басқа құбылыстардың шамасымен немесе осы құбылыс шамасымен арасалмағын көрсетеді. Қатысты көрсеткіштер салыстырмалы базаға қабылданатын бір шаманы басқа шамаға бөлу нәтижесінде алынады. Олар жоспардың, базистік жылдың, басқа кәсіпорынның мәліметтері болуы мүмкін. Қатысты көрсеткіштер коэффициенттер (1 базада) немесе пайыздар (100 базада) формасында көрсетіледі.

Шаруашылық қызметті талдауда қатысты шамалардың әртүрлі көрінісі қолданылады: жоспарлы тапсырыс, жоспарды орындау, динамика, құрылымдар, үйлесімділік, қарқындылық, тиімділік.

Қатысты шамалардың жоспарлы тапсырысы ағымдағы жылдың көрсеткіштерінің жоспарлы деңгейінің өткен жылғы деңгейіне немесе алдыңғы 3-5 жылмен арақатынасын көрсетеді.

Қатысты шамалардың жоспарды орындауы – бұл көрсеткіштің нақты және жоспарлы деңгейінің арасындағы арақатынас, көбінесе пайыз түрінде көрсетіледі.

Көрсеткіштердің белгілі бір уақыт аралығында өзгеруін сипаттау үшін қатысты шамалардың динамикасы қолданылады. Ол ағымдағы жылдың көрсеткішінің шамасын оның алдыңғы кезеңдегі (ай, тоқсан, жыл) деңгейіне бөлу жолымен анықталады. Олар өсім қарқындары деп аталады және көбінесе пайыздар немесе коэффициенттер түрінде көрсетіледі. Қатысты шамалардың динамикасы базистік және тізбектік болуы мүмкін. Бірінші жағдайда динамикалық қатардың әрбір келесі деңгейі базистік жылмен салыстырылады, ал келесісінде – әрбір келесі жыл алдыңғысына қатысты болады.

Құрылым көрсеткіші – ол пайыздар немесе коэффициенттер түрінде көрсетілетін қатысты үлес бөлігі (үлестік салмақ). Мысалы, жалпы егіс

алаңдағы дәнді-дақылдар егісінің үлес салмағы, кәсіпорынның жалпы жұмысшы санындағы жұмысшылардың үлес салмағы.

Қатысты шамалардың үйлесімділігі – бір бүтіннің бөліктері арасындағы қатынасты көрсетеді, мысалы, жұмысшы күші мен машиналары, негізгі өндірістік қорлардың актив және пассив бөліктері.

Қатысты шамалардың қарқындылығы – белгілі бір құбылыстың сәйкес салада дамуын, тарату деңгейін сипаттайтын, мысалы, тұрғындардың науқастық деңгейі, біліктілігі жоғары жұмысшылардың пайызы аталады.

Қатысты шамалардың тиімділігі – ресурстардың немесе шығындардың тиімділік қатынасы, ысалы, өнім өндірісі 100га ауылшаруашылық алаңға, бір рубль шығынға, бір жұмысшыға.

Экономикалық жұмыс тәжірибесінде абсолютті және қатысты көрсеткіштер қатарына орташа шамалар жиі қолданылады. Олар Шаруашылық қызметті талдауда біртүрлі құбылыстардың белгілі бір белгісіне байланысты сандық жинақтау сипаттамасы үшін қолданылады. Мысалы, жұмысшылардың орташа жалақысы жұмысшылардың жиынтығын байқайтын еңбекақының деңгейін жалпылама сипаттау үшін қолданылады. Орташа шамада зерттелетін құбылыстардың сәйкес белгісі бойынша жалпы, сипаттамалы, типтік түрлері көрсетіледі. Ол осы белгінің зерттелетін жиынтығының жалпы өлшемін көрсетеді, яғни бір санмен барлық объектілердің жиынтығын сипаттайды. Орташа шаманың көмегімен әртүрлі объектілер жиынтығын салыстыруға болады, мысалы, дақылдардың шығымдылық деңгейі бойынша аудандар, еңбекақы деңгейі бойынша кәсіпорындар және т.б.

Шаруашылық қызметті талдауда орташа шамалардың әртүрлі үлгісі қолданылады: орташа арифметикалық (қарапайым және өлшенген), орташа үйлесімді, орташа геометриялық, орташа хронологиялық, орташа шаршылық және т.б.

Шаруашылық қызметті талдауда орташа шамаларды қолданған кезде олар құбылыстардың жалпы сипаттамасын беретінін ескеру керек. Осы жерде олардың күші және жетіспеушілігі. Нашар емес болып көрінетін жалпы орташа көрсеткіштердің артында, нашар жұмыс жасайтын бригадалардың, цехтардың және басқа шаруашылық бөлімшелердің нәтижелері жасырын тұрады. Орташа мәліметтерден озат өндірістің жетістіктері де көрінбейді. Сондықтан талдау кезінде орташа шамалардың мазмұнын орташа топтық, кейбір жағдайларда жеке көрсеткіштермен толықтырып, ашып көрсету қажет.

Шаруашылық қызметті талдауда кең қолдануды ақпараттардың топталуы – зерттелетін объектілер жиынтығының массасын сәйкес белгілері бойынша сапалы біртүрлі топқа бөлу алады. Егер статистика бұл әдісті

жалпылама және бір түрге келтіру үшін қолданса, онда талдауда топталу орташа шамалардың мағынасын түсіндіруге, бұл орташалардаға бөлек өлшемдердің ролін, көрсеткіштер арасындағы өзара арақатынасты білдіру үшін қолданылады.

Тапсырмаға байланысты қисынды үлгі, құрылымды және талдаулық топталулар қолданылады.

Қисынды үлгі топталуға мысал ретінде жұмыс бағыты бойынша халықтың топталуы, меншік формасы бойынша кәсіпорындар топтары бола алады.

Құрылымды топталу көрсеткіштердің ішкі құрылымын, олардағы әрбір бөліктің қатынасын зерттеуге мүмкіндік береді. Олардың көмегімен мамандығы бойынша жұмысшылар құрамын, жұмыс стажын, жасын, өнімді өндіру нормасы, өнім өндірісінің жоспарын жасау деңгейі бойынша кәсіпорын құрамын, оның өзіндік құнын төмендету. Құрылымды топталу әсіресе министрліктің, бірлестіктердің жинақтамалы есептілігін талдауда көп мағынаға ие, себебі ол алдыңғы, орташа және артта қалған кәсіпорындарды айқындап беру мен жасырын резервтер мен алдыңғы тәжірибелердің іздеу бағыттарын анықтайды.

Аналитикалық (тергеулі-себептілік) топталу зерттелетін көрсеткіштердің арасындағы бағыттары мен байланыс формаларын және барын анықтау үшін қолданылады. Аналитикалық топталу сипаттамалық белгілері бойынша сапалы және сандық болады.

Құрылу қиындығы бойынша топталудың екі түрі бар: жай және құрастырылған. Жай топталудың көмегімен белгілі бір белгілері бойынша топталған құбылыстар арасындағы өзара байланысты көрсетеді. Ал құрастырылғын топталуда бұндай бөлінілулер алдымен бір белгісі бойынша, содан соң әрбір топ ішінде басқа белгілері бойынша жүргізіледі. Осылайша екі деңгейлі, үш деңгейлі топталу құрастырылуы мүмкін. Олар әртүрлі және күрделі өзара байланыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Бірақ олардың елеулі кемшілігін айтып кеткен жөн. Бұндай топталуларды құрастыру жоғарғы еңбек сыйымдылығымен және алынған нәтижелер өте қиын қабылдануымен ерекшеленеді. Сондықтан күрделі өзара байланыстарды зерттеу үшін бұл топталуды бірнеше жай топталумен алмастырған жөн.

Топталуды құрастыру кезінде жиынтықтарды топқа бөлуге, топ санын және олардың арасындағы аралықтарды таңдауға шын қарау керек, өйткені талдау нәтижелері осыған байланысты қатты өзгеруі мүмкін.

Топталуды құрастыру әдісін келесі алгоритм арқылы қысқаша анықтауға болады:

1. талдау мақсатын анықтау;

2. барлық жиынтық объектілер бойынша керекті мәліметтер жиыны;
3. топталу белгісі үшін таңдалуы бойынша жиынтықтарды тізімдеу (ранжирование);
4. жиынтықтарды үлестіру және оларды топтарға бөлуі бойынша аралықты таңдау;
5. орташа топталған көрсеткіштерді топтамалық және нақтылық белгісі бойынша анықтау;
6. алынған орташа шамалардың талдауы, өзара байланысты анықтау және нақты көрсеткіштердің зерттелетін нәтижелерге ықпал ету бағыттарын анықтау.

Құрастырылған топталуды құрастыру жағдайында бұл алгоритм төртінші және бесінші пункттерінің қайталануынан (бірнеше рет) ұлғаяды.

Шаруашылық қызметті талдаудың көптеген әдістері қолданылады. Олардың ішінен дәстүрлі әдістерді анықтауға болады, олар басқа да салаларда ақпаратты зерттеу және баптау (салыстыру, графикалық, баланстық, орташа және қатысты сандар, талдамалық топтар) үшін кеңінен қолданылады. Шаруашылық нәтижелерге және резервтерді есептеуге әсер ететін факторларды зерттеу үшін талдауда келесідей әдістер пайдаланылады: тізбектік, абсолютті және қатысты айырмашылық, интегралдық әдіс, корреляциялық, компоненттік, сызықты әдісі, бағдарламалау, массалық қызмет көрсету теориясы, ойын теориясы, операцияларды зерттеу сияқты әдістері, интуиция негізінде, өткен тәжірибесіне, мамандардың эксперттік бағалауы арқылы экономикалық мәселелерді эвристикалық шешімдер әдісін қолданады. Әдістерді таңдау - талдаудың мақсаты мен тиімділігіне, зерттеу объектісіне, есептеудің техникалық мүмкіндіктеріне байланысты болады.

3.4 Қаржылық талдаудың мәні, ролі және маңызы

Нарық жағдайында қаржылық жоспарлау кәсіпорынға оның қызметі жөнінде көптеген параметрлерді сырттан бекітетін орталықтандырылған әкімшілік сипатты жояды. Ол, ең алдымен бәсекелестік нәтижесінде қарқынды өзгеріп отыратын нарықтық конъюнктура жағдайында өзінің хал-жағдайын нығайтуға ұмтылатын кәсіпорынның шаруашылық әрекетінің икемді стратегиясы мен тактикасын жасауға қызмет етеді. Қаржылық қызметте нормативтерді пайдалану кәсіпорынның өз еркінде, сондықтан нормативтер туралы ақпараттар коммерциялық құпияға айналады. Жоспарланған нормативтерден ауытқуды талдау, кәсіпорынның ішкі талдауының құрамдас бөлігі болып табылады. Бухгалтерлік есеп беруге негізделген қаржылық жағдайды талдау, сыртқы талдау сипа-

тына ие болады, яғни бұл кәсіпорынның қызметі туралы ақпараттардың шектеулі бөлігінен тұратын есеп мәліметтері негізінде осы кәсіпорынның мүдделі контрагенттерінің – меншік иесі немесе мемлекеттік органдардың берілген кәсіпорынның шегінде жүргізетін талдауы. Қаржылық жағдайды ішкі талдау әдістемесі, әрбір кәсіпорын үшін тек потенциалды әріптестерін бағалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар қаржылық есепті сыртқы пайдаланушылардың көзқарасы тұрғысынан алғандағы өзін-өзі бағалау үшін де қажет.

Тереңдетіліп нақтыланған талдау экспресс-талдаудың бөлек тәртібін кеңейтеді, толықтырады және дәлелдейді. Оның мақсаты – шаруашылық субъектісінің қаржы жағдайы туралы, оның өткен есепті кезеңдегі қызметінің нәтижесі, сондай-ақ кәсіпорынның болашақтағы даму мүмкіндіктеріне соңғы толық баға беру болып табылады. Осыған орай нақтылау дәрежесі аудитордың өзінің ықыласына байланысты.

Қорыта айтқанда, кәсіпорынның қаржы жағдайын талдауда аудитордың түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдануға еркі бар. Оларды ұтымды пайдаланып, осы талдауды жүргізудің дәйектілігіне байланысты дұрыс әдісті таңдай отырып, аудитор қаржылық жағдайға терең, жан-жақты әрі кешенді талдау жүргізе алады, сондай-ақ объективті және анық баға береді, қаржылық тұрақтылықтың нығаюы мен кәсіпорынның табыстылығының өсуі жөнінде ұсыныстар дайындайды.

3.5 Қаржылық және басқарудағы талдаудың өзара байланысы

Қаржылық талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін жалпы талдаудың бір бөлігі болып табылады. Ол бір бірімен тығыз байланысты мынадай тараулардан тұрады:

- 1) Қаржылық талдау;
- 2) Өндірісті басқарудағы талдау.

Сыртқы қаржылық талдаудың негізгі ерекшеліктері мынада тұрады:

- 1) Талдау субъектілерінің көптілігі;
- 2) Талдау субъектілерінің мақсаттары және мүдделерінің әртүрлілігі;
- 3) Типтік әдістемелерін, есеп стандарттарын пайдалану;
- 4) Талдаудың кәсіпорынның сыртқы есептемелеріне бағытталуы;
- 5) Талдау нәтижелерінің барлық пайдаланушылар үшін ашықтығы.

Кәсіпорын серіктері сыртқы қаржылық талдауды келесі бағыттар бойынша жасайды:

- Төлем қабілеттілігін және баланс өтімділігін, қаржылық тұрақтылығын талдау;

- Меншікті және қарыз капиталды, активтерді пайдалану тиімділігін талдау;
- Пайданың абсолюттік көрсеткіштерін зерттеу;
- Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау;
- Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жалпы бағалау.

Басқарудағы талдаудың ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- Талдау нәтижелерінің кәсіпорын басшыларының мүдделеріне бағытталуы;
- Талдау жүргізу үшін ақпараттың максималды көлемін пайдалану;
- Кәсіпорын қызметтерінің барлық жақтарын зерттеу;
- Жоспарлау, есеп және талдау жүйелерінің бір бірімен бірлесуі;
- Талдау нәтижелерінің максималды жабықтығы.

Пайданы табуға максатталған кәсіпкерлік қызметтің (бизнестің) концепциясы қаржылық талдаудың мазмұнын және тиімділігін түсінуге мүмкіндік береді. Пайда кәсіпорынның табыстылық түрі ретінде соңғы қаржылық нәтиже болып есептелінеді. Кезкелген бизнестің соңғы мақсатына жету үшін қабылданатын басқару шешімдерді 3 аспектілер арқылы көрсетуге болады:

- Капиталды пайдалану бойынша шешімдер;
- Қорлар арқылы орындалатын шаралар;
- Жүзеге асырылатын шаралардың (қаржылық операциялар, инвестициялық проекттер және т.б.) экономикалық тиімділігін бағалау.

Қаржылық және инвестициялық шешімдерді ұақытылы және сапалы негіздеу кәсіркерлік қызметтің кезкелген саласында кешенді қаржылық талдаудың мазмұнын сипаттайды. Ондай дәлелдеуді жүргізу үшін бір қатар стандартты әдістер қолданылады.

Қаржылық талдаудың тәжірибесі қаржылық есепті оқудың негізгі ережелерін қалыптастырды. Олардың ішінен алты негізгі әдісті бөліп қарастыруға болады:

1. көлденең талдау;
2. тікелей талдау;
3. трендтік талдау;
4. салыстырмалы талдау;
5. факторлық талдау;
6. қаржылық коэффициенттер әдісі.

Көлденең (уақытша) талдау – есеп берудің әрбір позициясын өткен кезеңмен салыстыру. Ол өткен кезеңдегімен салыстырғандағы бухгалтерлік есептің түрлі баптарының абсолюттік және салыстырмалы ауытқуларын анықтауға мүмкіндік береді.

Тікелей (құрылымдық) талдау – әрбір есеп позициясының жалпы нәтижеге тигізетін әсерін айқындай отырып, қорытынды қаржылық көрсеткіштердің құрылымын анықтау. Ол жалпы баланс немесе оның бөлімдері бойынша қорытынды көрсеткіштегі және баптардың үлес салмағын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, ұзақ және ағымдағы активтердің кәсіпорын мүлкінің жалпы құнындағы, яғни баланс валютасындағы үлес салмағы және тағы басқалар.

Тікелей және көлденен талдаулар бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан да есептік бухгалтерлік үлгі құрылымы секілді оның жеке көрсеткіштерінің динамикасын да сипаттайтын кестелерді жиі жасайды.

Трендтік талдау барлық көрсеткіштер 100% деп алынатын базистік жыл деңгейінен, бірқатар жылдар көрсеткіштерінің салыстырмалы ауытқуын есептеуге негізделеді. Басқаша айтқанда, трендтік талдау әрбір есеп позициясын бір қатар өткен кезеңдермен салыстыруды және трендті, яғни жеке кезеңдердің дербес ерекшеліктері мен кездейсоқ әсерлерінен тазартылған көрсеткіш динамикасының негізгі тенденциясын анықтауды көрсетеді. Трендтің көмегімен болашақтағы көрсеткіштердің мүмкін болатын маңызы қалыптасады, ал одан кейін перспективті, болжамдық талдау жүргізіледі.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – бұл фирмалардың, еншілес фирмалардың, бөлімшелердің және цехтардың жекелеген көрсеткіштері бойынша есебінің құрама көрсеткіштерін шаруашылық ішіндегі талдау, сондай-ақ берілген фирманың көрсеткіштерін орташа салалық және орташа жалпы экономикалық мәліметтері бар бәсекелес фирмалардың көрсеткіштермен салыстырғандағы шаруашылық аралық талдау болып табылады.

Факторлық талдау – бұл жекелеген факторлардың (себептердің) қорытынды көрсеткішке тигізетін әсерін зерттеудің детерминдік (анықтау) немесе реттелмеген тәсілдері көмегімен талдау. Сонымен қатар факторлық талдау қорытынды көрсеткіштерді оның құрамдас бөліктеріне жіктегенде – тура, ал оның жеке элементтерін жалпы қорытынды көрсеткішке біріктіргенде ол кері (синтез) болуы мүмкін.

Қаржылық талдаудың нарықтық экономика жағдайындағы көбірек таралған әдісі әр түрлі қаржылық коэффициенттерді пайдалану болып табылады.

Коэффициенттер салыстырмалы шамалар болып табылады, оларды есептеу кезінде шамалардың біреуін бірлік ретінде алып, ал екіншісін бірлікке қатынасы ретінде көрсетеді. Қаржылық коэффициенттерді есептеу баланстың жеке баптарының арасында болатын өзара байланыстарға негізделген. Олар кәсіпорынның қаржылық жағдайын кезекті

факторлық талдау үшін алғашқы база болып табылады және де олар талдау нәтижесінде талдау жүргізушіге жасырын құбылыстарды ашуға мүмкіндік беретін екі шаманың арасындағы өзара математикалық қатынастарды көрсетеді.

Шешімдер қабылдау үшін сәйкес коэффициенттерді талдаудың пайдалылығы оларды дұрыс түсіндіруге байланысты болады. Бұл — қатынастарды талдаудың ең қиын аспектісі, себебі ол осы қатынастардың қалыптасуының ішкі және сыртқы факторларын білуді талап етеді, мысалы, саладағы жалпы экономикалық жағдайлар, кәсіпорын басшылығының саясаты және басқалар. Қатынастарды үлкен байыптылықпен талдау қажет, өйткені тек бір ғана фактор алымына да, бөліміне де әсер етуі мүмкін. Негізінен қатынас деңгейі өткен кезеңдегі, теориялық дәлелденген салалық қатынаспен салыстырылады. Қатынасты талдау болашаққа бейімделуі тиіс.

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесінде 3 коэффициент көп қолданылады: ROA, ROE, ROIC.

ROA коэффициенті кәсіпорын меншікті және тартылған көздерден қалыптасқан сомалық активтердің қаншасын тапқанын көрсетеді. Бұл коэффициент құрылымдық бөлімдердің қызметін бағалау үшін жиі пайдаланады.

ROE коэффициенті кәсіпорынмен акция иелерінің қаражаттарына қаншалықты ақша тапқандығын белгілейді. Бұл көрсеткіш компания басшыларына, оның акционерлеріне өте қажет.

Инвестицияланған капитал (тұрақты капитал) бұл акционерлік капиталдың және ұзақ мерзімді міндеттемелердің (несиелер мен займдар) сомасы болып табылады. Ол кәсіпорынның ұзақ уақыт айналымында болатын ақшалай қаражаттарын бейнелейді.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын алдын ала бағалау үшін көрсеткіштерді 2 топқа бөледі. Бірінші топқа нормативтік мағынасы анықталған көрсеткіштер кіреді. Олардың қатарына қаржылық тұрақтылық және өтімділік көрсеткіштері жатады:

- жалпы өтеу коэффициенті;
- тығыз өтімділік коэффициенті;
- қаражаттарды жұмылдыру жағдайында өтімділік коэффициенті;
- қарыз және меншікті қаражаттардың арақатыс коэффициенті;
- меншікті қаражаттармен қамту коэффициенті;
- меншікті айналым қаражаттардың ептілік коэффициенті.

Екінші топқа нормативсіз көрсеткіштер кіреді. Оларды көп жағдайда динамикада көрсетеді немесе басқа кәсіпорындардың көрсеткіштерімен салыстырады. Бұл топқа келесі көрсеткіштер жатады:

- таза пайда бойынша таза активтердің тиімділігі;
- сатылған өнімнің пайдалылығы;
- айналым активтердің айналымдылық коэффициенті;
- меншікті капиталдың айналымдылық коэффициенті.

Тақырып бойынша әдістемелік нұсқаулар

Лекция материалдарын игеру үшін экономикалық талдаудың - салыстыру, графикалық, баланстық, орташа және қатысты сандар, талдамалық топтар тәсілдеріне көңіл бөлу қажет және де экономикалық талдаудың - тізбектік, абсолютті және қатысты айырмашылық, интегралдық әдіс, корреляциялық, компоненттік, сызықты әдісі, бағдарламалау, массалық қызмет көрсету теориясы, ойын теориясы, операцияларды зерттеу сияқты әдістері, интуиция негізінде, өткен тәжірибесіне, мамандардың эксперттік бағалауы сияқты әдістерін жетік білу қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрылымы нені көрсетеді?
2. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыру негізі ретінде нені қарастыруға болады?
3. Кәсіпорынның айналым капиталын қандай көрсеткіштер сипаттайды?
4. Капитал айналымының жылдамдығына әсер ететін негізгі факторларды келтіріңіз.
5. Талдау әдістемесі жөнінде түсінік. Әдістеме мазмұны.
6. Талдау әдістері мен олардың тағайындалуы.
7. Салыстыру мәні. Салыстыру типі және олардың мақсаты.
8. Шаруашылық қызметінің талдауындағы көпөлшемді салыстырулары.
9. Көрсеткіштерді салыстырмалы түрге келтіру әдістері.
10. Орташа және қатысты шамалардың мазмұны. Оларды экономикалық және талдаулық жұмыстар тәжірибесінде қолдану.
11. Орташа және қатысты шамалардың түрлері және оларды шаруашылық нәтижелерді бағалауда қолдану әдістері.
12. Статистикада және талдауда топталуды қолдану ерекшеліктері.
13. Қисынды және құрылымды топталудың мазмұны.
14. Талдаулық топталу және оның шаруашылық қызметті талдаудағы ролі.

Ұсынылған әдебиет:

1. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.
2. Джаншанло Р.Е. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Изд-во «Let», 2015. – 684 с.
3. Джолдасбаева Г. К. Управление затратами на предприятии: учебное пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. – Караганда: АҚНҰР, 2017. – 167 с.
4. Романов Б. А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.
5. Сарсембаева М.Ж. Баға және баға белгілеу. Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2017. – 250 с.
6. Утибаев Б.С. и др. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Альманах, 2015. – 424 с.

4 ТАҚЫРЫП. КӘСІПОРЫННЫҢ ТЕХНИКА-ҰЙЫМДЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

4.1 Өндірістің ғылыми-техникалық деңгейін талдау

4.2 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық деңгейін талдау

4.3 Кәсіпорынның өндірістік қуатын талдау

4.1 Өндірістің ғылыми-техникалық деңгейін талдау

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық құбылыстары мен процесстері арақатынаста, өзара тәуекелділікте және шарттылықта болады. Олардың біреуі тікелей өзара байланысты, басқалары – жанама. Мысалы, жалпы өнім көлеміне жұмысшылар саны және олардың жұмыс өнімділігінің деңгейі сияқты факторлар тікелей әсер етеді. Басқа факторлар бұл көрсеткішке жанама әсер етеді.

Әр құбылысты себеп және нәтиже ретінде қарастыруға болады. Мысалы, еңбек өнімділігін бір жағынан өндіріс көлемінің, оның өзіндік құны деңгейінің өзгеруі себебі ретінде, ал екінші жағынан - өндіріс механизациясы мен автоматизациясының деңгейінің өзгерісі, еңбектің ұйымдастырылуының жетілдірілуі және т.б. ретінде қарастыруға болады.

Әр нәтижелі көрсеткіш көп санды және әр түрлі факторларға тәуелді болады. Нәтижелі көрсеткіш көлеміне факторлардың әсер етуі бөлшекті түрде зерттелсе, соғұрлым талдау нәтижесі мен кәсіпорынның жұмыс сапасының бағасы нақтырақ болады. Бұдан шаруашылық қызмет талдауындағы маңызды әдіснамалық мәселе болып зерттелетін экономикалық көрсеткіштердің көлеміне факторлардың әсерін зерттеу және өлшеу болып табылады. Факторларды терең және әр жақты зерттеуіңізсіз қызмет нәтижесі жөнінде негізделген шешім, өндіріс резервін анықтауға, жоспарды және басқарушылық шешімдерді негіздеу мүмкін болмайды.

Факторлық талдау ретінде факторлардың нәтижелі көрсеткіштер көлеміне әсерін өлшеу мен кешенді және жүйелі зерттеудің әдіснамасы түсініледі. Факторлық талдаудың келесідей түрлерін бір-бірінен ажыратады:

- детерминантталған (функционалды) және стохастикалық (корреляциялық);
- тура (дедуктивті) және кері (индуктивті);
- бір сатылы және көп сатылы;

- статикалық және өсіңкілі;
- ретроспективті және перспективті (болжамды).

Детерминантталған факторлық талдау ретінде факторлардың әсерін зерттеу әдіснамасы түсініледі, нәтижелі көрсеткішпен байланысы функционалды болады, яғни көрсеткіш факторлардың қосындысының жеке немесе алгебралық туындысы ретінде көрінуі мүмкін.

Стохастикалық талдау факторларды зерттеу әдіснамасы ретінде нәтижелі көрсеткіштер олардың байланысы функционалдықтан қарағанда толық емес ықтималды (корреляциялы) болады. Егер функционалды (толық) тәуелділікте аргументтің өзгерісінен үнемі функцияның сәйкес өзгеруі болса, онда корреляциялы байланыста аргументтің өзгеруі функцияның өсуі бірнеше мән беруі мүмкін басқа бұл көрсеткішті анықтайтын факторлар үйлесуіне тәуелді. Мысалы, еңбек өнімділігі қор жарактануының бір деңгейінде әр түрлі кәсіпорындарда бірдей болмауы мүмкін. Бұл басқа факторлардың бұл көрсеткішке әсер ететін үйлестірілу оптимальділігіне тәуелді болады.

Тура факторлы талдау кезінде зерттеу дедуктивті тәсілмен жүргізіледі – жалпыдан жекеге. Кері факторлы талдау логикалық индукция тәсілімен себепті-нәтижелі байланыс зерттеуін іске асырады – жеке, бөлек факторлардан жалпыламаға.

Факторлық талдау бір сатылы және көп сатылы болуы мүмкін. Бірінші түрі бағынудың бір деңгейіндегі бір саты факторларын зерттеу қолданылады, олардың құрама бөлімдерін бөлшектеусіз. Мысалы, $y = a \cdot b$. Көп сатылы факторлық талдау кезінде a және b факторларын оның тәртібін зерттеу мақсатында құрама элементтерге бөлшектеу жүзеге асырылады. Факторларды бөлшектеу ары қарай жалғастырылуы да мүмкін. Берілген сәттегі бағынушылықтың барлық деңгейіндегі факторлардың әсері зерттеледі.

Сонымен қатар, статикалық және динамикалық факторлық талдауды бір-бірінен ажырату қажет. Бірінші түр нәтижелі көрсеткіштер және сәйкес күнге факторлардың әсерін зерттеу кезінде қолданылады. Басқа түрі өсіңкіліктегі байланыстың себепті-нәтижелі зерттеу әдіснамасын көрсетеді.

Соңында, факторлық талдау ретроспективті болуы мүмкін, ол өткен кезеңдегі нәтижелі көрсеткіштердің өсу себебін зерттейді және перспективадағы факторлар мен нәтижелі көрсеткіштің тәртібін зерттейтін перспективті болуы мүмкін.

Факторлық талдаудың негізгі міндеті болып келесілер танылады:

1. Зерттелетін нәтижелі көрсеткішті анықтайтын факторларды іріктеу

2. Жүйелі түрде келу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында оларды жіктеу және жүйелеу
3. Факторлар мен нәтижелі көрсеткіштер арасындағы байланыс формаларын анықтау
4. Нәтижелік және факторлық көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты модельдеу
5. Әсер ету факторларын есептеу және олардың әрқайсысының нәтижелі көрсеткіш көлемі өзгергендегі рөлін бағалау
6. Факторлық модельмен жұмыс (экономикалық процесстерді басқару үшін оны үнемді пайдалану)

Бұл немесе басқа көрсеткішті талдау үшін факторларды іріктеу бұл салада алынған практикалық және теориялық білім негізінде жүзеге асырылады. Бұл кезде бұл қағидадан: факторлар кешені көбірек зерттелсе, талдау нәтижелері нақтырақ болады. Сонымен қатар осы факторлар кешені механикалық сома ретінде қаралса, олардың өзара байланыстылығынсыз басты анықтаушыны ерекшелемей-ақ ондағы шешім қате болуы мүмкін. Шаруашылық қызметті талдауда нәтижелі көрсеткіш көлеміне факторлардың әсерін өзара байланысты зерттеу олардың жүйелілігі көмегімен қол жеткізіледі, бұл ғылымның негізгі бір әдіснамалық мәселесі болып табылады.

Факторлық талдаудың басты әдіснамалық мәселесі болып факторлар мен нәтижелі көрсеткіштер арасындағы тәуелділік формасын анықтау болып табылады: ол функционалды немесе стохастикалық па, тура немесе кері, түзу сызықты немесе қисық сызықты ма екендігі. Мұнда теориялық және практикалық тәжірибесі, сонымен қатар параллельді және өсіңкілік қатарлар, берілген ақпараттардың аналитикалық топтастыруларын теңестіру тәсілдері қолданылады.

Экономикалық көрсеткіштерді модельдеу(детерминирленген немесе стохастикалық) факторлық талдаудағы күрделі әдіснамалық қиындықты көрсетеді, оны шешу бұл салада арнайы білім және практикалық үйренушілікті талап етеді. Мұнымен байланысты бұл сұраққа байланысты осы курсқа үлкен назар аударылады.

Шаруашылық қызметті талдауда ең басты әдіснамалық аспект – нәтижелі көрсеткіштер көлеміне факторлардың әсерін есептеу, бұл үшін қолдану сферасы және есептеу процеуралары келесі бөлімдерде қарастырылатын талдауда толық тәсілдер, мән, бағыттар арсеналы қолданылады.

Және де, факторлық талдаудың соңғы кезеңі – нәтижелі көрсеткіштердің өсу резервтерін есептеу үшін, өндірістік жағдайдың өзгеруі

кезінде оның көлемін жоспарлау және болжау үшін факторлық модельді практикалық пайдалану.

Факторлардың жіктелуі олардың жалпы сипаттарына тәуелді топтар бойынша таралуы түрінде көрініс табады. Ол зерттелетін құбылыстардың өзгеру себептерін тереңірек түсінуге, нәтижелі көрсеткіштер көлемінің қалыптасуындағы әр фактордың орны мен рөлін нақтырақ бағалауға көмектеседі.

Талдауда зерттелетін факторлар әр түрлі сипаттары бойынша жіктелуі мүмкін. Шаруашылық қызмет нәтижелеріне әсер ету көзқарасынан олар негізгі және екінші деңгейлі, ішкі және сыртқы, объективті және субъективті, жалпы және спецификалық, тұрақты және үзілісті, экстенсивті және интенсивті болып бөлінеді.

Негізділеріне нәтижелі көрсеткіштерге шешуші әсер ететін факторлар жатады. Екінші деңгейлі берілген жағдайларда шаруашылық қызмет нәтижелеріне шешуші әсер етпейтіндер жатады. Осында бір фактор шарттарға байланысты, негізгі де және екінші деңгейлі де болуы мүмкін екендігін белгілеп кету керек. Түрлі факторлардан анықтайтын талдау нәтижелері бойынша негізгілерін ерекшелей алу шешім шығарудың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

4.2 Кәсіпорынның ұйымдастырушылық деңгейін талдау

Экономикалық құбылыстар мен процесстерді зерттеуде және кәсіпорынның қызмет ету нәтижелерін бағалау кезінде факторлар ішкі және сыртқы факторларға жіктеледі, яғни берілген кәсіпорын қызметіне тәуелді және тәуелсіз болады.

Әр кәсіпорын жұмысының нәтижесіне көптеген жағдайларда жетілген өндірістік байланыстар және қатынастар кезінде мәнді дәрежеде басқа кәсіпорынның қызмет етуі әсер етеді, мысалы, өз уақытылы шикізаттар, материалдар жеткізу, оның сапасы, құны, нарық конъюнктура, инфляциялық процесстер және т.б. Кәсіпорын жұмысының нәтижесіне мамандандыру саласындағы және өндірістік кооперацияларда үзілістердің көрініс табуы сирек емес. Бұл факторлар сыртқы болып табылады. Бұл берілген ұжымның күшін сипаттамайды, бірақ олардың ішкі себептерінің әсер ету дәрежесін нақтырақ және өндірістің ішкі резервтерін толық анықтауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорын қызметін дұрыс бағалау үшін факторларды объективті және субъективтіге бөлу қажет. Объективті адамдардың еркіне және қалауына байланысты емес, мысалы, табиғи апат. Объективтіден субъективті

себептер жеке адамдардың, кәсіпорынның, ұйымдар және мекемелердің қызметіне тәуелді болады.

Факторлар сонымен қатар, жалпы және спецификалық болып бөлінеді. Жалпыға экономиканың барлық саласында қызмет ететін факторлар жатады. Спецификалық экономиканың немесе кәсіпорынның жеке салалары жағдайындағылар жатады. Факторлардың мұндай бөлінуі жеке кәсіпорындардың өндіріс салаларының ерекшеліктерін толық есепке алынуына және олардың қызмет етуінің нақты бағалауына мүмкіндік береді.

Өндіріс нәтижесіне әсер ету мерзімі бойынша тұрақты және үзілісті болып бөлінуі мүмкін. Тұрақты факторлар зерттелетін құбылыстарға барлық уақыт бойы үзіліссіз әсер етеді. Үзілісті факторлардың әсер етуі кезеңді түрде көрініс табады, мысалы, жаңа техниканы, жаңа өнім түрлерін, өндірістің жаңа технологиясын игеру және т.б.

Кәсіпорын қызмет етуін бағалау үшін факторлардың интенсивті және экстенсивті болып бөлінуі үлкен мәнді әсер береді. Экстенсивтілерге нәтижелік көрсеткіштердің сапалы өсуімен емес, сандықпен байланысты факторлар жатады, мысалы, егіс көлемін кеңейту жолымен, мал басының, жұмысшылар санының өсуі арқылы өнім өндіру көлемін өсіру. Интенсивті факторлар өндіріс процессінде еңбектенудің дәрежесін сипаттайды, мысалы, ауылшаруашылық мәдениетінің өнімділігі, жануарлардың өнімділігі, еңбектің өнімділік деңгейін көтеру.

Талдау кезінде шаруашылық қызмет нәтижесіне әр фактордың әсерін өлшеу мақсаты қойылады, онда оларды сандық және көлемдік, күрделі және жай, тура және жанама, өлшенетін және өлшенбейтін болып бөлінеді.

Құбылыстардың сандық айқындылығын көрсететін факторлар сандық болып есептеледі (жұмысшылар, құралдар, шикізат және т.б. саны). Сапалық факторлар зерттелетін объектінің ішкі сапасын, сипаты мен ерекшеліктерін анықтайды (еңбек өнімділігі, өнім сапасы және т.б.).

Факторлар талдауында көптеген зерттелетіндер бірнеше элементтерден құралады. Алайда құрама бөлімдерге бөлінбейтіндері де бар. Мұнымен байланысты факторлар күрделі (кешенді) және жай (элементті) болып бөлінеді. Күрделі фактор мысалы болып еңбек өнімділігі, ал жай фактордыкі – есептік кезеңдегі жұмыс күнінің саны.

Көрсетілгендей бір факторлар нәтижелі көрсеткіштеріне тура әсер етеді, басқалары – жанама. Осыған тәуелді басқарылымның бірінші, екінші және үшінші және ары қарайғы деңгейін ажыратады. Бірінші деңгей факторларынан нәтижелі көрсеткішке тура әсер ететіндер жатады. Нәтижелі көрсеткішті бірінші деңгейлі факторлар көмегімен жанама анықтайтын факторлар екінші деңгейлі факторлары деп аталады және т.б.

бірінші деңгейлі факторлары болып жұмысшылардың орташа жылдық саны және бір жұмысшымен орташа жылдық өнімді өндіру болып табылады. Бір жұмысшымен істелген күндер саны және орташа күндік жұмыс – жалпы өнімге қатысты екінші деңгей факторлары. Үшінші тәртіп факторларына жұмыс күнінің ұзақтығы және орташа сағаттық жұмыс өнімділігі жатады.

Нәтижелі көрсеткіштерге жеке факторлардың әсері сандық түрде анықталуы мүмкін. Сонымен бірге толық факторлар қатары бар, олардың әсері кәсіпорын қызметі нәтижесіне тура өлшенуге берілмейді, мысалы, жұмысшыларды тұрғын үймен, балалар мекемесімен, кадрлар дайындығы деңгейімен қамтамасыз етілуі және т.б.

Шаруашылық қызметті талдаудағы жүйелі түрден келу факторларды, олардың ішкі және сыртқы байланыстары, өзара қызметтілігі және өзара басқарушылығы есебімен өзара байланысты зерттелуін талап етеді, бұл оларды жүйелендіру арқылы жүзеге асырылады. Толығымен жүйелендіру – зерттелетін құбылыстар мен объектілерді анықталған тәртіпте, олардың өзара байланыстылығы және қалауындағыларды анықтаумен орналастыру.

Факторларды жүйелендірудің тәсілдерінің бірі болып, детерминирленген факторлық жүйелерді құру. Факторлық жүйелерді құру – алгебралық сома, жеке немесе бірнеше факторлардың туындысы түрінде, оның мөлшеріне әсер ететін және функционалды тәуелділікте орналасатын зерттелетін құбылыстарды көрсету болып табылады.

Мысалы, өнеркәсіп кәсіпорынының жалпы өнім көлемі бірінші реттік екі фактордың түрінде: бір жұмысшымен жыл ішінде өнім өндірісінің орташа жылдық және жұмысшылардың орташа саны, ол тікелей орташа жыл бойы бір жұмысшымен істелген күндер және жұмысшымен өнім өндірісінің орташа күндік санымен байланысты. Соңғысы жұмыс күні және орташа сағаттық өндіріс ұзақтығына бөлінуі мүмкін.

Детерминацияланған факторлық жүйенің дамуы кешенді факторлардың бөлшектенуі есебінен жүргізіледі. Элементті (мысалымызда – жұмысшылар саны, істелген күндер саны, жұмыс күнінің ұзақтығы) көбейткіштерге бөлінбейді, өйткені олар сипаты бойынша біртекті болып табылады. Жүйенің дамуымен сандық факторлар біртіндеп жалпыға бөлшектенуі қысқарады, олар өз кезегінде бөлшектенуді қысқартып өзінің аналитикалық құрамы бойынша біртіндеп элементтіге (жай) жақындайды.

Алайда факторлық жүйелердің дамуы қажет тереңдікке дейін кейбір әдіснамалық қиындықтармен байланысты және ең алдымен жалпы сипаттағы факторларды іздеу қиындығымен, олар бірнеше факторлардың

жеке немесе алгебралық сомаларының туындысы түрінде көрініс табуы мүмкін. Сондықтан әдетте, детерминирленген жүйелер жалпы факторлардың көлемін алады. Сонымен қатар, шаруашылық қызметті талдаудағы нақты факторларының зерттелуі жалпыдан қарағанда үлкен мәні бар болады.

Осыдан факторлық талдау әдіснамасын жетілдіру нақты факторларды өзара байланысты зерттеуге бағытталған болуы керек, олар нәтижелі көрсеткіштерімен стохастикалық тәуелділікте болады.

Стохастикалық өзара байланыстылықты зерттеуде зерттелетін көрсеткіштер арасындағы байланыс құрылымының сапалы (логикалық) талдаудың үлкен мәні бар. Ол зерттелетін көрсеткіштер арасындағы себеп-салдарлық байланыстың болу-болмауын айқындауға, байланыс бағытын зерттеуге, байланыстылық нысанын зерттеуге мүмкіндік береді, бұл талдау нәтижелерін жалпылау барысында және зерттелуші құбылысқа олардың ықпал ету деңгейін анықтау үшін маңызды.

Шаруашылық қызметті талдауда зерттелетін көрсеткіштердің байланысы құрылымын талдау блок схеманың көмегімен жүзеге асады, бұл зерттелуші факторлар мен нәтижелі көрсеткіш арасындағы байланыстың бағыты мен көлемін ғана емес, сонымен қатар факторлардың өздерінің арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Блок-схеманы құрып, зерттелуші факторлар арасында нәтижелі көрсеткішке тікелей әсер ететін факторлар мен оған мүлдем әсер етпей бір бірімен байланысқан факторларды көруге болады.

Ең алдымен өнімнің өзіндік құнымен әрбір факторлар арасында аралық байланыс бағытын орнату керек. Сөзсіз олардың арасында тар байланыс болып отыр. Осы үлгіде мәдениет өнімділігі өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер етіп тұрғанын көруге болады. Қалған факторлар мәдениет өнімділігімен еңбек өнімділігі арқылы өнімнің өзіндік құнына тікелей ғана емес жанама да әсер етіп жатыр. Мысалы топыраққа салынған тыңайтқыштар мәдениет өнімділігінің жоғарлауына көмектесуде. Бірақ мынаны ескеру керек, салынған тыңайтқыштардың санынның артуы егіс гектрына кеткен шығындар сомасының өсуіне алып келеді. Егер де шығындар сомасы өнімділікке қарағанда жоғары қарқынмен өссе, өнімнің өзіндік құны да өседі. Сондықтан осы екі көрсеткіштің арасындағы байланыс тікелей және керісінше болып келеді. Тұқым сапасы да өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер етеді. Таңдаулы, жоғары сапалы тұқымдар шығындар сомасының өсімін тудырады. Егер олар үлкен дәрежеде өссе, онда өнімнің өзіндік құны үлкейеді және керісінше. Өндірісті механикаландыру дәрежесі өнімнің өзіндік құнына тікелей және жанама әсер етеді. Механикаландыру деңгейі өсуі өндірістегі негізгі

құралдарды ұстаумен байланысты шығындардың өсуіне алып келеді. Бұған қарамастан еңбек өнімділігі жоғарылап жатыр, өнімділік өсіп, өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әкелуде.

Осылайша факторлардың жүйелілігі факторлардың өзара байланысын терең зерттеуіне рұқсат ете отырып, зерттейтін көрсеткіштерді үлгілеу кезеңінде өте маңызды болып келеді.

Факторлық талдаудың мақсаты болып, мөлшерін анықтайтын, нәтижелі көрсеткіш пен факторлардың арасандағы өзара байланысын үлгілеу болып табылады.

Үлгілеу- ғылымның өте маңызды әдсітерінің бірі, үлгілеудің арқасында зеттеу обькетісінің моделін жасауға болады. Оның маңызы, зерттейтін көрсеткіш пен факторлардың байланысы нақты математикалық деңгей түрінде беріледі.

4.3 Кәсіпорынның өндірістік қуатын талдау

Факторлық талдауда детерминанты және стохастикалық үлгілерді бөліп қарастырылады. Детерминантталған факторлық үлгінің көмегімен нәтижелі көрсеткіштер мен дәлелдердің функционалды байлнысы зерттеледі.

Детерминантталған факторлық жүйені үлгілеудік келесі талаптарды орындау қажет.

1. Үлгіге қосылатын факторлар және үлгілердің өздері ойдан шығарылған абстрактылы мөлшерде емес, нақты болуға тиісті.
2. Жүйеге енетін факторлар формулаға қажетті элементтері ғана емес, сонымен қатар көрсеткіштермен себепті байланыста болуы қажет.

Басқаша айтқанда, факторлық жүйеде танымдық құндылық болуы керек. Математикалық абстракция көмегімен жасалған модельдерге қарағанда, көрсеткіштемен себепті байлынысты көрсететін факторлық модельдің маңыздырық болып келеді.

Бірінші жүйеде факторлар нәтижелі көрсеткішпен себепті байланыста, ал екінші жүйеде – математикалық арақатынаста болғандықтан, екінші модельдің танымдық маңызы төмен.

3. Факторлық модельдің барлық көрсеткіштерінде өлшеу бірлігі немерсе ақпаратпен қамтамасыз болуы тиісті.
4. Факторлық модель жекелеген факторлардың ықпалын өлшеу мүмкіншілігін қамтамасыз етеді. Ал бұл нәтижелік және факторлық көрсеткіштердің өзгерістерінің көлемдік сәйкестігін ескеруі қажет, ал жекелеген факторлардың ықпалдарының сомасы нәтижелі көрсеткіштердің жалпы өсіңкілігіне тең болуы қажет.

Негізгі өндірістік қор-бұл материалдық құндылықты ұзақ кезеңдегі жұмыс істеп тұруы ретіндегі негізгі қорлардың ақшалай бағалануы. Осыған байланысты қорлар өзінің құндылығын өндіретін өнімге жартылай апарады. Қолданылып жүрген топтастыруға сай негізгі қорлардың құрамына өндірістік және өндірістік емес объектілер кіреді. Біріншіге жататындар – өндірістің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының, автомобиль бөлігінің, байланыстың,сауданың және тағы басқа да материалдық өндіріс түрлерінің негізгі түрлері. Өндірістік емес негізгі қорлар-тұрғын үй, шаруашылық, денсаулық, білім, мәдениет, спорт салаларына арналған.

Натуралдық заттық құрама принципіне негізгі қорлар мыналардан тұрады-ғимараттар, құрылыстар, табыстау қондырғылары, жұмыс және күш машиналары мен жабдықтар,өндірістік-шаруашылық құрал-саймандар, жұмыс және өнімді мал, көпжылдық егістер, шаруашылықтың ішкі жолдары, сол сияқты кәсіпорындардың, мекемелердің меншігіндегі жер телімдері.

Кәсіпорынның негізгі өндірістік қорлары өндірістік ауыспалы айналым жасайды. Ол мынандай сатылардан тұрады:

- негізгі қорлардың тозуы
- амортизация
- негізгі қорларды толық қалпына келтіру үшін қаражаттың қорлануы
- оларды күрделі қаржы жұмсау арқылы ауыстыру

Негізгі қорлардың кез - келген объектілері табиғи және сапалық тозуға ұшырайды, яғни адам күшімен,техникалық және экономикалық факторлардың ықпалы арқылы олар өзіндік ерекшелігін, үлгісін бірте-бірте жояды, жарамсыздыққа әкеледі, сөйтіп алдағы кезде өз бернелерін орындауға мүмкіндіктері болмайды. Табиғи тозу жөндеу, қайта құру және негізгі қорларды жаңғырту арқылы ішінара қалпына келтіру. Сапалық тозуы ескірген негізгі қорлар өзінің конструкциялық, өнімділік, үнемділік, шығарылған өнімнің сапасы жөнінен жаңа үлгіден қалып қоятынын білдіреді. Сондықтан, негізгі қорларды әсіресе, олардың активтік бөлігінен дүркін-дүркін ауыстырып отырудың қажеттілігі туады. Осыған байланысты қазіргі экономикада айырбастаудың анықтаушылық қажеттіліктің басты факторы – сапалық тозу болып табылады. Кәсіпорынның негізгі міндеті болып табылатыны – ол негізгі өндірістік қордың шамадан тыс ескіріп қалмауына жол бермеу (әсіресе активтік бөлігі), себебі, олардың жеке сапалық тозуының деңгейі және кәсіпорынның жұмысының нәтижесі осыған байланысты болады.

Негізгі өндірістік қорларды есепке алу пайдаланудың нормативтік мерзімі көрсетілетін құрал қолданылады. Негізгі қорлар қабылдау-тапсыру актісімен рәсімделеді. Субъектілер пайдалы қызмет ету мерзімін

қолданудан экономикалық пайда алу көзделетін нормативті қызмет мерзімін және жойылу құнын өз бетінше белгілейді. Өндірістік қорларды қабылдау-тапсыру актісі негізінен бухгалтерияда мүлктік карточкада ашылып, негізгі құралдардың талдамалы есебі жүргізіледі. Негізгі құралдардың әрбір объектісіне мүлктік нөмір беріледі. Нөмірлеу әдетте реттік нөмір беріледі. Нөмірлеу әдетте реттік – сериялық жүйе бойынша жасалады. Мүлктік нөмір негізгі құралдарды қабылдау-тапсыру актісінде келтіріледі және ол пайдалануда тұрған уақыт бойы объектіде сақталады, ал істен шыққанда қайта түскен объектіге ұзақ уақыт бойы берілмейді. Толтырылған мүлік карточкалары әрбір жіктеуші топ бойынша бір данада жүргізілетін тізімдемеде жүргізіледі.

Кәсіпорынның шаруашылық қызметінің барлық құбылыстары мен процесстері арақатынаста, өзара тәуекелділікте және шарттылықта болады. Олардың біреуі тікелей өзара байланысты, басқалары – жанама. Әр құбылысты себеп және нәтиже ретінде қарастыруға болады. Әр нәтижелі көрсеткіш көп санды және әр түрлі факторларға тәуелді болады. Факторлық талдау ретінде факторлардың нәтижелі көрсеткіштер көлеміне әсерін өлшеу мен кешенді және жүйелі зерттеудің әдіснамасы түсініледі. Детерминантталған факторлық талдау ретінде факторлардың әсерін зерттеу әдіснамасы түсініледі, нәтижелі көрсеткішпен байланысы функционалды болады, яғни көрсеткіш факторлардың қосындысының жеке немесе алгебралық туындысы ретінде көрінуі мүмкін. Стохастикалық талдау факторларды зерттеу әдіснамасы ретінде нәтижелі көрсеткіштер олардың байланысы функционалдықтан қарағанда толық емес ықтималды (корреляциялы) болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорынның техникалық-ұйымдастырушылық деңгейін талдаудың негізгі бағыттарын атаңыз
2. Өндірістің техникалық-ұйымдастырушылық деңгейін талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Кәсіпорынның өндірістік қуаты көлемі өзгерісіне әсер ететін факторларды атаңыз
4. Негізгі өндіріс қорларын пайдалану көрсеткіштеріне сипаттама беріңіз
5. Уақыты және қуаты бойынша негізгі өндірістік қорларды талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
6. Кәсіпорынның материалдық емес активтерінің құрамына және пайдалану тиімділігіне сипаттама беріңіз

7. Негізгі қаржыларды қолдану тиімділігін талдаудың мақсаты мен міндеттерін атаңыз?
8. Негізгі қаржылардың қор қайтарымдылығы коэффициенті қалай анықталады?
9. Өнімді өндіруді жоғарлату резервін бағалау?

Ұсынылған әдебиет:

1. ИONOBA A.Ф., Cелезнева H.H. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с
2. Мамбетов У.Е., Мусиров Ғ.М. Нарықтық экономика (хрестоматия). – Ақтөбе, 2016. – 137 б.
3. Романов Б.А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.
4. Сарсембаева М.Ж. Баға және баға белгілеу. Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2017. – 250 с.
5. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

5 ТАҚЫРЫП. КӘСІПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ АКТИВТЕРІН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 5.1 Айналым құралдарының құрамын және құрылымын талдау*
- 5.2 Айналым құралдарын қолданудың тиімділігін талдау*
- 5.3 Айналым құралдарының элементтерін талдау*
- 5.4 Активтердің құрамын талдау және орналастыру*
- 5.5 Активтердің айналымдылығы және айналымдылыққа әсер ететін факторлар*

5.1 Айналым құралдарының құрамын және құрылымын талдау

Айналым капиталының қаржылық мәні болып кәсіпорынның ағымдағы активіне салынған капиталдың бір бөлігі болып табылады. Материалдық заттың белгісі бойынша айналым қаржыларының құрамына мыналар жатады:

- Еңбек затты (шикізаттар, материалдар, отын және т.б.);
- Қоймадағы дайын өнім, қайта сатылатын тауарлар ақша қаражаттары және есептегі қаржылар.

Айналым капиталы – бұл өндірістік айналым қорларын құру, пайдалану және үздіксіз өндірістік процестердің қажеттілігін қамтамасыз етудегі экономикалық ролімен анықталады. Айналым капиталдары өндірістік процеске бірнеше рет қатысатын негізгі капиталға қарағандағы айырмашылығы, ол тек бір ғана өндірістік кезеңде қызмет етеді және өндірістік тұтыну тәсіліне тәуелсіз өзінің құнын тікелей дайын өнімге апарды.

Айналым капиталының құрылымы деп барлық жиынтығындағы олардың бөлек элементтерінің арақатынасын атайды. Кәсіпорындардағы айналым капиталдарының құрылымына талдау жасау және оны жетік білу маңызды. Кәсіпорындағы айналым капиталының құрамы мен мөлшері көптеген себептерге байланысты өзгеріп отырады. Айналым капиталы үнемі қозғалыста болады. Бір өндірістік кезең аралығында олар үш сатыдан өтеді. Бірінші сатыда кәсіпорын ақша қаражаттарын еңбек заттарын сатып алу үшін жұмсайды. Бұл сатыдан айналым қорлары аналыс аясынан өндіріс саласына өтеді.

Екінші сатыда алынған айналым қорлары өндіріс процесіне тікелей өтіп, әуеде өндіріс босалқы қорларына және шала фабрикаттарға, содан соң аяқталған өндіріс процесі – дайын өнімге айналады.

Үшінші сатыда дайын өнім сатылады. Нәтижесінде айналым қорлары өндіріс саласынан айналыс аясына қайтадан ақшалай нысанына келеді. Ауыспалы айналым қаражаты мына тәсілмен шығады.

5.2 Айналым құралдарын қолданудың тиімділігін талдау

Айналым активтерінің ерекшелігі болып олардың айналым жылдамдығы табылады. Айналым активтерінің өндіріс процессіндегі функционалдық қоры оның негізгі капиталдың түбірімен өзгешелігін көрсетеді., яғни айналым қаржыларының өндіріс процессіндегі үздіксіздігі. Айналым активтерінің заттай элементтердің әр берілген өндірістік циклде қолданып, өзгертіледі.

Өзінің қозғалысында айналым активтері негізінен 3 деңгейден тұрады, яғни: ақшалай, өндірістік, тауарлық.

Айналымның тауарлық деңгейінде айналым құралдарының қалыптасуы жүреді. Бұл ақшалай қаражаттың өнімдік сапаға ауысуы.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі мен қызметінің тиімділігін бағалау және талдау қаржылық талдаудың қорытынды кезеңі болып табылады.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігі қаржылық жағдайында ең алдымен оның қаражат айналымының жылдамдығымен көрінеді. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы активтерге салынған қаражаттың қаншалықты тез нақты ақшаға айналуына тікелей тәуелді болады.

Іскерлік белсенділік коэффициентінің кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау үшін үлкен маңызы бар, өйткені қаражаттың айналым жылдамдығы кәсіпорынның төлем қабілетіне тікелей әсер етеді. Оған қосымша, басқадай бірдей жағдайда қаражаттың айналым жылдамдығының өсу кәсіпорынның өндірістік – техникалық күшінің артқанын көрсетеді.

Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштеріне мына коэффициенттер жатады:

Капиталдың жалпы айналымдылық коэффициенті. Ол жылына қанша рет айналу мен өндірудің толық циклі болатындығын және активтердің әрбір ақша бірлігі сатылған өнімнің қанша ақша бірлігін әкелгендігін көрсетеді.

5.3 Айналым құралдарының элементтерін талдау

Құрамы айналым құралдарының жиынтығы элементтерін құрайтын өндірістік айналым қорлары және айналыс. Маңызды көрсеткіші

құрылымы айналым қаражаттары болып табылады, арасындағы арақатынас құралдарымен, вложенными өндіріс саласына және айналымы саласын. Дұрыс бөлудің жиынтық сомасынан айналым құралдарының арасындағы өндіріс саласы мен айналыс саласы, көбінесе, олардың қалыпты жұмыс істеуі, айналымдылық жылдамдығы және толықтығы орындау тән функцияларды: өндірістік және төлем-есеп айырысу.

Астында құрылымы айналым қаражат деп түсініледі қатынасы элементтері арасындағы жалпы сомасы айналым құралдары. Оған әсер етеді ұйымдастыру ерекшеліктері нақты өндірістің, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, қабылданған үшін есеп айырысу тәртібі тауар-материалдық құндылықтар. Құрылымын зерттеу негізі болып табылады болжау перспективалық өзгерістер құрамында айналым құралдары.

Элементтері айналым қаражаты болып табылады: шикізат, негізгі материалдар және сатып алынған жартылай фабрикаттар; қосалқы материалдар; отын және жанар май; ыдыс және ыдыс материалдары; жөндеу үшін қосалқы бөлшектер; құралдары, керек-жарақтар дайындалды және басқа тез тозатын заттар; аяқталмаған өндіріс және жартылай фабрикаттар меншікті өндіріс; алдағы кезеңдердің шығыстары; дайын өнім; тиелген тауарлар; ақша қаражаттары; дебиторлар; басқалар.

Орны мен рөлі ұдайы өндіріс процесінде айналым құралдары болып бөлінеді төрт топ:

- жұмсалған өндірістік қорлар;
- жұмсалған аяқталмаған өндіріс және болашақ кезеңдердің шығындары;
- жұмсалған дайын өнімге;
- ақшалай қаражаттар және есеп айырысудағы қаражаттар.


Дәрежесі бойынша жоспарлау айналым құралдары болып бөлінеді нормаланатын және ненормируемые. Ненормируемый жатады: тиелген тауарлар, ақшалай қаражаттар және есеп айырысудағы қаражаттар. Барлық қалған элементтері айналым құралдары жатады нормалау.

Қалыптастыру көздері бойынша айналым құралдары болып бөлінеді меншікті (және оған теңестірілген)және қарыз.

Меншікті және қарыз қаражаты айналымдағы шаруашылық жүргізуші субъектінің ерекшеліктерімен түсіндіріледі ұйымдастыру өндірістік процесс. Тұрақты ең төменгі қаражат сомасы қажеттіліктерін қаржыландыру үшін, өндірісті қамтамасыз етіледі қаражатымен. Уақытша қажеттілік туындаған әсерінен тәуелсіз және тәуелді емес ұйымның себептерін, жабылады кредитке және басқа да қарыз көздері.

5.4 Активтердің құрамын талдау және орналастыру

Балансты талдау кәсіпорынның игілігіндегі капиталды орналастыру жөніндегі мәліметтен тұрады. *Әрбір орналастырылған капитал түріне баланстың жеке статъясы сәйкес келеді.* Осы берілгендер бойынша, кәсіпорынның активтерінде қандай өзгеріс болғанын, қай бөлігі кәсіпорынның жылжымайтын мүлігін түзетінін (құрайтынын), қандай- айналым құралдары, оның ішінде өндіріс және айналым сферасындағыларды белгілеуге болады.



Сурет 5.1. Кәсіпорынның маңынан тыс жерде қолданылатын құралдар

Баланс активі статъясының негізгі белгісі *болып олардың өтімділік деңгейі саналады, яғни нақтылай ақшаға айналу жылдамдылығы деңгейі саналады, яғни нақтылай ақшаға айналу жылдамдылығы.* Осы белгісі бойынша барлық баланс активтері ұзақ мерзімді (немесе негізгі капитал) және ағымдағы активтер (айналым) болып бөлінеді.

Кәсіпорынның құралдары *ішкі айналымда* және кәсіпорыннан тыс жерде (дебиторлық берешек, бағалы қағаздарды иелену, ақша, басқа кәсіпорындардың облигациялары) қолданылуы мүмкін.

Айналым капиталы *өндіріс сферасында* (қорлар, аяқталмаған өндіріс, болашақ кезең шығындары) және *айналым сферасында* (қоймадағы дайын өнім сатып алушымен тиелген, есептегі қаржылар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, кассадағы нақты ақша, таурлар және тағы басқа) болуы мүмкін. Капитал ақшалай және материалды нысанда жұмыс

істеуі мүмкін. Инфляция кезінде құралдардың ақшалай нысанда болуы олардың сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеледі. Инфляциялық процесте деңгейіне байланысты баланстың барлық статьялары монетарлы және монетарлы емес болып классификацияланады.

Монетарлы активтер – бұл ағымдағы ақшалай бағалауда қаражаттар және міндеттемелерді бейнелейтін баланс статьясы. Сондықтан да олар қайта бағалауға жатпайды. Оларға ақшалай қаражаттар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, есептегі ақшалар қатысты.

Монетарлы емес активтер – негізгі құралдар, аяқталмаған капитал құрылысы, қорлар, аяқталмаған өндіріс, дайын өнім, тауарлар. Бұл активтердің нақты құны уақыттың және бағаның өзгеруімен өзгереді, сондықтан да қайта бағалауды талап етеді.

Кәсіпорынның активтерін талдау процесінде ең алдымен оның құрамындағы өзгерісті үйрену керек, оған баға беру керек. Егер монетарлы активтер монетарлы пассивтерді жоғарылатса, онда бағаның көтерілуінде және сатып алу қабілеті төмендесе кәсіпорынның ақшалай бірлігі осы активтерді бағаламаудан қаржылық жоғалтуды көруі мүмкін және керісінше, егер монетарлы пассивтердің соммасы (банк несиелері, кредиторлық берешек, алынған аванстар және басқа да тартылған қаражаттар) монетарлы активтердің соммасын жоғарылатады, онда инфляцияның салдарынан қарыздардың бағаланбауы кәсіпорынның табысының артуы жүзеге асады.

Берілген жоғалтудың (табыс) шамасын мына формуламен анықталады:

$$\Delta KL = (MP_n - MA_n) * \frac{I_k}{I_n} + (MP_k - MA_k) * \frac{I_k}{I_{cp}} - (MP_k - MA_k)$$

Мұндағы ΔKL капитал соммасының өзгеруі

MA_n және MP_k – талданатын кезеңде монетарлы активтер жыл басы және жыл соңындағы соммасы;

I_n , I_k және I_{cp} – талданатын кезеңде жыл басы, соңы және ортасындағы инфляция индекстері.

Кесте 5.1

Қаржылық талдау

	Жыл басына	Жыл соңына
Инфляция индексі, %		
Монетарлы активтер, млн. теңге		
Монетарлы пассивтер, млн. теңге		

Есептеу негізінде алынған қосымша табыс немесе шығыс шамасын анықтайды.

Одан әрі қарай негізгі және айналым капиталының құрамын, құрылымын және динамикасын аса бөлшектеп үйрену керек. Ұзақ мерзімді немесе негізгі капитал- бұл ұзақ мерзімді мақсатпен жылжымайтын мүлікке, облигацияға, акцияға, пайдалы қағаздар қорына, біріккен кәсіпорындарға, материалдық емес активтерге және т.б. қаражат салу болып табылады.

Кесте 5.2

Негізгі капиталдың құрамы және динамикасы

Өндіріс құралдары	Жыл басына		Жыл аяғына		Өсім	
	Млн. теңге	Үлесі, %	Млн. теңге	Үлесі, %	Млн. теңге	Үлесі, %
Негізгі құралдар						
Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар						
Аяқталмаған құрылыс						
Материалдық емес активтер						
Барлығы						

Одан әрі ағымдағы активтердің, капиталдың мобилді бөлігіндей құрамының және динамикасының өзгерісін талдау маңызды. Ағымдағы активтердің кәсіпорынның қаржылық жағдайына айтарлықтай деңгейде тәуелді. Айналым капиталының тұрақты құрылымы өндірістік және өнімнің өтімділігінің тұрақтылығын куәлендіреді. Оның өзгеруі кәсіпорынның тұрақсыз жұмысы жөнінде хабарлайды.

Кесте 5.3

Ағымдағы активтердің құрамын және динамикасын талдау

Қаражат түрі	Қаражаттың бар болуы, млн. теңге			Қаражаттардың құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
1	2	3	4	5	6	7
Ақша қаражаттары						
Қысқа мерзімді қаржылық салымдар						

5.3 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Дебиторлық берешек						
Оның ішінде векселмен қамтамасыз етілген						
Қорлар және шығындар						
Оның ішінде:						
Өндірістік қорлар						
Аяқталмаған өндіріс						
Дайын өнім						
Барлығы						

Баланс активінің әрбір статиясы бойынша өзгерісін бөлшектеп үйренуде.

5.5 Активтердің айналымдылығы және айналымдылыққа әсер ететін факторлар

Нарықтық қатыныстардың дамуымен және экономикалық потенциалдың өсуі мен кәсіпорынның инвестициялық қызметі кеңейеді. Белгілі жобаға капитал сала отырып, кәсіпорын салынған капитал орнын толтыруды ғана емес сонымен қатар одан пайда алуды да жоспарлайды. Кез-келген инвестициялық шешім бағалауға негізделеді:

- Кәсіпорынның қаржылық жағдайы және инвестициялық қызметте мақсатқа сәйкес қатысуы;
- Инвестиция көлемі және қаржыландыру көздері;
- Өртүрлі инвестициялық жобалардың тиімділігі.

Кәсіпорын еншілес қоғамға инвестиция салуы мүмкін, біріккен кәсіпорындар басқа кәсіпорындар мен мемлекетке зайымдар береді.

Талдау жүргізгенде инвестициялық қаржының құрамын оның құрылымын және есептік кезең үшін өзгерісін зерттейді.

Кәсіпорынның өндірістік нәтижелеріне және қаржылық жағдайына өндірістік қорлардың сапасы үлкен әсерін тигізеді. *Осыдан қорлар тиімді болу тиіс.* Қорлардың көптеп жиналуы кәсіпорынның белсенділігі төмендегенін куәлендіреді: айналым капиталы таңдатылады, оның айналымдылығы бәсеңдейді, кәсіпорынның қаржылық жағдайы нашарлайды.

Ұзақ мерзімді инвестициялардың құрамы және динамикасы

Кәсіпорын қаражаттары	Жыл басына		Жыл соңына		Өзгеруі	
	Млн. тг	Үлесі, %	Млн. тг	Үлесі, %	Млн. тг	Үлесі, %
Ұзақ мерзімді қаржылық салымдар						
Оның ішінде :						
Біріккен кәсіпорындарда						
Баска шаруашылық субъектілеріне займдар						
Капиталды құрылыс						
Оның ішінде:						
Цехтың						
Қойманың						
Гараждың						
Баска да объектілердің						
Барлығы						

Сонымен қатар мүлікке салық көбейеді, өтімділікке байланысты да мәселелер туады, жарамсыз шикізат және материалдар артады, қоймадағы шығындарда біршама артады. Кері жағдайдың барлығы да, кәсіпорын қызметінің соңғы нәтижесінде бейнеленеді. Дегенмен, қорлардың жетіспеуі (шикізат, материал, отын), сонымен қатар кәсіпорынның қаржы жағдайында да жағымсыз күйде бейнеленеді: жылдам жеткізуге баға өседі, жай ғана шикізат жетіспеуінен де мәселелер тууы мүмкін, шикізат ресурстарына баға жоғарылайды, пайда сомасы азаяды. Сондықтан да әрбір кәсіпорын өндірістің толық көлемде өзін қамтамасыз етуіне әрекет жасауы тиіс, бірақ бұл үшін қажетті ресурстар қоймада жатып қалмауы тиіс.

Алдымен өндірістік қорлардың динамикасын зерттейді, жоспарлы қажеттіліктің нақты қалдықпен сәйкестігін тексереді.

Өндірістік қорлардың жағдайын талдау

Қор түрі	Салмағы, тонна		Бағасы, мың тг		Қорлардың қалдығы, млн тг		Қорлардың сомасының өзгеруі, млн.тг	
	Жыл басына	Жыл соңына	Жыл басына	Жыл соңына	Жыл басына	Жыл соңына	Оның ішінде есебінен	
А								
В								
С								
Және т.б.								
Барлығы								

Өндірістік қорлардың көлемі құндық бейнеде сандық фактордан сияқты құн (инфляциялық) факторы есебінен де өзгеруі мүмкін. Әрбір түрі бойынша қорлардың сомасының (З) өзгерісіне сандық (К) және құндылық (Ц) фактордың өзгеруінің есебі абсолютті айырма әдісімен жүзеге асырылады:

$$\Delta Z_k = (K_1 - K_0) \cdot C_0 \quad \Delta Z_y = K_1 \cdot (C_1 - C_0).$$

Қорлардың айналымдылық кезеңі (шикізат және материал) олардың қоймаға келіп түсу кезеңінен өндіріске бергенге дейінгі уақытқа тең. Бұл кезең қаншалықты аз болса, соншалықты өндірістік - коммерциялық цикл басқада тең жағдайларда аз. Қорлардың айналымдылық кезеңі келесі үлгіде анықталады:

$$П_3 = \frac{\text{өндірістік қорлардың есебі бойынша орташа қалдық * кезең күндері}}{\text{өндірістік қорлардың есебі бойынша несиелік айналымдар сомасы}}$$

айналымдылық кезеңі келесі үлгіде анықталады: Қорлардың айналымдылығының бәсеңдеуі жиналған артық, өтпейтін материалдардың, инфляция қарқынының өсуінің күтілуімен байланысты қосымша қорларды иеленумен, тапшылықпен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан да қорлардың құрамында қажетсіз материалдық құндылықтардың болмауын

белгілеу маңызды. Бұл қойма есебінің берілгендері немесе қалдықтардың тізімі мен белгіленеді. Егер қандай да бір материал бойынша көп қалдық бар болса, және ол жыл ішінде аз шығындалса, онда оны өтпейтін қорлар қатарына апаруға болады. Мұндай қорлардың бар болуы айналым капиталы өндірістік қорларда ұзақ уақыт бойы тандатылғанын айтады, нәтижесінде олардың айналымдылығы бәсеңдейді. Қорларды бөлшектеп басқару үшін әрбір түрі бойынша оның айналымдылығына бөлшектеп талдау жүргізіледі. Соңғы жылдары бәсекелестіктің жоғарылауы нарық өтімділігінің жоғаруы, сатып алу қабілетінің төмендігі, өнімнің өзіндік құнының жоғарылауы, шығарудың және жөнелтудің бір қалыпсыздығына байланысты көптеген кәсіпорындардың ағымдағы активтерінде үлкен үлес салмақты дайын өнім алады. Қоймада дайын өнім қалдығының артуы, айналым капиталының тандатылуына, несиеге деген қажеттілікке, жабдықтаушыларға кредиторлық берешектің өсуіне, еңбек ақы бойынша қаражатқа деген сұраныстарға сияқты әкеледі.

Дайын өнімде капиталды табудың ұзақтығы (Пдө) өндірістен жөнелтіп жібергенге дейінгі кезеңде қоймада сақталған дайын өнімнің уақытына тең:

$$П_{дө} = \frac{\text{есеп бойынша орташа қалдық "дайын өнім" күндер}}{\text{есеп бойынша несиелік айналым сомасы "дайын өнім"}}$$

Кәсіпорынның ағымдағы активінде айтарлықтай үлес салмақты аяқталмаған өндіріс алады. Аяқталмаған өндірістің қалдығының көбеюі өндірістің кеңейгенін немесе өндірістік циклдың ұзақтығының көбеюіне байланысты капиталдың айналымдылығының бәсеңдегенін дәлелдейді.

$$П_{оц} = \frac{\text{аяқталмаған өндірістің орташа қалдығы} * \text{күндер}}{\text{шығарылған өнімнің өзіндік құны}}$$

Өнімнің әрбір түрі бойынша өндіріс процесінің ұзақтығын талдау оның өзгеріс факторларын бекіту маңызды. Өндірістік циклдың кезеңі техника деңгейінен, технологиядан, өндірістік ұйымдардан, материалды-техникалық құрал-жабдықтардан және басқа да факторларға байланысты. Оның қысқаруы кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің артқанын дәлелдейді.

Ағымдағы активтерге салынған капиталдың айналымдылығына дебиторлық берешектің өзгеруі жоғары әсерін тигізеді. Дебиторлық берешектің және ағымдағы активтің үлесінің кенеттен көбеюі кәсіпорынның абайсыз несиелік саясатын, сату көлемінің көбеюін, сатып алушылардың белгілі бөлігінің төлем қабілетсіздігі және банкроттығын

күәлендіреді. Сонымен қатар, кәсіпорын өнімді жөнелтуді қысқартуы мүмкін, сонда ғана дебиторлар есебі азаяды.

Дебиторлық берешектің өсімі әр қашанда кері бағаланбайды. Берешекті қарапайым (әдеттегі) және мерзімі өткен деп бөледі. Мерзімі өткен берешек қаржылық қиындықтар туындатады, яғни кәсіпорын қаржылық жетіспеушілікті басынан өткереді. Дебиторлық берешекте қаражаттардың таңдатылуы капитал айналымдылығының бәсеңдеуіне әкеледі. Мерзімі өткен дебиторлық берешек сонымен қатар қарызды өтемеу және пайданың азаюы тәкелін білдіреді. Сондықтан да әрбір кәсіпорын оларға тиісті төлемдерді өтеу мерзімін қысқартуға қызығушылық білдіреді.

Кесте 5.6

Дебиторлық берешектің пайда болу (құрылу) мерзімінің өтуі және оның құрамын талдау

Дебиторлық берешектің түрі	Сомма, млн.тг		Оның ішінде				
	Жыл басына	Жыл соңына	1 айға дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 6 айға дейін	6 айдан 12 айға дейін	1 жылдан жоғары
Тауар және қызметтер үшін							
Оның ішінде клиенттердің қарыздары							
А							
В							
С							
Және сол сияқтылар							
Бюджетпен							
Басқа да дебиторлар							
Және сол сияқтылар							
Барлығы							
Барлығына %							
Оның ішінде векселмен қамтамасыз етілген							

Ағымдағы активтердің жағдайын бағалай отырып, дебиторлық берешектің сапасын және өтімділігін зерттеу маңызды. Ол үшін дебиторлық берешектің айналымдылық кезеңі (ПДБ) немесе қарыздарды инкассациялау кезеңі көрсеткіштері қолданылады. Ол тауарды жөнелтумен және клиенттерден ол нақты ақшаны алғанға дейінгі уақытқа тең:

$$П_{до} = \frac{\text{дебиторлардың есебі бойынша берешектің орташа қалдығы} * \text{күндер}}{\text{дебиторлардың есебі бойынша несиелік айналым сомасы}}$$

Дебиторлық берешекпен басқарудың тиімділігін көрсету үшін, әр ай үшін оның инкассация кезеңі ескеріледі.



Сурет 5.2 – Ақша ағымдары

Дебиторлық берешектің сапасын сипаттау үшін дебиторлық берешектің жалпы сомасында күмәнді қарыздар бойынша резервтің үлесі сияқты көрсеткіштер анықталады. Берілген коэффициенттің өсу деңгейі дебиторлық берешектің сапасының төмендегенін сипаттайды. Дебиторлық берешектің айналымдылық кезеңі резерв үлесі күмәнді қарыздар бойынша динамикада орта салалық берілгендер, нормативтер мен салыстырады.

Мұның себептері: есептеу жүйесінің тиімсіздігі, сатып алушының қаржылық жағдайының қиындауы, банктерде құжат айналымының ұзақтығы. Дебиторлық берешектің сапасы сонымен қатар үлес салмақпен

бағаланады. Вексельдердің оны өтеу мерзімі басталғанға дейін үшінші тұлғаға өткізілуі мүмкін жоғары ликвидті актив болып табылумен байланысты. Вексельдік міндеттеме дебиторлық берешекке қарағанда жоғары мәнге ие. Дебиторлық берешектің жалпы соммасында вексельден алынған үлес салмақтың көбеюі оның сенімділігінің және өтімділігінің жоғарылағанын дәлелдейді. Мәселенің актуалдығы инфляция жағдайында туындайды. Жоғары инфляция жағдайында ақшаны қолда ұстау, тауарды қарызға сату тиімсіз. Дегенмен, ақша нысанында төлеуге несиелік міндеттемені салу тиімді, кредиторлық берешектің әртүрлі түрі бойынша төлемдер ақшамен өндіріледі, төлеу кезеңінде сатып алу қабілеті азаяды. Кәсіпорынның дебиторлар мен өз уақытында есеп айырыспауынан болатын шығындарды есептеу үшін мерзімі өткен дебиторлық берешектен оның соммасын азайту қажет.

Кәсіпорын үшін ақша қаражаттарын басқару өте маңызды. Ағымдағы активтерді басқарудың шеберлігі есепте минималды қажетті ақша қаражаттарын сақтаудан тұрады. Өзінің мәні бойынша ағымдағы оперативті қызмет үшін қажетті сомма сақтандыру қорын сипаттайды. Оның көлемі ең басты төлемдерді жаба алатындай болуы керек.

Ақша ағымдары жоспарланады. Бұл үшін әр айға, ал оперативті басқару үшін декада немесе бес күндік, табыс және шығындар жоспары құрылады.

Егер ұзақ уақыт бойына ақша қаражаттарының оң қалдығы жоспарланса, онда оның тиімді қолдану жолдары қарастырылады. Жеке кезеңдерде нақты ақша қаражаттарының жетіспеушілігі туы мүмкін. Онда заимды қаражаттардың тартудың көздері жоспарланады.

Талдау жүргізгенде банк шотындағы нақты ақша қалдықтарының динамикасы және берілген актив түрінде капиталды табу кезеңін зерттейді. Нақты ақшада капиталды табу кезеңі келесі үлгіде анықталады:

$$P_{ак} = \frac{\text{нақты еркін ақшаның орташа қалдығы} * \text{күндер}}{\text{ақша қаражаттарының есебі бойынша несиелік айналым}}$$

Мерзімі өткен төлемдердің қатысуы жоспарлы ақша қаражаттарының түсуі шығындалуын, яғни ақша ағымының жақсы балансталуын дәлелдейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Айналым құралдарының құрамы мен құрылымы қалай сипатталады?

2. Айналым құралдарын пайдалану тиімділігін және айналымдылығын талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Мөлшерленетін және мөлшерленбейтін айналым қаражатының ерекшелігі
4. Кәсіпорында айналым құралдарын пайдаланудың экономикалық тиімділігі

Ұсынылған әдебиет:

1. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.
2. Еремеева Л. Э. Экономика предприятия. Учебник для студентов учреждений высшего образования. – Москва: Академия, 2017. – 270 с.
3. Ильин А.И. Планирование на предприятии: Учебник – Мн.: Новое знание, 2011. – 2-е изд., перераб. – 635 с.
4. Ионова А. Ф., Селезнева Н. Н. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с
5. Романов Б. А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.

6. ТАҚЫРЫП. КӘСІПОРЫННЫҢ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 6.1. *Персоналын,қозғалысын, құрамын және құрылымын талдау*
- 6.2. *Жұмыс уақыты қорын пайдалану тиімділігін талдау*
- 6.3. *Еңбек өнімділігін талдау*
- 6.4. *Қаржылық нәтижелердің құрылымын және динамикасын талдау*
- 6.5. *Маржиналды табыстың құрамындағы пайданы талдау*
- 6.6. *Кәсіпорын табыстылығының көрсеткіштер жүйесі*

6.1 Персоналын,қозғалысын, құрамын және құрылымын талдау

Кәсіпорынның еңбек ресурстарын, персоналды қолдану тиімділігін талдау экономикалық талдаудың басты бір бөлігі болып табылады. Кәсіпорынды өзгертуге және қысқартуға дайын ресурс. Олардың төмендеуіне әкеледі. Еңбек ресурстарының талдауына мақсатты – олардың қолдану деңгейін анықтау еңбекті тиімді қолдануды жоғарлатуға кедергі жасайтын факторларды анықтау және тірі еңбекті қалданудың өсу резервтерін анықтау. Еңбек ресурстарын қолдануды талдауда келесі көрсеткіштерді оқып білеміз.

1. Кәсіпорынмен оның бөлімшелеріне жұмыс орындарының қамтамасыз етілуі.
2. Жұмыс уақытын қолдану.
3. Кәсіпорын персоналын қолдану тиімділігі мен интенсифітілігі.
4. Білім деңгейі және еңбекақы қорын тиімді қолдану.

Еңбек ресурстарын талдауда қолданылатын әдістер:

1. Алғашқы мәліметтерді өңдеу
2. Салыстыру және топтастыру
3. Эксперттік баға беру
4. Баланстың әдісі
5. Индекстік баға әдісі

Осы әдісті қолдану арқылы келесідей еңбек ресурстарын талдаудың түрлері болады:

1. Өткізу кезеңіне байланысты (күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық, жылдық)
2. Объектіні қамту толықтығына байланысты толық лакальдік тематикалық
3. Объектілерді оқып – білу әдісіне байланысты; кешендік, жалпылама таңдамалы

4. Оқып – білу сипаттамасына байланысты; ағымдық, оперативтік жүйелі, бір реттік

Өндірістік бағдарламасына толықтыру қажеттілігіне байланысты келесі әдістердің бірі қадағалайды; еңбек сыйымдылығы бойынша, өндірістік норма бойынша, жұмыс орындалу бойынша, жұмысшылар санының шарты бойынша.

Кәсіпорынның еңбек ресурстарын талдауға қажетті ақпараттарды кәсіпорынның статистикалық және бухгалтерлік есеп берінен, еңбек бойынша жоспар және есеп беру бойынша, жұмысшылардың қозғалысы бойынша кадрлар бөлімінің есеп беруінен цехтардың есеп берушілерінен және басқа да еңбек ресурстары бойынша есеп беруден аламыз. Кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуін талдау еңбек персоналын жіктеуден басталады, себебі кәсіпорынның өндірістік шаруашылық қызметінде әрбір жұмысшының категориясы әртүрлі қызмет атқарады.

Көбінесе кәсіпорындарда негізгі және көмекші жұмыс шарты деп нақты екі топқа жіктеледі. Негізгі және көмекші жұмысшының еңбек қызметі әртүрлі. Ал басшы топтардың атқаратын қызметі не байланысты мамандар немесе қызметкерлер деп бөлеміз.

Сонымен персоналды жіктеу келесідей міндеттерді шешуге көмектеседі:

1. Әрбір жұмысшы категориясына байланысты кадрлармен қасиет ету деңгейін анықтау
2. Жұмыскерлердің квалификациясы дәрежесіне байланысты, жұмыстың құрамына байланысты, жыныстық құрамына байланысты, жасына байланысты санын анықтау
3. Жұмыскерлердің қал еңбегінен және еңбектің механикаландырылған түрімен айналысатын жұмысшының саны

6.2 Жұмыс уақыты қорын пайдалану тиімділігін талдау

От қамтамасыз ету кәсіпорынның еңбек ресурстарын және оларды пайдалану тиімділігіне байланысты көлемі және уақтылы орындау, тиімділігі пайдалану жабдықтарды, машиналарды, механизмдер және нәтижесінде – өндіріс көлемі, оның өзіндік құны, пайда және басқа да экономикалық көрсеткіштер.

Негізгі міндеттері талдау пайдалану еңбек және еңбекақы төлеу саласындағы еңбек өнімділігі болып табылады:

- қамтамасыз етілуін Зерделеу кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің еңбек ресурстарымен бойынша сандық және сапалық параметрлері;

- деңгейін Белгілеу, еңбек өнімділігін кәсіпорын, цехтар және жұмыс орындары, салыстыру, алынған көрсеткіштерді көрсеткіштері алдыңғы кезеңдер мен қол жеткізілген ұқсас кәсіпорындарда немесе цехтарында;
- Бағалау экстенсивности, қарқындылығы мен тиімділігі еңбек ресурстарын пайдалану; кәсіпорында
- резервтерді Анықтау неғұрлым толық және тиімді пайдалану.

Талдауға арналған ақпарат көздері қызмет етеді еңбек жоспары, статистикалық есептілік «еңбек бойынша Есеп» деректері, табельдік есепке алу және кадрлар бөлімі.

6.3 Еңбек өнімділігін талдау

Экономикада өнімділікті жоғарлату басқару процесіне және өнімді немесе еңбекті өзгерту процестеріне кірісудің нәтижесі болып табылады. Төменде аталған жағдайлардың жеке біреуі орын алса, онда өнімділік өседі.

1. Өнім көбейеді, шығындар азаяды;
2. Өнім көбейеді, шығындар өзгермейді;
3. Өнім көбейеді, шығындар өседі, бірақ шығындардың өсу қарқыны өнімнің өсу қарқынынан төмен болады.
4. Өнім көлемі өзгермейді, шығындар төмендейді;
5. Өнім азаяды, шығындар төмендейді, бірақ шығындардың төмендеу қарқыны жоғары болады.

Кейбір салаларда өндіріс шығындарының айырмашылықтары табиғи, жаратылыс жағдайлармен байланысты болады.

Бұған мысал болатын – біздің елде осыдан бұрын «маусымдық» немесе аймақтық бағалардың болғаны. Басқа салаларда шығындардың айырмашылығы дүниеге әкелетін жағдайлар – жаңа бұйымдарды, технологияларды енгізу, ұйымдық формаларды құру, өндіруге, дамытуға және сапалық жетілдіруге бағытталған жағдайлар енгізу, еңбек ресурстарының сапасы мен мамандану дәрежесі. Өндіріс шығындарының құрылымында ресурстардың қандай түрінің басым болуына байланысты салалар мына түрлерге бөлінеді: еңбек сіңіргіш, материал сіңіргіш, қуат сіңіргіш. Бүгінгі заманда салалар масштабтың шығындардың динамикасын екі қарама-қарсы тенденциялардың сайысы белгілейді.

Біріншісі, өндіріс шығындарын өсіреді. Осы жағдайға әкелетін факторларға:

- Тұтынудың өсуі осы себепті өндірістің жекеленуін көздеу;
- Шығарылымдардың ассортиментінің жиі-жиі өзгертіліп тұруы,

алмастырудың қажеттігі;

- шығындарының өсуі, қызметкерлердің білім дәрежесін жоғарылату, жарнама шығындары.

Екіншісі, жаңа технологиялардың алдымен ресурстарды үнемдеуді көздейтінімен байланысты. Қазіргі заманда ілгері дамыған елдерде көп өнімдер бойынша өндіріс дәрежесінің дамығаны соншама, тіпті оны одан әрі өсіру тиімді емес болып табылады. Бұл жағдайларда өндірісті сапа жағынан жетілдіру мақсатты болып табылады.

Осымен қатар, бүгінгі кәсіпорындардың шығындарының өзгерістері, автоматтанған өндірістер санының өсуімен де байланысты. Автоматтандыру тұрақты шығындардың және инвестициялардың өсуіне және өзгермелі шығындардың төмендеуіне әкеліп соғады.

Өндіріс шығындары құрылымындағы осындай өзгерістер өндіріс қуаттарын толық пайдалануға ынталандырады. Еңбек өнімділігін арттыру үшін жұмыс уақытын үнемдейтін факторларға назар аударылады.

6.4. Қаржылық нәтижелердің құрылымын және динамикасын талдау

Көптеген зерттеушілердің пікірлері бойынша пайда *табыстылықтың абсолюттік көрсеткіші*, ал рентабельділік деңгей – салыстырмалы көрсеткіші болып саналады. Бұл көрсеткіштердің шамасына өнімнің өзіндік құны және оның жинақ көрсеткіші өндірілген өнімнің 1 тенгесіне жұмсалатын шығындары әсерін тигізеді. Пайданың әрбір элементін талдау кәсіпорын басшылары, акционерлер және несиегерлер үшін өте маңызды. *Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін* талдау көлденең, тікелей, трендтік және факторлық талдаулардан тұрады.

Бухгалтерлік (салық салынғанға дейінгі) пайданы талдау оның динамикасын және құрылымын зерттеуден басталады. Терең талдауда бухгалтерлік пайданың элементтері және оған әсерін тигізетін факторлар зерттеледі. Оларды *сыртқы және ішкі факторларға* бөледі.

Сыртқы факторларға мыналар жатады:

- әлеуметтік-экономикалық жағдай;
- табиғи жағдай;
- материалдық қорлардың бағасы және тасымалдау көлік тарифтері;
- сыртқы экономикалық байланыстардың даму деңгейі ж.т.б.

Ішкі факторларға мыналар жатады:

- сатудан түскен пайданың,
- сатылған өнім құрылымының,
- өнімнің өзіндік құнының,

- өнім бағасының,
- табыстар мен шығындардың өзгерістері жатады.

Ішкі және сыртқы факторлар бухгалтерлік пайдамен тікелей байланысты. Тек өнімнің өзіндік құнының және сатудан тыс шығындардың төмендеуі пайданың өсуіне алып келеді. Сыртқы факторлар бухгалтерлік пайданың шамасына, ал ішкі факторлар сатудан түскен пайдасына тікелей әсер етеді. Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін бағалауда сатудан түскен пайданың факторлық талдауының мәні зор. Жалпы пайда сатудан түскен пайданың негізгі элементі болып табылады. Жалпы пайданы өнімді сатудан түскен түсімдермен өткерілген тауарлардың өзіндік құнының айырмашылығы арқылы табады. Жалпы пайданы (ВП) келесі түрде көрсетуге болады:

$$ВП = \sum_{i=1}^n Q_i (C_i - C_i)$$

Q – натуралды түрінде (тонна, дана ж.т.б.) өнімнің i -түрінің өндіріс көлемі

C_i – өнімнің i -түрінің сату бағасы, тенге

C_i – бірлік өнімнің i -түрінің өзіндік құны, тенге

i - сатылатын өнімнің нақты түрі

n – сатылатын өнімнің түрлер саны ($i = 1, 2, 3, \dots, n$)

Жалпы пайда мынадай факторлар әсерімен қалыптасады:

- сату көлемі;
- сатылатын өнімнің өзіндік құны;
- сатылатын өнімнің бағасы;
- ассортимент құрылымында өзгерістер.

Жалпы пайданың факторлық талдауы базистік және ағымдағы кезеңдердің (квартал, жыл) пайда мен зияны туралы есеп мәліметтері бойынша жасалынады. Бірақ факторлық талдау үшін бұл мәліметтер жеткіліксіз. Қолданыстағы сату бағалары *тауарларды сатудан түсетін түсімдерге* әсерін тигізетіндіктен, көп жағдайда осы мәліметтерді салыстыру мүмкін емес.

$$B_0 = \sum_{i=1}^n Q_{i0} \cdot C_{i0} \qquad B_1 = \sum_{i=1}^n Q_{i1} \cdot C_{i1}$$

B_0 и B_1 – базистік және ағымдағы кезеңдерде сатудан түсетін түсімдер;

Q_{i0} и Q_{i1} – осы кезеңдерде i -түріндегі тауарларды шығару көлемі;

C_{i0} и C_{i1} – базистік және ағымдағы кезеңдерде i -түріндегі бір өнімнің қолданыстағы сату бағасы.

Тауарлардың дерек өзіндік құны сату көлемі мен бір тауарға жұмсалатын шығындардың әсерімен қалыптасады:

$$C_0 = \sum_{i=1}^n Q_{i0} * C_{i0} \quad C_1 = \sum_{i=1}^n Q_{i1} * C_{i1}$$

C_0 и C_1 – базистік және ағымдағы кезеңдерде сатылған өнімнің дерек өзіндік құны;

C_{i0} и C_{i1} – базистік және ағымдағы кезеңдерде тауардың i - түрінің өзіндік құны.

Жалпы пайданың факторлық талдауы (ВП) *элиминирлеу тәсілі, яғни тізбекті ауыстыру әдісі* арқылы, жасалынады. Элиминирлеу – бұл құбылысты зерттеудегі бір қатар фактор әсерін анықтау үшін қолданатын техникалық тәсіл.

Жалпы пайданың шамасына *кейбір факторлардың әсерін* анықтау үшін келесі қосымша көрсеткіштерді есептеу қажет:

1) *Ағымдағы кезеңде базистік бағамен сатылғын тауарлардан түсетін жанама салықтарсыз түсімдер.* Олар келесі формула арқылы анықталады:

$$B_{\chi} = \sum_{i=1}^n Q_{i1} * C_{i0}$$

2) *Бір өнімге базистік шығынмен ағымдағы кезеңде сатылған тауарлардың өзіндік құны* мынадай формула арқылы табылады:

$$C_{\chi} = \sum_{i=1}^n Q_{i1} * C_{i0}$$

3) *Базистік жалпы пайда ($ВП_{\chi}$).* Ол сатылған тауарлардың ассортименті мен нақты көлеміне байланысты есептеледі. Базистік жалпы пайда базистік бағамен ағымдағы кезеңде тауар сатудан түсетін түсімдердің (B_{χ}) және бір өнімге базистік шығынмен ағымдағы кезеңде сатылған тауарлар өзіндік құнының (C_{χ}) айырмашылығы арқылы анықталады.

$$ВП_{\chi} = B_{\chi} - C_{\chi}$$

6.5 Маржиналды табыстың құрамындағы пайданы талдау

Пайданың кіріс түрі ретінде қалыптасуы кәсіпкерлік қызметтің негізі және оның соңғы қаржылық нәтижесі болып саналады. Пайдамен

шығыстарды салыстыру кәсіпорын жұмысының тиімділігін сипаттайды. Кәсіпкерлік қызметті басқарудың ыңғайлы әдісінің бірі операциялдық талдау болып есептеледі, ол шығындар – сату көлемі – пайда нобайы бойынша орындалады. Бұл әдіс өндіріс-коммерциялық қызметтің қаржылық нәтижесі шығыс, баға, өндіріс көлемі және өнім өткізу өзгерістерінен тәуекелділігін көрсетеді. Операциялдық талдаудың нәтижелері кәсіпорынның коммерциялық құпиясы болып саналады. *Операциялдық талдау сезімталдықты*, яғни өнім өндіру мен өткізудің ішкі және сыртқы факторлар өзгерістеріне қаржылық нәтиженің реакциясын көрсетеді.

Операциялдық талдау көмегімен көптеген басқару мәселелерін шешуге болады:

- 1) Өндіріс-сауда қызметінің пайдалылығын бағалау;
- 2) Кәсіпорын рентабелділігін болжамдау;
- 3) Кәсіпкерлік тәуекелділікті бағалау;
- 4) Қиын жағдайдан шығудың оптималды жолдарын таңдау;
- 5) Инвестициялар пайдалылығын бағалау;
- 6) Кәсіпорын үшін ең қолайлы ассортименттік саясатты жүргізу.

Өндіріс және тауар сатудың сын көлемі, пайдалылық шегі және қаржылық төзімділіктің қоры операциялдық талдаудың негізгі элементтері болып саналады. Операциялдық талдау өндірістік (операциялдық) тетік (СВПП) түсінігімен тығыз байланысты.

$$СВПП = \frac{\text{маржиналдық табыс}}{\text{пайда}}$$

СВПП маржиналдық табыстың пайдадан қанша есе артқандығын көрсетеді. Өндірістік тетік жоғары болған сайын, кәсіпкерлік тәуекелділік де өсе береді. Тәжірибеде мынадай жағдайлар кездеседі:

1. *Маржиналдық табыс 0-ге тең.* Бұл жағдайда сатудан түсетін түсім тек қана айнымалы шығындарды жабады, яғни кәсіпорын тұрақты шығындар мөлшерінде зиян көріп жұмыс істейді.

2. *$0 < МД < тұрақты шығындар$.* Мұндай жағдай тауар сатудан түсетін түсім айнымалы шығындарды және тұрақты шығындардың белгілі бөлігін жабатын кезде туындайды.

3. *$МД = тұрақты шығындар$.* Тауар сатудан түсетін түсім барлық шығындарды (айнымалы және тұрақты) толық жабатын кезде пайда 0-ге тең болады.

4. *$МД > тұрақты шығындар$.* Тауар сатудан түсетін түсім барлық шығындардан асқан жағдайда кәсіпорынның қызметі пайдалы болады.

$$тiмдiлiкшегi \equiv \frac{\text{турақты шығындар (CP)}}{\text{маржиналдық табысты коэффициент (K_{mo})}}$$

Маржиналдық табыстың коэффициенті өнім сатудан түсетін түсімнің үлес салмағын көрсетеді.

$$K_{mo} \equiv \frac{\text{маржиналдық табыс}}{\text{тауар сатудан түсетін түсім}}$$

Бұл коэффициент пайыздық түрде немесе бірлік үлесінде көрсетіледі. Тұрақты шығындар деңгейі төмен кәсіпорындардың қаржылық нәтижесі өндіріс көлемі өзгеруіне көп тәуелді емес. Тұрақты шығындардың үлесі жоғары кәсіпорындар өндіріс және сату көлемдерінің төмендеуінен қауіптену керек.

Қазіргі таңда кәсіпорындар үшін *пайданың өсуі емес, оның қажетті параметрлерде қалуы* маңыздырақ. Бұл салық төлемдер шамасының және өндірістік пен әлеуметтік төлемдер оптималды арақатысы арасын қамту үшін қажет. Сезімталдықты талдау негізінде өндіріс көлемі жатыр.

1. Тұрақты шығындар (CP) өзгерген кезде физикалық түрдегі өндіріс көлемі (Q_1) мынадай формуламен анықталады:

$$Q_1 = MD' / K_{mo}' / \Pi_0$$

MD' – ағымдағы кезеңде маржиналдық табыс

K_{mo}' – базистік кезеңде маржиналдық табыстың коэффициенті

Π_0 – базистік кезеңде өнім бірлігінің бағасы

2. Айнымалы шығындар (PP) өзгерген кезде физикалық түрдегі өндіріс көлемі (Q_2) келесі формула арқылы есептеледі:

$$Q_2 = MD^0 / K_{mo}' / \Pi_0$$

3. Баға өзгерген кезде (Π) физикалық түрдегі өндіріс көлемі (Q_3) мынадай формуламен табылады:

$$Q_3 = MD^0 / K_{mo}' / \Pi_1$$

MD^0 – базалық және жаңа маржиналдық табыс

K_{mo}' и K_{mo}' – маржиналдық табыстың базалық және жаңа коэффициенттері, бірлік үлесі

Π_0 и Π_1 – өнім бірлігінің базалық және жаңа бағасы.

6.6 Кәсіпорын табыстылығының көрсеткіштер жүйесі

Кәсіпорын қызметінің экономикалық тиімділігі рентабельділік (табыстылық) көрсеткіштерімен көрінеді. Экономикалық тиімділіктің көрсеткіші жалпы түрде келесі формуламен анықталады:

$$\mathcal{E} \equiv \frac{\text{экономикалық тиімділік (пайда)}}{\text{қорлар немесе шығындар}} * 100$$

«Экономикалық тиімділік» көрсеткіші ретінде бухгалтерлік (жалпы) пайда, өнім сатудан алынатын пайда және таза пайда (салық салынғаннан кейін) алынады. «Қорлар немесе шығындар» ретінде қорлар (инвестициялар), мүлік (активтер), сатылатын тауарлардың өзіндік құны.

Тәжірибеде қаржылық және экономикалық рентабельділік көрсеткіштерді ажыратады. *Экономикалық рентабельділік* – бұл бизнес-жоспардың инновациялық немесе инвестициялық жобада көрсетілетін болжамдау пайда шамасынан есептелінетін параметр. *Қаржылық рентабельділік* кәсіпорынның қаржылық (бухгалтерлік) есептемесіне еңгізіліп нақты пайда негізінде анықталады. Рентабельділік талдаудың маңызды аспекті сату көлемнің табыстылығын бағалауда және оған әсерін тигізетін факторларды (өнімнің бағасы және өзіндік құны) есептеуде тұрады. Өнімнің өзіндік құн және бағаның өзгерудің әсерін есептеу тізбекті ауыстыру әдіспен анықталады.

1. *Сатудан түсетін түсімнің* (ΔBP) өсуіне байланысты сатудың рентабельділігін өзгеруін есептеу:

$$\Delta BP = \left(BP_1 - \frac{C_0}{BP_1} \right) - \left(BP_0 - \frac{C_0}{BP_0} \right)$$

BP_0 и BP_1 – базистік және ағымдық кезеңде өнімді сатудан түсетін түсімдер

C_0 – базистік кезеңде сатылған өнімнің өзіндік құны

2. *Сатылған өнімнің өзіндік құнның* (ΔC) өсуіне байланысты сатудың рентабельділігін өзгеруін есептеу:

$$\Delta C = \left(BP_1 - \frac{C_1}{BP_1} \right) - \left(BP_1 - \frac{C_0}{BP_1} \right)$$

C_0 и C_1 – базистік және ағымдық кезеңде сатылған өнімнің өзіндік құны

3. Екі фактордың жалпы әсерін оларды қосындылау арқылы анықтайды.

Талдаудың басқа маңызды аспекті активтердің айналымдылығы мен сатудың рентабельділік көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстарын зерттеуде тұрады.

$$Pa = \frac{BP}{\bar{A}} = \frac{BP}{\bar{A}} * \frac{BP}{BP}$$

P_a – активтер рентабельділігі, %

BP – бухгалтерлік пайда

$\bar{A}$ – есеп айыратын кездегі активтердің орташа құны

BP – өнім сатудан түсетін түсімдер (сату көлемі)

1. Активтер рентабельділігінің өзгеруін олардың айналымдылығының тездетілуіне байланысты келесі формуламен анықтайды:

$$\Delta P_a (O_a) = (O_{a1} - O_{a0}) \cdot P_{n1}$$

$\Delta P_a (O_a)$ – активтер айналымдылығының тездетілуіне байланысты олардың рентабельділігінің өзгеруі

O_{a1} және O_{a0} – базистік және ағымдағы кезеңдерде активтердің айналымдылығы

P_{n1} – ағымдағы кезеңде сатудың рентабельділігі, %

2. Сату табыстылығының тербелуіне байланысты активтер рентабельділігінің өзгеруі:

$$\Delta P_a (\Delta P_n) = (P_{n1} - P_{n0}) \cdot O_{a0}$$

$\Delta P_a (\Delta P_n)$ – Сату табыстылығының тербелуіне байланысты активтер рентабельділігінің өзгеруі

P_{n1} және P_{n0} – базистік және ағымдағы кезеңдерде сатудың рентабельділігі, %

3. Екі фактордың жалпы әсерін оларды қосындылау арқылы анықтайды.

Арнайы есептердің негізінде инвестициялар және өндіріс рентабельділіктің өзгеруіне кейбір факторлардың әсері анықталады.

Инвестиция айналымдылығымен олардың рентабельділік мөлшері арасында өзара байланыстарын келесі түрде көрсетуге болады:

$$Pu = \frac{BP}{И} = \frac{BP}{ОП} * \frac{ОП}{И} * 100$$

P_u – инвестиция рентабельділігі, %

$БП$ – бухгалтерлік пайда (салық салынғанға дейінгі пайда)

$ОП$ – сатудың көлемі

$И$ – бухгалтерлік баланс бойынша инвестициялар сомасы (меншікті капитал + ұзақ мерзімді несиелер және займдар)

Тәжірибеде *инвестициялар рентабельділігін* 2 әдіс бойынша *көтеруге* болады:

1) Сату көлемінің 1 теңгесіне келетін пайда мөлшерін жоғарылату

2) Инвестициялар айналымдылығын тездету

Инвестициялар айналымдылығын келесі факторлар арқылы тездетуге болады:

- Инвестициялардың бұрынғы мөлшерінде сату көлемін жоғарылату;
- Сатудың жеткен деңгейіндегі қалпын ұстауға қажетті инвестициялардың көлемін төмендету.

Бірақ соңғы фактор өндірістің құлдырауына алып келеді және халық шаруашылығының экономикалық өсуінің қажеттіліктеріне сай келмейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Кәсіпорын персоналдарын қандай белгілері бойынша жіктеуге болады?
2. Кадрлар ағымының көрсеткіштері қалай анықталады?
3. Еңбек уақытының қоры қалай анықталады?
4. Еңбек өнімділігі және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіштері қандай?
5. Кәсіпорында еңбекақы қорының көлеміне әсер ететін негізгі факторларды атаңыз?

Ұсынылған әдебиет:

1. Романов Б.А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.
2. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

7 ТАҚЫРЫП. МАРКЕТИНГТІК ТАЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

Дәріс жоспары

7.1 Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау

7.2 Нарық және нарық конъюктурасын талдау

7.3 Кәсіпорынның баға саясатын талдау

7.1 Кәсіпорынның маркетингтік қызметін талдау

Маркетингтік талдауда да, тұтынушыпар мен бәсекелестерді талдау болуы қажет. Тұтынушыларды талдау тұтынушылардың сұранымын, нарықтың потенциалды сегменттері мен сатып алу процесінің сипатын анықтауы керек. Ол үшін жобаны жасаушы нарықты мұқият зерттеп, оған әсер ететін институционалды шектеулер мен нарық құрылымының шеңберінде негізгі бәсекелестерін талдау керек. Маркетингтік талдау нәтижесінің негізінде маркетингтік жоспар құрылады. Ол жоспарда өнімді әзірлеу стратегиясы, баға белгілеу, тауардың нарыққа жылжуы мен өтуі анықталуы тиіс. Бұл «аралас маркетинг» элементтері тұтасқа бірігіп, нарықта өнімге неғұрлым бәсекеге ыңғайлы жағдай жасауы керек. Маркетингтік жоспар фирманың басқа да шығаратын өнімдерінің бар болуын және фирма қызметінің ұйымдастырушылық, қаржылық, өндірістік және жабдықтау аспектілерін есепке алу керек. Маркетингтік жоспар шеңберінде мүмкіндігінше бәсекелестерінің әрекеттерін және оның осы жоспардың орындалу мүмкіндігіне тигізетін әсерін болжау керек.

Маркетингтік талдау сұранысты алдын ала болжауды қамтиды. Инвестициялық жобаны даярлау барысында жобаның дәлдігін қалаулы дәлдікке жету шығындарымен салыстыра отырып анықтау керек. Шешім қабылдау процесі белгісіздік жағдайында іске асса да, дұрыс болжау осы белгісіздік дәрежесін азайтады.

Инвестициялық жобалаудың барлық маркетингтік аспектілерін қарастырудың мүмкін еместігін түсіне отырып, маркетингтің негізгі мағыналық бөлімдеріне тоқталайық. Маркетингтің барлық сұрақтарының түйісуі келесі блоктарды атап көрсетуге мүмкіндік береді: нарықты талдау, бәсекелік ортаны талдау, өнімнің маркетингтік жоспарын жасау. Аталған бөлімдердің қажетті шарты қолданылатын ақпараттардың шынайылығы болып табылады. Төменде көрсетілген блоктардың қысқаша сипаттамасы көрсетілген.

7.2 Нарық және нарық конъюктурасын талдау

Нарықты зерттеу мақсаты – тұтынушылардың сұранымын анықтау, маркетинг бойынша шешім қабылдауды жеделдету және сапаны жоғарылату үшін нарық сегменттері мен сатып алу процесін анықтау. Сұрыныс пен өнімді өткізуді талдауда келесі сұрақтар қарастырылуы керек:

Потенциалды сатып алушы кім? Өнімді сатып алу себептері қандай? Сатып алу қалай жүргізіледі? Қандай ақпараттар керек және оларды қалай жинауға болады?

Нарықты құрылымдық зерттеуді мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындардың, жергілікті, ұлттық немесе халықаралық компаниялардың, дәстүрлі немесе жаңа, маркіленген немесе маркіленбеген өнімдердің бәсекелестерін анықтаудан бастау керек. Нарыққа енген жаңа қатысушылардың (болашақ бәсекелестер) мүмкіндіктері мен мәнін және тауар алмастырушылар тарапынан (мысалы, мақта мен синтетика, алкагольсыз сусындар мен жеміс-жидек шырындары) бәсекені бағалау керек.

Нарықтық механизмнің негізгі элементтерінің бірі – баға. Нарықтық баға өндірушілердің және тұтынушылардың өз арасындағы бәсеке нәтижесінде қалыптасады. Бұған бәсекеден басқа да көптеген факторлар әсер етеді. Жалпы нарық бағасына нарыққа қатысушылардың бәрі де әр түрлі деңгейде тәуелді болады, әсіресе сұраным мен ұсыным нарықтық баға әсерінен қалыпты жағдайдан тез ауытқиды. Сондықтан да нарықтық бағаның құрылуын, қалыптасуын және оның ауытқу заңдылықтарын біліп отыру, әр кәсіпорынның табысты тұрақты алуына және өндіріс бағытын жетілдіруге негіз бола алады. Міне, әр салада, әр сферада және әр тауар түрі бойынша бағаның құрылуының маңызы мен маңыздылығы осында десек, артық айтқандық емес.

7.3 Кәсіпорынның баға саясатын талдау

Баға құрудың негізгі міндеттері: өндіріс, тауарды өткізу, құнның қалыптасуы, жалпы ішкі өнім мен ұлттық табыстың өндірілуі, оның бөлінуі және пайдаланылуы, баға түрлері, олардың негізгі принциптері мен есептеу жолдарын анықтау. Жалпы баға – күрделі экономикалық категория. Сондықтан да баға теориясын түсіну және оны нақты практикада іс жүзінде қолдана білу болашақ мамандар үшін аса қажет. Өйткені, Қазақстан Республикасы жағдайында бағаның құрылуының өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтсақ, бағаның құрылуы өндіріс және айналым шығындары негізінде және бағаның нарықтағы сұраным мен ұсынымның өзара әрекеті негізінде құрылуы, бағаның нарықтық қатынастардағы орны,

баға құрылымының механизмі және оның өзіндік сипаты тұрғысындағы өзекті мәселелер бәсекелестік ортаға тікелей әсер етеді. Сондай-ақ экспорт және импорт тауарлары мен қызмет көрсету түрлерінің сыртқы сауда бағасы және ұлттық баға жүйесі, сыртқы сауда бағасының жіктелуі, экспорт және импорт тауарларының ішкі бағасы және оның қалыптасу тәсілдері мен принциптері, сонымен қатар экспорттық және импорттық қосымша, сараланған валюта коэффициенті, оның мәні және есептеу тәсілдері, Қазақстан Республикасына ТМД елдерінен әкелінген тауарлар бағасын есептеу әдістемесі де экономикадан өзіндік орын алады.

Жұмыстың негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасындағы тауарларға баға қалыптастыру саласын дамытудың актуалды мәселелерін табуға ұмтылыс және мемлекеттік нарықтық саясатының мазмұнын талдау.

Жұмыстың негізгі міндеттері:

- маркетинг жүйесіндегі қызмет көрсету мен тауарлардың алға жылжуын қамтамасыз етудің мәселелерін ашып көрсету;
- маркетингтегі баға саясатының тауар мен қызмет көрсетудің дамуында кері әсер туғызатын факторларды көрсету;
- маркетинг жүйесіндегі тауар мен қызмет көрсетудің қалыпты деңгейде дамуы үшін баға саясатының мазмұнын талдау және оны іске асыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Нарықты талдауда қандай көрсеткіштер қолданылады?
2. Сұранысқа қандай факторлар әсер етеді ?
3. Сұраныс икемділік категориясына қарай қандай түрлерге бөлінеді?
4. Қызметтерге бағаны қалыптастыруда қандай факторлар әсер етеді?
5. Қызметтердің өмірлік циклінің әртүрлі стадияларында кәсіпорын қандай бағалық стратегияларды қолданады?

Ұсынылған әдебиет:

1. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.
2. Ионов А. Ф., Селезнева Н. Н. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с.
3. Өтепберген К.Е. Тәуекелді басқару. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2015. – 104 б.
4. Утибаев Б.С. и др. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Альманах, 2015. – 424 с.

8 ТАҚЫРЫП. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ӨТКІЗУ КӨЛЕМІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 8.1. Қызметтерді өткізу динамикасын талдау*
- 8.2. Қызметтер құрылымын және кәсіпорынның ассортименттік саясатын талдау*
- 8.3. Өнім өндірісінің және өткізу көлемін талдау*
- 8.4. Кәсіпорынның басқару құрылымын талдау*

8.1 Қызметтерді өткізу динамикасын талдау

Шаруашылық ететін субъектінің сәттілігі немесе сәтсіздігі сұраныстың деңгейі, сипаты, құрылымы қаншалық мұқият зерттелуі мен анықталуынан және оның өзгеру беталысынан тәуелді болады. Нарықты зерттеудің нәтижелері шаруашылық стратегиясы мен тауарлық ассортиментті жасаудың негізіне салынған. Олар өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) жаңарту екпінін, өндірістің техникалық жетілдіруін, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына мұқтаждықты анықтайды. Шаруашылық субъектісі өндіріс көлемін жоспарлаған және өндіріс қуатын анықтаған кезде қандай өнімді, қандай көлемде өндіретінін, қашан, қайда және қандай бағаға сататынын анықтайды. Соңғы қаржылық нәтижелер мен қаржылық тұрақтылық осыған байланысты.

Ресурстар оның өнімдеріне сұраныс бар салалар мен кәсіпорындарға түседі. Нарықтық жүйе пайдасы жоқ салалар мен шаруашылық субъектілерін сирек кездесетін ресурстардан айырады. Шаруашылық субъектілері тауарларды оны өткізуден пайда түсіп тұрған уақытқа, осы тауарларға сұраныс қаныққанға дейін өндіреді. Қанша және қандай тауарларды өндіру, қандай бағамен оларды сату, капиталды қайда салу сұраныс және ұсыныс механизімімен, пайда нормасымен, акция бағамымен, валютамен, несие пайызымен анықталады.

Өндіріс көлемінің өсу және өнімді өткізу екпіні, сапаның жоғарылауы шығындардың, түсімнің және рентабельділіктің көлеміне тікелей әсер етеді. Шаруашылық субъектілердің іс-әрекеті аз шығынмен жоғары сапалы өнімді көбірек шығару және сатуға бағытталуы қажет. Сондықтан өндіріс көлемі мен өнімді өткізуді талдаудың маңызы зор.

Бәсекелестермен салыстырғанда тарату көлемін көбейту, өндірістік қуаттарды барынша пайдаланған кезде рыноктың үлесін кеңейту, оның сапасын жақсарту жолдарын табу, шығару көлемін өсіру үшін ішкі

резервтерді табу және нәтижесі – кәсіпорынның түсімін көбейту өнімді шығару мен өткізуді талдаудың мақсаты болып табылады.

8.2 Қызметтер құрылымын және кәсіпорынның ассортименттік саясатын талдау

Кәсіпорындарда өнімді шығару мен өткізуді талдаудың негізгі міндеттері:

- көлемнің негізгі көрсеткіштері бойынша, өнімнің құрамы мен сапасы дамуын бағалау;
- бизнес-жоспарлардың, жоспарлау көрсеткіштерінің, олардың қарбаластығы мен нақтылығының теңгерілімі мен оңтайлылығын тексеру;
- өндіріс көлемі мен өнімді өткізу мөлшері өзгеруіне факторлар ықпалының дәрежесін айқындау;
- өнімді шығару мен өткізудің ішкі шаруашылық резервтерінің көбеюін айқындау;
- өнімнің өсу, ассортименті мен сапасының жақсарту екінін көтеру үшін ішкі шаруашылық резервтерді пайдалану бойынша іс-шаралар жасау болып табылады.

Талдаудың осы бағыттағы объектілері:

- өндіріс көлемі мен өнімді өткізу;
- өнімнің ассортименті мен құрамы;
- өнімнің сапасы;
- өнімнің ырғақтылығы болып табылады.

Өнімді өндіру мен өткізуді талдау процесінде өндірістің өсуіне тежеуіл болатын себептер ашылуы тиіс:

- өндіріс пен еңбекті ұйымдастырудағы кемшіліктер;
- материалдық, еңбек және ақша ресурстарын тиімсіз пайдалану;
- өнімнің жарамсыздығы.

8.3 Өнім өндірісінің және өткізу көлемін талдау

Жалпы өнім – бұл аяқталмаған өндіріспен қоса, барлық өндірістік өнім мен орындалған жұмыстың құны.

Тауарлы өнім жалпы өнімнен айырмашылығы оған аяқталмаған өндіріс қалдықтары мен ішкі шаруашылық айналымы жатпайды. Есепті жылда жұмыс істейтін көтерме бағада сипатталады.

Өткізілген өнім – бұл сатып алушымен тиелген және төленген өнім құны.

Өндіріс көлемін зерттеу белгілі іскерлік белсенділік диапазонында жүзеге асады, яғни релевант қатарын білдіретін *min* — *max* шегінде. Талдау абсолютті *min* — *max* шегінде ғана емес сонымен қатар өзгермейтін тұрақты шығындар шегінде де өткізілуі мүмкін. Релевант қатары минималды мүмкін, барынша мүмкін, шығарылым және өнімдерді сатуының ұтымды және нақты көлемдерін құрайды.

Минималды мүмкін (шығынсыз) өткізу көлемі – бұл өндірістің орнатылып қойылған шарттар мен өнім бағасына табыстар мен шығындар теңелетін көлем.

Максималды көлем өндірістік факторлардың максималды жүктеуін қамтамасыз етеді.

Ұтымды өткізу көлемі дегеніміз белгілі баға диапазонында орнатылған өндірістік шарттар бойынша максималды пайда әкелуді қамтамасыз етеді. Оптимизациялау міндеті паркатикалықтан гөрі көбінесе теориялық, дегенмен өнімді өткізуді жоспарлауда оптималды көлемді білуге тиісті бағдар болып табылады.

Шығару көлемінің және өнімді өткізуге ретроперспективті талдау жүргізу үшін ақпараттар көзі ретінде статистикалық есептілік пен №16 «Дайын өнім қозғалысы және оларды тиеу мен өткізу» ведомосінде көрестелілген бухгалтерлік есеп мәліметтері қолданылады.

Аталып кеткен ақпараттар көзі ретроперспективті талдау өткізу үшін қолданылды, маңызды ролі шаруашылық қызметінің тәжірибесімен расталады. Оперативті талдау бухгалтерлік есептің алғашқы мәліметтері бойынша жүргізіледі.

Өткізу және шығарудың перспективалы талдауы басқару талдауының мәліметтерін құрайды және альтернативті басқару шешімін бағалау және олардан ең ұтымдысын таңдаған кезде қолданылады.

Кәсіпорын қызметінің нәтижесінің негізгі көрсеткіші болып өткізілген өнім көлемі табылады. Өткізу көлемінің мөлшерінен қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижесі, рентабельділік және айналымдылығы тәуелді болады. Осы көрсеткіш арқылы кәсіпорынның нарықтағы маңыздылығы туралы пікір айтады.

8.4 Кәсіпорынның басқару құрылымын талдау

Фирма ішіндегі басқару қызметтері төмендегідей болып келеді.

- өндірістік басқару;
- өнім өткізуді басқару;
- шығын көлемін басқару;
- артық қолдарды басқару

- өнім сапасын басқару;
- қызметкерлерді басқару;
- болашақ істі басқару;

Басқару қызметі – басқарудың жүзеге асыратын көрсеткіштері мен, жұмыс істеу нормаларымен; кері байланыспен; ауытқуларды жоспарлаған нәтижелермен мақсаттарға сәйкестендіріп реттеулермен өте тығыз байланысты.

Егер өткізілген өнім көлемі жоспарланғаннан төмен болған жағдайда, онда мына төменде көрсетілген түзету амалдарын қолдану қажет;

- жарнаманы күшейту;
- өнім өткізу ісімен айналысатын қызметкерлердің білім деңгейлерін көтеруді ұйымдастыру;
- бағаны өзгерту;
- өнім сапасын жетілдіру жұмыстарын жүргізу.

Өте тез арада қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін ұйымды басқару жолы нақты және қарапайым түрде болуы керек.

Кез-келген ұйымға қолданбалы басқару қызметі-басшы орындайтын қызметтерді жүзеге асыру арқылы жасалынады. Жалпы сипаты бар мамандырылған басқару қызметтері, яғни жоспарлау, ұйымдастыру бақылаумен, байланысты болады.

Басқару қызметі ретінде қарастырылған жоспарлау құрамына мыналар жатады.

- мақсаттарды таңдау;
- оларға жету жолдарын анықтау;
- іс-әрекетке бағытталған стратегияны жасау;
- сызықтық өткізу тактикасын жасау;
- бағдарламаларды, процедураларды ережелерді жасау.

Ұйым қызметінің жиі өзгеріп отыратын нарық конъюктурасына қолайлы. Әрі тиімді бейімделуін жоспарлау болжап отырады. Ол әр- түрлі ойластырылмаған жағдайлардың пайда болуына өте жоғары деңгейдегі дайындықты қамтамасыз етіп отырады.

Ұйымдастыру қызметі ұйымның жұмыс істеуіне саналы түрде заңдастырылған бөлімдердің құрлымын, қызмет орындарын құруға бағытталады.

Бағынушы қызметкерлердің бағалау мен жөндеу жұмыстары болып жатқан іс-әрекеттердің жоспарланғандармен сәйкес келуін басқару аппаратының бақылау қызметі анықтайды. Басшыға ұйымның қызметін ұйымдастырып, жоспарлап, бақылау жеткіліксіз. Сондықтан да қызметкерлерді, жұмысшыларды ұйым мақсатына жету үшін міндетті түрді ынталандырып, талпындыру қажет.

Ынталандырып, басқару қызметі ретінде адамдар әртүрлі іс-әрекеттерге тарту мақсатымен әсер ету процесі болып табылады. Ол адамдарға әр түрлі тәсілдер мен әдістер арқылы әсер етуді қолдану жолы арқылы жүзеге асырылады. Адамдардың қасиетін білі отырып, басшы жұмыстарды басқарудың түрлері мен әдістерінің тиімді жүйесін жасап шығарады.

Басқаруды ғылымдық тұрғысынан алып қарағанда, оның басқару қызметін ұйымдастыруының төмендегі дей түрлерін бөліп көрсетуге болады:

- қатаң регламентті, басқару қызметінің өте қатаң тәртіпке негізделген түрі;
- нормативті, әртүрлі нормативті, баға мөлшерлерін, еңбекақы, жұмыс уақыты және тағы басқаларын қолдану арқылы басқару қызметінің икемді түрі;
- әлеуметтік реттеу « адам факторына » негізделген түрі;
- басқаратын, тәртіп орнататын қызмет түрі, бұл қызмет түрі әрбір қызметкерлерге арнаулы кітапша қолдану арқылы басқарады, ал кітапшаларға әртүрлі жарлықтар жазылып отырады. Кейін сол жарлықтардың орындалуы осы кітапшалар арқылы бақыланады.

Ұйым тиімді жұмыс жасау үшін, басшылардың міндеттері мен жауапкершіліктірінің шектерін анықтап алу қажет. Басқару қызметке уақыттың тығыздылығымен оның әртүрлілігі тән. Сонымен бірге басқару жұмысына басшының ұйым ішіндегі орны да елеулі әсерін тигізеді. Ол – нақты ұйымға немесе нақты қызмет орнына сәйкес тәртіп ережелерінің жиыны болып саналады. Басқарушы қызметкерлердің тәртібін, олардың қызмет орнын анықтайды.

Қазақстан Республикасының нарық қатынастарына өтудегі нақты мүмкіндіктері, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеудегі кездесетін сұрақтарға көп көңіл бөлуге мәжбүр етуде. Мемлекеттік реттеу сұрақтарына басқару жүйесінің негізгі қызметі ретінде атақты батыс экономисті Д.Кейнс еңбектерінен бастап әр түрлі экономист ғалымдардың бірқатар теориялық зерттеулері жатады.Әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеу дүние жүзінің дамыған елдерінің барлығында да қолданылады деп айтуымызға болады.

Реттеу-бұл экономиканың өсуіне жағдай жасауға бағытталған экономикалық, ұйымдастырушылық және әлеуметтік шаралар жүйесі.

Экономикаға мемлекеттің араласуы басқару кадрларының құрылуына, мәліметтер технологиясының дамуына, экономикалық ғалымдардың қолданбалы сипаттама негізінде пайда болуына мүмкіндік туғызды.

Бұл жағдай Д.Кейнстің көрсетуі бойынша капитализмнің қарама-қайшылықтарын шиеленістіре түсті.

Нарық экономикасы дамыған алдыңғы қатарлы дүниежүзі елдерінің тәжірибелерін зерттей келе, әлеуметтік-экономикалық дамуды мемлекет тарапынан реттеуде пайда болатын қарама-қайшылықтарды жеңілдету мүмкіншілігінің пайда болатынына көз жеткізуге болады. Мұндай реттеу – мемлекеттік кәсіпкерлік, ғылыми жұмыстар мен тәжірибелік-конструкторлық зерттеулерді өткізу, инфрақұрылымды және халық шаруашылығына қажетті қатынастарды құруға байланысты қызметтің негізгі түрлеріне ие болады.

Мемлекеттік реттеу негізінен екі әдіспен жүзеге асады. Оның біріншісі – тура жолмен, яғни әкімшілік-әміршілдік, ал екіншісі-жанама жолмен (салықтар, несиелер, проценттік төлемдер, жеңілдіктер, субсидиялар және т.б.)

Бұрынғы одақ республикаларының өткен жылдардағы тәжірибелерінің зерттеулері негізінде әкімшілік-әміршілік әдіспен мемлекетті реттеу қажетті нәтижеге жету үшін тиімсіз екенін көрсетті, яғни тура әсер етудің жанама әсер ету шараларымен үйлесімділігінің қажет екендігін айқындады. Тура және жанама шараларды мемлекет тарапынан реттеп отыру АҚШ, Жапония және басқа дамыған елдердің экономикасын мемлекеттік реттеу мәселелерін тереңірек зерттегенде көруге болады. Қазіргі жағдайда капиталистік мемлекет амортизациялық есептен шығару көлемін анықтайды, тауар әкелуге сандық шектеулер мен кедендік салық енгізеді, жұмыс күнінің ұзақтығын шектейді, мемлекеттік стандартты белгілейді және т.б. Бұл шараларда мемлекет экономикаға тек қана әкімшілік әдіспен ықпал етеді, ол өзінің жеке капиталын қоспайды және қазынадан қаражат алмайды. Экономиканы жақсарту үшін тек қана әкімшілік шаралардың болуы жеткіліксіз. Экономиканың өсу жағдайын жасау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға, инфрақұрылым құруға, әлеуметтік орта саласына қажет құрылыммен қамтамасыз ету үшін айтарлықтай көп қаражат керек. Бұл мақсаттарға қажет қаражаттарды мемлекеттің ұлттық табысты қайта бөлуі арқылы қатысуы-реттеудің барлық жүйелерінің негізі болып табылады. Мемлекет қысым жасап табыстың біршама бөлігін салық салу арқылы алады. Мұндай елеулі қаражаттардың мемлекет бюджетіне бөлінуі ұлғаймалы өндіріс процесіне ықпал етуге мүмкіндік береді.

Мемлекет ұлғаймалы өндіріс процесі мен экономикалық қатынастардың барлық жақтарына – өнеркәсіптер мен ішкі сауда министрлігі; қаржы, еңбек министрліктері; экономикалық жоспарлауды басқару, қоршаған ортаны қорғау қызметтерін басқару мекемелері арқылы

әсер етеді. Сонымен қатар, ол экономикалық өрлеуге, оның құрылымы мен өсу деңгейіне, ірі және кіші меншіктердің ара қатынасына, бәсекеге, өнеркәсіп өндірісінің құрылымына, капитал мен еңбектің өзара қатынасы мен еңбекпен қамтылуына, несие-ақша айналымына, баға белгілеу мен сыртқы экономикалық байланыстарға да ықпалын тигізеді.

Фирма капиталдан басқарудың тәсілі дегеніміз – бұл ұйымдардың алдарына қойылған мақсаттарға жету үшін басқарылатын объектілерге септігін тигізетән әдістер жиынтығы болып табылады. Осы басқару тәсілдері арқылы жүзеге асырлатын іс-әрекеттің негізінде басқарудың бағыттылығын, маңыздылығын және ұйымдық түрін бөліп көрсетуге болады. Басқару тәсілін бағыттылығы бұл басқару жүйесіне немесе объектілерге басқару тәсілінің бағыттылығын көрсетеді.

Басқару тәсілінің маңыздылығы бұл әсер ететін тәсілдер мен әдістердің өздеріне тән өзіндік ерекшеліктері. Фирма капиталдан басқарудың негізінен 3 түрлі тиімді әдістері бар:

1. Тікелей дерективті нұсқауға негізделген ұйымдық әкімшілік әдістер;
2. Экономикалық ынталандыруға себепші болған экономикалық әдістер;
3. Қызметтің әлеуметтік белсенділігін жоғалату мақсатында пайдаланылатын әлеуметтік – психологиялық әдістер.

Бақылау сұрақтары:

1. Өткізу көлемінің өзгерісіне қандай факторлар әсер етеді?
2. Қызметтерді өткізу динамикасын талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?
3. Қызметтерді өткізу көлеміне әсер ететін негізгі өндірістік және нарықтық факторларды келтіріңіз
4. Ассортимент бойынша жоспардың орындалмауының сыртқы және ішкі себептерін атаңыз
5. Қызметтерді өткізу көлеміне маусымдылық әсерін талдау үшін қандай көрсеткіштер қолданылады?

Ұсынылған әдебиет:

1. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.

2. Ильин А.И. Планирование на предприятии: Учебник – Мн.: Новое знание, 2011. – 2-е изд., перераб. – 635 с.
3. Романов Б. А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.
4. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

9 ТАҚЫРЫП. ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

9.1 Қызмет сапасын талдау

9.2 Қызметтің орындалу сапасын талдау

9.1 Қызмет сапасын талдау

Нарықтық экономика жағдайында үй шаруашылығы, өндірістік және сауда фирмалары арасында, түрлі ұйымдар арасында, қызметкерлер мен фирмалар арасында, соңғысы мен мемлекет арасында әр түрлі экономикалық байланыстар бар. Мұндайда олардың қозғалыс механизмін білмеу себебінен туындайтын нарықтық қатынастар дамуының келеңсіз құбылыстары қоғамның ілгерілеуіне кедергі болатын факторлар қызметін атқарады, осыған байланысты экономикалық әдебиетте шешімдері шаруашылық механизмін жетілдіруде, оның ішінде, қызмет көрсету нарығында сервис сапасын көтеруде аса маңызды роль атқаратын тауар-ақша қатынастары, нарықтық экономиканы дамыту мәселелеріне аса назар аударылып отыр.

Нарық, нәтижесі тауарлар мен қызмет көрсетудің айналым процестері болып саналатын алып-сату қатынастарын болжайды. Қазіргі кезеңде мәселе тек өндіріс туралы ғана болып отырған жоқ, көбіне тауарларды өткізу, сауда қызмет көрсету сапасы туралы да болып отыр. Фирмалардың тиімділігін көтеру мәселелерін шешу енді тауарлар айналымы мен қызмет көрсету саласына аударылып отыр.

Қызмет көрсету нарығы барлық нарықтарға ортақ схема бойынша қалыптасады. Қызмет көрсету нарығы сол немесе басқа дәрежеде тұрмыстық, коммуналдық, көліктік, мәдени, білім беру, денсаулық сақтау, делдалдық, ақпараттық және халыққа қызмет көрсету бойынша басқа қызмет түрлерін қамтып отыр. Қызмет көрсету нарығының дербес бөлігі өндірістік қызметтер, яғни өндірісте қызмет көрсету бойынша қызмет түрлері қатысады.

Таза нарықтық экономикада мемлекет тарапынан ешқандай жәрдем ақша болмауы қажет, бірақ тәжірибеде саяси, әлеуметтік сияқты, моральдық жағынан да оларсыз күн көру мүмкін емес. Әсіресе, сөз білім беру жайлы болса.

Қазіргі заман адамының өмірі, қалай дегенмен де, қызмет көрсетумен байланысты. Себебі қызмет көрсету саудасына коммуналдық игілік те,

байланыс та, банктік бизнес те, көтерме және бөлшек сауда да, көлік тасымалы да, сондай-ақ сақтандыру, заңды, медициналық, білім беру қызметтері және т.б. жатады. Қызмет көрсету сапасына мемлекет табысы да, фирма пайдасы да, қолайлылық, тұтынушылардың қауіпсіздігі де, әл-ауқаты да байланысты болады.

Мұндағы байланыс тура әрі айқын: өмірді жеңілдетуге арналған сапалы қызметтер назар аудартады, оларды қолдануға ықыласын тудырады. Бөлшек саудада біртіндеп туындаған оңтайлы жағдай тұтынушыларға біреуін екіншісімен салыстыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ подталкивает бәсекелестерді әрқашан жақсарып отыратын қызметтерді олардың сапасын қамтамасыз ете отырып, ұсынуға итермелейді.

Қызмет көрсету саласын дамыту қажеттілігі халықтық тұтыну құрылымында біршама қайта құруды, қызмет үлесінің едәуір өсуі мен материалдық тұтынудың меншікті салмағының талап етеді. Қызмет көрсету сапасы мен мәдениетін түпкілікті жақсарту, сәйкес кәсіпорындар желісін кеңейту, қызмет көрсету көлемін арттыру, олардың жаңа түрлері мен формаларын енгізу қажет (бұл әсіресе туристердің көп мөлшері қатынайтын Алматы облысы үшін аса тиімді).

9.2 Қызметтің орындалу сапасын талдау

Америкалық шындықтың негізгі феномендерінің бірі болып қызмет көрсету саласының аса зор өсімі саналады. Бүгінде оған ауыл шаруашылығында барлық еңбекпен қамтылғандарды есептемегенде, қалған 73% жұмыс орны келіп отыр. Салыстырмалы түрде: ГФР-да қызмет көрсету саласында 41% жұмыс орны, Италияда – 35% жұмыс орны қамтылған. Әл-ауқаттың өсуі, бос уақыттың көбеюі және техникалық қызмет көрсетуді талап ететін тауарлардың күрделенуі Америка Құрама Штаттарын экономикалық қызмет көрсететін әлемдегі бірінші елге айналдырды. Өндірістегі шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік калькуляциялаудың қарапайым әдісі біртекті бір немесе екі түрлі өнім шығаратын кәсіпорында (су электр стансалары, кен, көмір, мұнай мен газ өндіретін кәсіпорындар) пайдаланылады. Оларда, әдетте, аяқталмаған өндіріс болмайды (егер де олар болса, онда оның көлемі шамалы болады) және жартылай өңделген өнімдерді өзі өндіреді. Кей уақытта оны бөлістік (попередельный) шығындарын есептеу мен калькуляциялау әдісінің бір нұсқасы деп санайды, себебі калькуляциялау бір ғана бөліс бойынша ғана жүргізіледі. Бұл әдісте өнім шығаруға кеткен үстемелі шығындардан барлығын шығарылған немесе өндірілген өнімнің көлемін

бөліп тікелей өзіндік құнды анықтайды. Егер де кәсіпорын оның өзінің есептік саясатында қарастырса, онда бұл әдісті қолдануға рұқсат етілуі мүмкін. Бұл әдістің мәні бүкіл шығарылған өнімге кеткен шығындарды есептеуден тұрады. Өнім бірлігінің өзіндік құнын тікелей есептеу жолымен шығарады, яғни шығын деңгейін өндірістің табиғи көлеміне немесе шартты-табиғи көрсеткішіне жай бқлу арқылы табады. Кейбір салаларда шығындар (мысалға, көмір өндірісінде) әрбір технологиялық үдеріс бойынша есептелінуі мүмкін.

Сонымен, көмір өндіру өнеркәсібі бірнеше кезеңнен тұрады: дайындық жұмыстары, көмір өндіру, шахтыға дейін тасымалдау және сыртқа (жоғарыға) шығару, сорттау, өңдеу, вагонға тиеу. Міне, сондықтан бұл жердегі шығындарды есептеу мен калькуляциялау қарапайым әдісі үдерістік деп атауы да осындан шыққан. Мұнда кәсіпорын барлық шығындарды өндіретін өнімнің бір түріне, ал аяқталмаған өндіріс болмаған жағдайда шығарылған өнімге жатқызады, ал біртекті өнім шығарлатын жерде калькуляциялаудың барлық баптары бойынша өндірістегі шығындарды негізделген мөлшерлеу арқылы оңайлатады. Көптеген кәсіпорындардың жұмыс тәжірибесі өндірістік қарапайым әдісінің дұрыстығын және алдыңғы қатарлы екенін дәлелдеп береді. өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау мен шығынды есептеу әдісінің қарапайым төрт нұсқасы бар.

Бірінші нұсқа кемзінде тікелей және жанама шығындар бүкіл өнімді шығаруға жұмсалған шығындардың белгіленген баптары бойынша есепке алынады. өнімнің бір өлшемнің өзіндік құны барлық өндірістік шығындарды дайын өнімнің санына бөлумен айқындалады. Бұл өндірістерде (су электр стансалары, құм, сазбалшық дайындау) аяқталмаған өндіріс, жартылай өңделген өнімдер және өнімнің құрамдас бөліктері болмайды.

Екінші нұсқасы аяқталмаған өндірісі бар кәсіпорындар қолданады. Бұл арада дайын өнім мен аяқталмаған өндіріс арасында шығындардың бөлудің қажеттілігі туындайды. Бұл нұсқа бір текше метр ағаштың өзіндік құнын калькуляциялау кезінде ағашты дайындау өнеркәсібінде қолданылады. Аяқталмаған өндірісті, әдетте, инвентарлық әдісін пайдалана отырып, бағалайды.

Үшінші нұсқа бір мезгіл өнімнің бірнеше түрлерін шығаратын немесе өндіретін: жылу мен электр энергиясын шығаратын, мұнай мен газ өндіретін, балық аулайтын кәсіпорындарда қолданылады. Мұндай жағдайларда шығындар тұтас өндіріс бойынша, яғни қарапайым әдіспен есепке алынады, тал өнімнің өзіндік құны үйлестірілген әдіспен калькуляцияланады. Мұнай мен газ өндіру кезіндегі энергетикалық шығындар,

амортизация, жер астындағы ұңғыма жабдықтарын жөндеу, жер қыртысының қайтарымдылығын жақсартуға, мұнайды айдауға және сақтауға жұмсалатын шығындар тікелей белгілері бойынша – мұнайға, ал газ жинай және тасмалдау жөніндегі шығындар – газға жатқызылады. Қалған шығындар кәсіпорынның орташа кесімді бағасы бойынша бағаланады және мұнай мен газдың жалпы табылған үлесіне тепе-тең мөлшерде мұнай мен газ арасында бөлінеді.

Қарапайым әдістің төртінші нұсқасын өнімнің өзіндік құнын анықтамай-ақ шығындар есебін бөлістік немесе үдерістік әдістер бойынша жүргізілетін кәсіпорындар пайдаланады. Бұл нұсқаны химия мен құрылыс материалдарын шығаратын өнеркәсіп қолданады. Бұл арада шығындарды есепке алудың және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың қарапайым және бөлістік әдістері үйлесімді пайдалынады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қызмет сапасын талдаудың негізгі бағыттарын келтіріңіз
2. Қызметтің орындалу сапасын талдаудың негізгі көрсеткіштері қандай?
3. Тұтынушыларға қызмет ету сапасын талдау нені сипаттайды?

Ұсынылған әдебиет:

1. Алданиязов К.Н. Управленческий учет и анализ: Учебное пособие. - 2-е издание. – Алматы: Нурпресс, 2014. – 204 с.
2. Джаншанло Р.Е. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Изд-во «Lem», 2015. – 684 с.
3. Еремеева Л.Э. Экономика предприятия. Учебник для студентов учреждений высшего образования. – Москва: Академия, 2017. – 270 с.
4. Утибаев Б.С. и др. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Альманах, 2015. – 424 с.

10 ТАҚЫРЫП.ӨЗІНДІК ҚҰНДЫ ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

10.1 Өнімнің өзіндік құны талдау міндеттері мен маңызы.

10.2 Өзіндік құнның көрсеткіштерін талдау.

10.3 Шығындарды талдаудың ақпараттар көзі, мақсаты және мәні.

10.4 Өнімді өндіру шығынарының жалпы сомасына талдау.

10.1 Өнімнің өзіндік құны талдау міндеттері мен маңызы

Өнімнің, тауардың және қызметтің өзіндік құны деп өнімді дайындау немесе жұмысты орындау барысында тікелей пайдаланылатын негізгі қорлардың бүкіл ресурстарының, табиғи және өнеркәсіптік шикізаттың, материалдардың, жанар-май мен энергияның еңбектің шығындарының ақшалай формадағы көріністерін айтады.

Өзіндік құнды талдау міндеттері:

1. Шығын қозғалысын талдау және өзіндік құн мен өндіріс шығындары бойынша жоспардың негізделуін бағалау.
2. Өзіндік құн бойынша жоспардың орындалуының динамикасы мен дәрежесін анықтау.
3. Өзіндік құн динамикасының көрсеткіштеріне әсер еткен факторлардың анықтау, шынайы шығында жоспарланғаннан ауытқуының шамасы мен себептері.
4. Өнімнің жеке түрлерінің өзіндік құнын талдау.
5. Өнімнің өзіндік құнын әрі қарай төмендету резервтерін анықтау.

Талдаудың ақпарат көздері:

- «Кәсіпорынның (ұйымның) өнім (жұмыстар, қызметтер) өндірісі және сатып өткізілуіне кеткен шығындары жөніндегі есеп беру»,
- өнімнің өзіндік құнының жоспарлық және есептік калькуляциялары,
- негізгі және қосалқы өндірістер бойынша шығындарды синтетикалық және аналитикалық есепке алу деректері және т.б.

10.2 Өзіндік құнның көрсеткіштерін талдау

Кәсіпорындардағы өзіндік құнды жоспарлау және есепке алу шығындар элементтері және шығындардың калькуляциялық баптары бойынша жүргізіледі

Шығындар элементтері:

- материалдық шығындар (шикізат пен материалдар, сатып алынатын жиынтықтаушы бұйымдары және жартылай фабрикаттар, отын, электр энергиясы, жылу энергиясы және т.с.с.)
- еңбекке ақы төлеу шығындары
- әлеуметтік қажеттіліктерге төлемдер
- негізгі қорлардың амортизациясы және басқа да шығындар (материалды емес активтердің тозуы, жалгерлік төлем, міндетті сақтандыру төлемдері, банк несиелері бойынша пайыздар, өнімнің өзіндік құнына кіргізілетін салықтар, бюджеттен тыс қорларға төлемдер және т.б.).

Тікелей шығындар өнімнің белгілі бір түрлерін өндірумен байланысты (шикізат, материалдар, өндірістік жұмысшылардың жалақысы және т.б.). Олар калькуляцияның қандай-да бір объектіне тікелей жатады.

Жанама шығындар өнімнің бірнеше түрлерін өндірумен байланысты және калькуляция объектітеріне сәйкес базаға (жұмысшылардың негізгі және қосымша жалақысына немесе бүкіл тікелей шығындарға, өндірістік алаңға және т.с.с.) пропорционалды түрде үлестірілу арқылы жатқызылады.

Жанама шығындардың мысалы ретінде жалпы өндірістік және жалпы шаруашылық шығындарды, негізгі қорларды күту шығындарын және т.б. келтіруге болады.

Қысқа мерзім кезеңінде өндірістің жалпы, тұрақты және айнымалы шығындары анықталады.

Жалпы шығындар (TC) – бұл өндіріске кеткен барлық шығындар және тұрақты, айнымалы шығындардан тұрады.

$$TC = FC + VC$$

Тұрақты шығындар (FC) – өнім шығару көлемінің өзгеруіне байланысты өзгермейтін шығындар. Бұларға салықтар, жалға беру, төлемдер, сақтандыру, амортизация және т.б.

Айнымалы шығындар (VC) – бұлар өнім көлемі өзгерсе бірге өзгертін шығындар. Олар шикізатқа, жалақыға, энергияға, транспортқа, материалдарға кеткен шығындар.

10.3 Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтері

ҚБЕС №7 сәйкес өнімнің өзіндік құны дегеніміз – өндіріспен және тауарды өткізумен байланысты ақшалай формадағы шығындарды айтамыз. БЕС №7 анықтайды:

1. Өндірістік өзіндік құн – өнімнің жекелеген түрлері бойынша есептелінетін шығындар.
2. Кезең шығындары, олар жалпы табыс есебінен қайтарылатын, жалпы сомамен жинақталып есепке алынады. Оларға келесідей шоттар енгізіледі: 821, 811, 831

Өткізілген тауарлардың өзіндік құны жалпы табысты құрайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Жалпы табыс пен өткізілген өнімнің өзіндік құнының шамаларының арасында кері функциялық бағаға тәуелділік болады.

Өнімнің өзіндік құны неғұрлым төмен болса, жалпы табыс соғұрлым жоғары болады. Сондықтан да өнімнің өзіндік құның төмендету, экономиканың дамуының ең негізгі факторының бірі болып табылады.

Өнімнің өзіндік құның талдаудың нысандары болып келесілер табылады:

- шығын элементтері бойынша өнімнің өзіндік құны;
- өнімнің 1 теңгесіне немесе өнімді өткізуден түскен табыстың 1 теңгесіне шығын;
- өзге бұйымдардың өзіндік құны;
- өзге шығын баптары.

Өнімнің өзіндік құнын талдаудың мақсаты:

- өзіндік құн бойынша жоспардың дәрежесі мен динамикасын анықтау;
- өнімнің өзіндік құнының динамикасына әсер еткен факторларды анықтау;
- өнімнің жекелеген түрлері бойынша өзіндік құнға талдау;
- өндіріс шығындарын төмендету мен өнімдерді өткізу бойынша резервтер шығының анықтау;
- өзіндік құн бойынша жоспарға объективті баға беру және оның өткен кезең көрсеткіштеріне қатынасының өзгеруі;
- «шығын – көлем – табыс» схемасы бойынша берілгендерге күнделікті бақылау;
- нормативті шығындар мен олардың ауытқу себептері бойынша калькуляцияға талдау;
- өнімнің өзіндік құнының одан әрі төмендей беруіне байланысты резервтер құру.

Ақпараттардың негізгі көзі болып: №2 «Шығындар мен табыстар есебі» бойынша берілгендер, статистикалық көрсеткіштер, өнімнің өзіндік құнының жоспарлы, есепті, нормативті калькуляциясы, өнеркәсіптің бизнес-жоспары және т.б. табылады.

Өнімнің өзіндік құның төмендетудің негізгі резервтеріне жататындар:

- өндірілетін өнім көлемін үлкейту;

- өндіріс технологиясын жоғарылату;
- жұмыс күшінің өнімділігін жоғарылату;
- өндіріске жаңа технологияларды енгізу арқылы материалдық шығындарды төмендету;
- негізгі құралдарды ұстау шығындарын өндірісте қолданылмайтын негізгі құралдары есептен шығару, ұзақ мерзімді жалға беру, консервация жасау жолымен төмендету;
- өндірістің жұмыс күшін жақсарту;
- айналымдағы айналым құралдарының айналымын жылдамдату;
- өндіріс құрылымын өзгерту

10.4 Өнімді өндіру шығынарының жалпы сомасына талдау

Өнімнің өзіндік құнының жалпылама көрсеткіші болып өткізілген өнімнің өзіндік құнының өткізуден түскен табысқа қатынасы арқылы анықталатын өнімді өткізуден түскен табыстың 1 теңгесі немесе шығарылған өнім көлемінің 1 теңге түріндегі шығыны табылады. Өнімді өткізуден түскен табыстың 1 теңгесіне жұмсалған шығынға объективті және субъективті факторлар әсер етеді. Шығындардың өзгеруіне әсер ететін факторлар кезекпен жеткізу (цепное поставка) әдісімен есептеледі.

Кесте 10.1

Тауарлы өндірістің 1 теңгесіне кететін шығындар
сомасына әсер ететін факторларға есеп

Тауарлы өндірістің 1 теңгесіне кететін шығындар	Есептеу	Факторлар				
		өндіріс көлемі	өндіріс құрылымы	өзгермелі шығындар үлесі	Тұрақты шығындар сомасы	Тауарды жібери бағалары
Жоспар	77952/96000=81,20	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар
Шарт 1	79372/98500=80,58	Нақты	Жоспар	Жоспар	Жоспар	Жоспар
Шарт 2	80640/100800=80,00	Нақты	Нақты	Жоспар	Жоспар	Жоспар
Шарт 3	82723/100800=82,06	Нақты	Нақты	Нақты	Жоспар	Жоспар
Шарт 4	84168/100800=83,50	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	Жоспар
Факт	84168/104300=80,70	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты	Нақты
Жалпы	80,70-81,20=-0,5	-0,62	-0,58	+2,06	+1,44	-2,80

Аналитикалық есеп көрсеткендей, өнеркәсіп жоспармен салыстырғанда тауарды өндіруге кететін 1 теңге шығын 0,5 тиынға төмендегенін көрсетеді, оның ішінде:

- өнімді өндіру көлемін арттыру бойынша 0,62 тиын (80,58-81,20);
- өндіріс құрылымын өзгерту 0,58 тиын (80,00-80,58);
- тауардың көтерме бағасын көтеру 2,8 тиын (80,70-83,50).

Қалған факторлар (өнім бірлігіне кететін өзгермелі шығындар үлесі, тұрақты шығындар сомасының өсуі) осы көрсеткіштің 2,06 тиынға (82,06-80,00) және 1,44 (83,50-82,06) өсуіне алып келді. Нарықтық жағдайда шаруашылық жүргізу кезінде жекелеген өнім түрлерінің өзіндік құнының өзгеруін зерттеу қажет. Ең бірінші, өнім түрлерінің үлестік шығындар жоспарының орындалу динамикасы мен сатысы, содан кейін өзіндік құнға әсер ететін факторларды зерттеу қажет. Жоспардың орындалу динамикасы мен сатысын талдауды салыстыру әдісімен жүргізеді, нәтижесінде үнемшілікті немесе ысыраптылықты анықтайды.

Өнімнің жекелеген түрлері бойынша өзіндік құнды анықтау формуласы:

$$C = ПЗ / ТП, \text{ мұнда}$$

C – өнімнің жекелеген түрлері бойынша өзіндік құн;

$ПЗ$ – берілген өнім түріне жататын өндірістік шығын (сапалы фактор);

$ТП$ – берілген тауарды шығару (сандық фактор).

Факторлық талдаудың алгоритмін кезекпен жеткізу әдісімен:

$$1. \quad C_{\text{ж}} = ПЗ_{\text{ж}} / ТП_{\text{ж}}$$

$$2. \quad C_{\text{шарт}} = ПЗ_{\text{ж}} / ТП_{\text{н}}$$

$$3. \quad C_{\text{н}} = ПЗ_{\text{н}} / ТП_{\text{н}}$$

4. Өнімнің нақты бір түрінің өзіндік құнының өзгеруін тауарлы өндіріс көлемінің өзгеруімен байланысты : $\pm \Delta C(ТП) = C_{\text{шарт}} - C_{\text{ж}}$

5. Өнімнің нақты бір түрінің өзіндік құнының өзгеруін тауарлы өндіріс көлемінің өзгеруімен байланысты : $\pm \Delta C(ПЗ) = C_{\text{н}} - C_{\text{шарт}}$

6. Нақты өнімнің өзіндік құнының жалпы өзгерісі: $\pm \Delta C_{\text{жалпы}} = C_{\text{н}} - C_{\text{ж}}$

7. Тексеру: $\pm \Delta C_{\text{жалпы}} = [\pm \Delta C(ТП)] + [\pm \Delta C(ПЗ)]$.

Өнімнің өзіндік құнын және оны төмендету резервтерін іздеуді, жалпы табыстың өсуін тереңірек талдау үшін өнімің өзіндік құнының құрылымын зерттеу керек. Шығын құрылымын талдау жалпы шығындар сомасы баптарының үлес салмағын анықтаудан басталады. Шығын баптарын топтарға бөлу шығын баптарының әр қайсысының нәтижелерімен байланысын, өндіріс барысындағы рөлін, тіке және жанама, тұрақты және өзгермелі шығындарды анықтауға мүмкіндік береді.

Шығынның калькуляциялық баптарына талдауды құрылымы мен сомасының өзгеруін салыстыра отырып жасайды.

Өндірістегі өнімнің өзіндік құнының ең көп бөлігін, нақты бұйымды өндіруге кететін шикізаттар мен материалдар шығыны құрайды. Яғни материалдық шығындар көлемінің өсуі, өзіндік құнның өсуіне елеулі әсер етеді.

Факторлық талдауды жүргізуге қолданылатын модель:

$$МЗ = K \cdot Ц, \text{ мұнда}$$

K – өнім бірлігіне кететін шикізаттар мен материалдар;

$Ц$ – шикізаттар мен материалдардың орта бағасы.

Факторлық талдау кезекпен жеткізу әдісімен немесе абсолютті айырмашылық әдісімен жүргізіледі.

Еңбек шығындарын талдау (тіке жалақы) осыған ұқсас тәртіппен есептелінеді. Тіке жалақының жалпы сомасы тауарлы өндірістің көлемінен, оның құрылымынан тәуелді болады.

Факторлық модель:

$$ОП = УТЕ \cdot ОТ, \text{ мұнда}$$

$УТЕ$ – еңбек сиымдылығы;

$ОТ$ – еңбекті төлеу.

Өнім түрлері бойынша тіке жалақының мөлшерінің өзгеруіне әсер ететін факторларды есептеу үшін кезекпен жеткізу немесе абсолютті айырмашылық әдісі қолданылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық нәтижелерді талдау кезінде қарастырылтын пайда көрсеткіштерін атаңыз
2. Рентабельділік нені сипаттайды?
3. Рентабельділік көрсеткіштері қандай топтарға бөлінеді?
4. Әртүрлі белгілері бойынша инвестиция қалай жіктеледі?
5. Инвестиция тиімділігін бағалаудың негізгі критериілерін атаңыз

Ұсынылған әдебиет:

1. Алданиязов К.Н. Управленческий учет и анализ: Учебное пособие. - 2-е издание. – Алматы: Нурпресс, 2014. – 204 с.
2. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.

3. Джаншанло Р.Е. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Изд-во «Lem», 2015. – 684 с.
4. Ионова А.Ф., Селезнева Н.Н. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с
5. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

11 ТАҚЫРЫП. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ НЕГІЗІ

Дәріс жоспары

11.1 Қаржы жағдайын талдаудың мазмұны

11.2 Қаржылық есептілікті талдау

11.3 Есеп беру түсінігі, нысандар мен түрлері

11.4 Нарықтық қатынастар жағдайындағы қаржылық жағдайды талдаудың ролі

11.5 Баланстың қаржылық құрылымын талдау

11.1 Қаржы жағдайын талдаудың мазмұны

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы кешендік ұғым болып табылады. Ол кәсіпорын потенциалды және нақты қаржылық мүмкіндіктері көрінетін көрсеткіштер жүйесімен түсіндіріледі. Қаржылық жағдай ішкі және сыртқы факторлар жиынтығының әсерімен жоғарылауы немесе төмендеуі мүмкін.

Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижесін бағалауға оның шаруашылық қызметіне талдау жүргізу қажет. Талдаудың негізгі мақсаты кәсіпорындағы қаржылық процестің даму тенденциясын бағалау және анықтау. Қаржылық талдау келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

- 1) Қаржылық қатынастық партнермен және күтетін табыстылықтың тәуекелділігі қандай?
- 2) Қалай тәуекелділік және табыстылық перспективада өзгереді?
- 3) Кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартуға негізгі бағыттар қандай?

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауға қажетті ақпарат есеп беруде, аудиторлық қорытындыларда, оперативті бухгалтерлік есепте және басқа көздерде мазмұндалған.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау келесілерді қосады:

- Кәсіпорынның табыстылығын (рентабельділігін) талдау;
- Кәсіпорынның қаржылық жағдайының жалпы бағасы;
- Кәсіпорынның ликвидтілігінің және төлем қабілеттілігін талдау;
- Қаражат көзі құрылымының және оның пайдаланылуының талдауы;
- Айналым қаражатының айналымдылығын талдау;
- Меншікті пайдалану тиімділігін талдау;
- Өзін-өзі қаржыландыру деңгейін талдау;
- Кәсіпорын қаржылық жағдайының баға жиынтығы.

Кәсіпорынның қаржылық есеп беруінің негізгі формалары:

- Бухгалтерлік баланс, № 2 форма «Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп беру»;
- Бухгалтерлік баланс, № 3 форма «Ақша-қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру»;
- Кәсіпорынның ағымдық есеп беруі.

Кәсіпорын балансы капитал көзін және оның араласуын көрсететін біріккен кестені кезегінде ұсынады. Баланс кестесінің сол жағында фирманың активтері орналасқан, яғни кәсіпорын иеленетін және шаруашылық қызметке белсенді араласатын материалды-ақшалай қаражаттар. Баланстың оң жағы – қажетті капиталдың қаражаттар алдың әр түрлі көздерін қосатын пассивтер. «Баланс» сөзінің өзі француз тілінен аударғанда тепе-теңдік деген мағына береді. Берілген жағдайда баланс актив пен пассивтің тепе-теңдігін көрсетеді. Яғни кәсіпорынның пайдаланатын қаражаттары оларды алудың ақшалай көзіне тең болуы керек.

Баланс активіне 3 негізгі бөліктер кіреді: айналымдылық емес активтер, айналымдылық активтер және шығындар. *Айналымдылық қаражаттарды басқаша ағымдағы активтер деп айтады.* Олар жыл ішінде қолма-қолдыққа (немесе айналымданады) айналады деп айтылады. *Айналым қаражатының негізгі екі бөлігі – ақша-қаражаттар және материалды-тауарлы босалқылар.* Негізгі қаражаттар немесе есептелінген активтер, көптеген уақыттардан кейін айналымға енеді, яғни кәсіпорынға неғұрлым ұзақ уақытта қызмет етеді. Материалды емес активтер патент, лицензия, сол сияқты «кәсіпорын бағасы» болып аталатын – «гудвиллдер», яғни сату-сатып алудың құралы бола алатын кәсіпорынның сауда маркасының беделі құнынан жинақталады.

Пассивтер кәсіпорынның өзінің кредиторларының алдындағы міндеттемелерді және кәсіпорын меншікті (акционерлік) капиталын қосады. Міндеттемелер өз кезегінде жыл ішінде төленетін *ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелерге* және *ұзақ мерзімге төленетін ұзақ мерзімді міндеттемелерге* бөлінеді.

Кәсіпорын балансы қаржылық жоспарлаудың құжаттары құралына кіреді. Есептік баланс қаржылық жоспарлаудың алғашқы кезеңіне – қаржылық көрсеткіштерді талдауға негізінде қызмет етеді. Мұнда әдетте кәсіпорынның қаржылық жағдайын нақты көрсететін неғұрлым сенімді ақпаратты қосатын – ішкі баланс құжаты пайдаланылады. Сыртқы баланс пайда мөлшерін төмендетумен құрылып, баспаға құрастырылады. Бұл мысалы, салық салынатын соманың төмендеуіне және резервтік капитал құрылуына жасалынады.

Қаржылық нәтижелер туралы және оның пайдаланылуы туралы есеп беру қаржылық талдауға ақпарат мазмұндайды. Егер баланс кәсіпорынның қаржылық тепе-теңдігінің есептелінген көрінісін көрсетсе, онда табыстар мен шығыстар туралы есеп оның қаржылық операцияларының динамикасын көрсетеді. Бұл есеп беруде кәсіпорын шығындар және өз қызметінің нәтижесін салыстырады, таза пайда шама-сын және оның бөлістірілуін анықтайды.


Қолма-қолдықтың қозғалысы туралы есеп соңғы уақытта неғұрлым көп мойындалған қаржылық құжатты ұсынады. Бұл құжат қолма-қолдықтың қайнар көзін және олардың пайдаланылуын талдауға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылда қандай көлемдегі қолма-қолдықты кәсіпорын иеленді?

Қолма-қолдықтың қайнар көздері қандай (ақшалай капитал қайдан келді)?

Кәсіпорын өзінің қолма-қолдығын қалай пайдаланды?

Басқаша айтқанда, қолма-қолдықтың қозғалысы туралы құжат кәсіпорын ақша-ағымын зерттейді. Қолма-қолдықтың қозғалысы кәсіпорын міндеттемесі бойынша төлеуге қолма-қолдықтың пайдаланылуы және сатудан алынған ақшалай табыспен аяқталып және болашақ табысқа қажетті қолма-қолдықты құратын акция сату және зайым асумен басталады. Іс жүзінде көптеген цикл нүктесінде бір уақытта болып және тоқтамай қолма-қолдық қимылдайтын болғандықтан циклдың анық айтылған басы не аяғы жоқ.



Сурет 11.1 Кәсіпорын ақша ағымының қозғалысы

Талдау келесі сұрақтарға жауапты мазмұндауы керек:

Кез-келген мөлшердегі кәсіпорындарға қолма-қолдықтың қозғалысының болжамын жасау ұсынылады. Әдетте қолма-қолдықтың қозғалысы өндіріс ай бойынша жарты жылға қысқа кезеңге жасалынады. Болжамға жоспарлық сияқты келесі іс жүзіндегі көрсеткіштер енгізіледі.

Кәсіпорын қаржылық қызметінің нәтижесін бағалау және талдау оның қызметінің қисық нүктелерін анықтауға, проблеманың себебін анықтап және оның шешім табуына бағытталған іс-әрекеттерді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Қаржылық талдау келесі негізгі кезеңдерден құрылады:

- Стратегиялық проблеманы талдауға сәйкес келетін көрсеткіштер таңдау;
- Осы көрсеткіштер есебі;
- Орта салалы және бәсекелестік шамамен ағымдағы жылға берілген кәсіпорынның аналогиялық көрсеткіштермен алынған шаманың салыстырылымы;
- Кәсіпорынның болашақ мүмкіндіктерін және проблеманы шешу әдістерін анықтауға қаржылық жоспардың жасалынуы кезіндегі көрсеткіштерді пайдалану.

11.2 Қаржылық есептілікті талдау

Кәсіпорынның төлем қабілетілігі деп, оның дер кезінде өзінің барлық міндеттемелері бойынша төлемдер жүргізуге дайындығын түсіну керек деп есептейміз. Бірақ бұл үшін кәсіпорынның есеп айырысу, валюта және басқа да шоттарында ақшалар болуы керек.

Қарыздарды өтеу үшін құралдардың айналым кезінде ақшаға айналуы керек дебиторлық борыштар потенциалының құралы болып табылады.

Қарыздарды өтеу үшін құралды сонымен бірге кәсіпорынның бар тауарлы – материалды құндылықтарының қоры бола алады. Оны сатып кәсіпорын ақша қаражаттарын алады.

Басқаша айтқанда, теориялық түрде қарызды өтеу кәсіпорынның барлық ағымдағы активтерімен қамтамасыз етіледі. Нақ осылай теориялық түрде, егер кәсіпорынның ағымдағы активтері қысқа мерзімді міндеттемелерінің сомасына артса, онда қарыздарды өтеуге дайын деп есептеуге болады. Бірақ, егер кәсіпорын барлық ағымдағы активтерін қарыздарды өтеуге бағыттаса, онда дәл осы кезде оның өндірістік қызметі тоқтатылады, себебі онда өндіріс құралдарын тек негізгі құралдыр құрайды, ал материалды айналым құралдарын алуға ақша жоқ, олар толығымен қарыздарын төлеуге кетті.

Сондықтан төлем қабілеттілігі бар деп, ағымдағы активтің сомасы ағымдағы міндеттемелерінен көп жоғары кәсіпорынды есептеуге болады. Кәсіпорынның тек қарыздарды ғана емес, сонымен бірге үздіксіз өндіріс үшін қаржылары болуы керек.

Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы ҚР Заңының 16-бабы бойынша және № 30 бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы және меншік нысанына тәуелсіз заңды тұлға болып табылатын барлық кәсіпорындар мен ұйымдар бухгалтерлік баланс жасайды. Бухгалтерлік баланс 5 бөлімнен тұрады. Бухгалтерлік баланс екі бөлікке бөлінеді: актив және пассив. Баланстағы әрбір айқындама баланс бабы деп аталады. Баланстың екі түрлі жағы актив пен пассив болғандықтан, баланс баптары активтік немесе пассивтік болады. Баланс активінің әрбір бабы шаруашылық құралдарының экономикалық біртекті түрлері, ал пассив баптары шаруашылық құралдарының құрылу көздерінің экономикалық біртекті түрлері. Баланстағы барлық баптар топтарға, ал топтар бөлімдерге біріктіріледі.

Баланс баптарының топтар мен бөлімдерге біріктірілуі олардың экономикалық мазмұнынан туындайды. Бухгалтерлік баланстарға шаруашылық құралдары мен олардың құрылу көздерін көрсететін баптардан басқа осы шаруашылық құралдары мен олардың құрылу көздерінің бағалау құнын реттейтін баптар да кіреді. Оларды реттеуші баптар деп атайды. Олар баланста тұратын баланс баптарының санын кеңейтеді, ақпараттардың көлемін арттырады. Баланстың реттеуші баптары екі түрде болады: тура реттейтін және контрарлық. Тура реттелетін баптар баланстың негізгі бабына қосымша болып табылады, ал контрарлық баптар негізгі баптардың шамасын азайтуды көрсетеді және баланста минус таңбасымен көрсетіледі. Реттеуші баптардан тұратын бухгалтерлік баланс (итал. brutto – таза емес) брутто, реттеуші баптарсыз баланс нетто (итал. Netto – таза) деп аталады.

Баланс активі мынадай бөлімдерден тұрады:

I бөлім. «Қысқа мерзімді активтер» мынадай баптардан тұрады:

II бөлім. «Ұзақ мерзімді активтер» мынадай баптардан тұрады:

III бөлім. «Қысқа мерзімді міндеттемелер» мынадай баптардан тұрады:

IV бөлім. «Ұзақ мерзімді міндеттемелер» басқа кәсіпорындар мен ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді қарыз және банк несиелері бойынша есепті кезеңге қарыздарды көрсету үшін арналған.

V бөлім. «Капитал» мынадай баптардан тұрады:

Түсініктеме хатта заңды тұлғаның есепті кезеңіне жарғылық капиталындағы өзгерістер туралы ақпараттарды міндетті түрде ашып көрсету керек.

11.3 Есеп беру түсінігі, нысандар мен түрлері

Қаржылық есеп беру дегеніміз кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылық жағдайлары, қызметтерінің нәтижелері мен қаржылық жағдайларындағы өзгерістер туралы ақпараттар.

Қаржылық есеп беру «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік мекемелердің есеп берулерін қоспағанда мынадай есеп берулерден тұрады:

- бухгалтерлік баланс; табыстар мен шығыстар туралы есеп;
- ақша қозғалысы туралы есеп;
- өз капиталындағы өзгерістер туралы есеп;
- есепке алу саясаты туралы ақпарат және түсіндірме жазба.

Бухгалтерлік баланс қаржылық есеп берудің ең басты нысандарының бірі болып табылады. Қаржылық есеп беру Қазақстан Республикасының валютасымен құрылуы керек және өлшем бірлігі мың теңгемен бекітіледі.

Қаржылық есеп беру нысандарын толтырған кезде келесілер бейнеленіп көрсетілуі керек:

- белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен құрылтай құжаттарына сәйкес қаржылық есеп беруді ұсынатын субъектінің аты;
- субъектінің мекен жайы субъектінің заңды мекен жайы, саласы субъектінің қызметінің түрі көрсетіледі;
- мемлекеттік мүліктерді басқару органы мемлекеттік заңды тұлға иелігінде тұрған және қаржылық есепті тапсыратын органның аты;
- меншіктің ұйымдастырушылық құқықтық нысаны.

11.4 Нарықтық қатынастар жағдайындағы қаржылық жағдайды талдаудың ролі

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы өзімен белгіленген мезет уақытында субъектінің шаруашылық өз білімін жетілдіру әрекетін және оның айналым процесіндегі капиталдың жағдайын сипаттайтын экономикалық категорияны ұсынады. Өндірістік, шығындану, жабдықтау процесінде және қаржылық қызметте капиталдың үзіліссіз айналым процесі жүреді. Осыдан қаражаттың және олардың құрылу көздерінің, қаржылық ресурстар және олардың қолма-қолдығына қажеттіліктің құрылымы өзгереді. Соңында кәсіпорынның қаржылық жағдайы өзгереді. Кәсіпорынның *сыртқы қаржылық жағдайын* көрсететін төлем қабілеттілік болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы *тұрақты, тұрақсыз (дағдарыс алдында) және дағдарыстық* болуы мүмкін. Кәсіпорын мүмкіндігі өз уақытында төлемдерді жасайды, өз қызметін қаржыландыру, өзінің тұрақты қаржылық жағдайын жағымсыз жағдайларда куәрлік етерін төлем қабілеттілікте ұсталады.

Кәсіпорын қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін капиталдың икемді құрылымын ұстау керек. Сонымен қатар, кәсіпорын капитал қозғалысын өзіндік өндіріске құрылған шарттар және төлем қабілеттіліктің сақталынуына шығындарға қарағанда табыстардың өндіріс жоғарылығын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастырылуы міндетті.

Сонымен, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы – тәуекелділік деңгейін өткізілген шегінде инвестициялық тартымдылығы және әдеттегі төлем қабілеттілігін кепілдендіретін, өзінің активтері мен пассивтерінің тепе-теңдігін сақтайтын, субъектінің шаруашылығын құру және дамыту мүмкіндігі.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығы және бір қалыптылығы оның қаржылық, коммерциялық және өндірістік қызметтерінің нәтижесіне байланысты. Өндірістік және қаржылық жоспарды орындау кезінде кәсіпорынның жағдайы жақсарады. Және, керісінше, өндіріс және өнім өндіру бойынша жоспарды толық орындамаған жағдайда оның өзіндік құны өсетін болады, пайда төмендейді. Нәтижесінде кәсіпорынның қаржылық жағдайы және төлем қабілеттілігі нашарлайды. Сонымен кәсіпорынның қаржылық жағдайы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесін анықтайтын факторлардың барлық кешенімен сауатты басқару қорытындысы болып табылады.

Өз кезегінде тұрақты қаржылық жағдай өндірістік жоспарды орындауға және өндірісті қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге жағымды әсерін тигізеді. Сондықтан да қаржылық қызмет түсімді және ақшалай қаражаттардың шығындануы, меншікті және зайымдық капиталдың пропорциялығының жетістігі және оларды неғұрлым тиімді пайдаланудың жоспарлығымен қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Қаржылық қызметтің негізгі мақсаты кәсіпорынның активтерін көбейтумен аяқталады. Бұған ол міндетті түрде баланстың актив және пассивтің оптималды рентабельділі, төлем қабілетті құрылымын өндіріс ұстауы керек.

Талдаудың негізгі мақсаты келесілер:

1. Қаржылық қызметтегі жетіспеушілікті анықтап және айқындау өз уақытында және кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның төлем қабілеттілігінің жақсартудың резервтерін іздеу

2. Қаржылық нәтижелердің экономикалық рентабельділіктің мүмкіндіктерін болжау, ресурстарды пайдаланудың әр түрлі нұсқалары кезіндегі қаржылық жағдайдың модельдерін қарастыру
3. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын көтеру және қаржылық ресурстарды пайдаланудың неғұрлым тиімділігіне бағытталған нақты шараларды қарастыру

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын және оның тұрақтылығын бағалауға *көрсеткіштердің жүйесі* қолданылады. Бұл *көрсеткіштер келесілерді* мінездейді:

- Капиталдың қолма-қолдығы мен араласуы, оны пайдаланудың интенсивтілігі мен тиімділігі;
- Кәсіпорын пассивінің оңтайлы құрылымы, оның қаржылық тәуелсіздігі және қаржылық тәуекелділік деңгейі;
- Кәсіпорын активінің оңтайлы құрылымы және өндірістік тәуекелділік деңгейі;
- Айналым активтерінің құрылу көздерінің оңтайлы құрылымы;
- Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығы және төлем қабілеттілігі;
- Шаруашылық субъектінің банкроттық тәуекелділігі;
- Оның қаржылық тұрақтылығының босалқысы.

Кәсіпорынды талдайтын қатыстық көрсеткіштерін тәуекелділік деңгейін бағалауға және банкроттықтың мүмкіндіктерін болжауға болуы үшін жалпы қабылданған нормамен салыстыруға болады. Нақты кәсіпорынның қатыстық көрсеткіштерін басқа кәсіпорынның аналогиялық мәліметтерімен салыстыру кәсіпорынның әлсіз және күшті тұстарын және оның мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қатыстық көрсеткіштерді сонымен қатар кәсіпорынның қаржылық жағдайының төмендеуі немесе көтерілу тенденцияларын



Сурет 11.2 Кәсіпорынның табысының қаржылық көздері

Кәсіпорынның *қаржылық жағдайын талдауды* тек қана кәсіпорынның қызметіне сәйкес келетін *жетекшілер* ғана емес, сонымен қатар *инвесторлар, құрылтайшылар, банктер, мердігерлер, салық инспекциясы* жүргізеді. Инвесторлар мен құрылтайшылар ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтауға, банктер – несиелендіру шарттарын бағалауға және тәуекелділік деңгейін анықтауға, мердігерлер – төлемдерді өз уақытында алуға, салық инспекциясы – бюджетке қаражат түсу жоспарын орындауға кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдайды. Сондықтан талдау ішкі және сыртқы талдау болып бөлінеді.

Ішкі талдау кәсіпорын қызметкерлерімен жүргізіледі. Мұндай талдау нәтижелері кәсіпорын қаржылық жағдайын болжау, қадағалау және жоспарлауға пайдаланылады. Ішкі талдаудың мақсаты меншікті және зайымдық қаражаттардың рационалды араласуын және ақша-қаражаттардың жоспарлық түсімін қамтамасыз ету болып табылады. Қаражаттарды рационалды араластыруда кәсіпорынды дұрыс құруға, максималды пайда алуға және банкроттық тәуекелділікті ескеру үшін шарт құруға болатын араластыру түсіндіріледі.

Сыртқы талдау инвесторлармен, материалды және қаржылық ресурстардың мердігерлерімен есептікті баспадан шығару негізінде қадағалайтын органдармен жүргізіледі. *Мұндай талдаудың мақсаты* айырылып қалу тәуекелділігін ескеру және максималды пайдамен қамтамасыз ету үшін қаражаттарды тиімді салу мүмкіндіктерін бекіту болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайына талдау жүргізуге ақпараттың негізгі көзі *есептік бухгалтерлік баланс, кірістер мен шығыстар туралы есеп, ақша-қаражаттарының қозғалысы туралы есеп* болып табылады.

11.5 Баланстың қаржылық құрылымын талдау

Шаруашылық етуші субъектінің қаржылық жағдайы көбінесе капитал көзінің оңтайлы құрылымына, яғни *меншікті және займдық қаражаттардың сәйкестігіне*, сол сияқты кәсіпорын активінің құрылымының оңтайлылығына және бірінші кезекте *негізгі және айналым капиталының сәйкестігіне* байланысты. Кәсіпорын өзін-өзі қаржыландыру қағидасында өмір сүруі үшін оған меншікті капитал қажет. *Меншікті капиталдың ерекшелігі ол ұзақ мерзімге инвестицияланатындығында және сондықтан неғұрлым көп тәуекелдікті бекітеді.* Капиталдың жалпы сомасындағы неғұрлым меншікті капитал мөлшері зайымдық капитал мөлшерінен көп болса, соғұрлым кредиторлардан қаражаттан айырылып қалу тәуекелділігі төмен болады.

Осыдан айта кету керек, кәсіпорын қызметін қаржыландыру тек меншікті қаражат есебінен болған өз кәсіпорын үшін өндіріс тиімді болмайды. Әсіресе бұл маусымдық өнім өндіретін кәсіпорын үшін тиімсіз. Мәселе былай, жеке кезеңдерде банктегі кәсіпорынның шотында көп қаражат жинақталатын болса, ол басқа кезеңдерде бұл қаражаттар жеткіліксіз болады. Сонымен қатар, егер қаржылық ресурстардың бағасы жоғары, ал кәсіпорын салынған капиталға берудің жоғарғы деңгейін қамтамасыз ете алса, яғни несиелік ресерстарға төлеуден қарағанда, онда зайымдық қаражаттарды тарта отырып, ол меншікті (акционерлік) капиталының рентабельділігін көтере алады.

Сондай уақытта, егер *кәсіпорын қаражаты негізінде қысқа мерзімдік міндеттемелер есебінен құрылған болса, онда оның қаржылық жағдайы* басқа капиталдарды ұзаққа созылмайтын уақытта айналымға тарту және олардың өз уақытында қайтарылуы үшін қадағалауға бағытталған өндіріс оперативті жұмыс қысқа мерзімді капиталды пайдаланумен қажет болғандықтан *тұрақсыз болады*. Сондықтан да меншікті және зайымдық капиталдың сәйкестігі қаншалықты оңтайлы болғандығына көбінесе кәсіпорынның қаржылық жағдайы байланысты.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын маңызды көрсеткіштер келесілер болып табылады:

Қаржылық автономиялық (тәуелсіздіктің) коэффициенті немесе меншікті капиталдың жалпы саласындағы үлес салмағы;

Қаржылық тәуелділік коэффициенті (жалпы баланс валютасындағы зайымдық капитал бөлігі);

Қаржылық рычаг иығы немесе қаржылық тәуекелділік коэффициенті (меншікті капиталға зайымдықтың қатынасы).

Осындай бағытпен, *негұрлым қаржылық автономия коэффициентінің деңгейі жоғары және қаржылық тәуекелділік коэффициенті мен қаржылық тәуелділік коэффициентінің деңгейі төмен болса, соғұрлым кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақтырақ болады*.

Қаржылық тәуекелділік коэффициентінің шамасы (қаржылық рычаг иығы) тәуелді:

- Активтердің жалпы сомасындағы зайымдық капитал бөлігіне;
- Активтердің жалпы сомасындағы негізгі капиталдың бөлігіне;
- Айналым және негізгі капиталдың қарым қатынасына;
- Ағымдағы активтердің құрылуындағы меншікті айналым капиталының бөлігіне;
- Меншікті капиталдың жалпы сомасындағы меншікті айналым капиталының бөлігіне.

Қаржылық тәуекелділік коэффициентінің шамасы келесі формуламен анықталады:

Кф.р. = зайымдық капитал/ меншікті капитал = зайымдық капитал / активтердің сомасы: негізгі капитал/ активтердің сомасы: ағымдағы активтер/ негізгі капитал: меншікті айналым капиталы / ағымдағы активтер: меншікті капитал / меншікті айналым капиталы

Бұрын белгіленгендей банктер және басқа да кредиторларға неғұрлым сенімділік егер меншікті капиталдың үлесі тапсырыс берушілерде неғұрлым жоғары болған неғұрлым жоғары болған жағдай. Басқа себеп бойынша зайымдық қаражаттарды тартумен кәсіпорын қызыққан уақытта:

Зайымдық капиталдың қызмет көрсетуі бойынша пайыздар шығындар ретінде қарастырылады және салық салынатын пайдаға қосылмайды;

Меншікті капитал рентабельділігі жоғарылайтын нәтижеде кәсіпорын айналымындағы зайымдық қаражатты пайдаланудан алынған пайдадан әдетте төмен пайызды төлеуге шығындар.

Әр түрлі салаларда меншікті және зайымдық қаражаттардың қарым-қатынасы нормативі болды. Төменгі айналымға түсетін капиталдың саласында қаржылық рычаг иығы 0,5-н жоғарыламауы керек. Жоғарғы айналымға түсетін капиталдың, негізгі капиталдың төменгі мөлшерімен, коэффициент 1-н жоғары болады.

Зайымдық капиталдың болжамдық нормативтік шамасының үлесін келесі бағытпен анықтауға болады: активтердің жалпы сомасындағы негізгі капиталдың үлес салмағын 0,25-ке, ал ағымдағы активтің үлес салмағын 0,5-ке бөлу керек. Алынған нәтижені меншікті капитал үлесіне бөліп (зайымдық капитал мен бірлік арасындағы айырмашылық), қаржылық рычаг коэффициенті мәнінің нормативтік болжамуын алуға болады.

Кәсіпорын капиталын қалыптастыру құрылымын бағалауға өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті есептелінеді. Берілген коэффициент *қаржылық табыстардың ішкі және сыртқы көзінің жалпы сомасына қаржыландыратын табыс сомасының қатынасы ретінде* есептелінеді. Мұнда өзін-өзі қаржыландыратын табыс сомасы *амортизацияның және реинвестицияланатын пайда сомасы ретінде* есептелінеді. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентін қосылған құнға өзін-өзі қаржыландыратын табыс қатынасы ретінде де есептеуге болады. Бұл көрсеткіш құрылған байлыққа қатынас бойынша кәсіпорынның қызметін өзін-өзі қаржыландыру деңгейін көрсетеді.

Қаржылық қызметте және оның тиімділігін көтеруде *кәсіпорын қаражатын араластырудың* үлкен мағынасы бар. Өндірістік және

қаржылық қызметтердің нәтижесі, яғни кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы көбінесе келесі моменттерге байланысты:

- Негізгі және айналым қаражаттарына салынған инвестициядан;
- Қатынас және айналым қаражатының жатқандығында;
- Ақшалай және материалды формадағы айналым және негізгі капиталдың жатқандығы;
- Айналым және негізгі қаражаттарының сәйкестігі қаншалықты тиімді.

Егер шикізат пен материалдың жоқтығынан кәсіпорынның өндіріс күші толық пайдаланылмаса, онда бұл кәсіпорынның қаржылық нәтижесінде және оның қаржылық жағдайында қатысты көрсетіледі. Алайда иеленіп отырған өндіріс күш тез жұмыс істелінетіні мүмкін емес өндірістік босалқылар артық құрылған кезінде, сондай кәсіпорынның қаржылық нәтижесі төмендеу болады. Соңында капитал тоқтайды, оның айналымдылығы баяулайды және кәсіпорынның қаржылық жағдайы төмендейді. Сонымен жақсы қаржылық жағдай нәтижесінде және рентабельділіктің жоғарғы деңгейінде де кәсіпорын қаржылық қиындықтар басынан кешуі мүмкін. Бұл тек кәсіпорын өзінің қаржылық ресурстарын рационалды емес пайдаланса, яғни оларды нормативтің деңгейінен жоғары өндірістік босалқыларға және үлкен дебиторлық қарыздарды жібергендегі жағдайда ғана болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Шаруашылық субъектісінің қаржылық есебі нені көрсетеді?
2. Балаанс бөлімдерін атап көрсетіңіз?
3. Аналитикалық балансты құру тәртібі мен құрылымы қандай?
4. Пайда және шығындар есебіне сипаттама беріңіз.
5. Кәсіпорын қызметін тиімділігін талдау қандай міндеттерді орындайды?
6. Экономикалық қызметтің нәтижелері қандай компоненттерден тұрады?
7. Авансталынған және тұтынылған қаражаттардың тиімділігі қалай анықталады?
8. Рентабельділік коэффициенттеріне қандай коэффициенттер жатады?
9. Іскерлік белсенділік коэффициенттеріне қандай коэффициенттер жатады?
10. Іскерлік белсенділік коэффициенттеріне сипаттама беріңіз

Ұсынылған әдебиет:

1. Атаниязов Ж., Бекбусинова Г.К., Кайыргалиева М.Г. Бизнес құнын бағалау. Оқу құралы – Алматы, 2017. Грегори Н. Мэнкью, Марк П. Тейлор. Экономикс. 4-халықаралық басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 848 б.
2. Мамбетов У.Е., Мусиров Ғ.М. Нарықтық экономика (хрестоматия). – Ақтөбе, 2016. – 137 б.
3. Чанг Х.-Д.: Как устроена экономика. – М.: МИИФ, 2017. – 178 с
4. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

12 ТАҚЫРЫП. МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫ ТАЛДАУ.

Дәріс жоспары

- 12.1 Нарықтық экономикада жағдайындағы капиталдың мәні және ролі*
- 12.2 Капиталдың қалыптасу көздерінің құрамы мен динамикасын талдау*
- 12.3 Капитал айналымдылығын талдау*
- 12.4 Меншікті капиталдың табыстылығын талдау*

12.1 Нарықтық экономикада жағдайындағы капиталдың мәні және ролі

Кез келген іс-әрекет ету аясында бизнес ақша қаражаттарының нақты бір сомасымен басталады, яғни сол қаражатқа өнімді өндіру және сатуға қажетті ресурстар алынады. Капитал айналым шеңберінің үш сатысынан өтеді: *дайындық, өндірістік және өткізу. Бірінші сатысында* кәсіпорын өзіне қажетті негізгі қорлар мен өндірістік запастарды сатып алады. *Екінші сатыда* қаражаттардың бір бөлігі өндіріске запастар түрінде түссе, екінші бөлігі еңбекақыға, салық төлеуге, әлеуметтік сақтандыру төлемдеріне және басқа да шығындарға жұмсалады. Бұл саты дайын өнім өндірумен аяқталады. *Үшінші сатыда* дайын өнім сатылып, кәсіпорынға алғашқы сомадан алынатын пайда мөлшеріне артық сома келіп түседі. Бұл неғұрлым капитал тезірек айналса, соғұрлым кәсіпорын көп өнім сатып, белгілі бір кезең ішінде жұмсалған капитал мөлшерінде өнім өндіріп пайда табады дегенді білдіреді. Қаражаттардың кез-келген сатылардың біреуінде кідіріп қалуы капитал айналымын тежеп, қосымша қаржы тартуды талап етеді және кәсіпорынның қаржылық жағдайының нашарлауына әкеледі.

Айналымдылықтың жеделдетілуі қосымша қаржылық ресурстарсыз-ақ өнім өндіру көлемін арттырады. Бұдан басқа, пайда сомасы да артады. Егер өнімді өндіру мен сату шығынды болса, қаражаттар айналысының тездетілуі қаржылық нәтижелердің нашарлауын тудырады, яғни капиталды «жеп қояды» (жұтады).

Капитал – бұл пайда табу мақсатымен өз қызметін жүзеге асыру үшін шаруашылық жүргізуші субъектінің қолында бар қаражаттары. Кәсіпорынның капиталы *меншікті (ішкі) және тартылған (сыртқы) көздерден* қалыптасады.




Сурет 12.1 Кәсіпорынның меншікті капиталының құрамы

Қаржыландырудың негізгі көзі меншікті капитал болып табылады. Оның құрамына кіреді:

- Жарғылық капитал;
- Жинақталған капитал (резервті капитал, қосылған капитал, жинақ қоры, бөлінбеген пайда);
- Басқа да түсімдер (мақсатты қаржыландыру, қайырымдылық жарналары және т.б.).

Жарғылық капитал деп жарғылық іс-әрекетті жүзеге асыруға арналған құрылтайшылардың салған ақша қаражаттарын түсінеміз. Мемлекеттік кәсіпорындарда жарғылық капитал деп мемлекет бекіткен, бірақ толық шаруашылық жүргізуге өкілеттілік берілген мүліктердің құнын айтамыз. Акционерлік кәсіпорындардағы жарғылық капитал – бұл акцияның барлық түрлерінің номиналды құны. Жауапкершілігі шектелген серіктестіктер үшін жарғылық капитал болып меншік иелерінің үлесі сомалар, ал жалға алынған кәсіпорындар үшін – оның қызметкерлері салымдарының сомасы саналады. Құрылтайшылардың салымдары ақшалай, мүліктік және материалдық емес активтер түрінде де болуы мүмкін.



Сурет 12.2 Тартылған капиталдың классификациясы

Кәсіпорын капиталы негізгі құралдарды сатып алуға, өндірістік және өндірістік емес сипаттағы объектілерді салуға, шикізаттарды, отын, энергия, еңбекақы төлеуге, салықтарды төлеуге, несиелер бойынша пайыздарды жабуға, дивидендтерді төлеуге жұмсалады. Яғни *капитал ұзақ мерзімді активтерге де, ағымдағы активтерге де салынуы мүмкін*. Ұзақ мерзімді активтер әдетте меншікті капитал мен банктердің ұзақ мерзімді несиелері және займдары есебінен қалыптасады. Ағымдағы активтер меншікті және тартылған қаражаттар есебінен қаржыландырылады.

Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен қаржылық жағдайы капиталдың қалай орналастырылғандығына, қандай сфера мен қызметтерде пайдаланылатындығына тәуелді. Ақпараттың негізгі көзі болып бухгалтерлік баланс табылады.

Ұзақ мерзімді активтерге жатады: негізгі құралдар, ұзақ мерзімді қаржылық салымдар, аяқталмаған құрылыстар, жалға берушілермен есеп айырысулар және т.б.

Материалдық емес активтерге жататындар: патенттер, лицензиялар, тауар белгілерін пайдалану құқықтары, жерді пайдалануға, пайдалы қазбаларды, брокерлік орындарды пайдалану құқығы, бағдарламалық қамтамасыз етулер. Олардың материалдық-заттай негіздері болмайды.

Ағымдағы активтер – бұлар өндірістің босалқылар аяқталмаған өндіріс бойынша шығындар, есеп айырысулар, ақша қаражаттары және т.б.



Сурет 12.3 Кәсіпорынның капиталын орналастыру

Меншікті қаражаттардың қайнар көзі ретінде саналатындар: жарғылық қор, қорлар мен резервтер, бөлінбеген пайда, займдар.

Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер – бұл банктердің, ұзақ мерзімді несиелері, облигациялар, зайымдар.

Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер – бұл банктердің қысқа мерзімді несиелері, кредиторларға берешектер, еңбекақы бойынша берешектер, бюджеттің және бюджеттен тыс қорларға, әлеуметтік сақтандыру органдарының алдындағы берешектер.

12.2 Капиталдың қалыптасу көздерінің құралы мен динамикасын талдау

Баланс пассивінде көрсетілетін мәліметтер мынаны анықтауға мүмкіндік береді:

- Меншікті және тартылған капитал құрамында қандай өзгерістердің болғандығын;
- Кәсіпорын айналымына қаншалықты ұзақ және қысқа мерзімді қарыздық қаражаттардың тартылғандығын.

Басқаша айтқанда, баланс пассиві қаражаттардың қайдан алынғанын және сол үшін кәсіпорын кімге қарыз екендігін көрсетеді.

Меншіктілік дәрежесіне қарай капитал меншікті және тартылған болып бөлінеді. *Пайдалану мерзіміне қарай* тұрақты (перманентті) және қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Кесте 12.1

Капитал көздерінің құрылымы мен динамикасын талдау

Капитал көзі	Сомасы, млн. тенге			Капитал құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
Меншікті капитал						
Тартылған капитал						
Барлығы						

Қаржылардың жағдайын ішкі талдау кезінде меншікті және тартылған капиталдың құрылымы мен оның өзгеруінен себептерін анықтап, есепті кезең ішіндегі өзгерістеріне баға беру керек.

Меншікті капитал құрылымының динамикасы

Капитал көзі	Нақты ақша, млн. тенге			Ақша құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
Жарғылық капитал						
Резервтік капитал						
Арнайы қорлар						
Бөлінбеген пайда						
Барлығы						

Кестенің мәліметтері меншікті капиталдың көлемі мен құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді.

Дәл сондай қалыппен тартылған қаражаттар құрылымы да талданады.

Тартылған капитал құрылымының динамикасы

Капитал көзі	Сума, млн. тенге			Капитал құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
1	2	3	4	5	6	7
Ұзақ мерзімді несиелер						
Оның ішінде						
12- айдан кейін өтелетін несиелер						
Қысқа мерзімді несиелер						
Кредиторлық берешек:						
Жабдықтаушыларға						
Оның ішінде вексель бойынша						

12.3 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
Еңбекақы бойынша қызметкерлерге						
Әлеуметтік сақтандыру органдарына						
Бюджетке						
Басқа да кредиторларға						
Барлығы						

Кәсіпорынның айналымына капиталды сырттан тарту қалыпты құбылыс. Ол кәсіпорын қаржылық жағдайын уақытша жақсартуға мүмкіндік береді. Бірақ, қарыздық міндеттемелер уақытылы қайтарылуы керек. Әйтпесе уақыты өтіп кеткен берешектер бойынша айыппұл төленіп, кәсіпорынның қаржылық жағдайы қиындайды. Сондықтан, талдау кезінде кредиторлық берешектердің құрамын, алыну ұзақтығын, мерзімі өткен берешектердің пайда болу себептерін зерттеу қажет.

Кредиторлық берешектердің кәсіпорын айналымындағы орташа пайдаланылу ұзақтығы келесідей есептеледі:

$$P_k = \frac{\text{кредиторлық берешектердің орташа калдығы} \cdot \text{кезен ішіндегі күндер}}{\text{Кредиторлармен есептесу шоттары бойынша дебеттік айналым сомасы}}$$

Кредиторлық берешектердің сапасы үлес салмақпен де анықталады. Вексельмен қамтамасыз етілген кредиторлық берешектердің үлесі қарыздық міндеттемелердің ұақытысы төленбеуінен вексельден тыс тартуға әкелетін бөлігін көрсетеді. Бұл қосымша шығындар жұмсауды талап етеді, әрі кәсіпорынның іскерлік беделіне нұқсан келтіреді.

Берілген вексель бойынша қарыздардың ұзақтығы ($P_{в.о.}$) және айналымдылық коэффициенті ($K_{об.в.}$) келесідей анықталады:

$$K_{об.в.} = \frac{\text{берілген вексель бойынша отелетін міндеттемелер сомасы}}{\text{«берілген вексельдер» шотының орташа калдығы}}$$

$$P_{в.о.} = \frac{\text{«берілген вексельдер» кезен ішіндегі күндер саны}}{\text{талдауынан берілген вексель бойынша отелетін міндеттемелер сомасы}}$$

Вексельдік қарыздың ұзақтылығын төлемдердің орташа мерзімдерімен салыстырылады. Соның негізінде вексель бойынша төлемдердің кешігу себептерін, сондай-ақ төленген санкциялардың сомасын анықтайды.



Сурет 12.4 Баланс пассивінің құрылымы

Ұзақ мерзімді капиталды талдау кезінде негізінен ұзақ мерзімді несиелерді талап ету мерзіміне көңіл бөледі, себебі кәсіпорын қаржылық жағдайының тұрақтылығы соған тікелей байланысты. Кредиторлық берешектерді талдай отырып, оның *дебиторлық берешектерді жабудың қайнар көзі* екендігін есепке алу керек. Сол себепті кредиторлық және дебиторлық берешектердің сомаларын салыстырып отыру керек. Егер дебиторлық берешек кредиторлық берешектен асатын болса, бұл меншікті капиталдың дебиторлық берешекке иммобилизациялануын, яғни шоғырлануын куәландырады. Егер кредиторлық берешектер сомасынан 2 есе асатын болса, кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақсыз деп саналады.

Меншікті және тартылған қаражаттардың құрылымын талдау кәсіпорын қызметін қаржыландыру көздерінің және нарықтық тұрақтылығын бағалау үшін маңызды. Сондай-ақ, сыртқы тұтынушылар үшін (банктер, басқа да ресурстармен жабдықтаушылар) қаржылық тәуекелді зерттеуде, ал кәсіпорын үшін қаржылық стратегияны дайындауда аса қажет.

12.3 Капитал айналымдылығын талдау

Капиталды пайдалану тиімділігі оның *рентабельділігімен, яғни пайда сомасының негізгі және айналым капиталының орташа жылдық сомасына қатынасымен* сипатталады. Капиталды пайдалану ырғақтылығын

сипаттау үшін оның айналымдылық коэффициенті пайдаланылады. Капиталдың айналымдылық коэффициенті сатудан түскен түсімнің капиталдың орташа жылдық құнына қатынасымен есептеледі. Бұған кері шама болып капитал сыйымдылығы табылады. Ол *капиталдың орташа жылдық сомасының сатудан түскен түсімге қатынасы* арқылы анықталады.

Капитал айналымдылығының жылдамдығы келесі көрсеткіштермен сипатталады:

- Айналымдылық коэффициенті ($K_{об}$);
- Бір айналым ұзақтығы ($\Pi_{об}$).

Капитал айналымдылығының коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{об} = \frac{\text{сатудан түскен таза түсім (айналым сомасы)}}{\text{капиталдың орташа жылдық құны}}$$

Капитал сыйымдылығы мына формуламен есептеледі:

$$K_e = \frac{\text{капиталдың орташа жылдық құны}}{\text{сатудан түскен таза түсім}}$$

Капитал айналымының ұзақтығы мынадай формуламен анықталады:

$$\Pi_{об} = \frac{D}{K_{об}} \quad \text{немесе} \quad \Pi_{об} = \frac{\text{капитал орташа жылдық құны} * D}{\text{сатудан түскен таза түсім}}$$

мұнда D – күнтізбелік күндер саны (жыл – 360, тоқсан – 90, ай – 30 күн)

Капиталдың орташа қалдығы және оның құрамдас бөлімдері орташа хронология бойынша есептеледі: *кезең басындағы соманың $\frac{1}{2}$ + әр айдың басына қалатын қалдық + кезең соңына қалған қалдық сомасының $\frac{1}{2}$; алынған нәтиже есептік кезеңдегі айлар санына бөлінеді.*

Барлық капиталдың айналымдылығын есептеген кезде айналым саласына сатудың барлық түрінен түскен түсімдердің барлығы кіруі керек. Бір жағынан, капитал айналымдылығы негізгі және айналым қажеттілігінің айналым жылдамдығына тәуелді, яғни негізгі капитал неғұрлым көп үлеске ие болса, соғұрлым айналым коэффициенті төмен болып, жылдық капиталдың ұзақтығы арта береді.

$$K_{об\ c.к} = \mathcal{U}D_{m.a} * K_{об\ m.a} \quad \Pi_{об\ c.к} = \frac{\Pi_{об\ m.a}}{\mathcal{U}D_{m.a}}$$

мұнда $K_{об\ c.к}$ – жиынтық капиталдың айналымдылық коэффициенті

$УД_{т.а}$ – активтердің жалпы сомасындағы ағымдағы активтердің (айналым капиталдың) үлес салмағы

$K_{об\ т.а}$ – ағымдағы активтердің айналымдылық коэффициенті

$П_{об\ c.к}$ – жиынтық капиталдың айналым ұзақтығы

$П_{об\ т.а}$ – ағымдағы активтердің айналым ұзақтығы

Айналым капиталының айналымдылығының әр сатысында зерттеу айналымның қай сатысында жеделдеу немесе тежелудің орын алғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін ағымдағы активтердің кейбір түрлерінің орташа қалдығын есепті кезеңдегі күндер санына көбейту керек, шыққан нәтижені сатудан түскен сомаға бөлу керек.

Капиталдың кейбір актив түрлеріндегі болу ұзақтығын анықтауды басқа да әдіспен жүзеге асыруға болады: айналым капиталы айналымдылығының жалпы ұзақтығын ағымдағы активтердің орташа жылдық сомасындағы активтердің жеке түрлеріндегі үлес салмағына көбейту арқылы.

Барлық ағымдағы активтер мен олардың жеке түрлерінің айналым ұзақтығы ($П_{об}$) *түсім сомасы (В)* мен *айналым қаражаттарының орташа қалдықтары ($О_{см}$)* есебінен өзгеруі мүмкін. Аталған факторлардың әсерін есептеу үшін тізбектік қойылым әдісі пайдаланылады:

$$Поб_0 = \frac{Осм_0 * t}{B_0}$$

мұнда t – 360 күн

$$Поб_{усл} = \frac{Осм_1 * t}{B_0}$$

$$Поб_1 = \frac{Осм_1 * t}{B_1}$$

Бұдан айналым капиталының айналым ұзақтығының өзгерістері былайша есептеледі:

– айналым капиталының айналым сомасы

$$\Delta П_{об\ в} = П_{об1} - П_{об\ усл}$$

– айналым капиталының орташа қалдығы

$$\Delta П_{об\ ост} = П_{об\ усл} - П_{об0}$$

оның ішінде орташа қалдықтардың өзгерісі:

- өндірістік қорлардың
- аяқталмаған өндіріс
- дайын өнімнің
- дебиторлық берешектердің
- нақты ақшаның

Формулаларда тек қана бірінші құрамның өзгеретінін ғана ескеру керек; кезең ішіндегі күндер 360 деп алынады; өнімді сатудан түскен түсім өткен жылдан алынады.

Капитал айналымдылығының өсуі нәтижесінде болатын экономикалық тиімділік айналымнан алынатын салыстырмалы түрде босатылатын, сондай-ақ пайда мен түсім сомасының артуы түрінде көрініс табады. Босатылатын қаражаттар сомасы сату бойынша біркүндік айналым сомасына айналым ұзақтығының өзгерісін көбейту арқылы анықталады:

$$\pm \varnothing = \frac{\text{нақты айналым сомасы}}{\text{кезендегі күндер саны}} * \Delta \Pi_{об}$$

Капитал айналымдылығын жеделдетудің негізгі жолдары:

- Өндірістің ырғақтылығын арттыру есебінен өндірістік цикл ұзақтығын қысқарту;
- Материалды-техникалық жабдықтауды ұйымдастыруды жақсарту;
- Өнімді жөнелту және есеп айырысу құжаттарын рәсімдеу процесін жеделдету;
- Қаражаттардың дебиторлық берешектерде болатын уақытын қысқарту;
- Маркетингтік зерттеу дейгейін арттыру.

12.4 Меншікті капиталдың табыстылығын талдау

Меншікті капиталдың рентабельділігі кәсіпорынның қызмет ету тиімділігі көрсеткіштерінің пирамидасын аяқтайды. *Меншікті капиталдың рентабельділігі (ROE) мен жиынтық капиталдың рентабельділігі (ROA) өзара тығыз байланысты:*

$$ROE = ROA * MK$$

немесе

$$\frac{\text{салық толегеннен кейінгі пайда}}{\text{меншікті капитал}} = \frac{\text{салық толегеннен кейінгі пайда}}{\text{жиынтық капитал}} * \frac{\text{жиынтық капитал}}{\text{меншікті капитал}}$$

мұнда *MK* – капитал мультипликаторы (қаржылық тұтқа)

Осы өзара байланыс қаржылық тәуекел мен меншікті капитал табыстылығының арасындағы тәуелділікті көрсетеді. Жиынтық капитал пайдалылығы төмендеген сайын кәсіпорын қаржылық тәуекелділік дәрежесін арттыруы қажет, сөйтіп меншікті капитал табыстылығының қалаулы деңгейіне қол жеткізеді. Мысалы, ROA болжамды мөлшері 20% құрайтын кәсіпорынға меншікті капиталдың әр теңгесіне жиынтық капиталдың 1,5 теңгесіне қажет болады. Ол ROE деңгейін 30% жеткізу үшін қажет. Егер ROA 10% деп меншікті капиталдың әр теңгесіне жиынтық активтердің 3 теңгесі қажет болады.

ROE факторлық үлгісін кеңейту үшін ROA көрсеткішін құрамдас бөлшектерге бөлу керек:

$$ROE = R_{pn} \cdot K_{oo} \cdot MK$$

Сату рентабельділігі (R_{pn}) кәсіпорынның шығындарын басқару мен баға саясатын жүргізу тиімділігін сипаттайды.

Капитал айналымдылығының коэффициенті (K_{oo}) – оның пайдаланылу ырғақтылығы мен кәсіпорынның іскерлік белсенділігін бейнелейді.

Капитал мультипликаторы (MK) – қаржыландыру саласындағы саясатты көрсетеді. Оның дейгейі жоғары болған сайын, кәсіпорынның банкротқа ұшырау қаупі де жоғары болады, сонымен қоса қаржылық тұтқаның оңтайлы әсері кезіндегі меншікті (акционерлік) капиталдың табыстылығы да соғұрлым жоғары болады.

13 ТАҚЫРЫП. БАЛАНС ӨТІМДІЛІГІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

13.1 Өтімділік түсінігі және баланстың өтімділігі

13.2 Активтердің өтімділігін талдау

13.3 Баланс өтімділігін кешенді түрде бағалау

13.4 Өтімділік көрсеткіштерін талдау әдістемесі

13.1 Өтімділік түсінігі және баланстың өтімділігі

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының мінездемесін сипаттайтын көрсеткіштің бірі *төлем қабілеттілік*, яғни өз уақыты келгенде өтем ақыларын алуы болып табылады. Төлем қабілеттілік дегеніміз – кәсіпорынның сыртқы қаржылық жағдайы, оның беріктілігі. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі ішкі және сыртқы серіктертер алдында, сонымен қатар мемлекет алдында *қаржылық міндеттемелерді* толық және уақытылы *орындауға* мүмкіндігімен сипатталады. Төлем қабілеттілік коммерциялық келісім-шарттарды іске асыру шарттарына және негізгі нысанға тікелей әсер етеді, сонымен қатар несие және займ алу мүмкіндігін қосады. Өтімділікті талдау тек кәсіпорындарды бағалау мақсаты мен қаржылық қызметіне болжам жасау үшін ғана емес, сонымен қатар сыртқы инвесторлар (банктер) үшін де маңызды.


Сыртқы инвесторлардың төлем қабілеттілікті бағалауы *ағымдағы активтердің өтімділігін сипаттайды*. Баланстың өтімділігі дегеніміз – субъектінің шаруашылығы активтерін қолма-қол ақшаға айналдыра алуы және өзінің өтем міндеттемелерін жаба алуы, нақты айтқанда – бұл кәсіпорынның өз міндеттемелерін активтерімен жабу, қолма-қол ақшаға айналдыру мерзімі, өтеу мерзімі келген міндеттемесін жабу мерзіміне сай келуі. Ол барлық төлем қаражаттар көлемінің қысқа мерзімді қарыздық міндеттемеге сай келу деңгейіне тәуелді.

Баланстың өтімділігіне қарағанда кәсіпорынның өтімділігі жалпы түсінікті ұғындырады. Баланс өтімділігі төлем қаражаттарының тек ішкі көздерден ғана (активтерді іске асыру) жабылуын қарастырады. Бірақ кәсіпорынның сырттан займдық қаражат тартуына болады, егер ол кәсіпкерлік өмірге сай имиджі болса және инвестициялық қызықтырушылық деңгейі жоғары болса.

Өтімділік кәсіпорынның тез және минималды деңгейдегі қаржы жоғалтуда өз активтерін (мүліктер) ақша қаражаттарына айналдырып алуымен анықталады. Ол сонымен қатар кассада қалған қалдық ақша ныса-

нында, банктер шоттарындағы ақша қаражаттар түрінде және ағымдағы активтердің тез іске асыра алатын элементтерімен сипатталады.

Төлем қабілеттілік пен өтімділік түсініктері өте жақын, бірақ екіншісі икемдірек. *Төлем қабілеттілік баланс өтімділігіне тәуелді.* Өтімділік сонымен қатар ағымдағы шоттар жағдайын және перспективасын да сипаттайды. Кәсіпорын нақты бір кезеңде төлем қабілетті болуы мүмкін, бірақ болашақта жағымсыз жағдайға ұшырауы да мүмкін. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін, өтімділігін және баланс өтімділігінің арақатынасын көп қабатты ғимаратпен салыстыруға болады, мұнда барлық қабаттар бірдей, бірақ барлық қабаттар бірінші қабатсыз отырып қалады. Бұдан баланс өтімділігі кәсіпорынның төлем қабілеттілігі кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен өтімділігінің негізі екенін білеміз. Басқа сөзбен айтқанда, өтімділік төлем қабілетті ұстап тұрушы тәсілдердің бірі деп айтуға болады. Егер кәсіпорын үлкен имиджге ие болса және әр уақытта төлем қабілетті болса, онда оған өз өтімділігін ұстап тұру оңай болады.



Сурет 13.1 Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен өтімділігінің көрсеткіштері арасындағы байланыс көрсетілген

Осылайша өтімділік – ұйымның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелері бойынша жауап бере алуы. Егер кәсіпорынның төлем қабілеттілігі төмен болса, бұл қаржылық денсаулығының әлсіздігінен және өз қызметінің көптеген сұрақтарын шеше алмайтындығын көрсетеді. Басқаша өтімділікті *кәсіпорынның айналым (ағымдағы) активтерінің сапасы ретінде және олардың қарыздарды жаба алуы қабілеті ретінде* анықтайды. Егер кәсіпорын негізгі стратегиялық жоспар құратын болса, онда өтімділік проблемасы ұзақ мерзімді жобалау процесіне дейін шешіліп қояуға тиіс.

Кәсіпорынның төлем қабілетінің жақсаруы айналым активтерін және ағымдағы пассивтерін басқару саясатымен тығыз байланысты. Бұндай

саясат айналым қаражаттарының оптимизациясын және қысқа мерзімді міндеттеменің минимизациясын сипаттайды. Кәсіпорынның төлем қабілетін және өтімділігін бағалау үшін келесі негізгі әдістерді қолдануға болады: *баланстың өтімділік талдауы; өтімділіктің қаржылық коэффициенттерін есептеу және бағалау; ақша (қаржы) ағымын талдау.*

13.2 Активтер өтімділігін талдау

Баланс өтімділігін талдау кезінде активтерді салыстыру пассив бойынша мінездемесінің өтімділік деңгейімен топтастырылған және оларды жабу мерзімімен реттелген активтерді салыстырады. Кәсіпорын төлем қабілетті деп есептеледі, егер келесі шарт орындалса:

$$OA \geq KO$$

мұнда OA – айналым активтері; KO – қысқа мерзімді міндеттемелер

Төлем қабілетінің көп кездесетіндері: *егер өзімдік айналым қаражаттары мерзімді міндеттемелерді (кредиторлық берешек) жабатын болса:*

$$COC \geq CO$$

мұнда COC – өзіндік айналым қаражаттары ($OA-KO$); CO – одан тез міндеттемелер

Тәжірибеде кәсіпорынның төлем қабілеттілігі баланс өтімділігі арқылы көрінеді. Баланс өтімділігін бағалаудың негізгі мақсаты кәсіпорынның міндеттемелерін өз активтерімен жабу көлемін бекіту, трансформация мерзімін яғни ақша қаражаттарының міндеттемелерді жабу мерзіміне сай келуін бекіту болып табылады. Баланстағы активтер мен пассивтерді талдауды іске асыру үшін келесі белгілері бойынша жіктеледі:

- 1) Өтімділік (актив) дәрежесінің кемуі бойынша;
- 2) Міндеттемелерді тез төлеу дәрежесіне байланысты.

Баланс өтімділігін анықтау үшін активтер және пассивтер топтарын өзара салыстырады. *Абсолютті өтімділік шарты* келесідей:


$$A_1 \geq P_1; A_2 \geq P_2; A_3 \geq P_3; A_4 < P_4$$

Абсолютті баланс өтімділігінің міндетті шарты болып, бірінші үш теңсіздіктің орындалуы табылады. Төртінші теңсіздік теңестіруші сипатқа ие. Оның орындалуы кәсіпорынның жекеменшік айналым қаражатының

бар екенін куәландырады. Капитал және резервтер айналым активтеріне жатпайды.

Бірінші топ (A_1) *абсолютті өтімді активтерді* еңгізеді; оларға қолма-қол ақшалар және қысқа мерзімді қаржылық салымдар жатады.

Екінші топқа (A_2) *тез іске асатын активтер* жатады: дайын өнім, жиелген тауарлар және дебиторлық берешек. Бұл топтың ағымдағы активтердің өтімділігі өнімді уақытылы тиюден, банктік құжаттарды дайындаудан, банктағы төлем құжатайналымдарының жеделдігінен, өнімге деген сұраныстан, оның бәсеке қабілеттілігінен, тұтынушылардың төлем қабілеттілігінен, төлем нысандарына тікелей тәуелді.



Сурет 13.2 Активтер мен міндеттемелерді өтімділік деңгейімен сарыстыру

Өндіріс запастарын және аяқталмаған өндірісті дайын өнімге, содан кейін оны ақшаға айналдыру үшін көп уақыт кетеді. Сол үшін олар жай іске асушы активтер (A_3) үшінші тобына жатады.

Төртінші топ (A_4) – бұл *өткізілуі қиын активтер*, бұған негізгі құралдар, материалдық емес активтер, ұзақ мерзімді қаржы салымдар, аяқталмаған құрылыс жатады.

Кәсіпорынның міндеттемелері де сәйкесінше төрт топқа бөлінеді:

Π_1 – жедел міндеттемелер (кредиторлық берешек және қайтару ауқыты келген банк несиелері);

Π_2 – орта мерзімді міндеттемелері (банктің қысқа мерзімді несиелері);

Π_3 – займдар және банктің ұзақ мерзімді несиелері;

Π_4 – меншікті (акционерлік) капитал.

Теория жүзінде активтер тобының біріндегі қаражат тапшылығы екінші бір топтағы артықшылықпен толықтырылады. Бірақ тәжірибеде өтімділігі төмен активтер жоғары өтімділікті активтердің орнын баса алмайды. Сондықтан теңсіздіктердің кез-келгені оңтайлы нұсқада көрсетілген таңбаға қарама-қарсы болса, онда баланс өтімділігі абсолюттіден ауытқиды. A_1 -ді P_1 -мен және A_1+A_2 -ні P_2 -мен салыстыру жақын арада төлем қабілетті деп саналатындығын куәландыратын кәсіпорынның ағымдағы өтімділігін анықтауға мүмкіндік береді. A_3 -ті P_3 -пен салыстыру ұзақ мерзімді төлем қабілеттілігін болжаудың негізі саналатын болашақ өтімділікті бейнелейді.

Баланс өтімділігін талдау кезінде таза айналым капиталы атты көрсеткішке назар аудару керек. Таза айналым капиталы (таза айналым қаражаттары) «Айналым активтері» мен «Қысқа мерзімді міндеттемелер» бөлімдерінің қорытынды нәтижелерінің айырмасына тең. Осы көрсеткіштің өсімі кәсіпорын өтімділігі деңгейінің өсімін бейнелейді.

13.3 Баланс өтімділігін кешенді түрде бағалау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сапалы түрде бағалау үшін баланс өтімділігінің абсолютті көрсеткіштерімен қатар, қаржылық көрсеткіштерді де анықтаған абзал. Мұндай есептеудің мақсаты – қолда бар айналым активтерімен қысқа мерзімді міндеттемелерді жаба алу мүмкіндігіне байланысты қатынастарын бағалау. Айналым активтері оларды өткізу кезінде әртүрлі өтімділік дәрежесіне ие болады: ақша қаражаттары абсолютті өтімді деп саналады, одан кейін өтімділік дәрежесінің кемуі бойынша қысқа мерзімді қаржылық салымдар, дебиторлық берешек, босалқылар орналасады. Бұдан, өтімді қаражаттарды есептеу тәртібіне жатқызылуына байланысты ерекшеленетін әртүрлі көрсеткіштерді кәсіпорынның өтімділік және төлем қабілеттілігін анықтау үшін пайдаланамыз. Оларды әр айдың соңында есептеген жөн. Өйткені ол өтімділік пен төлем қабілеттілік көрсеткіштерінің динамикалық қатарларын құруға мүмкіндік береді.

Қысқа мерзімді перспективада төлем қабілетті бағалауда келесі көрсеткіштерді қолданады:

- Ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- Аралық өтімділік коэффициенті;
- Абсолютті өтімділік коэффициенті.

Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі мен өтімділігін бағалауда қолданатын қаржылық көрсеткіштер


Көрсеткіштер атауы	Не түсіндіреді	Есептеу тәсілі	Көрсеткіштің интерпретациясы
1. Абсолютті (тез) өтімділіктің коэффициенті ($K_{от}$)	Кәсіпорын жақын арада (баланс кұрудағы мерзімге) қысқа мерзімді берешектің қандай бөлігін жабуға дайын	$K_{от} = (ДС + КФВ) / КО$ мұнда ДС – ақша қаражаттары; КФВ – қысқа мерзімді қаржылық салымдар; КО – қысқа мерзімді міндеттемелер	0,15-0,2 ұғымын ұсынады. Төмен ұғым төлем қабілеттіліктің төмендеуін көрсетеді
2. Ағымдағы (анықталған) өтімділік коэффициенті ($K_{мв}$)	Кәсіпорынның жоспарланған қазіргі заманға сәйкес дебиторлармен есеп айырысу жүргізу мүмкіндігі	$K_{мв} = (ДС + КФВ + ДЗ) / КО$ мұнда ДЗ – дебиторлық берешек	0,5-0,8 ұғымын ұсынады. Төмен ұғым дебиторлармен жүйелі түрде жұмыс істеуінің қажеттілігін көрсетеді
3. Қаражаттарды мобилизация- ялау кезіндегі өтімділік коэффициенті ($K_{,моб}$)	Қысқа мерзімді міндеттемені жабу үшін ақша қаражаттар мобилизациялық көзқараспен қарағанда кәсіпорынның төлем қабілеттілігінің материалдық запастардан тәуелділік дәрежесі	$K_{,моб} = 3 / КО$ мұнда 3 – тауарлы-материалдық құндылықтардың запастары	0,5-0,7 ұғымын ұсынады. Төменгі шекара қысқа мерзімді міндеттемелерді жабу үшін запастар мобилизациясының жеткілікті екенін сипаттайды
4. Жалпы өтімділіктің коэффициенті ($K_{от}$)	Кәсіпорынның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу үшін айналым қаражаттарының жеткілікті болғандығы	$K_{от} = (ДС + КФВ + ДЗ + З) / КО$	1-2 ұғымын ұсынады. Төмендегі шекара қысқа мерзімді міндеттемені жабуға айналым қаражаты жеткілікті болуға тиістігін көрсетеді
5. Меншікті төлем қабілеттілік коэффициенті ($K_{сн}$)	Қысқа мерзімді міндеттемедегі таза айналым капиталының мөлшерлемелерін, яғни қысқа мерзімді міндеттемелерді кәсіпорын таза айналым активтерінен төлей алатындығын сипаттайды	$K_{сн} = ЧОК / КО$ мұнда ЧОК – таза айналым капиталы	Бұл көрсеткіш әр кәсіпорынға индивидуалды және ол өндірістің коммерциялық қызметінің классификациясына тәуелді

$$\text{Жалпы жабу коэффициенті (ОКП)} = \frac{\text{ағымдағы активтер}}{\text{ағымдағы пассивтер}}$$

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (қарыз жабушы коэффициент) жалпы қысқа мерзімді міндеттемеге барлық ағымдағы активтер сомасының, оның ішінде запастар және аяқталмаған өндіріс, қатынасын белгілейді. Бұл коэффициент ағымдағы активтермен ағымдағы пассивтерді жабу дәрежесін көрсетеді. Басқаша айтқанда, ағымдағы өтімділік коэффициенті (қарыз жабушы коэффициент) фирманың ағымдағы активтері мен және оның ағымдағы (қысқа мерзімді) міндеттемелердің арасындағы арақатынасын көрсетеді.

Ағымдағы активтердің ағымдағы пассивтерден жоғары болуы шығындарды компенсациялауға резервтік запаспен қамтамасыз етілуін білдіреді. Накты ақшадан басқа барлық ағымдағы активтерді орналастыру мен жою кезінде кәсіпорын шығынға ұшырауы мүмкін. Запас шамасы өскен сайын, қарыз жабылатына несиегерлердің сенімділігі арта береді.

Барлық кәсіпорындар үшін осы көрсеткіштің жалпы шамасын негіздеу мүмкін емес, себебі ол қызмет сферасына, активтердің құрылымы мен сапасына, өндіріс-коммерциялық цикл ұзақтығына, кредиторлық берешекті жабу жылдамдығына тәуелді. Сол үшін кәсіпорынды осы көрсеткіш деңгейіне байланысты салыстыруға болмайды. Оны тек кәсіпорынның динамикасын зерттегенде пайдалану керек.



Сурет 13.3 Ағымдағы өтімділік коэффициентін факторлық талдау

Тауарлы-материалды запастардың айналымы (ОЗ) оны ресурстарды сатып алудан дайын өнімді сатуға дейінгі өткен тауар жылдамдығымен өлшенеді. ОЗ есептеу тек сату көлемі бірқалыпты өсу кезінде қолданады.

ОЗ үлкен көрсеткіші кәсіпорынның жақсы өтімділігін немесе керемет тауар өнерін көрсетеді. Немесе керсінше – сату үшін запас көлемінің жеткіліксіздігін. Төмен ОЗ өтімділіктің дұрыс болмауын, запастардың артығын немесе ескіруін көрсетеді. Кейкезде ОЗ-ның төмендеуіне сату мерзімі, мерзімсіз тауарлардың жиналып қалуы, запастарды ұстап тұру саясатының жүргізілуі, басқа да жағдайларға байланысты жоспарланған запастардың көтерілуі әсерін тигізеді.

Запас айналымын анықтаудың басқаша түрі таза сатуды көлемін запас көлеміне бөлу болып табылады:

$$ОЗ = \frac{\text{таза сатулар}}{\text{запастар}}$$

Негізгі қаражат айналымы (фиксирленген активтер) кәсіпорынның таза сату көлемін негізгі қаражаттардың көлеміне бөлуде анықталады.

$$ООС = \frac{\text{таза сатулар}}{ОС \text{ (таза көлемі материалдық емес активтерді алып тастағанда)}}$$

ООС негізгі қаражатпен келген әрбір теңгені, яғни жалпы жылсайынғы табысты анықтайды. ООС баланс құнының орнатуына қарсы негізгі қаражатты бағалаудың жақсы тәсілі болып табылады.

Тағы бір белсенділіктің көрсеткіші – кәсіпорынның ресурстарын қолдануды басқарудың тиімді индикаторы болып табылатын кәсіпорынның жалпы активтерінің айналымы.

$$\text{Жалпы активтерді айналымы (ООА)} = \frac{\text{таза сатулар}}{\text{жалпы активтер}}$$

Егер 1-ден жоғары болу тиіс белсенділіктің жалпы көрсеткіші төмен болатып болса, онда ол кәсіпорынның солғын қызметін, сату көлемінің төмендігін, активтердің үлкен тауарлы-материалды запастармен қалғанын білдіреді.

Ағымдағы өтімділік коэффициентінің өзгеруі ағымдағы активтермен ағымдағы пассивтердің әр статьялары бойынша сомасының көбеюі немесе азаюынан болады.

$$К_{м.л.0} = \frac{ТА_0}{ТП_0} \quad К_{м.л._{\text{усл}}} = \frac{ТА_1}{ТП_0} \quad К_{м.л._{\phi}} = \frac{ТА_1}{ТП_1}$$

мұнда $ТА$ – ағымдағы активтер;

$ТП$ – ағымдағы пассивтер.

Содан кейін ағымдағы өтімділік коэффициент деңгейінің жалпы өзгеруін анықтайды:

$$K_{\text{м.л.ф.}} - K_{\text{м.л.0}}$$

Соның ішінде өзгерістер де:

$$- \text{Ағымдағы активтер сомасы: } K_{\text{м.л. усл.}} - K_{\text{м.л.0}}$$

$$- \text{Ағымдағы міндеттемелер сомасы: } K_{\text{м.л.ф.}} - K_{\text{м.л. усл.}}$$

Содан кейін пропорционалды бөлу тәсілі арқылы бұл өсімдерді факторлар бойынша орналыстыруға болады. Бұл үшін ағымдағы активтердің әр статья үлесін жалпы өзгерістегі олардың сомасын берілген фактор есебінен ағымдағы өтімділік коэффициентінің өсімін көбейту керек. Енді ағымдағы пассив бойынша және өтімділік коэффициентінің көлемінің өзгерісі екінші тәртіптегі фактор әсері бойынша есептелінеді.

Егер жалпы коэффициентті осындай схема бойынша талдаса, онда әр кәсіпорын үлкен материалды запастар жиналып қалған кәсіпорындар төлем қабілетті болады. Сондықтан банктер мен басқа да инвесторлар тез өтімді (аралық) коэффициентті таңдайды.

Көрсеткіштің негізгі басымдылығы – қарапайымдылығы және көркемділігі. Бірақ ол керісінше кемшеліктерге де айналуы мүмкін. Сол себептен осы әдісті байқап қолдану тиіс.

13.4 Өтімділік көрсеткіштерін талдау әдістемесі

Тез өтімділік коэффициенті кәсіпорынның қысқа мерзімді қарыздарының жалпы сомасына бірінші екі топтағы өтімділік қаражаттарының қатынасымен анықталады. Әдетте инвесторларды 0,7-ден 0,1-ге дейінгі қатынастар қанағаттандырады. Бірақ бұл қатынас жеткіліксіз болуы мүмкін, егер өтімділік қаражатының үлкен бөлігін дебиторлық берешек құрайтын болса, әсіресе өз уақытында табыла қоймайтындар. Бұндай жағдайда да көп қатынастар керек болады. Егер ағымдағы активтердің үлкен бөлігін ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері (бағалы қағаздар) құраса, онда қатынас аз болуы мүмкін.

Абсолютті өтімділік коэффициенті (ақша резервтерінің нормасы) алдыңғы көрсеткіштерді толықтырады. Бұл коэффициент кәсіпорынның қысқа мерзімді қарыздарының жалпы сомасына бірінші топтағы өтімді қаражаттардың қатынасымен анықталады. Абсолютті өтімділік коэффициент көлемі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым қарыздарды өтеуге кепілдік көп болады, себебі мұнда кәсіпорынды жою жағдайында бұл активтердің тобы өз құнын жоғалтпайды. Коэффициент ұғымы 0,2-0,25-ті құрайтын болса, жеткілікті болып есептеледі. Егер кәсіпорын

ағымдағы уақытта өз қарызының 20-25% өтей алатын болса, онда оның төлем қабілеті дұрыс дер саналады.

Есте сақтау керек, абсолютті өтімділік коэффициенті жақсы немесе жаман төлем қабілеттіліктің деңгейін айқындамайды. Оның деңгейін бағалауда қысқа мерзімді міндеттеме айналымының жылдамдығы мен ағымдағы активтің айналым қаражатының жылдамдығын ескеру қажет. Егер төлем қаражаттары тезірек айналса, яғни төлем міндеттемелерінің мүмкін жағдайынан да жақсы айналса, онда кәсіпорынның төлем қабілеттілігі бірқалыпта болады. Сол уақытта қолма-қол ақшаның жоқтығы кәсіпорынның төлем қабілеттілігімен айырылуынан немесе банкроттыққа ұшырау жолына түсуіне алып келеді.

Тек осы көрсеткіш арқылы қателіксіз кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалауға болады, өйткені берілген процесс өте күрделі және оған 2-3 көрсеткіш арқылы толық мінездеме беру мүмкін емес. Өтімділік коэффициенттер салыстырмалы көрсеткіштер болып табылады және белгілі бір мезгілде өзгермейді. Өнімділікті толықтан және объективті бағалау үшін факторлық модельді қолдануға болады:

$$K_{\text{лик}} = \frac{\text{ағымдағы активтер} * \text{баланстық пайда}}{\text{баланстық пайда} \text{ қысқа мерзімді қарыздар}} = X_1 * X_2$$

мұнда x_1 – түсімнің теңгеге айналатын ағымдағы активтің көлемін сипаттайтын көрсеткіш (активтер рентабельділігінің кері шамасы); x_2 – өзінің қызметінің нәтижесінде өз қарыздарын жаба алатын қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын кәсіпорын көрсеткіші.

x_2 көрсеткіші жоғары болған сайын, кәсіпорынның қаржылық жағдайы жақсара береді.

Өтімділік көрсеткіштерінің көлемі уақытша көлем болып келеді, өйткені активтер өтімділігін және бухгалтерлік баланс бойынша жедел міндеттемелерді белгілі бір шамада анықтауға болады. Мысалы, босалқылар өтімділігі оның сапасына, айналымына, тапшылық мөлшеріне және жатып қалған материалдар мен дайын өнімге байланысты. Дебиторлық берешек өнімділігі оның айналымына мерзімі өтіп кеткен төлемдер мөлшеріне және келіп түспеген төлемдерден тұрады. Сол үшін өтімділікті дұрыс бағалауда бухгалтерлік есептегі аналитикалық мәліметтер негізінде ішкі талдауға қол жеткізуге болады.

Осымен байланысты жеңілдіктер нормативін қолдана отырып ағымдағы өтімділік коэффициентінің есептеу әдістемесінің мағынасын артады. Бұл әдістің мәні өтімділіктің орташа статистикалық бағалау негізінде әр баланс статьясына арналып, нормативті жеңілдіктер өңделеді, және олардың негізгі баланс статья арасындағы жеке топтарды қайта бөлу

жүргізіледі. Мысалы, тез іске асатын активтерге дебиторлық берешектің 80%, дайын өнімнің 70%, өндіріс запасының және аяқталмаған өндірістің 50% қатыстыруға болады. Бұл активтерден қалған бөлігін жай іске асатын активтерге жатқызуға болады. Дәл осындай қайта бөлістіру кредиторлық берешекке де жасалады: ұзақ мерзімді берешектің бөлігі қысқа мерзімді берешекке жатқызылады және керісінше.

Сонымен қатар өтімділік коэффициенттері бір мерзімдегі міндеттемелерді жабу үшін қолма-қол төлем қаражаттарын статистикалық бейнесін келтіреді. Дұрыс жағдайда ағымдағы активтер айнала алады: қолданылған запастар қайта толтырылады, жабылған дебиторлық берешек қайта құрылғандарымен алмастырылады.

14 ТАҚЫРЫП. ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары:

14.1 Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының абсолютті көрсеткіштері

14.2 Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау

14.1 Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының абсолютті көрсеткіштері

Кәсіпорынның қаржы жағдайын талдауда маңызды тапсырмалардың бірі оның қаржы тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштермен танысу болып табылады. Қаржы тұрақтылығын талдау кәсіпорынның меншікті және қарыз қаражаттарын қаншалықты дұрыс басқарып отырғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Қаржы тұрақтылығының мазмұны, қалыпты өндірістік-коммерциялық қызмет үшін қажетті ақша ресурстарының тиімді қалыптасуы мен пайдалануымен меншікті капитал қаржы ресурстарына ең алдымен таза (бөлінбеген) пайда мен амортизациялық аударымдар жатады. Қаржы тұрақтылығының сыртқы белгісі ретінде шаруашылық субъектінің төлем қабілеттілігі көрініс табады. Төлем қабілеттілік – бұл кәсіпорынның коммерциялық, несиелік және төлем түріндегі басқа операцияларынан туындайтын өзінің қаржылық міндеттемелерін орындай алу қабілеттілігі.



Сурет 14.1 Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын сипаттайтын көрсеткіштер

Кәсіпорынның қанағаттанарлық төлем қабілеттілігі келесідей параметрлермен расталады:

- Есептік, валюталық және банктің басқа шоттарында бос ақша қаражаттарының болуы;
- Жабдықтаушылардың, персоналдың, бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың және басқа кредиторлардың алдында ұзақ мерзімді мерзімі ұзартылған қарыздың болмауы;
- Меншікті айналым қаражатының (таза айналым капиталының) болуы.

Төмен төлем қабілеттілік кездейсоқ, уақытша, ұзақ мерзімді немесе созылмалы болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді төмен төлем қабілеттілік кәсіпорынды дағдарысқа алып келуі мүмкін.

Қаржылық тұрақтылықтың жоғарғы типі кәсіпорынның негізінен қаржыландырудың меншікті қайнар көзі негізінде даму қабілеттілігі. Бұл үшін ол қаржылық ресурстардың икемді құрылымы мен қарыз қаражатын тарту мүмкіндігіне ие болуы, яғни несие қабілетті болуы қажет. Кәсіпорын несие қабілетті болып саналады, егер *меншікті қаржы ресурстар негізінде кредиторға алынған ссуданы уақытында қайтару қабілеттілігі болса*.

Қаржы тұрақтылығын сақтап қалуы үшін кәсіпорынға тек пайда көлемінің өсуі ғана емес сонымен қатар оның деңгейінің салынған капиталға қатысты өсуі де, яғни рентабельділік де қажет.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы – бұл кәсіпкерлік тәуекелділіктің ең төменгі деңгейінде төлем қабілеттілік пен несие қабілеттілікті сақтай отырып меншікті қаражат негізінде кәсіпорынның дамуын қамтамасыз ететін кәсіпорынның ақша ресурстарының жағдайы.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығына *көптеген факторлар әсер етеді*:

- Тауар және қаржы нарығындағы кәсіпорынның жағдайы;
- Сұранысы бар және бәсекеге қабілетті өнімді өндіру мен өткізу;
- Іскерлік бірлестіктегі кәсіпорынның рейтингі;
- Сыртқы несиегерлер мен инвесторларға кәсіпорынның тәуелділік деңгейі;
- Төлем қабілетсіз дебиторлардың болуы;
- Өндіріс шығындарының көлемі мен құрылымы, олардың ақшалай кірістерге қатынасы;
- Төленген жарғылық капитал көлемі;
- Коммерциялық және қаржылық операциялардың тиімділігі;
- Мүлктік потенциалдың жағдайы;
- Қаржы менеджерлерінің қаржылық дайындық деңгейі.

Өндірістік процесс кезінде кәсіпорында үнемі тауарлы-материалды құндылықтар қоры толықтырылып отырады. Бұл мақсатқа қалай меншікті айналым қаражаты пайдаланылса, солай қарыз қайнар көздері де пайдаланылады. Қорларды қалыптастыру үшін қаражаттардың болуын анықтағанда қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері анықталады.

Қорларды (босалқыларды) қалыптастыруда қайнар көздің (меншікті қаражат, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелер мен займдар). Әр түрін анығырақ көрсету үшін көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

1. *Ағымдағы кезең соңында меншікті айналым қаражатының болуы* келесі формуламен анықталады:

$$COC = CK - BOA$$

мұнда COC – ағымдағы кезең соңындағы меншікті айналым қаражаты (таза айналым капиталы); CK – меншікті капитал; BOA – айналымнан тыс активтер

2. *Босалқыларды қаржыландырудың меншікті және ұзақ мерзімді қарыз қайнар көздерінің бар болуы* келесі формуламен анықталады:

$$CДИ = CK - BOA + ДКЗ$$

немесе

$$CДИ = COC + ДКЗ$$

мұнда $ДКЗ$ – ұзақ мерзімді несиелер мен займдар

3. *Босалқыларды қалыптастырудың негізгі қайнар көздерінің жалпы көлемі:*

$$ОИЗ = CДИ + ККЗ$$

мұнда $ККЗ$ – қысқа мерзімді несиелер және займдар

Нәтижесінде қаржыландырудың көзімен қамтамасыз етілген 3 көрсеткішті анықтауға болады:

1. *Меншікті айналым қаражаттарының артық болуы (+), жетіспеуі (-)*

$$\Delta COC = COC - 3$$

мұнда ΔCOC – меншікті айналым қаражатының артық болуы; 3 – запастар (босалқылар)

2. *Босалқыларды қаржыландырудың меншікті және ұзақ мерзімді қайнар көзінің артық болуы (+), жетіспеуі (-)*

$$\Delta CДИ = CДИ - 3$$

3. Босалқыларды жабудың негізгі қайнар көздерінің жалпы көлемінің артық болуы (+), жетіспеуі (-)

$$\Delta OIZ = OIZ - 3$$

Бұл босалқыларды қамтамасыз ету көрсеткіштерін үш факторлық модель түрінде көрсетуге болады:

$$M = (\Delta SOC; \Delta CДИ; \Delta OIZ)$$

Бұл модель кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын сипаттайды. Тәжірибеде қаржы тұрақтылығының 4 типі кездеседі.

Кесте 14.1

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының типі

Қаржылық тұрақтылықтың типтері	Модель	Босалқыларды қаржыландырудың көздері	Қаржы тұрақтылығына қысқаша сипаттама
1. Абсолютті қаржы тұрақтылығы	$M = (1;1;1)$	Меншікті айналым қаражаттары (таза айналым капиталы)	Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі жоғары. Кәсіпорын сыртқы кредиторларға тәуелсіз
2. Қаржы тұрақтылығы қалыпты	$M = (0;1;1)$	Меншікті айналым қаражаттары + ұзақ мерзімді несиелер мен займдар	Кәсіпорынның төлем қабілеттілігі қалыпты. Қарыз қаражаттарының тиімді пайдаланады. Ағымдағы қызметтің табыстылығы жоғары
3. Қаржылық жағдайы тұрақсыз	$M = (0;0;1)$	Меншікті айналым қаражаттары + ұзақ мерзімді несиелер мен займдар + қысқа мерзімді несиелер мен займдар	Қалыпты төлем қабілеттілігі бұзылған. Кәсіпорынға қаржыландырудың қосымша көздерін тарту қажет. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндік бар
4. Кәсіпорынның қаржылық жағдайы дағдарысты	$M = (0;0;0)$	-	Кәсіпорын толығымен төлем қабілетсіз және банкротқа ұшырау қаупі бар

Қаржы тұрақтылығының бірінші типін формула түрінде көрсетуге болады:

$$M_1 = (1;1;1) \text{ яғни } \Delta SOC \geq 0; \Delta CДИ \geq 0; \Delta OIZ \geq 0.$$

Абсолютті қаржы тұрақтылығы (M_1) біздің елде сирек кездеседі.

Қаржы тұрақтылығының екінші типін келесі формуламен көрсетуге болады:

$$M_2 = (0;1;1) \text{ яғни } \Delta \text{COC} < 0; \Delta \text{CДИ} \geq 0; \Delta \text{ОИЗ} \geq 0.$$

Қалыпты қаржы тұрақтылығы кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерінің орындалуына кепілдік береді.

Үшінші тип (тұрақсыз қаржылық жағдай) келесі формуламен сипатталады:

$$M_3 = (0;0;1) \text{ яғни } \Delta \text{COC} < 0; \Delta \text{CДИ} < 0; \Delta \text{ОИЗ} \geq 0.$$

Төртінші типті (дағдарысты қаржылық жағдай) келесі түрде көрсетуге болады:

$$M_4 = (0;0;0) \text{ яғни } \Delta \text{COC} < 0; \Delta \text{CДИ} > 0; \Delta \text{ОИЗ} < 0.$$

Мұндай жағдайда кәсіпорын толығымен төлем қабілетсіз болып, банкроттыққа ұшырау қаупі туады, себебі айналым активтерінің, шешуші элементі «босалқылар» (запасы) қаржыландыру көздерімен қамтамасыз етілмеген.

Тұрақсыз қаржылық жағдайындағы кәсіпорынның төлем қабілеттілігін жақсартудың негізгі жолдары:

- Меншікті капиталды көбейту;
- Айналымнан тыс активтерді қысқарту (қолданылмайтын негізгі құралдарды сату немесе жалға беру арқылы);
- Материалды-өндірістік босалқылар көлемін оңтайлы деңгейге дейін қысқарту (ағымдағы және сақтандырылған босалқылар көлеміне дейін).

14.2 Қарыз алушының несие қабілеттілігін талдау

Қаржы тұрақтылығының қатысты көрсеткіштері *кәсіпорынның сыртқы инвесторлар мен кредиторларға тәуелділік деңгейін сипаттайды*. Кәсіпорын иелері қаржы көздерінің жалпы көлемінде меншікті капиталды жоғарылату мен қарыз қаражатын төмендетуге мүдделі. Қарыз алушының қаржы тұрақтылығын кредиторлар меншікті капитал көлемі мен банкроттық болдырмау ықтималдығымен бағалайды.

Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы қаржылық коэффициенттер жүйесі арқылы сипатталынуы мүмкін. Оларды есептеудің ақпараттық базасы бухгалтерлік баланстың актив және пассив статьялары болып табылады. *Базистік көрсеткіштер* келесілер бола алады:

- Өткен кезеңдегі көрсеткіштің мәні;
- Аналогиялық фирмалардың көрсеткіштерінің мәні;

– Көрсеткіштердің орташа салалық мәні.

Кәсіпорын көп жағдайда, өзінің ақша қаражатына деген қосымша қажеттілігін жабу үшін коммерциялық бактердің қызметіне жүгінеді. Несие келісімі екі жақтын өзара түсінісушілігін қарастырады, яғни кредитор (банк) және қарыз алушы (клиент). Кредитор (қарыз беруші) қарыз алушыға келісім объектісін – төлемділік, қайтарымдылық, үнемділік және қамтамасыздарушылық шартымен ссудалық құнды (несиені) береді, және сонымен қатар келісімнің объектісінің меншік иесі болып қала береді.

Өр несие келісiмiнде белгiлi бiр тәуекелдiлiк бар: ссудалық құнның қайтарылмауы, ссуда бойынша пайыздың төленбеуі, пайызды төлеу мерзімінің бұзылуы. Мұндай тәуекелділіктің бар болуы және оның көптеген факторларға тәуелділігі банктің көрсеткіштерді таңдауын қажет етеді, және оның көмегімен клиенттің несие келісiмiндегi шарттарды орындау ықтималдылығын бағалауға болады.

Кәсіпорынның несие қабілеттілігі – бұл оның қарыздық міндеттемелері бойынша банкпен уақытылы әрі толық есептесу мүмкіндігі. Несие қабілеттілік *клиенттің қалыптасқан қаржылық жағдайын сипаттайды*, ал оның жұмысының тиімділігі мен несиені белгіленген мерзімде өтеу мүмкіндігі туралы банкке дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Ақша капиталының кредитордан қарыз алушыға орын ауыстыруы өз кезегінде заңнамалық келісімді көрсетеді. Несие келісімінің нәтижесінде банк берілген ссуда орнына сәйкес ақша қаражатының эквивалентін алмайды. Банктің тек ссудалық құнға ғана құқығы болады немесе несиені қамтамасыз ететін материалдық құндылыққа кепілдік құқығын иеленеді. Несие келісімі орындалмаған жағдайда банк кепіл мүлігін өткізу құқығын пайдаланып, кепіл мүлікті сатып, түскен ақша қаражатты несиені өтеуге жұмсайды. Бірақ бұл тек құқықпен хабары бар қарыз алушымен несие келісімі жасалған жағдайда мүмкін. Яғни құқықпен хабардар болу ұйымның несие қабілеттілігінде маңызды элемент болып табылады.

Сонымен қатар клиенттің іскерлік беделі мен оның тауар және қаржы нарығындағы жағдайын танып алу қажет. Кәсіпорынның несие қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер жиыны талдаудың мақсаты мен тапсырмасына, несиелендіру мерзіміне, банк пен несие алушының несиелік қатынас жағдайына байланысты. *Клиенттің несие қабілеттілігінің анықтамасы несие беру туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін қаржылық жағдайды толық әрі сапалы бағалауды, сонымен қатар қарыз алушымен несие қатынастарын жалғастыруының мақсатсыздығын білдіреді.*

Несиелендіру шартын талдау үшін келесілерді білу қажет:

- Клиенттің «салиқалдылығы» (солидарность), яғни бұрын алынған несиесі бойынша уақытында есептесуі;
- Қарыз алушының бәсекеге қабілетті өнім өндіру мүмкіндігі;
- Оның пайдалылығы (табыстылығы);
- Қаржы тұрақтылығы, төлем қабілеттілігі және баланс өтімділігі;
- Мүлікті пайдалану тиімділігі;
- Сұралған несиенің мақсаты;
- Клиенттің баланс өтімділігін ескергендегі несиесі көлемі;
- Несиені кепілдік құқығы арқылы өтеу және кепілдік мүлігін өткізу;
- Қарыз алушының активтерімен, өтімділігі жоғары бағалы қағаздарды қосқанда, несиені өтеу.

Клиенттің несиесі қабілеттілігін анықтау үшін *таңдалынып алынған бағалау көрсеткіштерінің критерилік деңгейі мен олардың рейтингін* бекітіп алу қажет. Қарыз алушының несиесі қабілеттілігінің рейтингісін анықтаған соң несиесі беру шарты (ссуда көлемі, несиесі мерзімі, қамтамасыз ету нысаны, пайыз ставкасы) анықталады. Клиенттің несиесі қабілеттілігі 3-5 топқа бөлінеді. Орта шама деңгейіндегі критерилік көрсеткіштері қарыз алушыны екінші топқа жатқызуды негіздейді, орта шамадан жоғары болса – бірінші топ, ал орта шамадан төмен болса – үшінші топқа жатады. Көрсеткіштің маңызы мен рейтингісі әр қарыз алушыға жеке бекітіледі. Мысалы, несиесі ресурстарының үлкен бөлігі баланстың пассивінде, банк ссудасы бойынша мерзімі ұзартылған қарыздың бар болуы өтімділік коэффициенттерінің ролін көтереді. Клиентті қайта несиелеу жалпы өтімділік коэффициент деңгейін бірінші орынға шығарады.

Несіесі қабілеттілікті жалпы бағалау баллмен жүргізіледі. Олар жүргізілген рейтинг сомасын әр көрсеткіштің несиесі қабілеттілік тобына жатқызуды білдіреді.

Кесте 14.2

Қарыз алушының несиесі қабілеттілік таптары

Коэффициенттер	Таптар		
	1	2	3
1. Абсолютті өтімділік	0,2 жоғары	0,15-0,2	0,15 төмен
2. Ағымдағы өтімділік	0,8 жоғары	0,5-0,8	0,5 төмен
3. Жалпы өтімділік	2,0 жоғары	1,0-2,0	1,0 төмен
4. Қаржылық тәуелсіздік	0,6 жоғары	0,5-0,6	0,5 төмен

Қарыз алушының бірінші табына 100 ден 150 баллға дейін беріледі; екінші тапқа 151 ден 250 баллға дейін, үшінші тапқа – 251 баллдан жоғары. Кәсіпорынның несиесіне қабілеттілігінің әр табы үшін банк өз несиесіне қатынастарын әртүрлі құрайды. Қарыз алушылардың бірінші табына банктер несиесіне сызығын ашып, сенімділік несиесін пайызын төмендетпей-ақ беруі мүмкін. Қарыз алушылардың екінші табын несиелеу қалыпты шарттармен, яғни қамтамасыз етудің сәйкес формасы (мүлік кепілдігі, кепілдік несиесін өтей алмау тәуекелділігін сақтандыру) болған жағдайда жүргізіледі. Пайыз ставкасы қамтамасыз ету түріне, ссудалық капитал нарығындағы несиесіне сұраныс және басқа факторларға байланысты. Үшінші таптағы қарыз алушыға несиесіне ұсыну банк үшін төлемей қалудың үлкен тәуекелділігімен байланысты. Егер банк үшінші таптағы қарыз алушыға ссуданы беремін деп шешсе, онда оның көлемі оның жарғылық капитал көлемінен аспауы керек. Несиесіне пайыз ставкасы екінші таптағы қарыз алушыларға қарағанда үлкен деңгейде бекітіледі.

15 ТАҚЫРЫП. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДІЛІКТІ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

15.1 Тәуекелділік ұғымы мен түрлері, субъект қызметіндегі тәуекелділікті төмендету тәсілдері.

15.2 Операциялық тәуекелділікті талдау ерекшеліктері

15.1 Тәуекелділік ұғымы мен түрлері, субъект қызметіндегі тәуекелділікті төмендету тәсілдері

Нарықтық экономикадағы кәсіпорынның қызметіне әсер ететін тәуекел факторы күшейе түседі.

Тәуекел – кәсіпорынның қорларының бір бөлігін жоғалту, табыс алмау немесе қызмет көрсету барысында қосымша шығындардың пайда болу мүмкіндігі (қатерлі).

Тәуекелділікті – шығынның белгілі деңгейінің ықтималдығы ретінде қарастырады.

Тәуекелдіктің негізгі түрлері:

- өндірістік
- коммерциялық
- қаржылық
- инвестициялық.

Өндірістік тәуекел – қызмет көрсету, өнім өндірумен байланысты, яғни өндірістік әрекеттің кез келген кезеңіне ұатысты. Пайда болу себептері; жоспарланған өндіріс көлемінің мүмкін төмендеуі, материалдық шығындардың өсуі, жұмысшылардың көңілінің толмауы менеджерлердің қателері, көтеріңкі аударымдар мен салықтарды төлеу т.б.

Коммерциялық тәуекел – өндірілген немесе сатып алынған тауарлармен қызметтерді өткізу кезінде пайда болады. Себептері, өткізу көлемінің төмендеуі, материалдық ресурстарды сатып алу бағасының төмендеуі, бәсекелестердің іс-әрекеті, клиенттердің сұранысындағы өзгеріс т.б.

Қаржылық тәуекел – кәсіпорынның банктермен басқа қаржылық институттар арасындағы қарым – қатынасындағы пайда болады. Себептері; қарызға алынған және меншекті қаражат қатынасының жоғары мөлшері, кредиторлардан тәуелділік, капиталдың әрекетсіздігі, үлкен қаражатың бір уақытта бір жобада шоғырлануы, инвестициялық және несиелік операциялардан зиян келуі т.б.

Қаржылық тәуекелділік шешу кезіндегі қағидалар:

- Өз капиталынан жоғары тәуекелділікке баруға болмайды.
- Аз нәрсе үшін көп нәрсені тәуекелдікке қоймайды.
- Тәуекелдіктің салдарын болжау керек.

Инвестициялық тәуекел – ақшаны бағалы қағаздарға инвестициялаумен байланысты (яғни, инвестициялық – қаржылық қаржының құнсыздануы). Ол пайда табу, капиталды еселеу немесе бұрынғы деңгейде сақтауды қарастырады. Шығын көлемі салынған капитал көлеміне тең. Тәуекел деңгейі коэффициент көмегімен өлшенеді.

15.2 Операциялық тәуекелділікті талдау ерекшеліктері

Инвестициялық тәуекелділіктің ережесі; құнды қағаздарға салымнан табыс инвестордың тәуекелдігіне тура пропорционал. Жүйелік тәсілдеме бойынша инвестициялық тәуекел екі топқа бөлінеді:

- а) *жүйелік* – барлық инвестиция түріне тән және макроэкономикалық сипаттағы өзгерістермен анықталады. Себептері; инфляция, экономикалық құлдырау, жоғары пайыздық мөлшерлеме т.б.
- ә) *жүйелік емес* – бәсекелестікпен байланысты. Себептері; сатып алу тәуекелдігі (жабдықтаушының өз міндеттерін орындауы), өнімді өткізу тәуекелдігі (сатып алушылардың мінез – қылығы), бәсекелестің ықпалы т.б.

Тәуекелділікті төмендету тәсілдері:

1. Өзін-өзі сақтандыру немесе тәуекелдіктің бір бөлігін басқа фирмаларға табыстау. Күтілмеген шығынды жабуға арнап қаражатты резервте сақтаумен және шығынды өз қаражатымен жабуды байланысты. Бұл фирманың бүкіл қаржылық көрсеткіштермен салыстырғанда үлесі төмен мүлктің немесе біртектес мүлктің жойылу тәуекелділігі кезінде ыңғайлы.

2. *Хеджерлеу* – (ыңғайласпа) валюталық, коммерциялық, несиелік және т.б. міндеттемелер мен талаптарды құру. Тәуекелдіктің көп бөлігі кәсіпкерлерге түседі (баға мен сұраныстың өзгеруі, жобаны дұрыс таңдамау, менеджерлердің қатесі)

Тәуекелдікті талдау потенциалды серіктестерге жобаға қатысу туралы шешім қабылдау үшін қажет мәліметтерді беруден тұрады.

Тәуекелділікті талдау түрлері:

1. *Сапалық талдау* – тәуекелділік факторларын, деңгейін және тәуекелділік пайда болатын жұмыстарды анықтау. Жүргізілу тізбектілігі;

- а) тәуекелділікті өзгертетін ішкі және сыртқы факторларды анықтау.
- ә) анықталған факторларды талдау

- б) қаржылық жағынан нақты тәуекелдікті екі тәсілдеме арқылы бағалау;
 - жобаның өтімділігін анықтау
 - экономикалық қажеттілігін анықтау.
- в) тәуекелдіктің ұйғарымды деңгейін белгілеу.
- г) таңдалған тәуекелділік деңгейі бойынша түрлі операцияларды талдау.

Тәуекелділік деңгейіне әсер етуші факторлар:

- объективті кәсіпорынға тәуелді емес (инфляция, бәсекелестік, экономикалық және саяси құлдырау, экология, кедендік төлемдер)
- субъективті кәсіпорынға тәуелді (өндірістік әлуе, кадрлардың құрамы, қаржылық жағдай)

2. *Сандық талдау* – қаржылық тәуекел мен жеке түрлер бойынша нақты зиян түрін анықтау.

Жүргізілу тәсілдері;

- а) *статистикалық* – өндірістегі шығын мен табыстың статистикалық зерттеледі, экономикалық қайтарым мөлшері белгіленеді және болашаққа болжам жасалады.
- ә) *шығынның мақсаттылық талдау* – кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы көрсеткіштерін ескере отырып, потенциалды тәуекел аймағын табу.
- б) *сарапшылардың бағалау тәсілі мамандарға* сауал қою.
- в) *аналогты пайдалану тәсілі* – жаңа идеялар мен ұсыныстар ұқсас объектілермен салыстыру нәтижесінде пайда болады.

16 ТАҚЫРЫП. МАРЖИНАЛДЫҚ ТАБЫСТЫ ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 16.1 Маржиналдық табысты талдаудың мәні және міндеттері
- 16.2 Өнім өндірісінің көлемі мен шығындары арасындағы байланысын талдау
- 16.3 Тұрақты шығындардың барынша жоғары деңгейінің жиынтығы мен өнімді өткеру бағасының ең жоғары деңгейі

16.1 Маржиналдық табысты талдаудың мәні және міндеттері

Басқару шешімдерді қабылдау жағдайында маржиналдық талдаудың мәні өте зор. Оның әдістемесі үш маңызды экономикалық көрсеткіштер топтарының (*шығындар, өнім өндіру (сату) көлемі, пайда*) арақатынасын зертеуге және оларды болжамдауға негізделеді. Бұл *әдісті зиянсыз талдау немесе табысқа жетуге көмектесу талдауы* деп те атайды. Бұл әдісті жоспарлау әдісі ретінде 1930 жылы американдық инженер У.Раутенштрах құрған және ол *өндірістің ең жоғары көлемінің графигі* ретінде әйгілі болды. Маржиналдық талдау (зиянсыз талдау) нарық қатынастары дамыған мемлекеттерде кең тараған. Ол *пайданың ең маңызды факторлардан тәуелділігін* зерттеуге және соның негізінде пайданың шамасын қалыптастыру процесін басқаруға мүмкіндік береді. Әдістеменің негізінде маржиналдық табыс түсінігін пайдалану және өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өндіріс және өткізім шығындардың тұрақты және айнымалы шығындарға бөлінуі жатыр. Кәсіпорынның маржиналдық табысы – бұл сатудан түсетін түсімнен айнымалы шығындардың шегерілуі. Өнім бірлігіне шаққандағы маржиналдық табыс өнім бірлігінің бағасымен оған жұмсалатын айнымалы шығындардың айырмашылығы болып саналады. Оның ішіне тұрақты шығындардан басқа пайда да кіреді.

Маржиналдық талдаудың негізгі мүмкіндіктері мынада тұрады:

- Тұрақты және айнымалы шығындар мен бағаның ара қатысы берілген жағдайда зиянсыз сату көлемін (рентабельділік шегі, шығындардың өтелімділігі) анықтау;
- Кәсіпорынның қауіпсіздік (зиянсыз) зонасын анықтау;
- Пайданың берілген шамасын алу үшін сатудың қажетті көлемін есептеу;
- Маржиналдық табыстың деңгейі берілгенде тұрақты шығындардың ең жоғары деңгейін анықтау;

- Тұрақты және айнымалы шығындардың деңгейі мен сату көлемі берілген кезде
- сатудың көтеріңкі бағасын табу.

Маржиналдық табыстың көмегімен басқа да басқару шешімдері қабылданады:

- Өндірістік құжаттың өзгеруінің варианттарын таңдау;
- Өнім ассортиментін таңдау;
- Жаңа өнімге бағаны анықтау;
- Жабдықтардың варианттарын таңдау;
- Өндіріс технологиясын таңдау;
- Толықтырма өнімдерді (комплектующие изделия) сатып алудың варианттарын анықтау;
- Қосымша заказ алудың тиімділігін бағалау.

Маржиналдық талдаудың негізгі кезеңдері:

1. Талдау өткізуге қажетті бастапқы ақпаратты жинау, дайындау және өңдеу
2. Өнімді өндіру мен сатуға жұмсалатын тұрақты және айнымалы шығындардың сомасын анықтау
3. Зерттелетін көрсеткіштердің шамасын есептеу
4. Зерттелетін көрсеткіштердің деңгейін салыстырмалы талдау
5. Зерттелетін көрсеткіштердің деңгейінің өзгеруін факторлық талдау
6. Өзгеріп тұратын ортада олардың шамасын болжамдау

Маржиналдық талдау әдістемесі бойынша есептерді жүргізу үшін бір қатар шарттар орындалу керек:

- Шығындардың екі бөлімге – тұрақты және айнымалы – бөлінудің қажеттілігі;
- Айнымалы шығындар өнім өндірудің (сатудың) көлеміне пропорционал түрде өзгереді;
- Тұрақты шығындар өнім өндірудің (сатудың) маңызды көлемі шамасында өзгермейді;
- Өнім өндірудің және сатудың тепе-теңдігі, яғни дайын өнімнің қорлары қалдығы, елеулі өзгермейді;
- Өндірістің тиімділігі, өнім бағасының деңгейі және пайдаланатын өндірістік қорлар зерттелетін кезеңде елеулі құлдырауға ұшырамайды;
- Сатылатын өнім көлемінің сатудан түсетін түсімге пропорционалдығы.

16.2 Өнім өндірісінің көлемі мен шығындары арасындағы байланысын талдау

Пайданы талдау әдістемесіне соңғы кезде көп көңіл аударылып жатыр. Бұл әдістеме пайданың бір қатар ең маңызды факторлардан тәуелділігін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы әдістеме көрсеткіштердің арасындағы өзара байланыстарын толығырақ есептеуге және факторлардың әсерін мөлшерлеуге мүмкіндік береді. Біздің мемлекетте бұрын пайданы талдағанда келесі модельді пайдаланатын:

$$П = K * (Ц - C),$$

мұнда $П$ – пайда сомасы; K – сатылған өнімнің саны (көлемі); $Ц$ – сатылған өнімнің бағасы; C – өнім бірлігінің өзіндік құны.

Аталған факторлар өздерінен өздері, бір біріне байланыссыз, өзгеріп тұрады деп саналатын. *Тиімді өнім (рентабельная продукция) сатылатын кезде* пайда сату көлеміне тұп-тұра пропорционалды түрде өзгереді. *Өнім пайдасы аз (нерентабельная продукция) болған кезде* пайда сату көлеміне қарама-қарсы пропорционалды түрде өзгереді. Бірақ бұл жерде өнім өндірудің (сатудың) көлемі мен оның өзіндік құнының өзара байланысы есепке алынбайтын. Өндірістің (сатудың) көлемі көбейген кезде өнім бірлігінің өзіндік құны төмендейді, себебі көбінде тек қана айнымалы шығындардың сомасы (өндіріс жұмысшыларының кесімді төлемақысы, материалдар, шикізаттар, технологиялық отын, электр энергиясы) өседі, ал тұрақты шығындардың сомасы (амортизация, жұмысшылардың мерзімді төлемақысы, еңбек ақы, ғимарат арендасы) өзгермейді. Ал өндіріс төмендеген кезде өнімнің өзіндік құны өседі, себебі өнім бірлігіне шаққанда тұрақты шығындар көбейеді. Шет ел мемлекеттерінде пайданы зертеген кезде маржиналдық талдау қолданады, оның негізінде маржиналдық табыс жатыр. Маржиналдық табыс пайда мен кәсіпорынның тұрақты шығындарын (H) қосындылау арқылы табылады.

$$MD = П + H$$

осыдан

$$П = MD - H.$$

Сонымен қатар маржиналдық табысты *сатылған өнімнің санын (K) және өнім бірлігіне келетін маржиналдық табыстың мөлшерлемесін (D_c) көбейту* арқылы көрсетуге болады:

$$П = K * D_c - H \quad D_c = C - V \quad П = K * (C - V) - H$$

Мұнда V – өнім бірлігіне келетін айнымалы шығындар.

Көрсетілген формула өнімнің бір түрін сатудан алынатын пайданы талдаған кезде қолданылады. Ол тұрақты және айнымалы шығындар деңгейіне, бағаға, сатылған өнім санына байланысты пайда сомасының өзгеруін анықтайды.

Кесте 16.1

А өнімі бойынша факторлық талдаудың мәліметтері

Көрсеткіш	Жоспар бойынша	Нақты
Сатылатын өнімнің көлемі, бірлік (К)		
Сатылатын өнімнің бағасы, млн. тенге (Ц)		
Өнімнің өзіндік құны, млн. тенге		
Соның ішінде салыстырма (удельный) айнымалы шығындар, млн. тенге (V)		
Тұрақты шығындардың сомасы, млн. тенге (Н)		
Пайда, млн. тенге		

Пайда сомасының өзгеруіне әсерін тигізетін факторлардың есебі тізбекті ауыстыру жолы арқылы жасалынады:

$$P_{nl} = K_{nl} (C_{nl} - V_{nl}) - H_{nl}$$

$$P_{ysl1} = K_{\phi} (C_{nl} - V_{nl}) - H_{nl}$$

$$P_{ysl2} = K_{\phi} (C_{\phi} - V_{nl}) - H_{nl}$$

$$P_{ysl3} = K_{\phi} (C_{\phi} - V_{\phi}) - H_{nl}$$

$$P_{\phi} = K_{\phi} (C_{\phi} - V_{\phi}) - H_{\phi}$$

Содан кейін *пайданың жалпы өзгеруі* есептелінеді $\Delta P_{обц} = P_{\phi} - P_{nl}$.

Оның ішінде:

- сатылатын өнім санының $\Delta P_k = P_{ysl1} - P_{nl}$
- сатылатын өнім бағасының $\Delta P_c = P_{ysl2} - P_{ysl1}$
- салыстырма айнымалы шығындардың $\Delta P_v = P_{ysl3} - P_{ysl2}$
- тұрақты шығындардың сомасының $\Delta P_n = P_{\phi} - P_{ysl3}$ өзгеруіне байланысты.

Өндірістің төмендеуіне соның нәтижесінде өнім сатудың көлемінің азаюына және оның өзіндік құнының көтерілуіне байланысты кәсіпорын пайданы азырақ алады. Қарастырған әдістеме пайда сомасының өзгеруіне әсерін тигізетін факторларды дұрыс анықтауға мүмкіндік береді, себебі

оның негізінде өндірістің (сатудың) көлемінің, өзіндік құнның және пайданың өзара байланыстары ескеріледі.

Көп номенклатуралық (көп түрлі) өндіріс жағдайында пайданы талдаудың әдістемесі елеулі қиындайды. Себебі қарастырған факторлардан басқа *сатылған өнім құрылымының әсері* де ескеріледі. Шет ел мемлекеттерінде көп номенклатуралық өндірісте пайда сомасының өзгеруіне әсерін тигізетін факторларды зерттеу үшін мынадай модель қолданылады

$$П = B * \overline{D}_y - H,$$

мұнда $П$ – пайда; B – өнім сатудан түсетін түсім; $\overline{D}_y$ – өнім сатудан түсетін түсімде маржиналдық табыстың орташа үлесі; H – тұрақты шығындардың сомасы.

Сатудан түсетін түсімде маржиналдық табыстың орташа үлесі ($\overline{D}_y$) сатудан түсетін түсімнің жалпы сомасында өнімнің әрбір түрінің үлес салмағына ($УД_i$) және әрбір өнім бойынша сатудан түсетін түсімдегі маржиналдық табыстың үлесіне (маржиналдық табыс мөлшерлемесінің бағаға қатынасы) тәуелді болады:

$$\overline{D}_y = \sum (УД_i * D_{yi}) \quad УД_i = \frac{B_i}{B_{жалпы}} \quad D_{yi} = \frac{(Ц_i - V_i)}{Ц_i}$$

мұнда $\overline{D}_y$ – өнім сатудан түсетін түсімде маржиналдық табыстың орташа үлесі; $УД_i$ – жалпы түсімнің ішінде әрбір өнім түрінің үлес салмағы; D_{yi} – әрбір өнім бойынша түсім ішіндегі маржиналдық табыстың үлесі; B_i – әрбір өнім түрі бойынша сатудан түсетін түсім; $B_{жалпы}$ – өнім сатудан түсетін жалпы түсім сомасы; $Ц_i$ – өнім i – түрінің бағасы; V_i – өнім i – түрінің салыстырма айнымалы шығындар.

Сатудан түсетін түсім сонымен қатар өнім сатудың жалпы көлеміне, оның құрылымына және қолданыстағы сату бағасына тәуелді:

$$B = \sum (VP_{Пжалпы} * УД_i * Ц_i)$$

мұнда $VP_{Пжалпы}$ – сатылған өнімнің жалпы көлемі

Содан соң өнім сатудан алынатын пайданың факторлық моделін келесідей түрде көрсетуге болады:

$$П = \sum (VP_{Пжалпы} * УД_i * Ц_i) * \frac{\sum (УД_i * (Ц_i - V_i))}{Ц_i - H}$$

Осы факторлық модельдің аркасында кәсіпорынның тұрақты шығындар және салыстырма айнымалы шығындарға, қолданыстағы сату

бағасына, өнім көлеміне, оның құрылымына байланысты пайданың қалай өзгергенін орнатуға болады.

Модель бойынша аталған факторлардың әсерін есептеу үшін келесі кестелердің мәліметтерін қолдануға болады.

Кесте 16.2

Өнім сатудан түсетін түсімдер

Көрсеткіш	Өнім сатудан түсетін түсімнің сомасы, млн. теңге	Өнім сатудан түсетін түсімді есептеу шарттары		
		Сатудың көлемі	Сатудың құрылымы	Сату бағасы
$B_{пл} = S(K_{пл} * U_{пл})$		жоспар	жоспар	жоспар
$B_{усл 1} = B_{пл} * K_{pn}$		нақты	жоспар	жоспар
$B_{усл 2} = S(K_{иф} * U_{пл})$		нақты	нақты	жоспар
$B_{ф} = S(K_{иф} * U_{иф})$		нақты	нақты	нақты

Кесте 16.3

Өнім сатудың құрылымы

Өнімнің түрі	Өнім бағасы, мың. теңге		Өнімге шаққанда айнымалы шығындар, мың. теңге		Сатудан түсетін жалпы түсімде үлес салмағы, %		$D_{yi} = U_i - V_i / U_i$		
	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	* шартты	нақты
A									
B									
C									
D									

Ескертпе: шартты * – өнім бірлігіне шаққанда айнымалы шығындардың жоспарлы деңгейде және нақты бағада шартты шамасы D_{yi} .

Нақты және жоспар бойынша *кәсіпорынның тұрақты шығындары* есептелінеді.

Ең алдымен өнімнің әрбір түрі үшін бағаның ішінде *маржиналдық табыстың үлесі* анықталады:

- А өнім үшін
- В өнім үшін
- С өнім үшін
- Д өнім үшін

Содан кейін жоспар бойынша өнім сатудың жалпы көлемі үшін орташа шама $\overline{D_y}$ анықталады: $\overline{D_{y_{пл}}}$.

Енді жоспар бойынша *сатудан түсетін пайданың сомасы* табылады:

$$П_{пл} = B_{пл} * \overline{D_{y_{пл}}} - H_{пл}$$

Содан соң *сатылған өнімнің санына* қарай пайда сомасының қалай өзгертіндігі анықталады. Өнімдердің барлық түрлері бойынша сатылған өнімдердің көлемі біркелкі өсетін болса, онда оның құрылымы өзгермейді, және сатудан түсетін түсім сомасында маржиналдық табыстың орташа үлесі де өзгермей тұрады. Бұл жағдайда пайданың сомасы былай есептеледі:

$$П_{усл1} = B_{усл1} * \overline{D_{усл1}} - H_{пл}$$

Осы есептеу негізінде қандай факторлардың әсерімен пайданың өзгеруі (өсуі немесе төмендеуі) анықталады. Содан кейін *сатылған өнімнің құрылымына* байланысты пайданың және маржиналдық табыстың сомаларының қалай өзгертіндігі белгіленеді. Өнім құрылымындағы өзгерістер сатудан түсетін түсімдердің өзгеруімен бірге түсімдердің ішінде маржиналдық табыстың орташа үлес салмағының өзгеруіне апарды.

Өнімнің нақты көлемі мен құрылымы, бірақ жоспарлы баға мен тұрақты және айнымалы шығындар жағдайында, пайданың сомасын есептеу тура сондай жүйелілікпен өткізіледі.

Өнім бірлігіне шаққанда жоспарланған айнымалы шығындар және жоспарланған еркін өткізу бағасы сақталатын кезде сатылған өнімнің барлық нақты көлемі үшін орташа шама $\overline{D_y}$ келесі формуламен анықталады: $\overline{D_{y_{усл1}}}$.

Шығындар мен бағалар өзгермеген жағдайда өнім сатудан алынатын пайда мынадай формула арқылы есептеледі:

$$П_{усл2} = B_{усл2} * \overline{D_{y_{усл1}}} - H_{пл}$$

Өнім бағасының өзгеруі пайда сомасына үлкен әсерін тигізеді. Өнім бағасының өзгергені сатудан түсетін түсім сомасының және оның ішінде маржиналдық табыстың орташа үлесінің өзгеруіне алып келеді.

Алдымен өнім бірлігіне шаққанда айнымалы шығындар жоспарлы, баға нақты жағдайда әр өнімнің $\overline{D}_{yi}$ анықталады:

А өнімі үшін	
В өнімі үшін	
С өнімі үшін	
Д өнімі үшін	

Өнімнің құрылымы және бағасы нақты, бірақ айнымалы шығындар жоспарланғанда, сатудың нақты көлемі үшін $\overline{D}_y$ орташа деңгейі мынадай формуламен есептеледі: $\overline{D}_{y_{\text{усл}2}}$.

Тұрақты және айнымалы шығындар сақталып, бірақ баға өзгеретін жағдайда, өнімнің нақты көлемі сатылғаннан алынатын пайда келесі формуламен анықталады:

$$\Pi_{\text{усл}3} = B_{\phi} * \overline{D}_{y_{\text{усл}2}} - H_{\text{пл}}$$

Содан соң барлық нақты шарттармен (құрылым, баға, айнымалы шығындар) $\overline{D}_y$ жеке және орташа мағыналары есептеледі:

А өнімі үшін	
В өнімі үшін	
С өнімі үшін	
Д өнімі үшін	

Нақты шарттар мен жоспарланған тұрақты шығындар сақталатын кезде пайда мынадай формуламен есептеледі:

$$\Pi_{\text{усл}4} = B_{\phi} * \overline{D}_{y_{\phi}} - H_{\text{пл}}$$

Табылған нәтижемен алдыңғы нәтижені салыстыру пайданың не себептен өзгеруін (өсу немесе төмендеу) көрсетеді. Содан кейін пайданың нақты сомасы есептеледі:

$$\Pi_{\phi} = B_{\phi} * \overline{D}_{y_{\phi}} - H_{\phi}$$

Жүйелі түрде бұл есепті келесідей көрсетуге болады:

Маржиналдық табысты қолданып пайда сомасына
факторлардың әсерін есептеу

Пайда сомасын есептеу, млн. теңге	Фактор				
	Сату көлемі	Сату құрылымы	Сатудың бағасы	Айнымалы шығындар затраты	Тұрақты шығындар
	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
	нақты	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар
	нақты	нақты	жоспар	жоспар	жоспар
	нақты	нақты	нақты	жоспар	жоспар
	нақты	нақты	нақты	нақты	жоспар
	нақты	нақты	нақты	нақты	нақты

Пайда сомасы бойынша $\Delta\Pi_{\text{общ}}$ жоспардан жалпы ауытқу есептеледі.

Соның ішінде:

- өнім сатудың көлемінің $\Delta\Pi$
- өнім сатудың құрылымының $\Delta\Pi$
- еркін өткізу бағасының $\Delta\Pi$
- айнымалы шығындардың $\Delta\Pi$
- тұрақты шығындардың $\Delta\Pi$ өзгеруіне байланысты.

Маржиналдық талдау әдістемесі бойынша (вариант 2) пайда сатудың құрылымы мен көлеміне елеулі тәуелді, себебі бұл факторлар өнімнің өзіндік құнына да әсерін тигізеді.

Пайданы факторлық талдаудың нәтижелерін салыстырмалы талдау

Фактор	вариант	
	1	2
Өнім сатудың көлемі		
Өнім сатудың құрылымы		
Өнім бағасы		
Өнімнің өзіндік құны		
Соның ішінде:		
Айнымалы шығындар		
Тұрақты шығындар		

Сонымен, пайданы факторлық талдаудың әр түрлі әдістемелерін салыстырмалы талдау маржиналдық талдаудың әдістемесінің жетістіктерін көрсетеді.

16.3 Тұрақты шығындардың барынша жоғары деңгейінің жиынтығы мен өнімді өткеру бағасының ең жоғары деңгейі

Маржиналдық талдаудың көмегімен *сату көлемінің жоғары деңгейін* орнатуға, сонымен қатар басқа факторлардың бағасы берілген жағдайында *тұрақты шығындар сомасының жоғары деңгейін* орнатуға болады. Сатудың маржиналдық табыс деңгейі берілген жағдайда тұрақты шығындардың жоғары деңгейі келесі түрде есептелінеді:

$$H = K * (Ц - V) \text{ немесе } H = K * Д_c \text{ немесе } H = B * Д_y$$

Бұл есептің мәні *тұрақты шығындардың максималды берілетін шамасын* анықтауда тұрады. Себебі ол өнім бірлігіне шаққанда айнымалы шығындар, баға және сату көлемі берілген деңгейде маржиналдық табыспен жабылады. Егер тұрақты шығындар сол деңгейден асса, онда кәсіпорын зиян шегеді. Тұрақты шығындар ең жоғары сомадан асып кеткен жағдайда кәсіпорын үшін олар аса ауыр болады. Кәсіпорын сатудан түсетін түсімдермен оларды жаба алмайды. Сол себептен сатудың жоғары көлемін есептеу қажет:

$$T = \frac{H}{(Ц - V)}$$

Тұрақты шығындардың жоғары деңгейі бағалы көрсеткіш болып саналады. Оның көмегімен қаржылық нәтижелерін қалыптастыру процесін тиімді басқаруға болады. Тұрақты және айнымалы шығындарды, сатудың берілген көлемін пайдаланып бағаның барынша жоғары деңгейін анықтауға болады:

$$Ц_{кр} = \frac{H}{K} + V$$

Пайданың, сату көлемнің, шығындардың функционалдық өзара байланыстарын ескере отырып, өнімнің сату көлемін есептеуге болады. Ол басқару шешімдердің әр түрлі варианттары бойынша (өндіріс құрылымы, баға, технология, жабдықтар бойынша әр түрлі варианттары) бірдей пайданы береді.

Пайда сомасын келесі түрде көрсетуге болады:

$$\Pi = K * (Ц - V) - H = K * Д_c - H$$

Бұл жерде натуралды шамадағы сатудың көлемі (K) белгісіз шама болып саналады. Бір вариант бойынша пайданы екінші вариант бойынша пайдаға теңдестіруге болады.

$$K_1 * \mathcal{D}_{c1} - H_1 = K_2 * \mathcal{D}_{c2} - H_2$$

Сол кезде сатудың көлемін келесідей табуға болады:

$$K = \frac{H_2 - H_1}{\mathcal{D}_{c2} - \mathcal{D}_{c1}}$$

Сонымен қатар басқару шешімдерінің әр түрлі варианттары бойынша шығындардың жалпы сомасы бірдей болатын сатудың көлемін анықтауға болады. Ол үшін келесі формула қолданылады:

$$K_1 * V_1 + H_1 = K_2 * V_2 + H_2$$

$$K = \frac{H_2 - H_1}{V_2 - V_1}$$

Жасалған есептердің негізінде басқару шешімдерінің варианттарының бірі таңдалады.

17 ТАҚЫРЫП. ТАБЫСТЫЛЫҚТЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

Дәріс жоспары

- 17.1 *Нарықтық экономика жағдайындағы рентабельділік көрсеткіштерінің мәні және ролі*
- 17.2 *Өнім рентабельділігін талдау*
- 17.3 *Инновациялық жобалардың тиімділігін талдау*

17.1 Нарықтық экономика жағдайындағы рентабельділік көрсеткіштерінің мәні және ролі

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі жағдаймен қатар сыртқы шарттар да әсер етеді. Қаржылық көрсеткіштер кәсіпорынның нақты шаруашылық қызметіндегі және кәсіпорын басшылығы таңдаған стратегиялық іс-әрекеттердегі қолайсыздықтарды сипаттайтын көрсеткіштер болып табылады. Осымен қоса қанағаттанарлықсыз қаржылық көрсеткіштер жалпы стратегиясын қайта қарастырудың негізі болуы қажет.

Қаржылық көрсеткіштердің ішінде маңыздысы болып табыстылық саналады (пайдалылық, рентабельділік). Оларға *таза табыстың салынған капиталдың айналымдылығы, акционерлік капиталға келетін таза табыс коэффициенті* жатады.

$$\text{Таза пайда коэффициенті} = \frac{\text{таза пайда}}{\text{таза сатулар}}$$

$$\text{Салынған капитал айналымдылығы} = \frac{\text{таза пайда}}{\text{жалпы активтер}}$$

$$\text{Акционерлік капиталға келетін таза табыс} = \frac{\text{таза пайда}}{\text{активтер} - \text{пассивтер}}$$

Айта кететін жәйт, динамикадағы табыстылық көрсеткіштерін салыстыру кәсіпорынның пайдасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Қазіргі кездегі *қаржылық жоспарлауда екі категорияны талдау* кеңінен қолданылады:

- Қаржылық тетіктерді (рычаг) қолдану көрсеткіштері;
- Кешенді көрсеткіштер (композиітті).

Қаржылық тетік (рычаг) несиені қолдану есебінен меншікті капитал табыстылығын ұлғайтудың әдісі болып табылады. Меншікті капиталдың рентабельділік көрсеткіші таза табыстың меншікті капиталға қатынасы арқылы анықталады. *Зайымдық құралдардың шамасы қаншалықты көп болса, тетік (рычаг) соншалықты ұзағырақ, және рентабельділік жоғарырақ болатынын айта кеткен жөн.*

17.2 Өнім рентабельділігін талдау

Рентабельділікті талдаудың маңызды аспектісі *сату көлемінің табыстылығын бағалау және олардың жағдайына әсер ететін факторларды есептеу* болып табылады. Осы мақсатта келесі аналитикалық кестені қолдану қажет.

Кесте 17.1

Сату көлемінің рентабельділік есептеу

Көрсеткіштер	Базистік жыл	Есептік жыл	Ауытқулар (+ немесе -)
Тауарды өткізуден түскен түсім (сату көлемі), мың тенге			
Өткерілетін тауарлардың өзіндік құны (коммерциялық және басқару шығындарын қоса алғанда), мың тенге			
Тауарды өткізуден түскен пайда, мың теңге			
Сату көлемінің рентабельділігі (стр 3 / стр 1 * 100), %			

Бағаның және өнімнің өзіндік құнының өзгеруі тізбекті ауыстыру әдісімен анықталады.

1. Сату рентабельділігінің *өзгеруін өткізуден түскен түсімнің өсуі* есебінен есептеу (ΔBP):

$$\Delta BP = \frac{BP_1 - C_0}{BP_1} - \frac{BP_0 - C_0}{BP_0}$$

мұнда BP_0 и BP_1 – базистік және есептік кезеңдегі сатудан түскен түсім; C_0 – базистік кезеңдегі өткерілген өнімнің өзіндік құны

2. Сату рентабельділігінің өзгеруін *өткерілген өнімнің өзіндік құнын жоғарылату есебінен* есептеу (ΔC):

$$\Delta C = \frac{BP_1 - C_1}{BP_1} - \frac{BP_1 - C_0}{BP_1}$$

мұнда C_0 и C_1 – базистік және есептік кезеңде өткізілген өнімнің өзіндік құны.

3. Қосындылау негізінде екі фактордың жалпы әсері есептеледі.

17.3 Инновациялық жобалардың тиімділігін талдау

Инвестициялық проектiлердi қаржыландыру *кәсiпорынның пайдасы, амортизациялық аударымдар, негiзгi құралдардан түскен түсiм, банк несиелерi, бюджеттiк қаржы бөлу, кәсiпорынның резервтік қорлары, лизинг және т.б.* есебiнен iске асырылады. Нарықтық экономикаға өтумен байланысты бюджеттiк қаржыландыру қысқартылып, банк несиесiмен меншiктi қайнар көздерiнiң үлесi өсiп отыр.

Кәсiпорын үшiн инвестициялық проектiлердi қаржыландырудың қайнар көзiн тарту бiрiншi кезекте белгiлi шығындармен байланысты болады. Осылайша, жаңа акциялар шығару акционерлерге дивиденд төлеудi, облигацияны шығару – пайыздарды төлеудi талап етедi. Сондықтан талдау процесiнде әртүрлi қаржыландыру көздерiнiң бағасын анықтап, соның iшiнде ең тиiмдiсiн талдау қажет.

Зайымдық капиталдың негiзгi көзi *банк ссудасы мен шығарылған облигациялар* болып табылады. Банк несиесiнiң бағасы оның жылдық пайыздық мөлшерiне тең. Себебi банк несиесiн қолдануға пайыздар өнiмнiң өзiндiк құнына қосылады және салық салынатын табысты азайтады, сонымен қатар ресурстың бағасы банкке салық салу деңгейiне төленетiн пайызынан аз болады (K_n):

$$C_{кр} = CP * (1 - K_n).$$

Бұндай қаржыландыру қайнар көзiнiң бағасы кәсiпорын облигациясы сияқты оларға төленетiн пайызының көлемiне тең (P). Берiлген пайыздарды өтеу шығындарын салық салынуға дейiнгi табысуы жатқызуға болатын болса, онда қаржыландырудың бұл қайнар көзiнiң бағасы салық салу деңгейiнен кiшi болады:

$$C_{обл} = P * (1 - K_n).$$

Инвестициялық қызметтi қаржыландырудың қайнар көзi ретiнде акционерлiк капиталдың бағасы артықшылықты және жай акциялар бойынша төленетiн дивидендтiң мөлшерiне тең.

Сонымен қатар қайта инвестицияланған пайда инвестицияларда үлкен үлес алуы мүмкін. Акционерлік кәсіпорындарда қаржыландырудың бұл қайнар көзінің бағасы шамамен жай акция бойынша дивидендтің деңгейіне тең болады. Себебі табысты қайта қаржыландыру операциясы акционердің жаңа акция сатып алуымен тепе-тең болады.

Кәсіпорындағы қаржыландырудың қайнар көзі бағасының салыстырмалы талдауына мысал: банктің пайыздық мөлшерлемесі – 40%, салық салу деңгейі – 30%

$$\Pi_{кр} = 40 * (1 - 0,3) = 28\%.$$

Жай акция бойынша дивидендтердің деңгейі – 25,3%. Осыдан келе арзан қаржыландырудың қайнар көзі болып табысты қайта инвестициялау саналады, бірақ оның мөлшері шектеулі болады. Банк несиесі теориялық түрде шектелмеген, бірақ олардың бағасы тәуекелдің ұлғаюына төлем ретінде зайымдық капитал үлесінің көбеюінен нысанды түрде өсіп отыруы мүмкін.

Инвестициялық тиімділігін бағалау үшін көрсеткіштер кешені қолданылады. *Инвестицияның 1 теңгесіне қосымша өнімнің шығуын* келесідей формуламен есептесе болады:

$$\mathcal{E} = \frac{BP_1 - BP_0}{I}$$

мұнда $\mathcal{E}$ – инвестиция тиімділігі; BP_0 , BP_1 – бастапқы және қосымша инвестиция кезіндегі жалпы өнім; I – қосымша инвестиция сомасы

Инвестицияның 1 теңгесіне өнімнің өзіндік құнының төмендеуі келесі формуламен есептеледі:

$$\mathcal{E} = \frac{Q_1(C_0 - C_1)}{I}$$

мұнда C_0 , C_1 – бастапқы және қосымша инвестиция кезіндегі өнім бірлігінің өзіндік құны; Q_1 – қосымша инвестициядан кейінгі натуралды мәндегі өндіріс өнімінің жылдық көлемі.

Инвестицияның 1 теңгесіне есептегендегі өндірістік өніміне еңбек шығындарын азайтуды келесі формуламен есептеуге болады:

$$\mathcal{E} = \frac{Q_1(T_0 - T_1)}{I}$$

мұнда T_0 и T_1 – қосымша инвестицияға дейінгі және инвестициядан кейінгі өндірісте өнім бірлігіне кететін еңбек шығыны.

Қосымша инвестициялау нәтижесінде жұмысшылардың санын салыстырмалы түрде қысқартылуын алымын $Q_1 (T_0 - T_1)$ бір жұмысшыға есептегендегі жұмыс уақытының жылдық қорына бөле отырып анықтауға болады.

Инвестицияның 1 теңгесіне есептегендегі пайданың ұлғаюы келесі формула бойынша есептелінеді:

$$\Xi = \frac{Q_1(P_1 - P_0)}{I}$$

мұнда P_0 и P_1 – қосымша инвестицияға дейінгі және кейінгі өнімнің бірлігіне келетін пайда.

Инвестицияның өтелу мерзімі келесі формуламен есептелінеді:

$$T = \frac{I}{Q_1(P_1 - P_0)} \quad \text{немесе} \quad t = \frac{I}{Q_1(C_0 - C_1)}$$

Инвестицияның тиімділігін кешенді бағалау үшін көрсеткіштер жалпы және жеке объектілерге де қолданылады. Инвестицияның тиімділігінің жоғарылату бағытының негізгісі оларды қолданудың кешенділігі болып табылады. Бұл кәсіпорындар қосымша капитал салымдары арқылы негізгі және айналым қорларының және олардың активті және пассивті бөліктері арасындағы оңтайлы қарым-қатынастарға жеткізуге мүмкіндік береді.

Инвестициялық қызмет тиімділігін арттырудың негізгі шарттары болып келесілер табылады:

- Аяқталмаған өндіріс және құрлыс мерзімдерін қысқарты
- Еңгізілетін объектілердің құнының төмендеуі
- Еңгізілетін объектілердің дұрыс эксплуатациялануы

Инвестициялық қызмет бағдарламасын бағалаудың негізгі әдісі болып келесілер саналады:

- Инвестицияның өтелу мерзімін есептеу;
- Салынған капиталдың қайтарылуын есептеу;
- Таза ағымдағы құнын анықтау;
- Инвестицияның рентабельділік деңгейін есептеу;
- Бұл әдістер негізіне болжанған инвестиц.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАРЫ

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Нарықтық экономикаға байланысты оқушыларға тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану әрбір оқытушының міндеті.

Қазіргі заман талабына сай оқу процесіне білім берудің жаңа технологияларын енгізу, жалпы білім беру әдістемелерін өзгерту арқылы жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар.

Әрбір оқушының өзінің ойы, көзқарасы, өзінің дәлелдемесі болады, соларды жетілдіру мақсатында өмірдегі болып жатқан жағдайлардан, ия болмаса өзінің басынан өткен жағдайлардан мысал келтіру арқылы бала өзінің ойын еркін бөлісуі қажет. Адам өз пікірін дамыту үшін басқалардың пікірін еркін сынай алатын болса, соның арқасында оның өзіндік пікірі қалыптасады.

Көптеген пәндерге семинар сабағы дәрістен кейінгі оқу жұмысының негізгісі болып табылады. Семинар сабағы оқылған дәріс курсын толықтырады әрі тәжірибені тереңдете білуге үйретеді.

Семинар сабағын тиімді өткізу мақсатында деңгейлік сараланған тапсырмалар даярланылды. Сонымен қатар білім алушылар өткен тақырып бойынша сұрақтар қою және сол жауаптарына мысал келтіру әрекеттерін кеңіте, бір-бірімен қатынаса отырып, бір-бірінен үйренуі тиіс.

Көптеген пәндерге семинар сабағы дәрістен кейінгі оқу жұмысының негізгісі болып табылады. Семинар сабағы оқылған дәріс курсын толықтырады әрі тәжірибені тереңдете білуге үйретеді.

Аталған оқу құралын қолдана отырып білім алушы өз мамандығына сай біліктілік пен дағдыны қалыптастырады. Аталған дағдылар кәсіби күзіндеттілікті қалыптастырудың негізі болып табылады.

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1 Тақырып. Шаруашылық қызметті талдаудың теориялық негіздері.

Семинар жоспары

1. Шаруашылық қызметті талдаудың маңызы және ерекшеліктері
2. Шаруашылық қызметті талдау объектісі және тапсырмалары
3. Шаруашылық қызметті талдау түрлерінің жіктелуі

Әдістемелік нұсқау

Шаруашылық қызметті талдаудың маңызын және ерекшеліктерін, тапсырмаларын, талдау түрлерін сипаттау.

Тапсырма 1.

Көрсеткіштердің деңгейін жоспармен салыстырыңыз. Қорытынды жасаңыз.

Өнімді өндіру бойынша жоспардың орындалуы

Тауарлар	Өндіріс көлемі		Жоспардан абсолюттік ауытқу	Жоспардың орындалы, %
	жоспар	нақты		
А	300	327		
Б	250	225		
В	500	510		
т.б.				
Барлығы				

Тапсырма 2.

Өндірістік бағдарламаның сапалық, көлемдік және үлестік көрсеткіштерін есептеңіз

Өнімдер түрлері	Өткен жыл		Есеп беру жыл (жоспар)		Есеп беру жыл (нақты)	
	саны	үлесі	саны	үлесі	саны	үлесі
1-сортты ұннан жасалған бидай наны	8250		8250		8250	
2-сортты ұннан жасалған бидай наны	6926		6200		6250	
Жоғары сортты ұннан жасалған бидай наны	1500		1600		1550	
Барлығы:		100%		100%		100%

2 Тақырып. Кәсіпорын қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау

Семинар жоспары

1. Аналитикалық көрсеткіштердің әртүрлі белгілері бойынша жіктелуі.
2. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері .
3. Техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау жүйелері.

Әдістемелік нұсқау: Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістерін, техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау жүйелерін білу керек.

3 Тақырып. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын талдау

Семинар жоспары

1. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрылымы
2. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарын қалыптастыру негізі
3. Кәсіпорынның айналым капиталын қандай көрсеткіштері
4. Капитал айналымының жылдамдығына әсер ететін негізгі факторлар

Әдістемелік нұсқау

Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрылымын, айналым капиталының көрсеткіштерін білу және талдау бойынша іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру.

Тапсырма 1.

Тұтыну қоғамының сауда қызметінен қаржы нәтижелерінің жоспарлы жылға есептелуі

№	Көрсеткіштер	Есептік жыл	Жоспарлы жыл	Есептік жылға % жоспар
1.	Өткізілетін сауда жеңілдіктері.	2382,4		
2.	Басқа да кірістер (есеп айырысу шотында қаржы сақтағаны үшін банктен алынған %, тара операциясы бойынша кірістер т.б.)	25,8		
3.	Жоспарланбаған кірістер.	2,8		
4.	Барлық кірістер			
5.	Бөлшек тауар айналымы.	15861,8	17844,5	

Жоспарлы жылға сауда жеңілдіктерінен түскен кірістердің орташа деңгейі түсетін тауар көзі мен бөлшек тауар айналым құрылымының

өзгеруімен байланысты 0,2%-ке өседі. Тара операциясынан түскен кіріс 4,5 м.т, есеп айырысу шотында қаржы сақтағаны үшін банктен алынған %-2,8м.т. құрайды. Еңбек ұжымына жалға берілген, дүкеннен түскен жалға төлемі -22,4 м.т. құрады.

Тапсырма 2.

Берілгендер арқылы өндірістік кәсіпорын бойынша есептік жылға есептеңіз:

Өнімді өткізуден түскен пайда, баланстық пайда, өнім рентабельділігі, кәсіпорын рентабельділігі

Көрсеткіштер	Өнім түрлері		
	2-ші сортты бидай ұнынан жасалған формалы нан 0,600 өлшемімен	1-ші сортты бидай ұнынан жасалған формалы нан 0,600 өлшемімен	Барлығы
1. Өткізілетін өнім, тонна	1300	1000	
2. Кәсіпорынның жай көтерме бағасындағы өткізілетін өнім, м.тг	34190	36525	
3. Өнімнің толық өзіндік құны, м.тг	27615	33516	
4. Өнімді өткізуден түскен пайда, м.тг			
5. Басқа қызметтерден түскен пайда м.тг	28	32	
6. Баланстық пайда, м.тг			
7. Өндірістік қорлар мен нормаланатын айналым құралдарының орташа жылдық құны, м.тг	23880	23880	
8. Өнім рентабельділігі, %			
9. Кәсіпорын рентабельділігі, %			

4 Тақырып. Кәсіпорынның техника-ұйымдық деңгейін талдау.

Кәсіпорынның негізгі өндіріс қорларын және материалдық емес активтерін талдау

Семинар жоспары

1. Кәсіпорынның техникалық-ұйымдастырушылық деңгейін талдаудың негізгі бағыттары және көрсеткіштері

3. Кәсіпорынның өндірістік қуаты көлемі өзгерісіне әсер ететін факторлар

4. Негізгі өндіріс қорларын пайдалану көрсеткіштері

5. Кәсіпорынның материалдық емес активтерінің құрамы және пайдалану тиімділігі

Әдістемелік нұсқау

1. Кәсіпорынның техникалық-ұйымдастырушылық деңгейін талдаудың негізгі бағыттарын, көрсеткіштерін, негізгі өндіріс қорларын пайдалану көрсеткіштеріне сипаттама бере білу және есептей білу.

Тапсырма 1.

Берілген мәліметтер бойынша негізгі құралдардың құрылымына талдау жасаңыз

Негізгі қорлар түрлері	Өткен жыл		Есептік жыл		Өзгерісі (+,-)	
	Сумма, мың, т	Үлес салмағы, %	Сумма, мың, т	Үлес салмағы, %	Сумма, мың, т	Үлес салмағы, %
Ғимараттар және құрылыстар	4900		6500			
Жүк машинасы	210		250			
Жұмысмашинасы	10850		16000			
Өлшеуіш құрылғылар	280		400			
Есептеу техникасы	420		750			
Транспорттық құралдар	490		650			
Инструменттер	350		450			
Барлық өндірістік құралдар						
Өндірістік емес құралдар	-		-			
Барлығы						

5. Тақырып. Кәсіпорынның айналым активтерін қолдану тиімділігін талдау

Семинар жоспары

1. Айналым құралдарының құрамы мен құрылымы

2. Айналым құралдарын пайдалану тиімділігін және айналымдылығын талдау үшін қолданылатын көрсеткіштер

3. Мөлшерленетін және мөлшерленбейтін айналым қаражатының ерекшелігі.
4. Кәсіпорында айналым құралдарын пайдаланудың экономикалық тиімділігі

Әдістемелік нұсқау

1. Айналым құралдарының құрамын мен құрылымын, мөлшерленетін және мөлшерленбейтін айналым қаражатының ерекшелігін, кәсіпорында айналым құралдарын пайдаланудың экономикалық тиімділігін білу және көрсеткіштерін талдау бойынша есептер шығара білу

Тапсырма 1.

Қажетті көрсеткіштерді есептеп, мекеменің айналым құралдарын талдаңыз.

Көрсеткіштер	Базистік	Есептік	Ауытқуы
Сатудан табыс, мың тг	36000	38700	
Талдау кезеңіндегі күндер саны	90	90	
Бір күндік сатудан түскен табыс, мың тг			
Айналым құралдарының орташа қалдығы, мың тг	12400	14190	
Бір айғалымның ұзақтығы, күндік			
Айналым құралдары өтімділігінің коэффициенті			
Айналымдағы құралдардың жүктеме коэффициенті			

Тапсырма 2

Кәсіпорынның қаржы жағдайына әсер ететін айналым құралдарының құрылымдық өзгерісін сипаттаңыз және қорынды жасаңыз.

Құралдар түрлері	Құралдардың колда бары, м. тг			Құралдар құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл аяғына	Өзгеріс	Жыл басына	Жыл аяғына	Өзгеріс
Артықтар	7400	14400				
Оның ішінде:						
Шикізат пен материалдар	3800	6200				
Аяқталмаған өндіріс	1200	1500				

Дайын өнім	2200	6400				
Алдыңғы кезең шығындары	200	300				
Алған құндылықтары бойынша салық	800	1200				
Дебиторлық бережактар	2500	3400				
Сонымен қоса вексельмен қамтамасыз етілген		1400				
Қысқа мерзімді қаржылай салымдар	3000	3600				
Ақшалай қаражаттар	1300	2400				
Барлығы						

6. Тақырып. Кәсіпорынның еңбек ресурстарын талдау

Семинар жоспары

1. Кәсіпорын персоналдарының құрамы және құрылымы
2. Кадрлар ағымының көрсеткіштері
3. Еңбек өнімділігі және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіштері
4. Кәсіпорында еңбекақы қорының көлеміне әсер ететін негізгі факторлар

Әдістемелік нұсқау

1. Кәсіпорын персоналдарын құрылымына, кадрлар ағымының көрсеткіштеріне, еңбек өнімділігі және оның деңгейін сипаттайтын көрсеткіштеріне еңбекақы қорының көлеміне әсер ететін негізгі факторларға сипаттама беру, кәсіпорынның еңбек ресурстарын талдау бойынша есептер шығара білу

Тапсырма 1. Берілген мәліметтерге сүйене отырып жұмысшы күшінің қозғалысына талдау жасаңыз

Көрсеткіш	Өткен жыл	Есептік жыл	Өзгеріс (+,-)
Жыл басына өнеркәсіптік – өндірістік персоналдар саны	150	180	
Жұмысқа қабылданғандар	50	80	
Жұмыстан шыққандар	20	40	
Өз еркімен шыққандыр	10	20	
Еңбек тәртібін бұзғаны үшін шыққандар	2	8	
Жыл аяғына персоналдар саны	180	220	
Персоналдардың орташа тізімдік саны	168	200	

Тапсырма 2.

Келтірілген берілгендер негізінде кәсіпорынның еңбек ресурстарын қолдануды талдаңыз. Қорытынды жасаңыз

Көрсеткіштер	Өткен жылдар	Есептік жылдар		Ауытқу (+,-)	
		Жоспар	Нақты	Өткен жылдан	Жоспардан
Жұмысшылардың орташа жылдық мөлшері	1620	1600	1653		
1 жылда 1 жұмысшымен істелген жұмыс: күн сағат	238 1868	240 1920	230 1794		
Жұмыс күнінің орташа жалғасуы (П).с.	7,85	8	7,8		
Жұмыс уақытының қоры, м.с.					
Сонымен қатар артық істеген уақыт, мың. с.	19,3		15,2		

7. Тақырып. Маркетингтік талдау негіздері

Семинар жоспары

1. Нарықты талдау көрсеткіштері
2. Сұранысқа әсер ететін факторлар
3. Қызметтердің өмірлік циклінің әртүрлі стадияларында кәсіпорын қолданатын бағалық стратегиялар.

Әдістемелік нұсқау

1. Нарықты талдауда қолданылатын көрсеткіштерді, сұраныс үрлерін, қызметтердің өмірлік циклінің әртүрлі стадияларында кәсіпорын қолданатын бағалық стратегияларды білу.

8. Тақырып. Қызметтерді өткізу көлемін талдау

Семинар жоспары

1. Өткізу көлемінің өзгерісіне әсер ететін факторлар
2. Қызметтерді өткізу динамикасын талдау үшін қолданылатын көрсеткіштер
3. Қызметтерді өткізу көлеміне әсер ететін негізгі өндірістік және нарықтық факторлар

Әдістемелік нұсқау

Қызметтерді өткізу динамикасын талдау көрсеткіштерін, негізгі өндірістік және нарықтық факторларды, ассортимент бойынша жоспардың орындалмауының сыртқы және ішкі себептерін ажырата білу.

Тапсырма 1.

Өнімді сату көлемі өзгерісінің факторларын талдау

Кәсіпорынның жоспарлары көтерме сомадағы көрсеткіштері	Сомма, млн. тг		
	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
1. Жыл басына дайын өнімнің қалдығы (ГПн)	650	400	
2. Тауарлық өнімді шығару (ТП)	96000	100800	
3. Жыл аяғына дайын өнімнің қалдығы (ГПк)	800	900	
4. Бір жылға өнімді тиіп-түсіру (РП)			
5. Сатып алушылармен тиелген тауарлардың қалдығы: - жыл басына (ОТн) - жыл аяғына (ОТк)	2900 3500	3200 6900	
6. Өнімді сату (РП)			

Қорытынды жасаңыз

Тапсырма 2.

Кәсіпорынның тауарлық өнімді шығару бойынша жоспардың орындалуына талдау жасаңыз

Бұйымдар	Өнімді өндіру көлемі, млн теңге			Нақты шығарудың ауытқуы			
	Өткен жыл	Есептік жыл		Жоспардан		Өткен жылдан	
		Жоспар	нақты	Млн. теңге	%	Млн. теңге	%
А	30500	28800	25200				
Б	30200	33600	33264				
С	18600	19200	22176				
Д	15800	14400	20160				
Барлығы							

9. Тақырып. Қызмет және қызмет көрсету сапасын талдау

Семинар жоспары

1. Қызмет сапасын талдаудың негізгі бағыттары
 2. Қызметтің орындалу сапасын талдаудың негізгі көрсеткіштері
 3. Тұтынушыларға қызмет ету сапасын талдау мәні
- Әдістемелік нұсқау

Қызмет және қызмет көрсету сапасын талдау бағыттарына, көрсеткіштеріне сипаттама беру және тапсырмаларды орындай білу

Тапсырма 1.

Өнімді сату көлемі өзгерісінің факторларын талдау

Кәсіпорынның жоспарлары көтерме сумадағы көрсеткіштері	Сомма, млн. тг		
	Жоспар	Нақты	Ауытқуы
1. Жыл басына дайын өнімнің қалдығы (ГПн)	650	400	
2. Тауарлық өнімді шығару (ТП)	96000	100800	
3. Жыл аяғына дайын өнімнің қалдығы (ГПк)	800	900	
4. Бір жылға өнімді тиесп-түсіру (РП)			
5. Сатып алушылармен тиелген тауарлардың қалдығы:			
- жыл басына (ОТн)	2900	3200	
- жыл аяғына (ОТк)	3500	6900	
6. Өнімді сату (РП)			

Қорытынды жасаңыз

Тапсырма 2.

Кәсіпорынның тауарлық өнімді шығару бойынша жоспардың орындалуына талдау жасаңыз

Бұйымдар	Өнімді өндіру көлемі, млн. теңге		
	Өткен жыл	Есептік жыл	
		жоспар	нақты
А	30500	28800	25200
Б	30200	33600	33264
С	18600	19200	22176
Д	15800	14400	20160
Барлығы			

10. Тақырып. Өзіндік құнды талдау

Семинар жоспары

1. Өзіндік құнды талдау мәні және қолданылатын жалпылама көрсеткіштер
2. Өзіндік құн көрсеткіштерінің қалыптасуына және өзгерісіне әсер ететін факторлар

3. Өнімнің өзіндік құнының төмендеу резервін анықтау әдістемесі Әдістемелік нұсқау

Өзіндік құнды талдау мәнін, өзіндік құнының төмендеу резервін анықтау әдістемесін білу

Тапсырма 1.

Берілген мәліметтерге сүйене отырып өнім өндірісің шығындарының құрамына талдау жасаңыз. Қорытынды жасаңыз.

Шағындар атауы	Сумма, млн. теңге		
	Жоспар	нақты	+, -
Материалдық шығындар	28168	31746	
Еңбекақы	20500	21465	
Әлеуметтік қорға аударым	6150	6440	
Амортизациялық аударым	3150	3500	
Басқа да өндірістік шығындар	15564	15967	
Өндірістік шығындардың барлығы			
Коммерциялық шығындар	4420	5050	
Толық өзіндік құн Оның ішінде: Айнымалы шығындар (70 %) Тұрақты шығындар (30 %)			

Тапсырма 2.

Бұйымның нақты шығағарылғаны 13300 данасын құрайды, оның көбею резерві 1500 дана, өндіруге жіберілген өнімнің барлығына кеткен нақты шығын суммасы 63840 мың теңге, барлық бап бойынша шығындардың төмендеу резерві 2130 мың тг, шығындардың қосымша алмасуына байланысты өндірілген өнімнің көбею резервін меңгеру 4890 мың тг. Өнім бірлігіндегі өзіндік құнның төмендеу резервін анықтаңыздар

11 Тақырып. Қаржылық талдау негізі

Семинар жоспары

1. Пайда көрсеткіштері
2. Рентабельділік мәні және көрсеткіштері
4. Инвестиция түсінігіжәне түрлері
5. Инвестиция тиімділігін бағалаудың негізгі критериилері
6. Шаруашылық субъектісінің қаржылық есебінің мәні
7. Баланс бөлімдері
8. Пайда және шығындар есебі

Әдістемелік нұсқау

1. Қаржылық нәтижелерді талдау кезінде қарастырылатын пайда көрсеткіштеріне, рентабельділік көрсеткіштеріне инвестиция түрлерін және инвестиция тиімділігін бағалаудың негізгі критерийлерін білу.

Тапсырма 1.

ЖІПС «Рамазан» бойынша есеп жылының жұмысының қорытындысы келесі кестеде берілген

№	Көрсеткіштер атауы	Базистік жыл	Есептік жыл	Өзгеріс (+,-)
1	Өнімді сатудан түскен табыс, мың тг.	650	780	
2	Сатылған өнімнің өзіндік құны, мың тг.	250	250	
3	Өнімді сатудан түскен пайда, мың тг.			
4	Сатудан тыс табыстар,	300	250	
5	Сатудан тыс шығындар, мың тг.	120	100	
6	Сатудан тыс пайда, мың тг.			
7	Жалпы баланстық пайда, мың тг.			
8	Пайда салығы, %	20	20	
9	Таза пайда, мың тг.			
10	Рентабельділік, %			

Кәсіпорынның пайда және рентабельділік көрсеткіштерін анықтап, қорытынды жасаңыздар

Тапсырма 2.

Кестеде берілген көрсеткіштер бойынша кәсіпорынның табыстылық жағдайына талдау жасаңыз

№	Көрсеткіштер, мың тг.	Жоспар	Нақты	Ауытқу (+,-)
1	Өнімді өткізуден түскен пайда	17900	19296	
2	Басқа қызмет түрлерінен түскен пайда	250	704	
3	Баланстық пайда (стр.1+стр.2)			
4	Қозғалмайтын мүлік салығы	500	560	
5	Салық салынатын пайда (стр.3-стр.4)			
6	Әрекет етіп тұрған ставка бойынша пайдаға салық	3975	4460	
7	Кәсіпорында қалатын пайда (стр.3-стр.4-стр.6)			

8	Пайдадан қайырымдылық қорына аударымдар	25	100	
9	Таза пайда(стр.7-стр.8)			
10	Таза пайданы бөлу: - резервтік қорға 5% - жинақтау қорына 50% - тұтыну қорына 45%			

Әдістемелік нұсқау

Шаруашылық субъектісінің қаржылық есебін, баланс бөлімдерін, пайда және шығындар есебін білу

Тапсырма 3.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарына талдау жасаңыз, қорытынды жазыңыз

№	Табыстар және құралдардың түсуі	Сомасы, мың тг.	№	Шығындар және құралдардың шығуы	Сомасы, мың тг.
1	Өткізуден түскен пайда	533140	1	Бюджетке төлемдер	171010
2	Сатудан тыс операциялардан түскен пайда	-44540	2	Резервтік қорға төлемдер	6352
3	Амортизация аударымдары	203400	3	Қорлану қорына төлемдер	117200
4	Мақсаттық қаржыландыру және бюджеттен түсімдер	17500	4	Тұтыну қорына төлемдер	310500
5	Қайтарымсыз қаржылық көмек	40000	5	Әлеуметтік сала қорына төлемдер	240900
6	Басқа да табыстар мен түсімдер	132300	6	Алдағы шығындар және төлемдер қоры	20000
	Барлық табыстар		7	Басқа да шығындар мен төлемдер	15838
				Барлық шығындар	
			Кәсіпорын пайдасы (зияны)		

Тапсырма 4.

Кәсіпорынның қаржылық жоспарының пайда көрсеткіштеріне талдау жасаңыз

№	Көрсеткіштер	Есептік жыл		Ауытқу, %
		1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	
1	Сату көлемі, мың тг.	5372	8591	
2	Жалпы табыс, мың тг.	837	2147	
3	ҚҚС	12	12	
4	Таза табыс			
5	Шығындар	384	773	
6	Жалпы коммерциялық пайда			
7	Басқа да түсімдер және табыстар	80	226	
8	Басқа да шығыстар	65	276	
9	Басқа да пайдалар			
10	Жалпы баланстық пайда			
11	Пайдадан салық 30%			
12	Таза пайда			

Тапсырма 5.

Келесі берілгендер негізінде ЖШС «Әлия» бойынша ағымдағы жылдың мамыр айына бухгалтерлік балансын жасаңыздар

№	Атауы	Сомасы, мың тг.
1	Негізгі құралдар	23150000
2	Негізгі құралдардың тозуы	200000
3	Материалдық емес активтер	180100
4	Материалдық емес активтердің тозуы	16000
5	Мердігерлермен есеп айырысу	324300
6	Еңбекақы бойынша есеп айырысу	310000
7	Аяқталмаған өндіріс	14000
8	Инвестициялар	235000
9	Материалдар	43200
10	Ұзақ мерзімді несиелер	130000
11	Жарғылық капитал	828500
12	Резервтік капитал	250000

13	Кассадағы қолма-қол ақша	27000
14	Есеп айырысу шоты	120000
15	Қысқа мерзімді несиелер	43000
16	Бөлінбеген табыс	146000
17	ҚҚС	131000
18	Жалгерлік міндеттеме	86000
19	Алдағы кезең шығындары	160000
20	Тауарлар	11000
21	Жанар май	3000
22	Басқа да кредиторлық қарыздар	647000
23	Әлеуметтік салық	33500
24	Құрылыс материалдары	20000
25	Басқа да дебиторлық қарыздар	17000

12 Тақырып. Міндеттемелер мен меншікті капиталды талдау

Семинар жоспары

1. Капиталдың орналасуы және құрамы
2. Меншікті және қарыз капиталының арақатынасының коэффициенті
3. Кредиторлық қарыздарды талдау
4. Бақылау сұрақтары
5. Капитал шеңбері қандай сатылардан өтеді?
6. Капитал дегеніміз не?
7. Меншікті капиталдың құрамы не кіреді?
8. Жарғылық капитал деген не?
9. Тартылған капитал деген не? Оның классификациясын беріңіздер
10. Қосылған капитал деген не?
11. Кәсіпорынның капиталы қалай орналастырады?
12. Ұзақ мерзімді және айналым (ағымдағы) активтер деген не?
13. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер деген не?
14. Баланс пассивінің құрылымын сипаттаңыз
15. Кредиторлық берешектің орташа ұзақтығы қалай есептелінеді?
16. Капитал айналымдылық коэффициенті және капитал сыйымдылығы қалай есептелінеді?

17. Капитал айналымдылығының өсуі нәтижесінде экономикалық тиімділік айналымы қалай анықталады?
18. Меншікті капиталдың рентабельділігі деген не?
19. Меншікті және жиынтық капиталдың қандай өзара байланысы бар?

Тапсырма 1.

Кесте – Капитал көздерінің құрылымын және динамикасын талдау

Капитал көздері	Сомасы, млн. тенге			Капитал құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
Меншікті капитал	25000	29500				
Займдық капитал	20700	27300				
Барлығы	45700	56800				

Анықтау керек:

- 1) Жыл ішінде көрсеткіштердің өзгеруін
- 2) Капитал құрылымын

Тапсырма 2.

Кесте – Меншікті капитал құрылымының динамикасы

Капитал көздері	Қаражаттардың болуы, млн. тенге			Қаражаттар құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
Жарғылық капитал	10000	10000				
Резервті капитал	1200	1700				
Арнайы бағыттағы қор	13800	17800				
Бөлінбеген пайда	-	-				
Барлығы	25000	29500				

Анықтау керек:

- 1) Жыл ішінде көрсеткіштердің өзгеруін
- 2) Қаражаттар құрылымын
- 3) Кесте мәліменттерін талдау
- 4) Қорытынды жасау

Тапсырма 3.

Кесте – Займдық капитал құрылымының динамикасы

Капитал көздері	Сомасы, млн. тенге			Капитал құрылымы, %		
	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі	Жыл басына	Жыл соңына	Өзгеруі
Ұзақ мерзімді несиелер	5000	5300				
Соның ішінде						
Бір жылдан кейін жабылатын несиелер	5000	4500				
Қысқа мерзімді несиелер	8200	10200				
Кредиторлық берешек:						
Жеткізушілерге	5100	7700				
Соның ішінде вексельдер бойынша	950	1800				
Төлем ақы бойынша персоналға	500	860				
Әлеуметтік сақтандыру мекемелеріне	180	250				
Бюджетке	1270	1750				
Баска несиегерлерге	450	1240				
Барлығы	20700	27300				

Анықтау керек:

- 1) Жыл бойы көрсеткіштердің өзгеруін
- 2) Қаражаттар құрылымын
- 3) Кестенің мәліметтерін талдау
- 4) Қорытынды жасау

Тапсырма 4.

	Алдыңғы жыл	Есептік жыл
Кредиторлық берешектің орташа қалдықтары, млн. тенге	7500	9000
Несиегерлермен есептер бойынша дебеттік айналымдардың сомасы	90000	115700
Кредиторлық берешекті пайдалану ұзақтығы, күндер	30	28

Кәсіпорын айналымында кредиторлық берешекті пайдалану орташа ұзақтығы келесі формуламен есептелінеді:

*кредиторлық берешектің орташа калдықтары * кезең күндері*

$$П_{\kappa} = \frac{\text{несиегерлермен есеп шоттары бойынша дебеттік айналымдардың сомасы}}{\text{кредиторлық берешектің орташа калдықтары} \cdot \text{кезең күндері}}$$

Анықтау керек:

1) Кәсіпорын айналымында кредиторлық берешекті пайдаланудың орташа ұзақтығын

Тапсырма 5.

Кесте – Капитал айналымының ұзақтығын талдау

Көрсеткіш	Алдыңғы жыл	Есептік жыл	Өзгеруі
Өнім сатудан түсетін таза түсім, млн. тенге	69000	99935	
Капиталдың орташа жылдық құны, млн. тенге	34500	42500	
Соның ішінде айналым капиталдың	20700	27760	

Анықтау керек:

1) Базалық және есептік жылдарда капитал айналымдылығының коэффициентін

2) Базалық жылмен салыстырғанда есептік жылда көрсеткіштердің өзгеруін

3) Капитал айналымының ұзақтығын

4) Капиталдың жалпы сомасындағы айналым активтердің үлес салмағын

5) Айналым капиталдың айналымдылық коэффициентін

6) Айналым капиталдың айналым ұзақтығын

Тапсырма 6.

Өтімділік дәрежесі бойынша ағымдағы активтердің топтасуы

Ағымдағы активтер	Кезең басына	Кезең соңына
Ақшалай қаражаттар	3440	4045
Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1600	1460
Барлығы бірінші топ бойынша		
Дайын өнім	2125	3545

Жүктелген тауарлар	5000	8900
12 ай ішінде дебиторлық берешектің төлемдері	1615	1750
Барлығы екінші топ бойынша		
12 айдан кейінгі дебиторлық берешектің төлемдері	-	-
Өндірістік босалқылар	10000	13500
Аяқталмаған өндіріс	4220	4800
Болашақ кезеңдердің шығындары	-	-
Барлығы үшінші топ бойынша		
Барлығы ағымдағы активтер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің сомасы		

Анықтау керек:

- 1) Кестені толықтыру, кесте мәліметтері бойынша қорытынды жасау
- 2) Абсолютті өтімділік коэффициентін
- 3) Ағымдағы өтімділік коэффициентін

13 Тақырып. Баланс өтімділігін талдау

Семинар жоспары

1. Нарық жағдайында баланс өтімділігін талдаудың мәні
2. Кәсіпорынның активтерін топтастыру

Бақылау сұрақтары

1. «Төлем қабілеттілік» деген түсінік нені білдіреді?
2. Кәсіпорын төлем қабілеттілігі деген не?
3. Баланс және кәсіпорын өтімділігі деген не?
4. Төлем қабілеттіліктің және өтімділіктің арасында қандай байланыс бар?
5. Төлем қабілеттілікті және өтімділікті бағалауда қандай әдістер қолданылады?
6. Баланс өтімділігі не үшін бағаланады?
7. Таза айналым капиталы деген не?
8. Абсолютті өтімділік коэффициентіне сипаттама береңіздер
9. Ағымдағы өтімділік коэффициентіне сипаттама беріңіздер
10. Қаражатарды мобилизациялау жағдайында өтімділік коэффициентін сипаттаңыз
11. Жалпы өтімділік коэффициентіне сипаттама беріңіз
12. Меншікті төлем қабілетті коэффициент деген не?

13. Қысқа мерзімді перспективада төлем қабелітті бағалау үшін қандай коэффициенттер қолданылады?
14. Тауарлы-материалдық запастардың айналымы қалай есептелінеді?
15. Негізгі қаражаттар айналымы қалай есептелінеді?
16. Кәсіпорынның жалпы активтер айналымы қалай есептелінеді?

Тапсырма түрлері

Тапсырма 1

Кесте – Өтімділік дәрежесі бойынша ағымдағы активтердің топтасуы

Ағымдағы активтер	Кезең басына	Кезең соңына
Ақшалай қаражаттар	3440	4045
Қысқа мерзімді қаржылық салымдар	1600	1460
Барлығы бірінші топ бойынша		
Дайын өнім	2125	3545
Жүктелген тауарлар	5000	8900
12 ай ішінде дебиторлық берешектің төлемдері	1615	1750
Барлығы екінші топ бойынша		
12 айдан кейінгі дебиторлық берешектің төлемдері	-	-
Өндірістік босалқылар	10000	13500
Аяқталмаған өндіріс	4220	4800
Болашақ кезеңдердің шығындары	-	-
Барлығы үшінші топ бойынша		
Барлығы ағымдағы активтер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің сомасы		

Анықтау керек:

1. Кестені толықтыру, кесте мәліметтері бойынша қорытынды жасау
2. Абсолютті өтімділік коэффициентін
3. Ағымдағы өтімділік коэффициентін

Тапсырма 2

Кесте – Кәсіпорын баланс өтімділік абсолютті көрсеткіштері

Актив	Жыл басына	Есептік жылдың соңына	Пассив	Жыл басына	Есептік жылдың соңына	Төлем артықтығы (+), жетіспеуі (-)	
						Жыл басына	Есептік жылдың соңына
1. Тез іске асатын активтер (A_1)	2706	13434	1. Тездетілген міндеттемелер (Π_1)	10224	17249		
2. Орташа іске асушы активтер (A_2)	19970	25034	2. Қысқа мерзімді міндеттемелер (Π_2)	12095	19784		
3. Жай іске асушы активтер (A_3)	4070	7125	3. Ұзақ мерзімді міндеттемелер (Π_3)	1949	1611		
4. Өткізілуі қиын активтер (A_4)	10437	129820	4. Тұрақты (фиксирленген) пассивтер (Π_4)	11707	15401		
Баланс			Баланс				

Анықтау керек:

1) Кестені толықтыру, кесте мәліметтері бойынша қорытынды жасау

Тапсырма 3

Кәсіпорын қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері, мың теңге

Көрсеткіштер	Шартты белгілер	Жыл басына	Есептік жылдың соңына	Кезеңдеген өзгерістер
1. Меншікті капиталдың қамтылу көздері (капитал және резервтер)	ИИС	117075	154018	
2. Айналымнан тыс активтер	ВОА	104373	129820	
3. Меншікті айналым қаражаттардың болуы	СОС			
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер (несиелер және займдар)	ДКЗ	1949	1611	
5. Айналым қаражаттардың қалыптасуының меншікті және ұзақ мерзімді займдық көздердің болуы	СДИ			
6. Қысқа мерзімді несиелер және займдар	ККЗ	-	-	
7. Негізгі қаражат көздерінің жалпы шамасы	ОИ			
8. Босалқылардың жалпы сомасы	З	3555	5789	
9. Меншікті айналым қаражаттардың артуы (+), жетіспеуі (-)	ΔСОС			
10. Босалқыларды жабудың меншікті ұзақ мерзімді займдық көздерінің артуы (+), жетіспеуі (-)	ΔСДИ			
11. Босалқыларды қаржыландыру негізгі көздерінің жалпы шамасының артуы (+), жетіспеуі (-)	ΔОИЗ			
12. Қаржылық тұрақтылық түрінің үшфакторлық моделі	$M = \Delta СОС; \Delta СДИ; \Delta ОИЗ$	$M=(1;1;1)$	$M=(1;1;1)$	

Анықтау керек:

1. Меншікті айналым қаражаттардың болуын
2. Айналым қаражаттардың меншікті және ұзақ мерзімді займдық көздерінің қалыптасуын
3. Қаражаттар негізгі көздерінің шамасын
4. Меншікті айналым қаражаттардың артуын (жетіспеуін)
5. Босалқыларды жабудың меншікті ұзақ мерзімді займдық көздерінің артуын (жетіспеуін)
6. Босалқыларды қаржыландырудың негізгі көздерінің шамасының артуын (жетіспеуін)
7. Кестені толықтыру, қаржылық тұрақтылықтың коэффициенттерін есептеу: қаржылық тәуелсіздік коэффициенті, берешек коэффициенті, өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті, меншікті айналым қаражаттармен қамтамасыз етілу коэффициенті, маневренттілік коэффициенті, қаржылық салмақ коэффициенті, мобильды және мобильсіз активтерінің қатынасының коэффициенті, өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті
8. Қорытынды жасау

14 Тақырып. Қаржы тұрақтылығын талдау

Семинар жоспары

1. Ақша қаражаттардың жеткіліктілігін коэффициентін, ақша қаражаттарының капитализациялау коэффициентін есептеу әдістемесі
2. Бөлу коэффициентінің ролі және мәні

Бақылау сұрақтары

1. Қандай кәсіпорындар төлем қабілетті деп саналады?
2. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығы дегеніміз не?
3. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығына қандай факторлар әсер етеді?
4. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығының абсолютті көрсеткіштеріне сипаттама беріңіздер
5. Қаржы тұрақтылығының типтеріне сипаттама беріңіздер
6. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін жақсарту жолдары?
7. Қаржы тұрақтылығының қатысты көрсеткіштерін не сипаттайды?
8. Кәсіпорынның қаржы тұрақтылығын қандай коэффициенттер сипаттайды?
9. Кәсіпорынның несие қабілеттілігі дегеніміз не?
10. Кәсіпорынның несие қабілеттілігін талдау қалай жүргізіледі?
11. Кәсіпорын қызметін тиімділігін талдау қандай міндеттерді орындайды?

12. Экономикалық қызметтің нәтижелері қандай компоненттерден тұрады?
13. Авансталынған және тұтынылған қаражаттардың тиімділігі қалай анықталады?
14. Рентабельділік коэффициенттеріне қандай коэффициенттер жатады?
15. Искерлік белсенділік коэффициенттеріне қандай коэффициенттер жатады?
16. Искерлік белсенділік коэффициенттеріне сипаттама беріңіз

Тапсырма түрлері

Тапсырма 1

2016 жылдың бірінші және екінші тоқсандықтарында «А» кәсіпорын қызметінің нәтижелері берілген. Бірінші тоқсандықтың мәліметтері: таза пайда – 9 млн. тенге, сатудан түсетін түсім – 60 млн. тенге, активтер – 120 млн. тенге, меншікті капитал – 30 млн. тенге. Есептік жылдың екінші тоқсандығы: таза пайда – 9,9 млн. тенге, сатудан түсетін түсім – 63,6 млн. тенге, активтер – 126 млн. тенге, меншікті капитал – 30 млн. тенге.

Анықтау керек: меншікті капиталға кәсіпорынның таза пайдасын.

Өндірістік рычагтың әсер күші (СВРР) мынадай формула арқылы анықталады:

$$СВРР = \frac{\text{маржиналдық табыс}}{\text{пайда}}$$

Маржиналдық табыстың коэффициенті келесі формуламен табылады:

$$K_{\text{мж}} = \frac{\text{маржиналдық табыс}}{\text{тауар сатудан түсетін түсім}}$$

Рентабельділік табалдырығы келесідей есептелінеді:

Тапсырма 2

А кәсіпорынның қаржылық жағдайы

Көрсеткіштер	Сомасы, мың тенге	Пайыз
Өнім сатудан түсетін түсім	205600	
Айнымалы шығындар (ІІР)	143920	
Маржиналды табыс (МД)		
Тұрақты шығындар (СР)	30840	
Пайда (ІІ)		

Анықтау керек:

- 1) Кестені толықтыру
- 2) Өндіріс рычагтың әсер күшін
- 3) Рентабельділік табалдырығын
- 4) Маржиналды табыстың коэффициентін
- 5) А кәсіпорынның қаржылық жағдайын

Тапсырма 3

Өнім сатудан түсетін түсім өсуінің зиян шамасынан тәуелділігі, мың тенге

Көрсеткіштер	Базалық шарттар	10% -ға сатудна түсетін түсімнің өсімі		
		1-й год	2-й год	3-й год
Өнім сатудан түсетін түсім	200000			
Айнымалы шығындар (өсімі 10% тең)	160000			
Маржиналды табыс				
Тұрақты шығындар	50000	50000	50000	50000
Пайда немесе шығындар				

- шығын сомасы 10000 мың тенгеден асатын жағдайда оның жабылуы ұзақ мерзімге созылады

Анықтау керек:

- 1) Өндіріс рычагтың әсер күшін
- 2) Рентабельділік табалдырығын
- 3) Маржиналды табыстың коэффициентін

Тапсырма 4

Өнеркәсіптік кәсіпорын 10 мың дана өнімдерін шығаралы. Өнім бірлігінің бағасы 20560 тенге, соның ішінде айнымалы шығындар 14392 тенгені құрайды, ал тұрақты шығындардың жалпы сомасы 30840 мың тенгеге тең.

- 1) Өнім сатудан түсетін түсім – 205600 мың тенге (100%)
- 2) Айнымалы шығындар (ПР) – 143920 мың тенге (70%)
- 3) Маржиналдық табыс – 61680 мың тенге (30%)
- 4) Тұрақты шығындар (СР) – 30840 мың тенге (15%)
- 5) Пайда (П) – 30840 мың тенге (15%)

Өнім бағасының өсуіне байланысты қызмет көрсеткіштері келесідей өзгерді:

- 1) Өнім сатудан түсетін түсім – 236160 мың тенге (100%);
- 2) Айнымалы шығындар (бұрынғы) – 143920 мың тенге (60,9%);
- 3) Маржиналдық табыс – 92240 мың тенге (39,1%);
- 4) Тұрақты шығындар (СР) – 30840 мың тенге (13,1%);

Анықтау керек:

- 1) Пайданы, егер өндіріс көлемі 10 мың данаға тең болса және баға 10%-ға өссе
- 2) Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер тұрақты шығындар өзгертін болса
- 3) Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер айнымалы шығындар өзгертін болса
- 4) Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер сату бағасы өсетін болса

Тапсырма 5

А өнімі бойынша пайданы факторлық талдаудың мәліметтері

Көрсеткіш	Жоспар бойынша	Нақты
Өнім сатудың көлемі, бірлік (К)	5700	4850
Өнім сатудың бағасы, млн. тенге (Ц)	5,0	5,2
Өнімнің өзіндік құны, млн. тенге	4,0	4,5
Соның ішінде салыстырмалы айнымалы шығындар, млн. тенге (V)	2,8	3,1
Тұрақты шығындардың сомасы, млн. тенге (Н)	6840	6790
Пайда, млн. тенге		

Анықтау керек:

- 1) Тізбекті ауыстыру әдісі арқылы пайданың өзгеруіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтау: сатылған өнім санының, сату бағасының, салыстырмалы айнымалы шығындардың, тұрақты шығындар сомасының
- 2) Қорытынды жасау

15 Тақырып. Операциялық тәуекелділікті басқарушылық талдау
Сабак жоспары

1. Операциялық тәуекелділікті есептеу
2. Операциялық тәуекелділікті талдау
3. Операциялық тәуекелділікті төмендету тәсілдері

Бақылау сұрақтары:

1. Тәуекелділік деген не?
2. Тәуекелділік түрлерін атаңыз.
3. Өндірістік тәуекелділік нені түсіндіреді?
4. Өндірістік тәуекелділіктің пайда болу себептерін атаңыз.
5. Коммерциялық тәуекелділік деген не?
6. Қандай себептерден коммерциялық тәуекел пайда болады?
7. Қаржылық тәуекелділік деген не?
8. Қаржы тәуекелділіктің пайда болу себептерін атаңыз
9. Қаржылық тәуекелділікті шешу құралдарын таңдағанда қандай қағидалар ескеріледі?
10. Инвестициялық тәуекел деген не?
11. Инвестициялық тәуекелділіктегі шығын көлемі неге тең?
12. Инвестициялық тәуекелділік коэффициентін қалай анықтайды?
13. Инвестициялық тәуекелділік ережесін атаңыз.
14. Инвестициялық тәуекелділік қандай топтарға бөлінеді?
15. Жүйелік тәуекелділік деп нені түшенеді?
16. Жүйелік емес тәуекелділік деп нені атайды?
17. Жүйелік емес тәуекелділіктің пайда болу себептерін атаңыз.
18. Тәуекелділікті төмендетудің қандай жолдары бар?
19. Өзін-өзі сақтандыру тәсілі нені білдіреді?
20. Хеджерлеу тәсілі нені білдіреді?

Тапсырма түрлері

1. Есеп №1. Өндірістік левириджды анықтаңыз.
сату көлемінің өсімі – 20%
жалпы табыс өсімі – 60%
таза табыс өсімі – 75%

Есеп №2. Өндірістік левириджды анықтаңыз.
сату көлемінің өсімі – 15%
жалпы табыс өсімі – 40%
таза табыс өсімі – 55%

Есеп №3. Өндірістік левириджды анықтаңыз.
сату көлемінің төмендету қарқыны – 12%
жалпы табыстың төмендету қарқыны – 22%
таза табыстың төмендеу қарқыны – 14%

16 Тақырып. Маржиналдық табысты талдау

Семинар жоспары

1. Өнімді өткізуден түскен табыстың қиынқыстау көлемінің есебі.
2. Тұрақты шығындардың қиын деңгейінің есебі
3. Өткерілудің қиын бағасының есебі

Бақылау сұрақтары

1. Маржиналдық талдау әдістемесінің мәні неде тұрады?
2. Кәсіпорынның маржиналдық табысы деген не?
3. Маржиналдық талдаудың мүмкіндіктері қандай?
4. Маржиналдық талдаудың қандай кезеңдері бар?
5. Пайданы талдау әдістемесінің мәні неде тұрады?
6. Маржиналдық табыс қалай есептелінеді?
7. Көп номенклатуралық өндіріс жағдайында пайданы талдау әдістемесінің мәні неде тұрады?
8. Сатудан түсетін түсімнің ішінде маржиналдық табыстың орташа үлесі қалай анықталады?
9. Сатылған өнімнің санына байланысты пайда қалай өзгереді?
10. Сатылған өнім құрылымының өзгеруіне байланысты пайда қалай өзгереді?
11. Өнім бағасының өзгеруіне байланысты пайда қалай өзгереді?
12. Тұрақты шығындардың ең жоғары деңгейі қалай анықталады?
13. Бағаның және сатудың ең жоғары деңгейі қалай есептелінеді?

Тапсырма түрлері

Тапсырма 1

Өнеркәсіптік кәсіпорын 10 мың дана өнімдерін шығаралы. Өнім бірлігінің бағасы 20560 тенге, соның ішінде айнымалы шығындар 14392 тенгені құрайды, ал тұрақты шығындардың жалпы сомасы 30840 мың тенгеге тең.

1. Өнім сатудан түсетін түсім – 205600 мың тенге (100%)
2. Айнымалы шығындар (ПР) – 143920 мың тенге (70%)
3. Маржиналдық табыс – 61680 мың тенге (30%)
4. Тұрақты шығындар (СР) – 30840 мың тенге (15%)
5. Пайда (П) – 30840 мың тенге (15%)

Өнім бағасының өсуіне байланысты қызмет көрсеткіштері келесідей өзгереді:

1. Өнім сатудан түсетін түсім – 236160 мың тенге (100%);
2. Айнымалы шығындар (бұрынғы) – 143920 мың тенге (60,9%);

3. Маржиналдық табыс – 92240 мың тенге (39,1%);
4. Тұрақты шығындар (CP) – 30840 мың тенге (13,1%);

Анықтау керек:

1. Пайданы, егер өндіріс көлемі 10 мың данаға тең болса және баға 10%-ға өссе
2. Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер тұрақты шығындар өзгеретін болса
3. Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер айнымалы шығындар өзгеретін болса
4. Физикалық түрде өндіріс көлемін, егер сату бағасы өсетін болса

Тапсырма 2

А өнімі бойынша пайданы факторлық талдаудың мәліметтері

Көрсеткіш	Жоспар бойынша	Нақты
Өнім сатудың көлемі, бірлік (K)	5700	4850
Өнім сатудың бағасы, млн. тенге (Ц)	5,0	5,2
Өнімнің өзіндік құны, млн. тенге	4,0	4,5
Соның ішінде салыстырмалы айнымалы шығындар, млн. тенге (V)	2,8	3,1
Тұрақты шығындардың сомасы, млн. тенге (H)	6840	6790
Пайда, млн. тенге		

Анықтау керек:

1. Тізбекті ауыстыру әдісі арқылы пайданың өзгеруіне әртүрлі факторлардың әсерін анықтау: сатылған өнім санының, сату бағасының, салыстырмалы айнымалы шығындардың, тұрақты шығындар сомасының
2. Қорытынды жасау

Тапсырма 3

Өнім сатудан түсетін түсім

Көрсеткіш	Түсім сомасы, млн. тенге	Түсімді есептеу шарттары		
		Сату көлемі	Сатудың құрылымы	Сатудың бағасы
$B_{nl} = S(K_{nl} * C_{nl})$	95250	жоспар	жоспар	жоспар
$B_{ysl1} = B_{nl} * K_{pn}$		нақты	жоспар	жоспар
$B_{ysl2} = S(K_{if} * C_{nl})$		нақты	нақты	жоспар
$B_{\phi} = S(K_{if} * C_{if})$		нақты	нақты	нақты

Кесте – Өнім сатудың құрылымы

Өнім түрі	Өнімнің бағасы, мың тенге		Өнім бірлігінің айнымалы шығындары, мың тенге		Жалпы түсімдегі үлес салмағы, %		$D_{yi} = C_i - V_i / C_i$		
	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	шартты*	нақты
A	5000	5200	2800	3100					
B	6000	6100	3600	3500					
C	7000	7350	3500	3600					
D	7500	7800	3750	3744					

шартты * – нақты бағадағы және өнім бірлігіне келетін жоспарлы айнымалы шығындардағы D_{yi} шартты көлемі

Жоспар бойынша кәсіпорынның тұрақты шығындары 24655 млн. тенгені, ал нақты шығындары – 26490 млн.тенгені құрайды

Анықтау керек:

1. Әр өнім түрі үшін бағадағы маржиналдық табыстың үлесін
2. Жоспар бойынша өнім сатудың жалпы көлемі үшін $\overline{D}_y$ орташа шамасын
3. Жоспар бойынша сатудан түсетін пайда сомасын
4. Сатылған өнім санына байланысты пайда сомасын
5. Жоспарланған баға мен шығындардың сақталуындағы сатылған өнімнің нақты көлемі үшін $\overline{D}_y$ орташа шамасын
6. Өзгермейтін баға мен шығындар жағдайында өнім сатудан түсетін пайданы
7. Жоспарланған шығындар және нақты бағалардағы әр өнім үшін D_{yi}
8. Пайданың нақты сомасын

Сатудың ең төмен көлемін келесі формула арқылы есептейді:

$$T = \frac{H}{(C - V)}$$

Бағаның ең жоғары деңгейі тұрақты, айнымалы шығындар және сату көлемі арқылы анықталады.

$$C_{кр} = \frac{H}{K} + V$$

Тапсырма 4

Өнім бағасы 50 мың тенгеге тең, өнім бірлігіне келетін айнаымалы шығындар 30 мың тенге болады, ал өндіріс көлемі 5000 дана болуы мүмкін. Тұрақты шығындар 120000 мың тенге болады.

Анықтау керек:

- 1) Тұрақты шығындардың ең жоғары деңгейін
- 2) Сату көлемінің ең төмен деңгейін
- 3) Бағаның ең жоғары деңгейін

17 Тақырып. Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштерін талдау
Семинар жоспары

1. Авансталған капитал табысының деңгейі
2. Өткерілген өнімдер рентабельділігі деңгейін талдау
3. Өндіріс қорлар рентабельділігі деңгейін талдаудың факторлық моделі
4. Инновациялық проектілер тиімділігі көрсеткіштері

Бақылау сұрақтары

1. Таза табыс коэффициенті қалай табылады?
2. Салынған капиталдың айналымдылығы қалай табылады?
3. Акционерлік капиталға келетін таза табыс коэффициенті жатады?
4. Қаржылық тетіктерді (рычаг) қолдану көрсеткіштері?
5. Кешенді көрсеткіштер (композитті)?
6. Өнім сатудың рентабельділігі ($P_{\text{пр}}$)?
7. Өнім рентабельділігі ($P_{\text{өнім}}$)?
8. Өндіріс рентабельділігі ($P_{\text{п}}$)?
9. Жинақ активтердің рентабельділігі ($P_{\text{а}}$)?
10. Айналымнан тыс активтердің рентабельділігі ($P_{\text{воа}}$)?
11. Айналым активтердің рентабельділігі ($P_{\text{оа}}$)?
12. Таза айналым капиталдың рентабельділігі ($P_{\text{чок}}$)?
13. Меншікті капиталдың рентабельділігі ($P_{\text{ск}}$)?
14. Инвестициялар рентабельділігі ($P_{\text{и}}$)?
15. Сатудың рентабельділігі ($P_{\text{сату}}$)?

Тапсырма түрлері

Тапсырма 1

Акционерлік қоғам бойынша рентабельділік көрсеткіштерін есептеу

№ р/с	Көрсеткіштер	Базалық жыл	Есептік жыл	Өзгеруі (+ / -)
1.	Рентабельділік көрсеткіштерін есептеу үшін бастапқы мәліметтер			
1.1.	Жанама салықтарсыз тауар сатудан түсетін түсім, мың тенге	70626	102072	
1.2.	Сатылған тауарлардың толық өзіедік құны, мың тенге	57220	80199	
1.3.	Сатудан алынатын пайда, мың тенге			
1.4.	Салық салынғанға дейінгі, бухгалтерлік пайда, мың тенге	15196	49857	
1.5.	Таза пайда, мың тенге	11858	41965	
1.6.	Негізгі қаражаттардың орташа құны, мың тенге	96432	106264	
1.7.	Айналымнан тыс активтердің орташа құны, мың тенге	103800	117097	
1.8.	Айналым активтердің орташа құны, мың тенге	23964	36370	
1.9.	Материалды-өндірістік босалқылардың орташа құны, мың тенге	3233	4672	
1.10.	Активтердің (мүліктің) орташа құны, мың тенге	127764	153266	
1.11.	Меншікті капиталдың орташа құны, мың тенге	115372	135547	
1.12.	Инвестициялардың орташа құны, мың тенге	117737	137327	

Анықтау керек:

- 1) Базалық жылға қатысты есептік жылда көрсеткіштердің өзгеруі
- 2) Сатылған өнімнің рентабельділігі
- 3) Өндіріс рентабельділігі
- 4) Активтер рентабельділігі
- 5) Айналымнан тыс активтер рентабельділігі

- 6) Айналым активтер рентабельділігі
- 7) Меншікті капитал рентабельділігі
- 8) Инвестициялар рентабельділігі
- 9) Сатудың рентабельділігі

Өнім өзіндік құнының және баға өзгеруінің әсерін есептеу тізбекті ауыстыру арқылы есептелінеді.

1. Өнім сатудан түсетін түсімнің өсімі негізінде сату рентабельділігінің өзгеруі келесі формуламен есептелінеді:

$$\Delta BP = (BP_1 - \frac{C_0}{BP_1}) - (BP_0 - \frac{C_0}{BP_0})$$

мұнда BP_0 и BP_1 – базалық және есептік кезеңдерде өнім сатудан түсетін түсім; C_0 – базалық кезеңде сатылған өнімнің өзіндік құны

2. Өнімнің өзіндік құнының өсу негізінде сату рентабельділігінің өзгеруі (DC) мынадай формуламен анықталады:

$$\Delta C = (BP_1 - \frac{C_1}{BP_1}) - (BP_1 - \frac{C_0}{BP_1})$$

мұнда C_0 и C_1 – базалық және есептік кезеңдерде сатылған өнімнің өзіндік құны

3. Екі фактордың әсері табылған нәтижелерді қосындылау арқылы анықталады.

Тапсырма 2

Сату көлемінің рентабельділігін есептеу

Көрсеткіштер	Базалық жыл	Есептік жыл	Ауытқуы (+ немесе -)
Өнім сатудан түсетін түсім, мың тенге	70626	102072	
Тауар сатудың өзіндік құны (коммерциялық және басқару шығындарды қосқанда), мың тенге	57220	80199	
Тауар сатудың пайдасы, мың тенге	13406	21873	
Сату көлемінің рентабельділігі			

Анықтау керек:

1) Сатудан түсетін түсімнің өсуіне байланысты сату рентабельділік өзгеруін

2) Сатудың өзіндік құн өсуіне байланысты сату рентабельділік өзгеруін

3) Сату рентабельділік өзгеруіне екі факторлардың әсерін

Тапсырма 3

А өнімі бойынша пайданы факторлық талдаудың мәліметтері

Көрсеткіш	Жоспар бойынша	Нақты
Өнім сатудың көлемі, бірлік (К)	5700	4850
Сатудың бағасы, млн. тенге (Ц)	5,0	5,2
Өнімнің өзіндік құны, млн. тенге	4,0	4,5
Соның ішінде салыстырмалы айнымалы шығындар, млн. тенге (V)	2,8	3,1
Тұрақты шығындар сомасы, млн. тенге (Н)	6840	6790
Пайда, млн. тенге		

Анықтау керек:

- 1) Жоспарланған және нақты пайданы
- 2) А өнімі бойынша рентабельділіктің факторлық талдауын жүргізу
- 3) Жалпы рентабельділіктің нақты деңгейін
- 4) Тұрақты шығындар, салыстырмалы айналым шығындар, бағаның, сатылған өнімнің көлемінің өзгеруіне байланысты рентабельділігі деңгейін

Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалауда инвестицияларды өтеу мерзімі мен бірге салынған капиталдың табысын (ДВК) немесе жобаның табыстылығын (рентабельділігін) ескеру керек.

$$ДВК = \frac{\text{кутілетін пайда сомасы}}{\text{кутілетін инвестиция сомасы}}$$

Тапсырма 4

	Машина А	Машина Б
Құн, млн. тенге	100	100
Пайда, млн. тенге		
Бірінші жыл	50	25
Екінші жыл	50	25
Үшінші жыл	10	25

Төртінші жыл	5	25
Бесінші жыл	5	25
Алтыншы жыл	-	25
Барлығы	120	150

Анықтау керек:

1) А және Б машиналар бойынша салынған капиталдың табысын

Тапсырма 5

Ақша құнының өзгеруін ескеретін ақшалай түсімдерді дисконттау әдісіне негізделген инвестициялар тиімділігін бағалау ең ғылыми негізделген әдіс болып саналады. Компаундинг әдісінің мәні операция соңында инвестордың алатын ақша сомасын анықтауда тұрады. Бұл жерде инвестиция сомасы, табыстылықтың пайыздық ставкасы және мерзімі беріледі. Осы әдісті қолдануда ақшалай жолдарын зерттеу қазіргі кезден болашаққа қарай жүргізіледі.

Банкке 1000 мың тенге салу керек. Ол жылдық 20% төлейді. Бірінші, екінші, үшінші жылдардың инвестиция табыстылығының көрсеткіштерін анықтау керек.

Қиын пайыздарды қолдану жағдайында бірнеше жылдан кейін инвестициялардың алынатын құнын мынадай формула арқылы есептейді:

$$S = P (1 + r)^n$$

мұнда S – n жылдан кейін инвестициялардың болашақ құны; P – инвестициялардың бастапқы сомасы; r – пайыз ставкасы; n – есептік кезеңдегі жылдар саны

ЖАЗБАША БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Экономикалық талдау және шаруашылық қызметті талдау түсінігі және мәні
2. Шаруашылық қызметті талдау түрлері
3. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық база
4. Шаруашылық қызметті талдаудың кешенді әдістемелік негіздері
5. Әртүрлі белгілері бойынша аналитикалық көрсеткіштердің жіктелуі

6. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері
7. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрамын және құрылымын талдау
8. Капитал айналымдылығын талдау
9. Өндірістің ғылыми-техникалық деңгейін талдау
10. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық деңгейін талдау
11. Кәсіпорынның өндірістік қуатын талдау
12. Негізгі өндіріс қорларын пайдалану көрсеткіштерін талдау
13. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін талдау
14. Айналым құралдарының құрамын және құрылымын талдау
15. Айналым құралдарын қолданудың тиімділігін талдау
16. Айналым құралдарының элементтерін талдау
17. Персоналын, қозғалысын, құрамын және құрылымын талдау
18. Жұмыс уақыты қорын пайдалану тиімділігін талдау
19. Еңбек өнімділігін талдау
20. Еңбекақы қорын талдау
21. Нарық және нарық конъюктурасын талдау
22. Қызмет көрсетуге сұранысты талдау
23. Кәсіпорынның баға саясатын талдау
24. Қызметтерді өткізу динамикасын талдау
25. Қызметтер құрылымын және кәсіпорынның ассортименттік саясатын талдау
26. Қызметтерді өткізуге әсер ететін негізгі факторларды талдау
27. Қызмет сапасын талдаудың негізгі бағыттары
28. Қызметтің орындалу сапасын талдаудың негізгі көрсеткіштері
29. Тұтынушыларға қызмет ету сапасын талдау мәні.
30. Өзіндік құн құрылымын талдау
31. Өзіндік құнның көрсеткіштерін талдау
32. Өнімнің өзіндік құнының төмендеу резервін анықтау әдістемесі
33. Пайданың негізгі көрсеткіштерін талдау
34. Рентабельділік көрсеткіштерін талдау
35. Инвестиция тиімділігін талдау
36. Қаржылық есеп беру мазмұны және құрамы
37. Баланстау негіздері
38. Пайда және шығын есебі
39. Факторлық талдау әдістемесі
40. Функциональды-құндық талдау әдістемесі
41. Маржинальды талдау әдістемесі
42. Негізгі қор түсінігі және түрлері
43. Негізгі өндірістік қорларды талдаудың мәні, міндеттері

44. Өнімді өндіруді талдаудың мәні және өткізу көлемінің өзгеру факторлары
45. Өнімді жеткізу бойынша келісім міндеттемелерінің орындалу проценті
46. Қызмет көрсету жүйесі және өнімдерді өткізудің қаржылық нәтижелерін талдау
47. Баланс өтімділігінің мәні.
48. Баланс активтерін және пассивтерін баптары бойынша талдау
49. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау
50. Қаржыны жоспарлау әдістері

ТЕСТІЛЕУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Басқарушылық талдау объектісі болып не саналады:
A) басқарушылық талдаудың мәні мен қажеттілігі
B) кәсіпорынның тәжірибелік қызметі +
C) кәсіпорынның экономикалық потенциялын қалыптастыру
D) техникалық- ұйымдастырушылық факторлары
2. Басқарушылық талдаудың субъектісі болып не саналады:
A) объектіті шынайылық
B) өндірістік процестер
C) өндірісті басқарумен айналысатын адамдардың бірлестігі +
D) шаруашылықтанудың теориялық негіздері
3. Талдаудың түсінігін анықтаңыз:
A) резервтерді іздеу және есептеу
B) тұтас бірлікті оның құрамдас бөліктеріне бөлу +
C) экономикалық потенциалды қалыптастыру мен пайдалануды анықтау
D) жоспарлы тапсырмалардың орындалуын анықтау
4. Талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:
A) талданатын құбылыстағы әрбір элементтің әсер ету көлемін анықтау мақсатымен +
B) өнімді өндіру мүмкіншіліктерін анықтау үшін
C) еңбек ұжымының сандық құрамын анықтау үшін
D) өнімді шығарудың тиімді құрылымын анықтау үшін
5. Басқармалық талдаудың мақсаты неде:
A) өндірістік процестегі ануытқуларды табу
B) кәсіпорынды басқару орталықтарына басшылық ету +
C) кәсіпорынның қаржылық мүдделерін қамтамасыз ету
D) нәтижелік көрсеткіштердің құрамдас бөліктеріне деңгейін көтеру мақсатымен тиімді әсер ету мүмкіншіліктерін табу
6. Басқарушылық талдаудың объектісі болып не саналады:
A) технологиялық жабдықтың өндірістік қуаттылығын пайдалану
B) шығарылатын өнімнің еңбек сиымдылығы
C) кәсіпорын жұмысының қаржылық нәтижелері
D) өндірісті тиімді ұйымдастыру

7. Басқарушылық талдауды экономикалық талдау қандай міндет орындайды:

- A) өндірісті басқару функцияларын орындау үшін қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді +
- B) өнімді өндіру ағымдылығы туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді
- C) өнімді өндіруде ***** пайда болуы туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді
- D) өндірістің экстенсивті дамуы туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді

8. Макроталдаудың ерекшелігі неде:

- A) қолданбалы сипаттағы теориялық тұжырымда
- B) өндірісті дамытудың әдістемелік өңделуінде
- C) басқару шешімдерін негіздеуде
- D) шығындар мен өнімді өндіру көлемінің арасындағы функционалдық байланыстарды талдаумен

9. Микроталдаудың мәні неде:

- A) шектеулі ресурстарды тиімді падаланудың тәсілдерін анықтауды +
- B) жауапкершілік орталықтары бойынша өндіруге кеткен шығындарға бақылау бекітуде
- C) шаруашылық есептеу тапсырмаларының сапасына қойылатын талаптарды қатайтуда
- D) жұмысшылардың материалдық жауапкершілігі мен қызығушылығын арттыруда

10. Басқарушылық талдау нені зерттейді:

- A) кәсіпорынның, оның ішкі бөлімшелерінің шаруашылық процестерін, кәсіпорын жұмысының соңғы көрсеткіштерін +
- B) өнімді өндіру көлемін жоғарылату мүмкіншіліктерін
- C) өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтері мен орташа өткізу баға деңгейін жоғарылатуды
- D) бірінші және екінші деңгейдегі көрсеткіштердің бір- біріне бағынушылығын

11. Басқарушылық талдауда кеңістіктік белгілері бойынша талдаудың қандай түрлері бар:

- A) алдын-ала және кейінгі
- B) жедел

- C) салалық және салааралық
- D) ішкі шаруашылық және шаруашылық аралық

12. Басқару объектілері бойынша шаруашылық қызметті талдау жүйесінің жіктелуін анықтаңыз:

- A) экономиканың, технологияның, өндірісті ұйымдастырудың, техникалық жағдайлардың +
- B) еңбек өнімділігі, жұмыстың сменалылығының коэффициенті
- C) жүк тасымалдау жүйелерінің тиімділігін қолдану
- D) еңбек интенсивтілігі

13. Техникалық-экономикалық талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- A) техникалық-технологиялық факторлардың әсер етуін анықтау үшін
- B) өндірістің техникалық- ұйымдастырушылық жағдайларын бір – біріне сәйкес келуін анықтау үшін
- C) қызмет нәтижелеріне техникалық- технологиялық жағдайларды зерттеу үшін
- D) өндірістің техникалық және экономикалық процестерінің өзара әсер етуін бағалау үшін

14. Әлеуметтік-экономикалық талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- A) кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижелерін бағалау үшін
- B) кәсіпорын жұмысшыларының өмірлік деңгейін анықтау үшін +
- C) қолданылатын нормалар мен нормативтерді кәсіпорынның техникалық мүмкіншіліктеріне сәйкес келтіру үшін
- D) өндірістің ұйымдастырушылық жағдайы мен кәсіпорынның техникамен жабдықталғандығын бағалау үшін

15. Экономикалық-статистикалық талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- A) тұтас бөлітердің арасындағы қатынастарды анықтау үшін
- B) қандайда бір құбылыстардың дамуын анықтау үшін
- C) сапалық және көлемдік факторлардың өзара әрекеттесуін бейтараптау үшін
- D) жаппай өндірістік құбылыстарды зерттеу үшін +

16. Кәсіпорынның қандай резервтері жабық (тығымалы) резервтерге жатады:

- A) экстенсивтік
- B) сала деңгейінде таылуы мүмкін резервтер

- C) кәсіпорын деңгейінде пайдаланылатын резервтер
- D) ғылыми-техникалық прогрес пен алдағы қатарлы тәжірибені енгізумен және жетілдірумен байланысты резервтер +

17. Басқарушылық талдаудың прогрессивтілігі неде:

- A) өндіріс жағдайларына сапалы баға беру мүмкіншіліктері бар көрсеткіштер жинауда
- B) экономикалық заңдардың әрекет ету сипаттарын зерттеуде
- C) ағымдағы және болашақтағы жоспарларды ғылыми негіздеуде
- D) цехке, бөлімшелерге стратегиялық талдау жүргізуде +

18. Кредиторлар мен инвесторлар нені талдайды:

- A) кәсіпорынның қызмет етуінің сыртқы ортасын
- B) коммерциялық тәуекелдерді, баға саясатының қалыптасуын
- C) қаржылық есептемелерді, салынған капиталды пайдалану тиімділігін +
- D) өндіріс нәтижелеріне өндірістік факторлардың әсер етуін

19. Өнімнің өзіндік құнын талдаудың міндеттері неде:

- A) кәсіпорын жұмысына баға беру +
- B) инвестициялардың мөлшерін анықтау
- C) кәсіпорынның өндірістік қуаттылықты пайдалануына жалпалама сипаттама беру
- D) жұмысшылардың шеберлігінің деңгейін бағалау

20. Қандай шығындар тұрақты шығындарға жатады:

- A) өндірістік қуаттылықты жүктеу дәрежесіне байланысты деңгейі өзгермейтін шығындар +
- B) өндіру мен сату көлеміне байланысты өзгертін
- C) тікелей еңбек шығындары
- D) тауарлық өнімнің бір ақшалай бірлігіне кеткен шығындар

21. Қандай шығындар ауыспалы шығындарға жатады:

- A) шикізаттар мен материалдар, отын, электр қуаты +
- B) амортизация, жалдық төлем
- C) өнімді өткізуге кеткен шығындар
- D) жұмысшыларды қайта дайындауға кеткен шығындар

22. Қандай шығындар өнімнің бірнеше түрін өндірумен байланысты:

- A) жанама +

- B) тұрақты
- C) ауыспалы
- D) тікелей

23. Қаржы мен қаржылық ағымдарды зерттеу кезінде қандай тәсілдер қолданылады:

- A) тізбектік қойылым
- B) абсолюттік айырмашылық
- C) топтастыру
- D) нұсқалардың баламалық талдауы +

24. Басқарушылық талдау әдістерінің сипаттық ерекшеліктері болып не саналады:

- A) кәсіпорынның шаруашылық қызметін зерттеу
- B) қоғамдық құбылыстардың өмірін зерттеу
- C) көрсеткіштер жүйесін қолдану +
- D) шаруашылықтың даму тенденциясын

25. Басқарушылық талдаудың міндеті неде:

- A) өнімді тиімді өндіруін қамтамасыз ету
- B) өндіріс резервтерін бағалау
- C) өнімді қалыптастыру динамикасы
- D) өндірістік факторларды зерттеу және оның кәсіпорын жұмысының нәтижелеріне әсер етуін зерттеу +

26. Экономикалық талдау барысында басқарушылық талдау жүргізу үшін қандай тәсілдер мен әдістер қолданылады:

- A) шығындарды азайту
- B) шығындар мен нәтижелерді өлшеу
- C) әртүрлі тауарлар мен қызметтерді қайта өндіру мен тұтынуды шектеу
- D) абсолюттік және қатынастық айырмашылықтар, салыстыру, топтастыру, тізбелік қойылым +

27. Басқарушылық талдауда салыстыру тәсілі қашан қолданылады:

- A) жоспарлық, нормативтік және нақты көрсеткіштерді қарастыру кезінде +
- B) кәсіпорын жұмысының көрсеткіштерін жалпылау кезінде
- C) кәсіпорынның еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілгендігін зерттеу кезінде
- D) өндірістік процестің көрсеткіштерін жаппай бейнелеу кезінде

28. Өндірістің міндетті шығындарын анықтаңыз:

- A) менеджерлердің, қызметкерлердің еңбек ақысы, банткерге төлемдер +
- B) қайта өндіру сатылары бойынша шығындар
- C) кәсіпорынның экстенсивтік дамуына кеткен шығындар
- D) бұйымның өмірлік циклінің өндірістік сатыларының шығындары

29. Қандай көрсеткіш материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігінің жалпылама көрсеткіші болып саналады:

- A) материал сиымдылығы +
- B) қор сийымдылығы
- C) қор қайтарымдылығы
- D) еңбек сиымдылығы

30. Қандай көрсеткіш материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігінің күнделікті көрсеткіші болып саналады:

- A) қуат сиымдылығы +
- B) материалдық шығындар коэффициенті
- C) материалдық шығындардың үлес салмағы
- D) материал қайтарымдылығы

31. Өнімнің материал сиымдылығы қандай формуламен есептеледі:

- A) $R_{\text{опер}} = \Pi / \text{ОПФ}$
- B) $R_{\text{опер}} = \Phi \text{О} * R_{\text{рп}}$
- C) $M_{\text{е}} = M_3 / N_{\text{в}} +$
- D) $M_{\text{о}} = N_{\text{в}} / M_3$

32. Материал қайтарымдылығының көрсеткішін анықтаңыз:

- A) $Z_{\text{тек}} = \text{ИНТ} * P_{\text{сут}}$
- B) $\text{ВП} = M3 / \text{МЕ}$
- C) $M_{\text{о}} = N_{\text{в}} / M_3 +$
- D) $\Phi \text{О} = (K * T_{\text{ед}} * \text{ЧВ}) / (\text{ОПФ})$

33. Қандай көрсеткіш өзіндік құн мен пайда арасындағы байланысты көрсетеді:

- A) тауарлық өнімнің бір ақшалай бірлігіне кеткен шығындар деңгейінің көрсеткіші +
- B) үлестік материалдық шығындар мен оның құрылымы
- C) материал салмағы мен оның орташа бағасы
- D) өнімді өткізу көлемі мен орташа өткізу бағасының деңгейі

34. Өндіруге кеткен шығындардың құрылымын талдау неден басталады:

- А) өнім көлемін анықтаудан
- В) абсолюттік және қатынастық ауытқуларды анықтаудан
- С) орташа өткізу бағасын бағалаудан
- Д) өнімнің өзіндік құнындағы үлес құнын анықтаудан +

35. Шығындардың құрылымын талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- А) нәтижелік және факторлық көрсеткіштердің өзара байланыстылығын анықтау үшін
- В) түсімнің өзіндік құны мен өндіріс көлемінің өзара байланыстылығын зерттеу үшін
- С) материал сиымдылығы мен еңбек сиымдылығын төмендету резервтерін табуға бағытталған +
- Д) кәсіпорын жұмысының қаржылық нәтижелерін анықтау үшін

36. Өзіндік құн құрылымын талдау қалай жүргізіледі:

- А) жоспарлы және нақты көрсеткіштерді салыстыру арқылы
- В) жеке элементтердің үлес салмақтарын жоспармен және динамикада салыстыру арқылы +
- С) өндірістік шығындарды жалпы өндірістік шығындармен салыстыру арқылы
- Д) цехтік өзіндік құнды коммерциялық өзіндік құнмен салыстыру арқылы

37. Шығын баптары бойынша шығындарды топтастыру қандай мақсатпен жүргізіледі:

- А) жедел бақылауды күшейту үшін +
- В) шығын баптары бойынша үлестік шығындарды төмендету үшін
- С) өнімді шығару көлемінің тиімді құрылымын анықтау үшін
- Д) кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын тиімді пайдалану үшін

38. Өнімнің өзіндік құнындағы материалдық шығындардың үлес салмағы қандай формула бойынша анықталады:

- А) $M_c = M_3 / N_B$
- В) $M_o = N_B / M_3$
- С) $ДМЗ = МЗ / С +$
- Д) $ВП = МЗ / МЕ$

39. Материалдық ресурстарды пайдалану коэффициенті қандай формула бойынша анықталады:

- A) $MЗ = ДМЗ * С$
- B) $КИ = МЗФ / М +$
- C) $ME = MЗ / ВП$
- D) $ВП = ПРВ * ЧВ$

40. Қандай шығындар өнімнің белгілі бір түрлерін өндірумен байланысты:

- A) шартты – тұрақты
- B) тікелей +
- C) жанама
- D) ауыспалы

41. Талдаудың негізгі мақсаты неде:

- A) өндіріс көлемін анықтау
- B) өнім қрылымын реттеу
- C) үнемдеу нұсқаларын іздеу +
- D) ресурстарды сақтайтын технологиялар өңдеу

42. Материалдық ресурстарды талдаудың негізгі сатысын анықтаңыз:

- A) кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілгендігін талдау
- B) материалды - техникалық ресурстарының шығындар нормасының негізділігін талдау +
- C) негізгі қорлармен қамтамасыз етілгендігін талдау
- D) материалдық шығындардың бір ақшалай бірлігіне пайданы талдау

43. Материалдардың нақты бар болуы мен олардың орташа тізімдік шығындары туралы мәліметтерді талдау процесінде не анықталады:

- A) материал қайтарымдылығы
- B) материал сиымдылығы
- C) материалдарды падалану коэффициенті
- D) материалдармен нақты қамтамасыз етілуі +

44. Қандай көрсеткіштер жоспарлы және есептік – аналитикалық тәжірибеде қолданылады:

- A) құндық
- B) сандық
- C) сапалық
- D) табиғи +

45. Қандай көрсеткіш тауарлық және тауарлық- ақшалай қатынастарға негізделген:

- A) көлемдік
- B) үлестік
- C) сапалық
- D) құндық +

46. Шығарылатын өнімнің сандық сипаты үшін қандай көрсеткіш қолданылады:

- A) шартты- табиғи
- B) құндық +
- C) көлемдік
- D) сапалық

47. Басқару шешімдерін қабылдауға не негіз болады:

- A) қаржылық талдау +
- B) Бизнес- жоспар
- C) ретроперспективалық талдау
- D) перспективалық талдау

48. Маркетинг қандай құрал ретінде саналады:

- A) өндіруді және өткізуді реттеуші +
- B) негізгі құралдарды тиімді падаланушы
- C) өндіріс пен еңбекті дұрыс ұйымдастырушы
- D) жоспарлаушы және есепке алушы

49. Кез- келген кәсіпорынның қызметі қандай талдаудан басталады:

- A) қаржылық- экономикалық
- B) маркетингтік +
- C) ішкі фирмалық
- D) әлеуметтік – экономикалық

50. Өндірістік қуаттылық пен оны пайдалану деңгейі неге байланысты:

- A) тапсырыс портфеліне +
- B) кадрлар саясатына
- C) баға саясатына
- D) өндірістің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуіне

51. Кәсіпорынға бағалар нені қамтамасыз етеді:

- A) сату көлемін
- B) жоспарланған пайданы +
- C) шығындардың шектелуін
- D) өндіріс көлемінің тиімді құрылымын

52. Кәсіпорынның өнімді өндіру мен өткізуді талдауының мәні неде:

- A) шығындарды төмендету резервтерін іздеуде
- B) өндірістік қуаттылықты максималды қолдану арқылы өнімді өндіру мен өткізу көлемдерін арттыруда +
- C) еңбек өнімділігін жоғарылату резервтерін іздеуде
- D) өнімнің еңбек сиымдылығын төмендету резервтерін іздеуде

53. Өндіріс көлемінің негізгі көрсеткіші:

- A) өнімді өткізуден түскен түсім
- B) тауарлық, жалпы және өткізілген өнім +
- C) пайда мөлшері
- D) алдыңғы жылдағы өндіріс көлемі

54. Кәсіпорынға өткізудің ең тиімді көлемін не қамтамасыз етеді:

- A) белгілі бір бағалық диапазонда ең жоғары пайда табу +
- B) ең аз шығындар
- C) жабдықты толық жүктеу
- D) өнімді шығару ағымдылығы

55. Әрбір бұйым бойынша атауы мен саны көрсетілген тізім қалай аталады:

- A) номенклатура
- B) ассортимент +
- C) құрылым
- D) өнім түрі

56. Өнімді шығару көлемі мен құрылымын талдау неше сатымен жүргізіледі:

- A) екі
- B) жеті
- C) тоғыз
- D) үш +

57. Өнімнің құрылымының өзгеруі қандай көрсеткіштерге әсер етеді:

- A) техникалық-технологиялық
- B) ұйымдастырушылық-экономикалық
- C) әлеуметтік-экономикалық
- D) экономикалық

58. Ретроперспективалық талдау жүргізу үшін ақпараттық көздер болып не саналады:

- A) статистикалық есептеме, жылдық бухгалтерлік есептеме +
- B) бухгалтерлік есептің бастапқы мәліметтері
- C) жедел есеп мәліметтері
- D) болжамдық мәліметтер

59. Тиімді басқару шешімдерін таңдау кезінде қандай талдау қолданылады:

- A) перспективалық +
- B) ретроперспективалық
- C) ағымдағы
- D) жедел

60. Кәсіпорын капиталының құрылымы қалай таладанады:

- A) кәсіпорынның айналым көлемін ескере отырып
- B) инвестициялық саясатымен өзара байланысы бойынша
- C) даму стратегиясына байланысты
- D) өзін-өзі өтеу критерияларын ескере отырып

61. Қандай көрсеткішті талдау үшін өнімді өндіру және өткізу кезінде еңбек құралдары мен заттарында қолданылатын дайындаудың технологиялық процестері туралы мәліметтер қажет:

- A) шығару көлемін
- B) сапасын +
- C) өнім құрылымын
- D) өнімнің өзіндік құнын

62. Өнімді өндіру ырғақтылығының көрсеткіші нені білдіреді:

- A) технологиялық графикпен қарастырылған көлемде өнімді шығару +
- B) өндіріс ағымдылығының талаптарын қамтамасыз ету
- C) өндіріс процестерінің келісімділік қағидаларының талаптарын қамтамасыз ету
- D) өндірісте тең бөлу қағидаларының талаптарын қамтамасыз ету

63. Ырғақтылық бойынша жоспардың орындалуы қандай көрсеткіштер бойынша бағаланады:

- A) тікелей және жанама +
- B) аралық
- C) жоспарлық
- D) нақты

64. Өнімді өндіру ырғақтылығының негізгі себептері неде:

- A) қиын қаржылық жағдай, еңбек пен өндірісті ұйымдастыру қағидаларының бұзылуы +
- B) өнімге сұранымның болмауы
- C) жабдықтың бұзылуы
- D) өндірістік процестің маусымдылығы

65. Кәсіпорынның өндірістік ресурстармен қамтамасыз етілуін талдау неден басталады:

- A) қажеттілік жоспарын тексеруден +
- B) оларды жұмсау нормативтерін тексеруден
- C) өнімнің өзіндік құнын болжаудан
- D) шығарылатын өнім құрылымының белгіленген жоспарға сәйкестігін зерттеуден

66. Кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілгендігіне талдау қалай жүргізіледі:

- A) нақты бар болуы және нормативтік қажеттілігімен орташа тәуліктік шығын +
- B) құндық мағынадағы нақты бар болуы жоспарлық мәліметтермен салыстырылады
- C) табиғи мағынадағы нақты бар болуы жоспармен және нормативпен бір уақытта салыстырылады
- D) күнмен берілген қамтамасыз етілудің нақты бар болуы алдағы кезеңмен салыстырылады

67. Өзіндік құн құрылымын талдау қалай жүргізіледі:

- A) жоспарлы және нақты көрсеткіштерді салыстыру арқылы
- B) жеке элементтердің үлес салмақтарын жоспармен және динамикада салыстыру арқылы +
- C) өндірістік шығындарды жалпы өндірістік шығындармен салыстыру арқылы
- D) цехтік өзіндік құнды коммерциялық өзіндік құнмен салыстыру арқылы

68. Қандай көрсеткіш материалдық рестурстарды пайдалану тиімділігінің жалпылама көрсеткіші болып саналады:

- A) материал сиымдылығы +
- B) қор сийымдылығы
- C) қор қайтарымдылығы
- D) еңбек сиымдылығы

69. Қандай шығындар ауыспалы шығындарға жатады:

- A) шикізаттар мен материалдар, отын, электр қуаты +
- B) амортизация, жалдық төлем
- C) өнімді өткізуге кеткен шығындар
- D) жұмысшыларды қайта дайындауға кеткен шығындар

70. Еңбек өнімділігін өсіру бойынша шаралар қандай көрсеткіштердің негізінде өңделеді:

- A) өнімнің еңбек сиымдылығы +
- B) сменалық коэффициенті
- C) жұмыс күнінің ұзақтылығы
- D) жұмыс уақытының жылдық қоры

71. Негізгі құралдарды падалануды талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- A) қор қайтарымдылықтың ең үлкен деңгейіне жету үшін
- B) оларды пайдаланудың ең тиімді нұсқасын таңдау үшін+
- C) олардың құрылымының тиімді нұсқасын анықтау үшін
- D) шығарылатын өнімнің қор сиымдылығын төмендету үшін

72. Негізгі қорларды падалануды талдау қандай көрсеткіштерге негізделген:

- A) интегралдық жүкеу коэффициентіне
- B) өнімнің қор қайтарымдылығы мен қор сиымдылығына +
- C) өнімді шығару көлеміне
- D) өндірістік қуаттылығы пайдалану деңгейіне

73. Маржиналдық табыс дегенімзі не:

- A) түсім – өзіндік құн
- B) түсім – ауыспалы шығындар +
- C) түсім – тұрақты шығындар
- D) түсім – өндірістен тыс шығындар

74. Маржиналдық талдау неге арналған:

- A) сату көлемінің залалсыздығын анықтау үшін +
- B) сату көлемін өсіру мүмкіншіліктерін табу үшін
- C) өндіріс рентабельділігін жоғарылату мүмкіншіліктерін табу
- D) кәсіпорынның ассортименттік саясатын шешу.

75. Кәсіпорынға өткізудің ең тиімді көлемін не қамтамасыз етеді:

- A) белгілі бір бағалық диапазонда ең жоғары пайда табу +
- B) ең аз шығындар
- C) жабдықты толық жүктеу
- D) өнімді шығару ағымдылығы

76. Әрбір бұйым бойынша атауы мен саны көрсетілген тізім қалай аталады:

- A) номенклатура
- B) ассортимент +
- C) құрылым
- D) өнім түрі

77. Еңбек өнімділігін өсіру бойынша шаралар қандай көрсеткіштердің негізінде өңделеді:

- A) өнімнің еңбек сиымдылығы +
- B) сменалық коэффициенті
- C) жұмыс күнінің ұзақтылығы
- D) жұмыс уақытының жылдық қоры

78. Негізгі құралдарды падалануды талдау қандай мақсатпен жүргізіледі:

- A) қор қайтарымдылықтың ең үлкен деңгейіне жету үшін
- B) оларды пайдаланудың ең тиімді нұсқасын таңдау үшін +
- C) олардың құрылымының тиімді нұсқасын анықтау үшін
- D) шығарылатын өнімнің қор сиымдылығын төмендету үшін

79. Кәсіпорынның өндірістік реструкстармен қамтамасыз етілуін талдау неден басталады:

- A) қажеттілік жоспарын тексеруден +
- B) оларды жұмсау нормативтерін тексеруден
- C) өнімнің өзіндік құнын болжаудан
- D) шығарылатын өнім құрылымының белгіленген жоспарға сәйкестігін зерттеуден

80. Кәсіпорынның материалдық ресурстармен қамтамасыз етілгендігіне талдау қалай жүргізіледі:

- A) нақты бар болуы және нормативтік қажеттілігімен орташа тәуліктік шығын +
- B) құндық мағынадағы нақты бар болуы жоспарлық мәліметтермен салыстырылады
- C) табиғи мағынадағы нақты бар болуы жоспармен және нормативпен бір уақытта салыстырылады
- D) күнмен берілген қамтамасыз етілудің нақты бар болуы алдағы кезеңмен салыстырылады

ӨЗІНДІК ДАЯРЛЫҒЫ ҮШІН СҰРАҚТАР ТІЗБЕСІ

1. Экономикалық талдау және шаруашылық қызметті талдау түсінігі және мәні
2. Шаруашылық қызметті талдау түрлері
3. Шаруашылық қызметті талдауды ұйымдастыру және ақпараттық база
4. Шаруашылық қызметті талдаудың кешенді әдістемелік негіздері
5. Әртүрлі белгілері бойынша аналитикалық көрсеткіштердің жіктелуі
6. Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерін талдау әдістері
7. Кәсіпорынның қаржылық ресурстарының құрамын және құрылымын талдау
8. Капитал айналымдылығын талдау
9. Өндірістің ғылыми-техникалық деңгейін талдау
10. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық деңгейін талдау
11. Кәсіпорынның өндірістік қуатын талдау
12. Негізгі өндіріс қорларын пайдалану көрсеткіштерін талдау
13. Кәсіпорынның материалдық емес активтерін талдау
14. Айналым құралдарының құрамын және құрылымын талдау
15. Айналым құралдарын қолданудың тиімділігін талдау
16. Айналым құралдарының элементтерін талдау
17. Персоналын, қозғалысын, құрамын және құрылымын талдау
18. Жұмыс уақыты қорын пайдалану тиімділігін талдау
19. Еңбек өнімділігін талдау
20. Еңбекақы қорын талдау
21. Нарық және нарық конъюктурасын талдау
22. Қызмет көрсетуге сұранысты талдау
23. Кәсіпорынның баға саясатын талдау
24. Қызметтерді өткізу динамикасын талдау
25. Қызметтер құрылымын және кәсіпорынның ассортименттік саясатын талдау
26. Қызметтерді өткізуге әсер ететін негізгі факторларды талдау
27. Қызмет сапасын талдаудың негізгі бағыттары
28. Қызметтің орындалу сапасын талдаудың негізгі көрсеткіштері
29. Тұтынушыларға қызмет ету сапасын талдау мәні
30. Өзіндік құнқұрылымын талдау
31. Өзіндік құнның көрсеткіштерін талдау
32. Өнімнің өзіндік құнының төмендеу резервін анықтау әдістемесі
33. Пайданың негізгі көрсеткіштерін талдау

34. Рентабельділік көрсеткіштерін талдау
35. Инвестиция тиімділігін талдау
36. Қаржылық есеп беру мазмұны және құрамы
37. Баланстау негіздері
38. Пайда және шығын есебі
39. Факторлық талдау әдістемесі
40. Функциональды-құндық талдау әдістемесі
41. Маржинальды талдау әдістемесі
42. Негізгі қор түсінігі және түрлері
43. Негізгі өндірістік қорларды талдаудың мәні, міндеттері
44. Өнімді өндіруді талдаудың мәні және өткізу көлемінің өзгеру факторлары
45. Өнімді өткізуді талдау әдістері және өнімді жеткізу бойынша келісім міндеттемелерінің орындалу проценті
46. Қызмет көрсету жүйесі және өнімдерді өткізудің қаржылық нәтижелерін талдау
47. Баланс өтімділігінің мәні
48. Баланс активтерін және пассивтерін баптары бойынша талдау
49. Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін талдау
50. Қаржыны жоспарлау әдістері

ГЛОССАРИЙ

ABC талдау – қорлар қозғалысын бақылау кезінде барлық қорлар келесі группаларға бөлінеді: категория А, категория В, категория С.

Ғылым секілді шаруашылық қызметті талдау – шаруашылық дамудың тенденцияларын зерттеумен, ғылыми дәлелдеумен, жоспарлармен, басқарушылық шешімдермен, олардың орындалуына бақылаумен, жеткен нәтижелердің бағасымен, өндірістің тиімділігін арттырудағы шаруашылық резервтердің мөлшерін іздеу, өлшеу мен дәлелдеумен және оларды қолдану бойынша шараларды жетілдірумен байланысты арнайы білімдер жүйесі.

Дедукция – жалпы ережелерден, заңдар мен түсініктерден жеке мен бірлі-жарымдарға, жалпы фактілерден жекелерге, нәтижелерден себептерге өту жолымен қорытынды шығару үшін есептелген әдістемелік тәсіл.

Дисконттау тәсілі – ақша ағымын зерттеу болашақ кезеінен ағымдағы уақытқа қарай жүргізіледі.

ЕОQ моделі – өндірісте қорларды сатып алу мен сақтау шығындарын минималды етуге негізделген экономикалық модель.

Жалпы әдістеме – әр түрлі экономика секторда әр түрлі экономикалық талдау объектілерін оқу кезінде бірдей қолданылатын зерттеу жүйесі.

Жанама шығындар – бұл бір уақытта өндірілетін бірнеше өнім түрі, бір уақытта бірнеше орындалатын жұмыспен және олардың арасында негізгі арнайы есептілік бойынша бөлінумен байланысты шығындар.

Жеке көрсеткіштер – материалдық ресурстардың басқа бір түрі мен материалдар көлемі сатысын сипаттайтын көрсеткіштер.

Жүйелік емес тәуекелділіктер – бәсекелестікпен байланысты тәуекелділіктер.

Жүйелік тәуекелділіктер – макроэкономикалық сипаттағы өзгерістермен анықталатын және инфляция, экономикалық құлдырау, жоғары пайыздық мөлшерлемен байланысты тәуекелділіктер.

Инвестиция – кәсіпорын активіне ұзақ мерзімге қаражат салу.

Инвестициялық тәуекелділік – ақшалы бағалы қағаздарға инвестициялау кезінде пайда болатын тәуекелділік.

Инвестицияның болашақ құны – бірнеше жылдан кейінгі инвестиция құны.

Инвестор – өзінің немесе қарызға алған қаражат есебінен объектіге қаражат салатын инвестициялық қызмет субъектісі.

Индукция – жеке мен бірлі-жарымдардан жалпыға, жеке фактілерден жалпылауға, себептерден шешімдерге дейін зерттеумен сипатталатын әдістемелік тәсіл.

Категория А – тұрақты талдау жасалынатын, күнделікті қозғалысына бақылау жсалынып отыратын қымбат және ұзақ мерзімді жеткізілетін қорлар.

Категория В – бір айда бір рет бақыланатын, үздіксіз процесте қолданылатын қорлар.

Категория С – қаржылық тұрғыда үлкен рол алмайтын арзан құндылықтар. Олардың қозғалысының бақылау бір кварталда бір рет жүргізіледі.

Коммерциялық тәуекелділік – өндірілген немесе сатып алынған тауарлар мен қызметтерді өткізу кезінде пайда болатын тәуекелділік.

Қаржылық леверидж – меншікті және тартылған капиталдың құрылымын өзгерту арқылы таза табысқа әсер ету мүмкіндігі.

Қаржылық леверидж деңгейі – таза табыстың салыстырмалы өсімінің жалпы табыстың салыстырмалы өсіміне қатынасы қаржылық тұтқаның оралымы кәсіпорынның меншікті және тартылған капиталының ара қатынасы,

Қаржылық тәуекелділік – кәсіпорынның банктермен басқа қаржылық институттар арасындағы қарым – қатынасында пайда болатын тәуекелділік.

Леверидж – жай ғана әсер ету арқылы кәсіпорынның өндірістік – шаруашылық әрекетінің нәтежесін өзгертуге мүмкіндік беретін тұтқа.

Логистика – «жабдықтаушы – өнеркәсіп – сатып алушы» тұрғысын- дағы тауарлар қозғалысын бақылайтын жүйе.

Маржиналды талдау – сату көлемі, өзіндік құн мен тұрақты және айнымалы шығындарды бөлу негізіндегі табыстың себеп – салдарлық өзара байланысының негізінде бизнестегі басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалау және дәлелдеу тәсілі.

Маркетингтік талдау – кәсіпорынның функцияландыруының сыртқы ортасын, шикізат нарықтары мен дайын өнімді өткізу, оның бәсекеге қабілеттілігін, сұраныс пен ұсынысты, коммерциялық нарықты зерттеу, бағалық саясатты қалыптастыруды зерттеу.

Материалдардық қайтарым – өнім құнының материалдар шығынының сомасына қатынасы.

Материалдық сыйымдылық – материалдық ресурстардың жалпы көлемі бағасының өнімді өндіруге жұмсалған барлық материалдық ресурстардың қатынасына тең.

Материалдық шығындарды қолдану коэффициенті – материалдық шығындардың нақты сомасының өндірілген өнім көлемінің нақтыға есептеген жоспарға қатынасын көрсететін коэффициент. Коэффициенттің бірден жоғары болуы материалдық ресурстардың ысырабын көрсетеді.

Материалдық шығындарды өндіріс көлемінің өсу темпіне сәйкестендіру коэффициенті – жалпы және тауарлы өнімнің материалдарды жіберу динамикасын сипаттайтын материалдық шығындар иедексіне қатынасы арқылы анықталатын коэффициент.

Нақты емес шығындар – фирма иелеріне тиесілі ресурстарды қолдану бойынша альтернативті шығындар.

Нақты-экономикалық талдау – микродеңгейдегі талдау, бөлек кәсіпорындардың экономикасын зерттеу, кәсіпорындардың шаруашылық қызметін талдау.

Нақты шығындар – өнім факторларын жеткізушілерінің және аралық бұйымдар бойынша тікелей төлемақы қабылдау формасы бойынша шығындар.

Негізгі шығындар – өнімді дайындау (жұмысты орындау немесе қызметті көрсету) бойынша өндірістік процеспен байланысты шығындар.

Өзгермелі шығындар – бұл көлемі өнім өндіру көлемінің өзгеруіне пропорционалды өзгетін шығындар.

Өндірістік – қаржылық левиридж – сыртқы қарызды жабуға арналған қаржылық шығындар мен өндірістік шығындарды жабатын қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты тәуекелділік.

Өндірістік левиридждың деңгейі – жалпы табыстың салыстырмалы өсімі қарқының өнімді өткізуден түскен салыстырмалы табыс өсімі қарқынына қатынасы.

Өндірістік левиридж (операциялық тұтқа) – өндірістік өзіндік құнның құрылымы мен шығарылған өнім көлемін өзгерту арқылы жалпы табысты өзгерту мүмкіндігі.

Өндірістік тәуекелділік – қызмет көрсету, өнім өндірумен байланысты, яғни өндірістік іс-әрекеттің кез келген түріне қатысты.

Өзін-өзі сақтандыру – тәуекелділіктің бір бөлігін басқа фирмаларға табыстау.

Өнімнің өзіндік құнына кеткен материалдық шығындардың үлес салмағы – материалдық шығындар сомасының өндірілген өнімнің толық өзіндік құнына қатынасымен есептелінетін шығын үлесі.

Өтемділік мерзімі – инвестициялық жобамен байланысты алған шығындар өтеле бастайтын кезең.

Процесс – бұл себепті шартталған жағдайдың ағымы, құбылыстың ауысымы, көзделген мақсат немесе нәтиженің объект жағдайымен сәйкестігі.

Синтез – зерттелетін пәннің бөлек бөлімдері арасындағы байланыстары мен тәуелділіктерін анықтау мақсатындағы зерттеушілік тәсіл.

Стохастикалық талдау – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің зерттелетін құбылыстары мен процесстері арасындағы тәуелділіктерді зерттеуде қолданылатын талдау.

Сұранысты қанағаттандырудың интенсивті жолы – өнеркәсіптің материалдарға, шикізатқа, энергияға және т.б. деген сұранысын оларды тиімді пайдалану арқылы қол жеткізуі.

Сұранысты қанағаттандырудың экстенсивті жолы – қосымша шығындарға байланысты, материалдық ресурстардың өндірісін үлкейту.

Табыстылықтың ішкі нормасы – келтірілген тиімділіктердің шамасы келтірілген капитал салымдарына тең дисконт нормасы.

Талдау кең мағынада – бүтінді құрамдас бөліктерге бөлу негізінде және тәуелділіктер мен байланыстар көптүрлілігі бойынша зерттеу негізінде құралған қоршаған ортаның құбылыстарын тану әдісі.

Талдау қысқа мағынада – құбылысты немесе затты бүтіннің бір бөлігі ретінде зерттеу үшін оларды құрамдас бөліктерге бөлу.

Талдау объектісі – шаруашылық қызметтің экономикалық нәтижесі.

Талдау пәні – кәсіпорын, сала, т.б. ішіндегі экономикалық құбылыстар мен процесстердің себеп – салдарлық байланысы.

Тауарлық өнімге бір теңгеге шаққандағы шығындар деңгейі немесе өнім өндірудегі кірістер – өнімнің өзіндік құнының қорытынды көрсеткіші, оның пайдамен тікелей байланысын көрсететін және жалпы шығын сомасын тауарлы өнім көлеміне немесе өнім өндірумен байланысты кірістерді есептеу жолымен бөліну.

Тәуекел – кәсіпорынның өз қорларының бір бөлігін жоғалту, табыс алмау немесе қызмет көрсету барысында қосымша шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Тәуекелділік аймағы – анықталған тәуекелділік деңгейінен аспайтын аймақ.

Техника-экономикалық талдау – техникалық және экономикалық процесстердің әрекеттестігін зерттеу және олардың кәсіпорын қызметінің экономикалық нәтижесіне әсерін белгілеу.

Тұрақты шығындар – бұл көлемі өзгермейтін немесе өндіріс көлемі өзгергенде жай өзгертін шығындар. **Үстеме шығындар** – өндірістік қызмет көрсету мен оларды басқару мекемелерімен байланысты шығындар.

Тікелей шығындар – бұл өндірілетін өнім түріне сәйкес орындалатын жұмыс немесе көрсетілген қызметке тікелей жатқызылатын шығындар.

Ұлғайту тәсілі – операция соңында инвестор алатын ақша сомасын анықтайтын тәсіл.

Факторлық талдау – өсім мен нәтижелі көрсеткіштердің деңгейіне әсер ететін факторлардың көлемін анықтауға бағытталған талдау.

Функционалды-құндық талдау – резервтерді анықтау тәсілі.

Хеджерлеу – тәуекелділікті ыңғайласпа міндеттеме мен талаптар құру жолымен төмендету.

Шаруашылық қызметті талдау әдісі – өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында жоспар, есеп, есептіліктер мен басқа да ақпарат көздерінің көрсеткіш жүйесінің арнайы тәсілдерімен өңдеу жолымен кәсіпорын қызметінің қорытындысына факторлардың әсерін жүйелі, кешенді зерттеу, өлшеу мен жалпылау.

Экономикалық талдау әдістемесі – шаруашылық етуші субъектінің жұмысы туралы экономикалық ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын арнайы тәсілдердің (әдістердің) жиынтығы.

XUZ талдау – материалдардың құрылымына байланысты жұмсалуын бақылайтын жүйе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Грегори Н. Мэнкью, Марк П. Тейлор. Экономикс. 4-халықаралық басылым. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 848 б.
2. Джаншанло Р.Е. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Изд-во «Lem», 2015. – 684 с.
3. Еремеева Л. Э. Экономика предприятия. Учебник для студентов учреждений высшего образования. – Москва: Академия, 2017. – 270 с.
4. Ильин А.И. Планирование на предприятии: Учебник – Мн.: Новое знание, 2011. – 2-е изд., перераб. – 635 с.
5. Утибаев Б.С. и др. Экономический анализ. Учебник. – Алматы: Альманах, 2015. – 424 с.

Қосымша әдебиеттер:

6. Алданиязов К.Н. Управленческий учет и анализ: Учебное пособие. – 2-е издание. – Алматы: Нурпресс, 2014. – 204 с.
7. Атаниязов Ж., Бекбусинова Г.К., Кайыргалиева М.Г. Бизнес құнын бағалау. Оқу құралы – Алматы, 2017.
8. Бейсенби М.А. Модели и методы системного анализа и управление детерминированным хаосом в экономике: монография. – Алматы: Эпиграф, 2017. – 238 с.
9. Джолдасбаева Г. К. Управление затратами на предприятии: учебное пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. – Караганда: АҚНҰР, 2017. – 167 с.
10. Ионова А. Ф., Селезнева Н. Н. Анализ финансовой отчетности организации: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 583 с
11. Мамбетов У.Е., Мусиров Ф.М. Нарықтық экономика (хрестоматия). – Ақтөбе, 2016. – 137 б.
12. Мүсіров Ф.М., Бұхарбаев Ш.М., Калденова Г.С. Ақша, несие, банктер. Оқу құралы. – Ақтөбе: С.Бәйішев Ақтөбе университетінің РББ, 2017. – 388 б.
13. Өтепберген К.Е. Тәуекелді басқару. Оқу құралы. – Алматы: Қазақунті, 2015. – 104 б.
14. Романов Б.А. Анализ экономики и управления предприятиями: учебно-практическое пособие. – М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К°», 2016. – 248 с.

15. Сарсембаева М.Ж. Баға және баға белгілеу. Оқу құралы. – Алматы: Альманах, 2017. – 250 с.
16. Чанг Х.-Д.: Как устроена экономика. – М.: МИИФ, 2017. – 178 с
17. Чечевицына Л.Н. Анализ финансово-хозяйственной деятельности. Учебник. – Ростов-на-Дону: ООО ТД «Феникс», 2018. – 367 с.

Баймукашева Ж.З.

КӘСПОРЫННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

ISBN 978-601-7275-88-4

Компьютерде беттеген және мұқаба дизайнін жасаған – **Любовицкая Ольга**

Басуға 2019 жылы қол қойылды.
Форматы 60x84 1/16. Көлемі 14,5 баспа табақ.
Times гарнитурасы. Офсеттік басылым.
Тапсырыс № ____ . Тиражы – 500 дана.

«Бастау» баспасы
Мемлекеттік лицензия – № 0000036
ҚР Білім және ғылым министрлігі.
ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының
халықаралық код беру туралы №155 –
978-601-281 сертификаты.
Қазақстан Республикасы Ұлттық бизнес-рейтингінің
«Лидер отрасли – 2018» ұлттық сертификаты.
Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458/460-95.
Тел.: 279 49 53, 279 97 32.

«Полиграфсервис» баспаханасында басылды (тел.: 233 32 53).
Алматы қаласы, 050050, Зеленая көшесі, 13-а.